**Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

**316 (574)** **Қолжазба құқығында**

**ЖАМПЕТОВА АЙГЕРИМ ОРАЛБЕККЫЗЫ**

# Заманауи қоғамның жаңғыруы контексіндегі саяси құндылықтар

6D050200 – Саясаттану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
философия ғылымдарының докторы,
профессор Абдигалиева Г.Қ.

Шетелдік ғылыми кеңесші
Саясаттану ғылымдарының докторы (PhD)
Профессор Синтия Каплан (АҚШ,
Калифорния университеті)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

**МАЗМҰНЫ**

**І. КІРІСПЕ**.....3

**1 САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**.....14
1.1 Саяси құндылықтар категориясын концептуализациялау: ұғымдық негіздеме, әдіснамалық ұстанымдар және талдау әдістері.....14
1.1.1 Саяси құндылықтардың құрылымы мен ерекшеліктері……26
1.2 Саяси әлеуметтенудің негізгі институттарының саяси құндылықтардың қалыптасуына әсері.....32
1.2.1 Тұлғаның саяси әлеуметтенуі: әлеуметтік орта, медиа және билік институттарының ықпалы……35
1.2.2 Neil Howe мен William Strauss ұрпақтар теориясының саяси әлеуметтенудегі рөлі: тарихи кезеңдер мен ұрпақтардың саяси мәдениетке ықпалы.....37
1.2.3 Саяси әлеуметтену институттарының Қазақстан қоғамындағы қызметі: құрылымдық шектеулер мен сындарлы талдау.....40
1.3 Қазақ халқының дәстүрлі саяси құндылықтарының даму ретроспективасы мен Кеңес Одағында трансформациялану ерекшеліктері.....44
1.3.1 XX ғ. қазақ қоғамында қалыптасқан реформашыл либерал-демократтық бағытындағы саяси құндылықтар.....49

**2 ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ**..... 57
2.1 Демократиялық транзит жағдайының қазақстандықтардың саяси құндылықтардың трансформациялануындағы ықпалы.....57
2.2 Әлеуметтік-экономикалық өркендеу және модернизация үрдісі саяси құндылықтардың трансформациялану факторы ретінде .....72
2.2.1 Қазақстан жастарының діни құндылықтарының трансформациясы: модернизация контекстіндегі діни идентификация……..……109
2.3 Заманауи Тәуелсіз Қазақстан қоғамындағы жас ұрпақтың саяси құндылықтарының ерекшеліктері.....114
2.3.1 Қазақстан мен Түркия жастарының саяси құндылықтарының ерекшеліктері: компаративистік анализ.....119
2.3.2 Қазақстандық және түрік жастарының саяси санасындағы демократиялық құндылықтардың игерілуі.....122

**ҚОРЫТЫНДЫ**.....127
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТЕР ТІЗІМІ**.....132
**ҚОСЫМША А**
**ҚОСЫМША В**
**ҚОСЫМША С**

# КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс теориялық - концепциялық және эмпирикалық негізде жүзеге асырылған заманауи қоғамдағы жаңғыру шеңберінде қазақстандықтардың саяси құндылықтарын зерттеуге арналған.

**Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі.** *Біріншіден,* қазақстандық қоғамның саяси жүйесі көптеген трансформацияларды басынан кешірген мемлекеттердің бірі болып табылады. Мұндағы кеңес дәуірі кезіндегі тоталитарлық жүйе, азаматтардың саяси өмірге қатысуына шектеуліктердің қойылуы, қоғамның барлық салаларын тұтастай қадағалау, атеистік көзқарастарды қалыптастыру, әрине, халықтың сол жүйеге сәйкес көзқарастары мен құндылықтарын қалыптастырған. 1991 жылы тәуелсіздігін алған мемлекетіміз жаңа демократиялық қоғамды құру жолында жаңа құндылықтардың қалыптасуына жол ашқан болатын. Айтар болсақ, саяси құндылықтардың қалыптасуы мен дамуына, оның трансформациясына мемлекеттің саяси жүйесі, азаматтық қоғам институттарының сапалы қызметі, мемлекет басшыларының демократиялық құндылықтарын дәріптеуі мен қолдауы, модернизация сияқты факторлар әсер етуде. Осы орайда, қазақстандықтардың жоғарыда аталған өзгерістеріне орай саяси құндылықтарының жүйесінде қандай ерекшеліктер бар екенін анықтау қажеттілігі осыдан туындауда.

*Екіншіден,* мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйек «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласына негізделе отырып ары қарай жаңғырту мақсатын қойған. Жалпыұлттық ынтымақтастықты және билік пен қоғамның серіктестігін нығайтып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстанып, ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыруды көздей отырып, аса маңызды ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстан қоғамының құрылуына бағдарланғанын мәлімдеді. Ал мұндағы халқымызды біріктіруші күш ретінде, елімізді қорғаудың ең басты жолы ретінде берекелі бірлікті атап көрсетті. Осылайша саяси модернизация мен саяси реформаларды жүзеге асыруда негіз болатын идеяларды жария етті. Демек, құндылықтарымыздың бірегей болуы мен жаңа қоғамға бейімделетін күшінің қажеттілігін атап көрсетті.

Сонымен қатар, «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауында «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға негізделген, демек плюрализмді нығайтуға, азаматтардың саяси белсенділігін арттыруға бағытталған жаңа қоғамға бетбұрыс алу, диалог пен мәміленің жоғары мәдениеті еліміздегі азаматтық ынтымақты арттыратын басты фактордың біріне айналатын, отаншылдық рухы жоғары қоғамды дамытуды көздеген мақсат қойылды. Осы орайда, заманауи қоғамдағы азаматтардың саяси құндылығын анықтау өзекті деп санаймыз.

*Үшіншіден*, тәуелсіздікті алған уақыттан бастап, Қазақстан Республикасы Орталық Азия мемлекеттері арасында ең тұрақты елдердің қатарында болды. Алайда, 2019 жылғы 9 маусымда өткізілген Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауынан кейін елімізде азаматтар арасында наразылық әрекеттері арта бастады. Мәселен, қарулы қақтығыстардың орналасқан жері мен оқиғалары туралы жобаның (ACLED) дерекқорына сәйкес, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 7 қаңтарға дейінгі аралықта Қазақстанда наразылық акцияларына байланысты түрлі оқиғалардың 2904 әрекеттері орын алды, олардың басым көпшілігі бейбіт тұрғыда өткізілді. Онымен қатар, 2022 жылғы «қаңтар оқиғасы» да халықтың билік тарапынан әлеуметтік экономикалық жағдайды жақсарту бойынша талаптарды орындау қажеттілігінен де орын алды. Демек, бұл оқиғалардың астарында азаматтардың саяси санасындағы құндылықтықтардың трансформациясы әсер етуде ме деген сұрақ туындайды. Сонымен қатар, Қ.Ж.Тоқаевтың осы жылдары да өткізілген либерализация бағытындағы жүзеге асырылған реформалар саяси құндылықтарға әсер етіп, олардың саяси іс әрекетінде қалайша көрініс табатындығы жөнінде сұрақ туындауда.

*Төртіншіден,* қазіргі таңдағы шетел зерттеушілерінің, оның ішінде американдық саясаттанушы Arend d'Angremond Lijphart концепциясына сәйкес, қазақстандық қоғамды көпқұрамды деп тануға болады. Демек, мұндағы сегментарлы қарама - қайшылықтар діни, идеологиялық, тілдік, аймақтық, мәдени, нәсілдік және ұлттық сипатта болуы мүмкін. Кез - келген көп құрамды мемлекетте өзара өмір сүруімен қатар жалпыұлттық және кішігірім топтардың, әртүрлі топтар арасындағы құндылықтардағы қарама - қайшылықтар және қақтығыстар да орын алады. Сондықтан жоғарыда аталған ерекшіліктерді назарға ала отырып, қазақстандық заманауи қоғамды зерттеу маңызды болып отыр.

*Бесіншіден,* геосаяси жағдайдың өзгерістерімен байланысты. Атап айтсақ, Орталық Азия елдерінің ортақ түркі құндылықтарының негізінде Түркия мемлекетінің белсенді инициативаларын байқап отырмыз. Мысалы, 2024 жылы Түркия өз елінде тарих оқулықтарында Орталық Азия атауын «Түркістан» атауымен алмастыруы аймақтың түркі мұрасына баса назар аударатын тарихи, мәдени және этникалық аспектілермен байланысты. Тарихи тұрғыдан «Түркістан» түркі халықтары қоныстанған аумақтарды белгілеу үшін қолданылған. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан сияқты қазіргі түркі мемлекеттері үшін «Түркістан» терминін жаңғырту түркі бірегейлігі мен мәдениетін нығайту үшін маңызды мәнге ие. Бұл терминді қолдану Түркі мемлекеттерінің ұйымы елдерінің тарихи өзара байланысын және мәдени интеграцияға деген ұмтылысын көрсетеді, сондай-ақ ортақ түркі кеңістігін жандандыруға, мәдени және саяси байланыстарды нығайтуға деген ұмтылысты күшейтеді. Атап айтқанда, Қазақстан Түркістан қаласын өңірдің мәдени орталығы ретінде қайта атауды және тарихи қайта құруды қолдайды, бұл түркі мұрасының маңыздылығын одан әрі күшейтеді. Сонымен қатар, 2009 жылы құрылған Түркі мемлекеттерінің ұйымы шеңберінде мүше мемлекеттерінің

ынтымақтастық және серіктестік қарым қатынастардың нығаюы, бауырлас мемлекеттің Орталық Азиядағы рөлінің артуы да байқалып, болашақта өзара қарым қатынастарының күшеюін болжап отырмыз. Бұл тұрғыда, Қазақстан мен Түрік мемлекетінің жастарының ортақ саяси құндылықтары мен айырмашылықтарын, ерекшеліктерін анықтау өзекеті мәселе болып отыр.

*Алтыншыдан,* жұмыстың өзектілігі ғылыми ортадағы пікір-таласпен де айқындалуда. Зерттеушілердің пайымдауынша, қоғамдық-саяси және әлеуметтік - экономикалық қатынастардың қарқынды дамуына және жалпы жаһанануға байланысты әртүрлі жағдайлардың ықпалымен адамдардың құндылық бағдарларының өзгеруі, ондағы қарама-қайшылықтары орын алуда. Сарапшылар елде жаңа моральдық-адамгершілік ахуал қалыптасып, отбасы институтының дағдарысы, рухани-мәдени үдерістер жағдайында құндылықтарды қайта бағалау жүруде деп санайды. Бірте-бірте қоғамдық санада қазіргі адамның табысқа, байлыққа, басқалармен билік етуге ұмтылысын және т. б. құндылықты бағдарлар бекітілуде. Осыған орай, біздің ойымызша, дәстүрлі құндылықтарды да сақтап, әлем жүйесі жүктеп отырған алғышарттарды да ескеру қажеттілігі туындап отыр. Әрине, модернизация үрдісіндегі Қазақстан сырттан келген құндылықтарды қабылдауымен қатар, өзінің мәдени дәстүрлерін сақтап қалу керек.

Атап отырғанымыздай, дәстүрлі қоғам өзгеріске ұшыраған жағдайда да дәстүрлі құндылықтар қазіргі заман қоғамының жүйесімен ұштаса отырып өз маңызын жоймайды. Әсер етуші үрдістердің бірі деп модернизацияны айтуымызға болады. Осы орайда, модернизация шеңберінде құндылықтардың трансформациялану ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, құндылықтар жүйесі философия, әлеуметтану, психология пәндерінің де объектісі болып табылады. Осы тұрғыдан саяси құндылықтардың мәні мен мазмұнын, заманауи қоғамдағы дамуын ерекше ажыратып көрсету үлкен мәнге ие және күрделі құбылыстардың бірі болып отыр.

**Зерттеу тақырыбының ғылыми зерттелу деңгейі.** Саяси құндылықтар мәселесін зерттеу әртүрлі ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Шетелдік әдебиеттерде саяси құндылықтарды зерттеуде ғылыми маңызға ие жұмыстардың қатарында Elizabeth C. Connors [1], M.Etzel [2], P.Brechon [3], Paul Goren [4], B.Yeşilada [5], Huang, Y. and L.Wang [6], T.Strenze [7], Lukas Lauener [8], M.Voicu and Bartolome E.Peral [9], Sairambay Y. [10], Z.Kundakbayeva and D.Kassymova [11], R.Inglehart [12], David Zweig [13], Brian D. Silver Kathleen M. Dowley [14] және т.б. еңбектері зор мәнге ие.

Сонымен қатар, David J.Ciuk [15], V.Spaiser, Sh.Ranganathan, R.Mann, D.Sumpter [16], M.Omelicheva and B.Carter [17], C.Welzel [18], T.Denk [19] еңбектері үлкен мәнге ие.

Қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары мен саяси болмысы туралы M.Olkott [20], D.Hoffman [21], Noda Jin [22], V.Martin [23], Ian W. Campbell [24], Laura L. Adams [25] еңбектерінде толық қарастырылған.

Қазақстандық ғылымда саяси құндылықтар болмысын профессор Г.К.Әбдіғалиева [26] зерттеген, халық арасындағы маңыздылығын, діни және мәдени құндылықтар эстетикасы мәселесіне профессор С.Нұрмұратовтың [27]

«Қазақ эстетикасының құндылықтық-мағыналық негіздері» атты қосавторлықтағы еңбегі арналған, өркениеттердің құндылықтық қақтығысының мәселелерін профессор З.К.Шаукенова [28] өзінің «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары мен идеалдары», Ә.Нысанбаевтың [29] «Қазақстан халқының рухани - құндылықтық әлемі» атты еңбегінде, шетелдерде жүрген қазақ халқы өкілдерінің қалыптасқан дәстүрлі және заманауи құндылықтық ерекшеліктері Ә.Нысанбаевтың [30] «Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңаруы» атты ұжымдық монографиясында жария етті. Р.К.Қадыржанов [31] тәуелсіздік жылдарынан қазіргі кезеңді қамтитын еліміздің бірегейлік мәселесін зерттеудегі, Aziz Burkhanov and Neil Collins [32] «Political Culture in Kazakhstan: extension and reflection», Barbara Junisbai and Azamat Junisbay [Are Youth different?: the Nazarbayev generation and public opinion in Kazakhstan] жұмыстары да өзекті. Осыған қоса, құндылықтар мәселесінің әлеуметтік аспектілерін профессор Г.С.Әбдірайымованың [33] «Заманауи жастардың құндылықтық бағдарлары» атты еңбегінде баяндалған, саяси құндылықтардың этникалық аспектілерін профессор З.Сарсенбаева [34] «Этнос және құндылықтар» атты еңбегінде кеңінен қарастырған. Сонымен қатар, Саясат Нұрбектің [35] де әлеуметтік сауалнама негізінде «Қазақстан қоғамында құндылықтық бағдарлардың қалыптасуы» атты зерттеу нәтижелері зор мәнге ие.

Саяси мәдениет аспектілерін зерттеген профессор Мустафин Т.Т.[36], Жамбылов Д.А.[37], Мұсатаев С.Ш. [38] Саитова Н.А. [39], Кеңесов А.А. [40], Джапарова Р.Т. [41], Сарсенбаев Т.С. [42], Иманбаев М.Ө. [43], Нурумбетова Г.Р. [44], Төлен Ж.М. [45] еңбектері зор мәнге ие.

Диссертациялық зерттеуді жүзеге асыру барысында еліміздің тұңғыш Президенті модернизацияға бет бұрған саяси және ғылыми-теориялық еңбектері де қолданыс тапты. Атап айтсақ, «Қазақстан-2050» Стратегиясы [46], Президентіміз Қ.Ж.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы» [47], «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [48], «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» [49], «Сындарлы қоғамдық диалог– Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» [50], «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» [51] және басқа да жолдаулар қолданылды.

Сонымен қатар, диссертациялық жұмысты дайындау барысында «Жастар» ғылыми - зерттеу орталығының «Қазақстан жастары 2019» [52], «Қазақстан жастары 2020» [53], «Қазақстан жастары 2023» [54], «Қазақстан жастары 2024» [55] ұлттық баяндамалары, Ф.Эберт ұйымы бастамасымен «Әлеуметтік өлшемдегі қазақстандық қоғамындағы құндылықтар» [56] атты ұжымдық еңбегі, Еуразиялық интеграция институтының «Қазақстан Республикасының коммуникациялық саясаты: заманауи жағдайы мен болашақ перспективалары» [57] зерттеулер нәтижелері сарапталды.

Құндылық мәселесі саясаттану, философия, әлеуметтану сияқты ғылымдардың да объектісіне жатады. Мұндай тұрғыдан құндылық мәселелерін зерттеген ғалымдар да аз емес. Дегенмен, қазақстандық саяси құндылықтар мәселесін зерттеуде де әлі де болса қарастырылатын мәселелер бар.

**Зерттеу жұмысының негізгі гипотезасы** келесідей ғылыми сұрақтарда негізделді:

– Қазақстандағы саяси құндылықтардың трансформациясы модернизация негізінде жүзеге асуда, бұл өз кезегінде ұлттық экономикалық дамумен тығыз байланысты. Халықтың қажеттіліктерінің қанағаттандырылуынан кейін, саяси талаптардың күшеюі және саясатқа қатысудың жоғарылауы байқалады.

– Алайда, жаңа құндылықтардың қалыптасуы ескі құндылықтарды толықтай ығыстырып шығара алмайды, нәтижесінде екі түрлі құндылық жүйесі – консервативті және модернистік – бір-бірімен үйлесіп, Қазақстанның саяси мәдениетін байыта түсуде. Зерттеу барысында, қазақстандық қоғамдағы құндылықтар жүйесінің күрделі тарихи контекстте қалыптасқанын және кеңестік дәуір мен заманауи кезеңнің тоғысуы синтезімен ерекшеленуде деп болжап отырмыз.

**Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны ретінде** Қазақстан азаматтарының модернизация үрдісіндегі саяси құндылықтар жүйесі алынды.

**Диссертациялық зерттеудің пәні** – қазақстандықтардың заманауи қоғамда саяси–әлеуметтік процестерге, саяси институттарға, саясатқа қарым - қатынасын құндылықтық бағдарлар жүйесінің негізінде талдау.

**Жұмыстың мақсаты –** қазіргі заманғы қоғамды жаңғырту контексіндегі саяси құндылықтардың трансформациясына саяси және ретроспективалық талдау жасау.

**Зерттеу мақсатынан туындайтын алға қойылған негізгі міндеттер:**

– саяси құндылықтарды, олардың мәні мен мазмұнын, жіктелу ерекшеліктерін анықтауда қазақстандық және шетел теориялық-тұжырымдамалық негіздерін жүйелеу;

– саяси құндылықтардың қалыптасуы мен игерілуде саяси әлеуметтену институттарының рөлін бағалау және олардың ерекшеліктерін анықтау;

– қазіргі қоғам контексінде қазақстандықтардың демократиялық құндылықтардың даму жағдайлары мен олардың азаматтардың саяси санасында меңгерілуін айқындау;

– жаңғырту үрдісі шеңберінде саяси құндылықтардың трансформация кезеңдерін белгілеу, оған әсер ететін факторлардың рөлін бағалау;

– заманауи тәуелсіз Қазақстан қоғамында тәрбиеленген, жаңа саяси құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақтың саяси құндылықтар жүйесін талдау;

– қазақстандық және түрік жастарының саяси құндылықтар жүйесінің ерекшеліктері, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтап, салыстырмалы талдау жүргізу.

**Диссертациялық жұмыста қолданылған зерттеу әдістері.**

Саяси құндылықтарды жан - жақты талдау, алға қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін салыстырмалы, тарихи, құжаттарды талдау, жүйелік, сараптамалық, құрылымдық - функционалдық әдістері қолданылды. Сондай - ақ әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері негізге алынды.

**Эмпирикалық талдау келесідей сандық және сапалық әдістеріне негізделген зерттеулерді қамтиды:**

1. *Сауалнама нәтижелерін қайта сараптау*: 2011 және 2018 жылдары Қазақстанда Рональд Инглхарт бастамасымен World Values Survey өткізген әлеуметтік сауалнама нәтижелері негізге алынып, қайта сарапталды. 2011 жылы қараша – желтоқсан айларында жүргізіліп, осы сауалнамаға – 1500 қазақстандық қатысты. Келесі зерттеу 2018 жылы қазан – қараша айларында өткізілді, респонденттер саны - 1276. Зерттеу Қазақстанның барлық аймақтарында жүргізілді.

2. *Автор тарапынан қазақстандық және түрік жастары арасында әлесуметтік зерттеу:* Survio платформасы арқылы өткізілген жастардың саяси құндылықтарын зерттеу мақсатында 2023 жылдың қараша-желтоқсан аралығында өзіндік әлеуметтік сауалнама өткізілді. Қамтылған респонденттер саны – 616 студент, Алматы қаласынының студенттердің жалпы санының 0,3%-ын (186,6 мың адам) құрады. Таңдау жасы, жынысы, ұлты және тұрғылықты жері (қалалық/ауылдық) бойынша іріктеме критерийлері ретінде квота таңдалды (Қосымша А). Қазақстандағы сауалнамамен қатар Түркияның студенттеріне (N=424) де бірдей сауалнама жүргізілді (Қосымша В).

2.1 *Автор тарапынан Алматы қаласының мысалында:* сауалнамадан алынған жауаптардың себеп-салдарлық негіздерін талдау мақсатында 15 респондент қатысқан фокус-топ әдісі қолданылды. Фокус-топ әдісін қолдану барысында 5 зерттеу сұрақтары зерттелінді.

2.3 *Автор тарапынан Алматы қаласының мысалында: Survio* платформасы арқылы 2021 жылдың наурыз-сәуір аралығында «Жастардың құндылықтық жүйесіндегі діннің рөлі» тақырыбына бейімделген әлеуметтік сауалнама нәтижелері қолданылды. Қамтылған респонденттер саны – 200 студент (Қосымша С).

*Сонымен қатар, әлемдік және қазақстандық зерттеу институттарының ғылыми-зерттеу нәтижелеріне қайта талдау жүргізілді:*

3. Әлем бойынша елдердегі демократиялық сапаны өлшеу мақсатында қызмет етіп отырған Freedom House ұйымының зерттеу нәтижелері (2022 - 2024 ж.ж.). Зерттеудің әдістемесі*:* еркін /жартылай еркін/ еркін емес баға беру бойынша ранжирлеу.

4. Сауалнама нәтижелерін қайта сараптау: Еуразиялық интегразия институтының 2017 жылдың 31 шілде және 10 тамыз аралығында өткізілген зерттеу нәтижелері қолданылды, сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың саны - 2000;

5. Сауалнама нәтижелерін қайта сараптау: Фридрих Эберт қорының 2018 жылдың 17 - 31 шілде аралығында өткізілген зерттеу нәтижелері сарапталды. Қамтылған респонденттер саны – 1600, сауалнаманың қамтылған аймақтары – Қазақстан Республикасының 14 облысы мен 3 республикалық маңызы бар қала.

**Зерттеу негізінде жаңашылдық сипаттағы келесі ғылыми нәтижелер алынды:**

– шетелдік, қазақстандық ғалымдардың саяси құндылықтарды классификациялау ерекшеліктері мен идеологиялық бағыттарын зерттеудегі тұжырымдамалық негіздеріне жүйелі талдау жүргізілді. Шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдамаларының негізінде саяси құндылықтарды талдаудың теориялары жүйелендірілді, олардың қоғамның әртүрлі салалары, атап айтқанда саяси жүйе, мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынас, құқық пен демократиялық процестердің ықпалы әсер ететіні анықталды. Мұндай құрылымдық талдау саяси құндылықтардың күрделі және көпқырлы құбылыс екенін дәлелдеді.

– Қазақ қоғамында қалыптасқан саяси құндылықтардың тарихи тамыры мен эволюциясы талданды. Зерттеу көрсеткендей, қазақтардың дәстүрлі саяси құндылықтары (үлкендерге құрмет, ынтымақ, әділеттілік және өзара көмек) қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігін қамтамасыз етуге ықпал еткен. Кеңес Одағы кезеңінде бұл құндылықтар түрлі идеологиялық факторлардың ықпалымен өзгерістерге ұшырап, жаңаша сипат алды. Кеңес дәуіріндегі саяси-идеологиялық өзгерістер қазақ халқының дәстүрлі саяси құндылықтарына айтарлықтай әсер етіп, кейбір дәстүрлі элементтердің жоғалуына, ал кейбіреуінің жаңаша түрленуіне себеп болды;

– Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін басталған демократиялық транзиттің саяси құндылықтар жүйесіне айтарлықтай әсер еткені дәлелденді. Демократияның маңызы мен оның негізгі қағидаттары туралы қоғамдық түсініктің дамуы халықтың саяси құндылықтарының жаңа векторы ретінде қарастырылды. Демократиялық процестің әсерінен қазақстандықтардың саяси санасы біртіндеп демократиялық құндылықтар мен нарықтық экономикаға негізделген жүйеге бейімделіп, жаңаша құндылықтар қалыптаса бастады.

– Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық даму процестері саяси құндылықтардың трансформациясына тікелей әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Елдегі экономикалық өркендеу мен әлеуметтік жағдайдың жақсаруы халықтың саяси құндылықтарын өзгертудің маңызды алғышарты ретінде қарастырылды. Әлеуметтік теңдік, экономикалық еркіндік, құқықтық мемлекет идеясы сияқты құндылықтар игеріліп, азаматтардың саяси белсенділігі мен қатысу деңгейін арттыруға ықпал етті. Экономикалық өркендеу жаңа құндылықтардың қалыптасуына септігін тигізді.

– Әлеуметтік сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай, жастардың саясатқа қызығушылықтарының біршама артқаны байқалды. Оның ішінде, әлемдік жаңалықтар мен резонанстық оқиғалар жастарды көбірек қызықтыруда. Алайда, фокус топ нәтижелері көрсеткендей, жастардың саясатқа қатыспауының негізгі себептері ретінде - саяси институттарға сенімнің төмендігі, ашық саяси платформалардың жетіспеуі, білім беру жүйесіндегі олқылықтар, ұлттық экономикалық дамуымен байланыстырып отыр.

– Әлеуметтік сауалнаманың нәтежелері көрсеткендей, Қазақстанда демократияның маңыздылығын жоғары деңгейде бағалайтындардың үлесі Түркиямен салыстырғанда едәуір төмен. Қазақстандық жастардың демократиялық процестерге қатысу қажеттілігін түсінгенімен, демократияға

деген толық сенімнің әлі де төмен екендігін көрсетті. Ал Түркиядағы демократиялық құндылықтар азаматтар үшін маңызды рөл атқарады, және олар демократияның артықшылықтарын жоғары бағалайды, бұл демократияға деген сенімнің мықтылығын көрсетеді. Елде демократия мен азаматтық құқықтар шектелген жағдайда да, халық демократияның құндылықтарын қолдайтынын айғақтайды.

**Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар.**

1. Модернизация теориясы бойынша, саяси жаңғыру әлеуметтік-экономикалық ортаны өзгертеді, бұл өз кезегінде адамдардың әлемге деген көзқарасына және олар басымдық беретін құндылықтарына әсер етеді. Бұл құндылықтар өз кезегінде жаңа қоғамдық өзгерістер әкеледі және демократиялық институттар мен режимдердің орнауына ықпал етеді. Демократиялық режимді орнату көбінесе оның құрылымдық алғышарттарының (мысалы, еркін және әділ сайлау, демократиялық институттар) пайда болуын талап етсе де, демократияның өркендеуі демократияшыл құндылықтардың халықтың санасына терең енуіне және авторитарлық режимдерге сәйкес келетін құндылықтардан басымдыққа ие болуына байланысты.

2. Кеңес Одағы халықтың тұрмысына, санасына, мәдениетіне, сондай - ақ құндылықтарына күшті әсер етті. Бүкілресейлік қоғамдық пікірді зерттеу орталығы жүргізген «кеңес адамы» социологиялық зерттеу нәтижелері растайды. Халықтың басым бөлігі өзін – өзі «кеңес адамдары» деген мақтанышпен қабылдап, неғұрлым ұжымшылдық құндылықтарын дәріптеуге тырысқан. Жаңа адамды құру үшін өз әрекеттерінде Кеңес билігі қоғамның барлық салаларын бақылауға сүйенді. Олардың күнделікті әдеттер мен адамдардың мәдениетін ғана емес, сонымен қатар олардың ойлау бейнесі мен адами қасиеттерін өзгертуге ұмтылды.

3. Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлт құрылысының белсенді процесіне қажеттілік туындағанын байқай аламыз. Қазақ халқының мәдени әдет-ғұрыптарының, діни дәстүрлердің өркендеуі қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың жануына, діни жаңғыруға ықпал етті, бұл қоғамдағы өркениеттік және дүниетанымдық көзқарастарға тұрақты із қалдырды. Сонымен қатар, тәуелсіздік алу шекараны ашуға, білім беруді жаңғыртуға мүмкіндік берді, әлеуметтік-экономикалық модернизация адамның материалдық, мәдени және әлеуметтік ресурстарын арттырды, нәтижесінде халықтың бір бөлігі өзін-өзі көрсету құндылықтарын игерді, әдетте азаматтық және саяси бостандықтардың күшеюіне әкеледі. Алайда, елдің тарихи дамуының осы кезеңінде халықтың тек бір бөлігі ғана модернизацияға тартылды, халықтың басқа бөлігі бұл процестерден тыс қалды, себебі кедейліктің ауқымды және ауыр өсуі байқалды, білім деңгейі төмендеді, халықтың едәуір бөлігі индустрияландыру нәтижесінде ұзақ мерзімді жұмыспен қамтылмады. Мұның бәрі құндылықтардағы өзгерістерді кері, регрессивті бағытта дамуына әсер етті, мысалы, зайырлы-рационалды құндылықтардан діни құндылықтарға қарай бет бұру.

4. Қазақстандық құндылықтар жиынтығы консервативтік және тұрақтылыққа бағытталған саяси мәдениетті бейнелейді. Отбасылық

құндылықтардың, еңбекқорлықтың, әлеуметтік әділеттіліктің басымдығы қоғамда прагматикалық емес, моральдық және әлеуметтік ұстанымдардың маңызды екенін көрсетеді. Отбасы қауіпсіздігі, ата-аналарды құрметтеу, және отбасылық борыш жоғары бағалануы дәстүршіл қоғамның сипатын көрсетеді. Мұндай қоғамдарда консервативті саяси көзқарастар басым болуы ықтимал. Алайда, заманға сай бәсекеге қабілеттілік жақсы білім алумен де байланысты, бұл да қазақстандықтардың құндылықтық жүйесінде жоғары орынға ие. Мәселен, шетелдік білім алу, «Болашақ» бағдарламасы, академиялық мобильділік аясында жастарымыз шетелдік тәжірибені де игеріп, бұл олардың құндылықтарына әсерін тигізуде. Сондықтан бір уақытта дәстүрлі және заманауи құндылықтардың түйісіп, қоғамның трансформациялық кезеңін басынан кешіруде деп баға беруімізге болады.

5. Жастардың саясатқа тұрақты түрде емес, жағдайға байланысты қызығушылық танытатыны (60,8%) анықталды. Олар үшін саяси жаңалықтар мен оқиғалар негізгі күн тәртібіне қойылмайды, бірақ әлеуметтік немесе экономикалық өзгерістер күшейген кезде назарын аударады. Сонымен қатар, саяси мәселелердің ішінде әлемдік саясатқа қызығушылық – 37,1% құрап отыр. Жастардың әлемдік жаңалықтарға басымдық беруі халықаралық өзгерістердің жылдамдығымен және ақпараттың қолжетімділігінің артуымен байланысты. Елдегі саяси жағдайға қызығушылық – 34,4%, бұл көрсеткіш Қазақстан жастарының ішкі саясатты да назарда ұстайтынын көрсетеді, алайда олардың халықаралық саясатқа көбірек мән беретіні байқалады. Аймақтық оқиғаларға қызығушылық–14,4% құрады. Жастардың аймақтық деңгейдегі жаңалықтарға назар аудармауы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамымауы немесе жастардың өңірлік мәселелерге әсер ете алмайтынын сезінуімен байланысты болуы мүмкін.

6. Демократиялық қоғамда өмір сүру маңыздылығы Қазақстанда 10/10 бағасын беретіндердің үлесі - 12% құрап отыр. Қазақстанда демократиялық өмір сүрудің маңыздылығы респонденттердің көңіл-күйінде белгіленген, бірақ бұл Түркиямен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Бұл азаматтардың саясатқа қызығушылығы мен демократиялық процестерге қатысу қажеттілігін көрсетеді. Түркияда 51.9% респонденттер демократиялық қоғамда өмір сүру 10/10 деңгейінде бағалауда, бұл халықтың демократияға деген үлкен сенімін көрсетеді және демократиялық құндылықтардың қоғамда маңызды рөл атқарып жатқанның белгісі. Демократиялық елде өмір сүру Түркия азаматтары үшін өте маңызды. Бұл елде демократияның жетіспеушілігі мен азаматтық құқықтардың шектелуі жағдайында да, халық демократиялық жүйенің артықшылықтарын жоғары бағалайды. Демек, Түркияның отаршылдық жағдайында өмір сүрмеуінің әсері, яғни тарихи аспектілер де демократиялық санада өз көрінісін табуда.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңызы.**

Диссертациялық жұмыс заманауи саяси теориялар мен құндылықтар жүйесіне үлес қосады. Бұл зерттеу заманауи қоғамның жаңғыру үдерісінде саяси құндылықтардың рөлін айқындауға, олардың қалыптасу динамикасын және өзгерістерін түсіндіруге бағытталған. Қоғамдағы саяси құндылықтардың

трансформациялануын, оның әлеуметтік, экономикалық, және мәдени факторлармен байланысын теориялық тұрғыда зерделеу арқылы зерттеу жаңа ғылыми түсініктер мен әдістемелерді дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық маңызы — қоғамның жаңғыру кезеңінде саяси құндылықтар жүйесін қалыптастыру мен дамытуда мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдарға қажетті ұсыныстар мен тәжірибелік құралдарды ұсынуында. Зерттеу нәтижелері саяси институттар, саясаткерлер және білім беру саласының мамандарына заманауи құндылықтар жүйесін жастар арасында ілгерілету, ұлттық бірегейлік пен азаматтық қоғамның тұрақтылығын нығайту бойынша шаралар қабылдауға көмектеседі. Сондай-ақ, бұл жұмыс саяси құндылықтарды зерттеумен айналысатын мамандарға, атап айтқанда, қоғамдық пікірлерді талдау, саяси бағдарларды анықтау және құндылықтарға негізделген әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу салаларында қолдануға жарамды мәліметтер мен нақты ұсыныстар береді. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерін оқу үрдісінде «Саясаттану», «Саяси модернизация», «Саяси мәдениет», «Азаматтық қоғам» сияқты пәндерді оқыту барысында пайдалануға болады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы оның саяси құндылықтардың трансформациялану, даму ерекшеліктерін зерттеумен анықталады. Саяси құндылықтар бойынша шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың тұжырымдамалары, сондай-ақ заманауи саяси үрдістер жағдайындағы саяси құндылықтарының мән-мазмұнын ашып көрсететін әртүрлі саяси-экономикалық, мәдени жағдайларын зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан еңбектері болып табылады.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы.** Диссертация әл - Фараби атындағы ҚазҰУ «Саясаттану және саяси технологиялар» кафедрасында талқыланды (№ 2 хаттама) және қорғауға ұсынылды. Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференция, саяси журналдарда баяндалды. Диссертацияның негізгі идеялары 14 ғылыми жұмыста көрініс тапты, соның ішінде «Саяси модернизация» атты оқу құралында, Білім және ғылым саласында бақылау комитеті ұсынатын ғылыми басылымда - 3 мақала, Scopus компаниясының мәліметтер базасына кіретін «Central Asia and the Caucasus» атты халықаралық ғылыми басылымда «Religion in the axiological structure of kazakhstani youth» атты тақырыбында – 1 мақала, Web of Science базасына кіретін «Sotsiologicheskie issledovaniya» атты журналында «О политических ценностях и предпочтениях современной студенческой молодежи Казахстана» атты мақала басылымға шықты. Сонымен қатар, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарық көрген.

**Жарық көрген ғылыми еңбектер:**

1. О политических ценностях и предпочтениях современной студенческой молодежи Казахстана // Sotsiologicheskie issledovaniya. 2024. № 4. С. 148–152;

2. Religion in the axiological structure of kazakhstani youth // Central Asia and the Caucasus. Vol. 24 (3) 2021. - P. 195 - 212;

3. Саяси модернизация. Оқу құралы. Алматы. - 2020 ж. – 185 б.;

4. Трансформация политических ценностей современного Казахстана. «Фараби әлемі» // Материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых. Том 2., 6 - 8 апреля 2021. Алматы. – С. 374 - 376;

5. Модернизация үрдісіндегі саяси құндылықтардың даму ерекшеліктері. «Фараби әлемі» // Студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары. Том 2., 6 - 9 апреля 2020. Алматы. – Б. 228 - 230;

6. Демократические политические ценности современного общества. «Аль - Фараби» // Журнал социально - гуманитарных исследований. 2019, - № 1(65). С. 123 - 133;

7. Политические ценности современной казахстанской молодежи. «Фараби әлемі» // Материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых. Том 2., 2 - 11 апреля 2019. Алматы. – С. 214 - 217;

8. Саяси құндылықтарды зерттеудің теоретикалық негіздері. «Фараби әлемі» // Студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары. Том 2., 2 - 11 апреля 2019. Алматы. - Б. 231 - 233;

9. Basic principles of political values in modern society. «Адам әлемі» // Журнал философский и общественно - гуманитарный журнал. 2018. - №3 (77). С. 22 - 29;

10. Теоретические аспекты изучения политических ценностей. Материалы XIV международной научной конференции // 15 - 22 мая 2018. Болгария. - С. 102 - 105;

11. Особенности развития политических ценностей. Вестник КазНУ, Серия Философия, культурология, политология. – Алматы: Қазақ университеті, 2018 - № 1 (63), Б. 210 - 217.

Сонымен қатар, халықаралық ғылыми конференцияларда баяндама жасалды:

1. *The level of political participation of Kazakhstani youth.* 1st International Congress of Social Sciences // October 20–21, 2023. Turkey
2. *The role of traditional political values in modern Kazakhstani society*. 2nd Silk Road International Scientific research Congress // September 26–27, 2023. Turkey
3. *Political values of modern Turkish students: survey results.* 3rd Eurasia international scientific research and innovation congress. January 29-31, 2024. Turkey

**Докторлық диссертация құрылымы.** Диссертациялық жұмыстың құрылымы ғылыми зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қисынды түрде құрылған. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Диссертацияның көлемі 136 бетті құрайды.

# 1 САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

## 1.1 Саяси құндылықтар категориясын концептуализациялау: ұғымдық негіздеме, әдіснамалық ұстанымдар және талдау әдістері.

Құндылықтардың әлеуметтік - саяси мазмұны бар, ол экономикалық және қоғамдық жағдайлардан кейін өзгереді. Мәңгілік, өзгермейтін және дерексіз құндылықтар жоқ. Басқаша айтқанда, құндылықтар заманауи қоғамның даму процесін, оның қажеттіліктері мен мәселелерін көрсетеді. Саяси құндылықтарды азаматтардың саяси мінез-құлқына әсер ететін құндылық бағдарларының, ұстанымдары мен түсініктерінің жүйесі ретінде анықтауға болады. Айтар болсақ, саяси құндылықтар саяси мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Саяси мәдениет адамдардың ұстанымын анықтайтындықтан, әлеуметтік белсенділік түрлеріне әсер етеді, ол бақылау функциясын жүзеге асыратын саяси өзара іс-қимылдың басты элементі болып табылады. Саяси мәдениет жалпы қабылданған болып табылатын және қоғамның барлық мүшелерінің саяси тәжірибесін ретке келтіруге және саяси мінез - құлқын реттеуге қызмет ететін құндылықтардың, ұстанымдардың, нанымдардың, бағдарлардың және олардың нышандарын білдіретін жиынтығы болып табылады. Халықтың көпшілігі ұстанатын және жалпы таралған, жалпы қабылданған іргелі мінез - құлық, саяси құндылықтар мен идеалдар түріндегі нормативтік - құндылық жүйесі.

Заманауи қоғам аясында өркениеттердің сан алуандылығына орай, саяси құндылықтар рөлінің жоғары екенін айтуымызға болады. Құндылықтар өз кезегінде адамдарға қандай - да бір іс - әрекет ету барысында бағдарлық қызмет атқарады. Олар өз тарапынан адамдарға әлемде жақсы және жаманын ажыратуға көмектесетін бағалау ұсыныстарын береді [58].

Құндылықтардың табиғатын, қалыптасуын зерттейтін ілім аксиология (грек тілінен «аксе» – құндылық, «логос» – ілім деп аударылады) деп аталады. Бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағында XX ғ. 60 жылдарына дейін құндылықтарды зерттейтін сала – аксиология «буржуазиялық философия» деген атпен шеттетіліп келді. Ал, бүгінде қоғамдық ғылым салаларында құндылықтар мәселесі жіті зерттелуде. Құндылық дегеніміз – бұл идеялардың, түсініктер мен білімдер жүйесінің іс - әрекеттердің құралдары мен әдіс - тәсілдерін таңдау және оларды жүйелі түрде жүзеге асыру мен күнделікті тәжірибеде қолдану дәрежесі болып табылады [59].

Зерттеушілердің пайымдауынша, саяси ғылымда осы күнге дейін саяси құндылықтарды анықтауда ортақ пікір жоқ. Әр кезеңдегі ғалымдар өздерінің көзқарастарына орай өз анықтамаларын берген болатын. Шетел зерттеушілерінің пікірінше, саяси құндылықтар бізге саяси пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді. Саяси құндылықтар - қоғамда немесе әлеуметтік топтарда негізгі мақсаттар бойынша келісімді қамтамасыз ететін жоғары қағидаттар. Екіншіден, саяси жүйенің қалаулы және ең жақсы үлгісі, саяси мақсаттар мен оларға қол жеткізу құралдары туралы, саяси мінез - құлыққа және

оның модельдерін таңдауға әсер ететін сену және ұсыну болып табылады. Саяси құндылықтар күрделі әлемде саясаттың бағдары болып қызмет етеді, оның мәні мен мазмұнын саяси құндылықтарда айқындайды, әлеуметтік субъектінің тілегі мен мүдделері бейнеленеді. Құндылықтар-біздің күнделікті мінез-құлығымызды реттейтін жалпы қағидаттар рөлін де атқарады [60].

**Саяси құндылықтарды зерттеудің теориялық-концептуалдық негіздері.**

1. *Саяси мәдениет теориясы* (Political Culture Theory) Gabriel Almond және Sidney Verba. Бұл теория саяси құндылықтар мен қатысудың негізінде саяси мәдениет жатыр деген идеяға сүйенеді. Саяси мәдениет дегеніміз – қоғамның саяси жүйе мен институттарға деген көзқарастары мен сенімдерінің жиынтығы. Almond және Verba саяси мәдениетті үш негізгі типке бөлген:

1. Патриархалды мәдениет – саясаттан оқшаулану, билікке сенімсіздік (дәстүрлі қоғамдар).

2. Басқарушы мәдениет – азаматтардың саясатты қабылдауы, бірақ белсенді қатыспауы.

3. Қатысушы мәдениет – азаматтар саясатқа белсенді араласады, жүйені өзгертуге ынталы [1, 85]. Бұл теория бойынша азаматтардың құндылықтарын зерттеу олардың саяси мәдениеттің қандай деңгейінде тұрғанын анықтауға мүмкіндік береді.

2. *Рационалды таңдау теориясы* (Rational Choice Theory) Anthony Downs, James Buchanan. Бұл теорияның негізінде адамдардың саяси шешімдерді рационалды түрде өз мүдделеріне сай қабылдайтыны туралы идея жатыр. Саяси құндылықтар жеке тұлғалардың пайда мен шығын есептеуіне негізделеді: мысалы, жастар әлеуметтік жеңілдіктерге қызығушылық танытса, олар осыны қолдайтын партияларды қолдайды. Дауыс беру, наразылық акцияларына қатысу, саяси көзқарастарды білдіру–барлығы рационалды таңдауға негізделеді. Бұл теория азаматтардың саяси таңдауын олардың экономикалық және әлеуметтік мүдделерімен түсіндіруге көмектеседі. Мысалы, экономикалық дағдарыс жастардың саяси жүйеге сеніміне әсер етуі мүмкін.

3. *Ұжымдық жады және саяси бірегейлік (*Collective Memory and Political Identity) Maurice Halbwachs ұжымдық жады теориясы бойынша, қоғамның саяси құндылықтары оның өткен тарихына негізделеді. Қазақстанда саяси бірегейлік тарихи оқиғалар (тәуелсіздік, репрессиялар, Кеңес Одағының ыдырауы) арқылы қалыптасады.

4. *Постколониалдық теориялар* (Postcolonial Theories) Edward Said және Frantz Fanon. Посткеңестік елдерде, соның ішінде Қазақстанда, саяси құндылықтар кеңестік мұрадан арылу және ұлттық сәйкестікті қалыптастыру процесінде қайта қарастырылады. Тәуелсіздік және ұлттық құндылықтар: Бұл теориялар Қазақстанда егемендікті нығайту және ұлттық идеяны қолдауға бағытталған құндылықтардың дамуын түсіндіреді. Бенедикт Андерсон ұлттар «елестетілген қауымдастықтар» ретінде құрылады, және олардың құрылуы белгілі бір саяси және мәдени процестерді қажет етеді. Эдвард Саид постколониалдық теория елдердің отаршылдық кезеңнен кейінгі өзіндік саяси

және мәдени жолын табуға ұмтылысын зерттейді. Қазақстанда бұл процеске ұлттық бірегейлікті қайта құру, дәстүрлі құндылықтарды жандандыру және мемлекеттік идеологияны қалыптастыру жатады.

5. *Әлеуметтік капитал теориясы* (Social Capital Theory) Robert Putnam, James Coleman. Саяси құндылықтар қоғамдағы сенім мен ынтымақтастық деңгейімен тығыз байланысты. Robert Putnam әлеуметтік капиталды жеке тұлғалар мен топтардың сенімге негізделген қарым-қатынастары ретінде сипаттайды. Әлеуметтік капитал неғұрлым жоғары болса, соғұрлым азаматтар саясатқа белсенді араласады және жүйеге сенім артады. Сенім саяси институттарға қатысты болсын немесе азаматтар арасындағы сенім болсын, саяси құндылықтарға үлкен ықпал етеді. Әлеуметтік капитал теориясы жастардың қоғамдық ұйымдарға, саяси партияларға, мемлекетке деген сенімін зерттеуде маңызды. Мысалы, Қазақстан мен Түркия жастары арасындағы сенімнің төмендігі саяси құндылықтарға әсер етуі мүмкін.

6. *Постматериализмге балама–қауіп-қатер теориясы* (Risk Society Theory) Ulrich Beck. Бұл теорияға сәйкес, қазіргі қоғамдарда қауіп-қатерлер (экологиялық дағдарыс, экономикалық тұрақсыздық, пандемия) саяси құндылықтарды қалыптастырады. Жастардың саяси көзқарастары өмірдегі тұрақсыздыққа реакция ретінде туындайды: экономикалық және экологиялық қауіптер олардың саяси таңдауларына әсер етеді. Қауіп-қатер қоғамында материалдық қажеттіліктерден гөрі қоғамдық қауіпсіздік пен тұрақтылық маңызды болады. Қазақстан саяси құндылықтары экономикалық тұрақсыздық пен әлеуметтік қауіптерге реакция ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл теория арқылы жастардың тұрақтылық пен қауіпсіздікке деген сұранысы зерттеледі.

7. *Құндылықтар эволюциясы теориясы* (Value Change Theory). Christian Welzel. Саяси құндылықтардың дамуында эмансипациялық құндылықтардың (еркіндік, теңдік, өзін-өзі жүзеге асыру) маңыздылығын атап өтеді. Қазақстан контекстінде: Эмансипациялық құндылықтар жастар арасында көбірек байқалса, аға буын әлі де болса дәстүрлі құндылықтарды қолдайды.

8. *Модернизация теориясы* қоғамның дәстүрлі құндылықтардан индустриалды және постиндустриалды қоғамдарға өту процесін сипаттайды. Бұл теорияға сәйкес, экономикалық даму мен урбанизация саяси құндылықтар мен мәдениеттің өзгеруіне әсер етеді. Daniel Bell және Samuel Huntington экономикалық дамумен бірге саяси жүйелердің күрделенетінін және демократиялық құндылықтарға сұраныс артатынын атап көрсетеді. Сеймур Липсет экономикалық даму демократияға қолайлы жағдай жасайды деген ұстанымды ұсынады. Ол экономикалық өсу білім мен ақпараттық қоғамды қалыптастырып, азаматтардың саяси қатысуын арттыратынын көрсеткен.

9. *Транзитология теориясы* өтпелі кезеңдердегі саяси жүйелерді зерттейді және демократиялық құндылықтардың қалыптасуын түсіндіреді. Посткоммунистік елдердегі саяси процестерді зерттеуде бұл теория маңызды рөл атқарады. Philippe Shmitter және Guillermo O'Donnell өтпелі кезеңдегі елдерде демократияға көшу күрделі, ал авторитарлық және демократиялық элементтер қатар жүруі мүмкін екенін көрсетеді.

Жоғарыда қарастырылған теориялар Қазақстандағы саяси құндылықтардың трансформациясын кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Модернизация теориясы елдің экономикалық және әлеуметтік дамуындағы өзгерістерді көрсетсе, саяси мәдениет пен транзитология теориялары халықтың саяси санасы мен қатысу деңгейін талдауға көмектеседі. Сонымен қатар, құндылықтар эволюциясы, постколониализм және әлеуметтік капитал теориялары Қазақстанның қазіргі кезеңдегі құндылықтық өзгерістерін түсінуге маңызды теориялық негіз бола алады. Бұл теориялар диссертациялық зерттеудің ғылыми негізін қалыптастырып, Қазақстандағы саяси құндылықтардың дамуы мен трансформациясын тереңірек талдауға мүмкіндік береді.

Gordon Willard Allport *«тұлғаның ішкі құрылым» теориясы.* Gordon Willard Allport көзқарасында құндылықтар тұлғаның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Allport тұлғаның көптеген құндылықтарының қайнар көзі қоғамдағы мораль екенін атап өтті. Ол моральдық нормалармен түсіндірілмеген бірқатар құндылықтық бағдарларды атап өтті, мысалы, білім алу, эрудиция, қарым - қатынас. Оның пікірінше, құндылықтар мен моральдық нормалар сыртқы қолдау арқылы қалыптасады және сақталады. Тұлғаның базалық мүдделері негізінде алты негізгі құндылықтық бағдарлық анықталды: теоретикалық, экономикалық, эстетикалық, әлеуметтік, саяси және діни. Осындағы барлық құндылықтар барлық адамдарға тән, бірақ әртүрлі деңгейде [3, 112].

Florence Kluckhohn and Fred Strodtbeck құндылықтар жүйесінің теориясы. Kluckhohn адамның табиғатпен және адаммен өзара байланыстың принциптері негізінде құндылықтардың дефиниciясын қарастырды. Құндылықтар жүйесі әр түрлі мәдениетте әртүрлі болуы мүмкін. Біреуі агрессивтілікті бағалайды және пассивтілікті айыптайды, екіншісі керісінше ұстанымда болады, ал үшіншісі бұл өлшемге жалпы назар аудармайды, оның орнына басқа мәдениеттердің кез келгенінде мүлдем маңызды болуы мүмкін эмоционалдылықтың артықшылық екенін атап көрсетеді. Бұл сәт Kluckhohn зерттеулерінде өте дәл зерттелген және американдық оңтүстік - батыстың бес шағын қауымның (тайпаларының) зерттеуінде түсіндірілген. Бір қоғам жеке жетістіктерді бағалай алады, екіншісі отбасының бірлігі мен туыстардың қолдауын көрсете алады. Қажырлы еңбек пен жеке жетістіктердің құндылықтары индустриялық капиталистік қоғамдармен жиі байланысты болып келеді. Kluckhohn мен Fred Strodtbeck құндылықтардың пайда болуы мен дамуы белгілі бір экономикалық және тарихи жағдайлардың әсерінен қалыптасатын нақты мәдениеттің ішінде орын алады деп есептейді. Құндылықтар осы топтағы адамдардың көпшілігімен бөлінген жағдайда олар осы мәдениеттің элементтеріне айналады, жеке және топтық мінез - құлықты анықтай бастайды [7, 92].

*Milton Rokeach «құндылықтық бағдарлар» теориясы*. Milton Rokeach те құндылықтар жүйесін зерттеп өз теориясын ұсынған болатын. Оның пікірінше, адамзаттық құндылықтардың жалпы саны көп емес, барлық адамдарда бір құндылықтар жиынтығы бар, тек олардың иерархиясы өзгеше, яғни бұл құндылықтардың маңызының тәртібі әр жағдайда әртүрлі болады. М. Рокич

ғылыми зерттеулерінің әдістемесінде нормалар мен құндылықтар орталық қызмет етуші рөлді атқарып, адам жүріс - тұрысын анықтайтын басты фактордың бірі болып табылады. Milton Rokeach бойынша адамның құндылықтары келесі бірқатар белгілер мен параметрлермен сипатталады:

- адамның тұлғалық құрылымында басымдылыққа ие құндылықтар мен нормалардың жалпы саны салыстырмалы түрде аз;
- адамдардың бәріне бірдей құндылықтар тиісті, бірақ әртүрлі деңгейде;
- құндылықтар күрделі жүйелерге ұйымдастырылған;
- адамдық құндылықтардың бастамалары мәдениет, қоғам мен оның институттарында және тұлғада байқалады;
- құндылықтардың ықпалы зерделеуді қажет ететін барлық әлеуметтік феномендерде байқалады.

Құндылықтардың жеке иерархиясының диагностикасы үшін *Milton Rokeach* құндылықтарды тікелей саралаудың өзіндік әдіснамасын әзірлеп, оны екі санатқа бөлді: терминалды құндылықтар мен нормалар және инструменталды құндылықтар.

*Milton Rokeach* терминалдық және инструменталды құндылықтар арасындағы айырмашылық жүргізілетін адам құндылықтарының тізімін ұсынады. Негізгі саяси бағдарлар еркіндік пен теңдікке қатысты қойылған акценттерде өз мәні бойынша ерекшеленеді деп санады. Мысалы, коммунизм теңдікке жоғары құндылық береді, бірақ бостандықтың төмен құндылығы, социализм де теңдікті жоғары бағалайды, бірақ онымен қатар ол бостандықты да жоғары бағалайды, ал капитализм, өз кезегінде бостандықты жоғары бағалайды, бірақ теңдікке осындай құндылық берілмейді, ал фашизм тең дәрежеде бостандықты да, теңдікті де төмен бағалайды.

Терминалдық құндылықтар - адам үшін аса қажет, ал инструменталды құндылықтар - бұл адамның қалауына қалай қол жеткізуге болатындығы туралы түсінік. Бұл біз ең маңызды немесе ең қалаулы деп санайтын құндылықтар. Олар өмір сүрудің қажетті соңғы жағдайларына, адам өмір бойы қол жеткізгісі келетін мақсаттарға жатады. Олар бақыт, өзін - өзі құрметтеу, тану, ішкі үйлесім, қолайлы өмірді жүргізу және кәсіби жетілдіруді қамтиды. Инструменталды құндылықтарға адалдық, әдептілік жатады. Бұл құндылықтар көбінесе жеке қасиеттер мен сипатқа бағытталған. Бұл шолуда 18 терминалдық және 18 аспаптық мәндер көрсетілген [2, 49].

Shalom H. Schwartz *«базалық құндылықтар» теориясы.* Shalom H. Schwartz негізгі жеке құндылықтарға көп назар аударады. Оның көзқарасы бойынша, базалық тұлғалық құндылықтар өзінің маңыздылығы тұрғысынан адамдардың өміріндегі бағыттаушы принциптер ретінде өлшенеді. Индивидтердің салыстырмалы түрде тұрақты құндылықтық басымдықтар жүйесінің иерархиялық құрылымы бар. Негізгі жеке құндылықтар мінез-құлықты, оқиғаларды және адамдарға баға беру үшін стандарт ретінде қызмет атқарады. Олар өмірдің барлық салаларында өз өрнегін табады. Негізгі жеке құндылықтар саяси құндылықтарға қарағанда абстрактілі және фундаментальды болып келеді. Schwartz саясаттың негізінде негізгі тұлғалық құндылықтар жататынын айтты.

Сонымен қатар, негізгі тұлғалық құндылықтар саяси құндылықтарды қалыптастырады. Негізгі құндылықтарға ұмтылу адамдарды қандай да бір идеологияларға немесе саясатқа артықшылық беруге итермелейді. Мысалы, қауіпсіздік пен билік құндылықтарына жоғары мән беретін адамдар, ұлтшылдық саясатына басымдық беруге бейім, өйткені ұлтшылдық, үлкен қауіпсіздікті уәде етеді, билік мақсаттарын білдіреді. Schwartz өз зерттеуінде негізгі саяси құндылықтар - бұл негізгі тұлғалық құндылықтардың көрінісі деп көрсетті. Яғни, жеке құндылықтар саяси таңдауда шешуші рөл атқарады. Индивидтердің негізгі құндылық басымдықтары олардың саяси көзқарастарынан, құндылықтары мен пікірлерінен әлдеқайда тұрақты болып келеді. Әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістерде де аса өзгермелі емес. Негізгі құндылықтардағы өзгерістерді бағалай отырып, саяси ахуалдағы қандай өзгерістер ұзақ мерзімді маңызға ие екенін анықтауға болады. Сонымен қатар, негізгі тұлғалық құндылықтары олардың саяси идеологиясына әсер етеді деп пайымдаған [9, 16].

Geert Hofstede «мәдени өлшем типологиясы». Geert Hofstede жасаған мәдени өлшеулердің типологиясы кросс - мәдени байланыстың негізі болып табылады. Факторлық талдаудан алынған ақпаратты қолдана отырып, ол қоғам мәдениетінің өз мүшелерінің жеке құндылықтарына әсерін және сол құндылықтардың олардың мінез - құлқына қалай әсер ететінін сипаттайды. Типология құндылықты мәдениеттің алты өлшемі бойынша бөлуге болады деген идеяға негізделген. Бұл өлшемдерге мыналар жатады: биліктен алшақтау, оқшаулану, еріктілік, белгісіздіктен аулақ болу, стратегиялық ойлау және қабылдау. Қарастырылатын басқа факторлар бар, мысалы, жеке қасиеттер, отбасы тарихы және жеке әл-ауқат. Ұсынылған өлшемдер жеке тұлғалардың мінез - құлқын болжай алмайды.

Geert Hofstede сәйкес, индивидуализм сол қоғамда басым болып отырған индивид және ұжым арасындағы қарым - қатынастарды сипаттайды. Индивидуализмнің негізгі тұжырымдамасы бойынша индивидтер бір - бірінен тәуелсіз. Ал ұжымдық, топтарды байланыстырып отыратын индивидтердің өзара байланысы. Өзінің зерттеу жұмысын жүргізу барысында Geert Hofstede индивидуализм деңгейі бойынша ең жоғары Америка Құрама Штаттары болды. Одан кейін Австралия, Ұлыбритания, Канада, Нидерланды, Жаңа Зеландия орналасты. Ең ұжымдық мемлекеттер арасында Венесуэла, Колумбия, Пәкістан, Перу, Тайвань деп танылды. Осылайша, батысты, индустриалды мемлекеттерде индивиуализм басым болса, Оңтүстік Америка мен Азияда ұжымдық басым орын алуда деп түсіндіреді [4, 128].

Ronald Inglehart «материализм және постматериализм» теориясы. Ronald Inglehart құндылықтарды индивидтердің материалды және постматериалды қажеттіліктердің басымдықтарын анықтайтын әлеуметтік мақсат ретінде қарастырған. Осы тұрғыда материалистер экономикалық және жеке қаупсіздікті алға қоятын болса, постматериалистер өзін - өзі тану, қоршаған орта сапасымен аландаулы болады. Ronald Inglehart пайымдауынша, постматериалистер наразылық сияқты дәстүрлі емес саяси іс - әрекетпен айналысса да, сайлау кампаниялары сияқты дәстүрлі тұрғыдағы саяси белсенділік танытады.

Постматериалистер саяси белсенділікті қоғамдағы қалыптасқан модельдерді жаңа постматериалдық құндылықтарға негізделген шарттарға қарай өзгеру құралы ретінде қарастырады. Ал материалистер өз кезегінде қоғамның өз қалпында қалуын алға тартады. Ronald Inglehart құндылықтар дәстүрлі құндылықтардан қазіргі заманғы және постмодернистік құндылықтарға көшу, әлеуметтік ілгерілеумен дәстүрлі - индустриалды және постиндустриалды дамуға келісілген бірізділік екенін көрсетті. Осылайша, адам дамуының сыни сәттерінде қол жетімді экономикалық және білім беру ресурстары барлық ұрпақтың құндылықтық жүйесін қалыптастырады [10, 84].

Loek Halman пікірінше, белгілі бір құндылықты ұстана отырып белгілі бір жолмен әрекет етуге бейімділік деп түсінеді. Құндылықтарды осындай анықтау функционалдық болып табылады, бірақ бұл құндылықтар емес, не істеуінің сипаттамасы, олар шын мәнінде, бізге жасырын конструкция болып жанама түрде бақыланады, яғни адамдар жай - күйін, қызметін немесе нәтижелер негізінде құндылықтарды өлшеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол ескі және жаңа құндылықтардың дамуына көп мән бөледі. Егер ескі дегеніміз өткен кезеңде орын алған кейбір құндылықтар болса, ал жаңа құндылықтар соңғы уақытта басым мәнге ие болып табылады. Сонымен қоса, өткен жылы белгілі бір құндылықтар аз деңгейде орын алғанымен, олар қоғамда мүлдем жоқ деп те айта алмаймыз, олардың тек деңгейлері басым құндылықтарынан төмен болуы мүмкін. Бұл кезде, ескі құндылықтар міндетті түрде ескі және ұмытылған дегенді білдірмейді, бірақ ескі құндылықтар назарынан айырылған немесе назар аударарлық емес, ал жаңа құндылықтар қазіргі қоғамда туындайтын жаңа проблемалар мен құбылыстарға сәйкес келетін құндылықтар. Мұндай көзқарас, ескі және жаңаның арасындағы айырмашылық жаңғырту және постмодернизация мәселелеріне байланысты [61].

Lucian W. Pye пайымдауынша, саяси мәдениет, ол кез - келген қоғамдағы саяси мінез - құлықты басқарады және кездейсоқ жиынтықтар емес, яғни бір - біріне сәйкес келетін және бір - бірін күшейтетін құрылымдар. Дегенмен, барлық әлеуметтік топтар тек бір ғана саяси мәдениетті ұстанады немесе құндылықтар барлық халықта бірдей деген емес. Элиталар көптеген жағдайда ерекше құндылықтарды ұстануы мүмкін. Бір мемлекет ішіндегі әртүрлі этникалық және аймақтық топтар жиі жағдайда әртүрлі құндылықтар жүйесін ұстануы ықтимал. Сонымен қатар, ерекше ұстанымдар мен нормалар әскери күштер, университет сияқты әртүрлі институционалдық құрылымдарда басым болуы мүмкін. Осыған қоса, ұлт ішіндегі негізгі мәдени ұстанымдарындағы айырмашылық ұлт арасындағы айырмашылыққа қарағанда басым екенін айтуға болады [62]

Шетел зерттеушілері саяси құндылықтарды үкіметке, азаматтылыққа және қоғамға қатысты жалпы нормативті принциптер мен ұстанымдар деп белгілеген. Саяси құндылықтардың негізі саяси позицияларды қалыптастыру үшін координациялық орталық ретінде қызмет етуде. Сонымен қатар, саяси құндылықтарды «көптеген ерекше көзқарастар және ұстанымдарды байланыстырушы желім» деп анықтаған. Олар саясат саласындағы нақты көзқарастар, қалаулар және бағалар негізінде жатыр [63].

Көптеген авторлар саяси құндылықтардың маңыздылығына назар аударады, мысалы профессор John Kekes пікірінше, адамдар жоғары саяси құндылыққа ие бола алмайды, өйткені егер біз жақсы өмір сүргіміз келсе, бізге бастапқы және екінші деңгейдегі құндылықтар қажет. Әрине, егер кейбір қоғамдар қиын жағдайларда (мысалы, Сирия) өмір сүрсе, онда олар екінші деңгейдегі құндылықтарға ие болмағандықтан оларға алдымен қауіпсіздік немесе денсаулық сияқты бастапқы құндылықтар қажет. Бұл бастапқы құндылықтар өмірге қойылатын ең төменгі талаптар ретінде қызмет етеді, ал екінші деңгейдегі құндылықтар - бастапқы құндылықтарды іске асырудың жалғасы болып табылатынын білдіреді. Бұл жағдайда құндылықтардың доминанттары елдің экономикалық дамуы, мәдени мұра, тарихи даму сияқты көптеген факторлармен анықталады [64].

Қоғам құндылықтарсыз өмір сүре алмайды. Ол құндылықтарды қажеттіліктер, мүдде мен тұлға мақсаты арқылы тұлға табиғатының өзінен көреді. Тұлға тек танып, дамып қана қоймай, бағалайды және әрекет етеді, сол кезде ол соңында маңыздығы салдарынан құндылықтар ретінде айқындалатын жеке және қоғамдық мақсаттармен бағытталады. Кез - келген ұжым, әлеуметтік топ, ұлттық қауымдастық олар үшін құндылық болып табылатын қандай да бір мақсатқа қол жеткізуге ұмтылады [60, 36]. Осылайша, құндылықтық қатынас адам өмірі мен қоғамның қажетті, барлығына ортақ және мәңгі факторы болып табылады деген қорытындыға келеді.

Әрбір саяси процестің өзінің таңдауы бар және ол өзіне ұқсас өзара әрекеттестікте маңызды құрамдас болып табылатын өзінің құндылықты орнын табады. Саяси құндылықтар осы ұйымдасқан тұтастық ретінде әлеуметтік қауымдастықтар ие болатын субъектілік өлшемнің көмегімен анықталуы мүмкін. Мысалы, біз үнемі айтып отырған, бірақ шынайы түрде толықтай қалыптаспаған құқықтық мемлекет, бұл ең алдымен, әртүрлі жағдайлар мен себептерге, қарым - қатынастарға, әрекеттерге, қолданыстағы әлеуметтік және саяси институттарға байланысты әр түрлі қоғамдарда жүзеге асырылатын идея. Бұл мағынада саяси құндылықтарды белгілі бір субъектілердің, әлеуметтік топ, саяси партия, немесе жалпы қоғам саяси қажеттіліктерінің идеялары деп атауға болады. Саяси идеялар саяси субъектілердің іс - қимылының негізін құрайды, олардың іс - әрекеттерінің негізі болып табылады. Мысалы, қандай да бір партияның бағдарламасы - бұл тек идея және оны жүзеге асыруды билікке қол жеткізу негізінде әрекеттенеді [65].

Құндылықтарды зерттеу мәселесі түрлі ғылымдар саласында маңызы жоғары. Зерттеушілердің пайымдауынша, құндылықтық құрылым бірегей емес және әртүрлі элементтерден құралған. Құндылықтар әлеуметтік сипатқа ие және адамдардың индивидуалды іс - әрекет негізінде, қоғамдық тәжірибе және нақты тарихи қоғамдық қатынастар әсер етуі негізінде, оның социализациялану процесі негізінде қалыптасады. Зерттеушілер жаппай санадағы құндылық құрылымдарын қарастырады және шығу тегі әртүрлі үш негізгі құндылық жүйесінің бар болуы туралы көзқарасты ұсынады. Жаппай сананың құндылық құрылымы бейімделу құндылықтарына (физикалық және экономикалық

қауіпсіздік), әлеуметтену құндылықтарына (басқа адамдарға бағдарлау, қоғамдағы интеграция, белгілі бір әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу) және дараландыру құндылықтарына (дамуға бағытталуы, өзін – өзі жетілдіру) бағдарланатын жеке тұлға типтерінің пропорциясымен анықталады. Оның пікірінше, үш дербес түрді бөлуі R.Inglehart үлгісіне тән дихотомияны жеңу үшін құндылық жүйелерін талдау кезінде қажетті және жеткілікті болып табылады [66].

Жалпы құндылықтар жеке құндылықтар арқылы қызмет етеді бірақ бұл жалпы, яғни қоғамдық құндылықтар жүйесі қалай болғанымен де жеке адамның құндылықтарынан ерекше болып табылады. Жеке адамның құндылықтар жүйесі қоғамдық құндылықтар жүйесінен айтарлықтай туынды болып табылады. Демек, саясат саласындағы адамдардың өзін - өзі анықтауы нақты қоғамның саяси мәдениетіне тән оның тарихының белгілі бір кезеңіне қатысты тыс дами алмайды. Сонымен қатар, ол саяси құндылықтар деп бостандық, демократия, әлеуметтік әділдік, теңдік, индивидуализм, мемлекеттің рөлі, нарықтық экономика, жекешелендіру, ұлтаралық қатынастардың қалыптасқан сипаты, мемлекеттік құрылым жүйесі туралы бағалау пікірлерін қабылдау немесе қабылдамау дәрежесі деп атайды [67].

Құндылықтар эталон туралы идеалдар мен түсініктерді жүзеге асыратын кез келген мәдениеттің реттеуші компоненттері ретінде анықтауға болады. Құндылықтық бағдарлар белгілі бір мәдени үлгілердің, әлеуметтік немесе адамгершілік идеалдардың артықшылық немесе бас тарту ретінде түсініледі, олардың негізінде іс-әрекет пен мінез-құлық қалыптасады дейді [68]. Құндылықтар этномәдени қауымдастықтарды біріктіретін және бекітетін мағыналық құрылым болып табылады». Осылайша, жеке еркіндіктің американдық құндылықтары Батыстың аумақтық кеңістігінде қалыптасқан. Оқшаулану, тәуелсіздік, өзіне ғана сүйену қажеттілігі ұлттық белгілері ретінде қабылдана бастады. Ресейдің қатал табиғаты адамдарды үлкен қауымға ұйыстыруға мәжбүр етті. Бұл жағдайда мәдени тәжірибе өзара тәуелділік пен теңдік құндылықтарына негізделген деп пайымдайды [69].

Құндылықтар әрқашан құндылықтық құрылымды құрайды және бір - бірінен бөлек қызмет ете алмайды. Адам үшін, әлеуметтік қауымдастық пен қоғам үшін қалаулы адамгершілік құндылықтар адамдардың өзара қарым - қатынасы әдісі құндылықтар жүйесінің өзіндік іргетасы болып табылады. Құндылықтар өзара іс-қимылға түсе отырып, қоғамдық ұйымдасуының маңызды элементі болып табылатын жүйені құрайды. Әр түрлі қоғамдардың құндылықтары мен айырмашылықтар мәдениетті түсінудің негізі болып табылады. Кең мағынада құндылықтар жүйесі-бұл еліміздің көптеген азаматтары үшін аса маңызы бар мәдениеттің ішкі өзегі. Кез келген құндылықтар жүйесі қоғамның қайталанбас, тұрақтылық пен өзіндік даму ерекшелігін қамтамасыз ететін өз иерархиясына ие. Құндылықтар иерархиясы - белгілі бір тұтастыққа ие, белгілі бір қоғамда және мемлекетте қорғалатын және дәріптелетін құндылықтар жүйесі.

Саяси мәдениет халықтың көпшілігімен саяси қоғамдастықтың субъектісі ретінде бөлінетін және саяси идеяларды, құндылықтарды, сондай - ақ қолданыстағы саяси практика нормаларын қамтитын негізгі нанымдарды, ұстанымдарды, бағдарларды, саяси жүйеге бағытталған символдарды қамтитын құндылық - нормативтік жүйе ретінде сипатталуы мүмкін [70].

Бүгінде экономикадағы, саясаттағы, мемлекеттік басқару жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер адамдардың дүниетанымының негізін қалыптастыратын құндылықтар жүйесі дамуды жеделдететін фактор ретінде де, осындай даму жолындағы еңсеруге қиын тосқауыл ретінде де әрекет ете алады деген құндылықты негіздеуді қажет ететініне күмән тудырмайды. Институционалдық өзгерістер шын мәнінде қоғам қабылдаған және осы қоғам бағдарланатын құндылықтар жүйесінде бекітілген кезде ғана қайтымсыз. Сондықтан халықтың дүниетанымындағы өзгерістер жалпы қоғамдық трансформация шындығының маңызды индикаторы болып табылады [71].

Құндылықтық бағдарлар қандай да бір мақсаттың қажетттілігі немесе қажетсіздік критерийін анықтайды. Мамандардың айтуынша, түрлі құндылықтық бағдарлардың қызметі «мәдени сәйкестікті» қамтамасыз ету, демек құндылықтардың өзгеруі эволюциялық процесс, шынайы сұрыптаудан нақты өмірлік жағдайларға қажетті, төзімді құндылықтар ғана өтеді. Бұл сұрыптау эволюция заңы сияқты, қалыптасқан жағдайда ең тиімді болатын құндылықтар сақталып, таралады. Мұндай эволюциялық принцип екі нәтижеге алып келеді. Біріншіден, басым құндылықтық бағдарлар басым орын алып отырған өмір шарттарына сәйкес келеді. Екіншіден, өмір шарттары өзгерген жағдайда құндылықтық бағдарлар да өзгереді, бірақ ұзақ уақыт өткеннен кейін, яғни өмір сүру шаралары өзгергенін сезінгеннен кейін және жаңа өмірлік принциптерге олардың өмірлік тәжірибесіне лайық құндылықтар таңдалғаннан кейін. Сонымен қатар, құндылықтардың жаңа жүйесін ең алдымен жас ұрпақтар тез қабылдайды, ал жасы үлкен азаматтар өздерінің терең қалыптасқан құндылықтарынан және көзқарастарынан айырылу әлдеқайда қиындыққа түседі. Келесі ұрпақтардың жаңа өмір сүру қалпы қалыптасқаннан кейін оларда үлгі тұтарлық таңдау болған жағдайда олар әрине өздерінің өмірлік тәжірибелеріне сай құндылықтарды таңдайды.

Саяси құндылықтар - осы қоғамда қабылданған және өзіне тән маңызы бар императив және нормалар ретінде қабылданатын саяси қызметтің бағдарлары мен реттеушілері деп қарастырылады. Саясат субъектілеріне қатысты құндылықтар олардың мүдделерінің объектілері болып табылады, ал оларды құру үшін әлеуметтік шындықтағы бағдарлардың рөлін, олардың қандай да бір саяси шындықтарға көзқарасын белгілеу қызметін атқарады. Саяси құндылықтар ізгілік пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік, моральдық нормативтер мен принциптерді қамтитын адамгершілік - саяси идеалдар ретінде әрекет етеді [72]. Азаматтық құндылықтар шын мәнінде демократиялық, яғни негіз қалаушы демократиялық принциптер мен идеяларды білдіреді. Азаматтық құндылықтарға плюрализм, саяси және діни төзімділік, ашықтық және ынтымақтастыққа дайындық, заңды және жеке тұлғаны құрметтеу жатады.

Ә.Нысанбаев өз еңбектерінде атап өткендей, бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету мемлекеттік деңгейде төмендегі міндеттерді жүктейді: ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен жан - жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру арқылы мәңгүрттік жағдайдан арылу; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мол мәдени - рухани мұрасын белсенді түрде меңгеру [73].

Саяси құндылықтар дегеніміз – қоғамның түрлі салаларында, солармен бірге оның саяси өмірінде де саяси - әлеуметтік субъектілердің өздерінің іс - әрекетінде, көзқарасында бағыт - бағдар етіп ұстайтын идеялары мен ұғымдары. Саяси құндылықтар саясат пен саяси сананың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Қандай қоғамдық құрылымда болмасын жүзеге асырылған маңызды жаңаруларға орай, бірқатар саяси құндылықтардың өзектілігі ерекше арта түсетіні белгілі [74].

Профессор С.Нұрмұратов ойынша, қазіргі қазақстандық қоғамдағы билік саласы қатынастары жүйесіндегі кейбір саяси дәстүрлердің, құндылықтардың, тұтастай алғандағы мәдениеттің жетілуі, өзгеруі қажет екендігі айқын байқалып отыр. Екінші жағынан, жастардың заманауи саяси менталитеті біршама деформацияға ұшырағаны байқалып отыр және ол кейбір әлеуметтік орталарда маргиналдықпен астасып жатыр. Оған тек жастар ғана кінәлі емес екені айқын. Ұзақ уақыт бойы кеңестік кезеңде негізінен мемлекеттік патернализм саясаты жүргізілді және осындай жағдайға үйренген аға ұрпақ негізінен нарықтың қыспағы заманында, әсіресе әлеуметтік қиындықтар кезеңінде билікті сынауды әдетке айналдырғанын жасырмауымыз керек. Дәл осындай жағдай көрші жатқан Қырғызстанда да бірнеше жылдар бойы орын алғанын айта кете аламыз. Сондықтан бейбіт шерудің арты белгілі бір жастардың өкілдері үшін девиантты әрекеттерге әкелді [75].

Құндылықтық сананың қайшылықта болуы – адамдардың мүдделерінде бірегейліктің, үйлесімділіктің болмай тұрғанын, бағалаулардағы алшақтықтардың маңызды деңгейде екенін білдіреді. Бұл адамдардың демократияны қолдай отырып, қатаң тәртіп орнатудың мемлекеттік жолдарына қарсы болмауы, әділдіктің қажет екенін біле отырып, әділетсіздікке қарсы күшпен күресу қажеттілігін мойындауы жатады. Осылайша, сөз бен істің, декларацияланған құндылық пен нақты мінез - құлықтың арасындағы қайшылықтардың ұлғаюы, саяси өмірде көрініс беруі – қоғамда маргиналдық мәселесінің орын алып отырғандығын білдіреді [76].

Azamat Junisbai атап өткендей, азаматтардың кейбір бағыттары басқаларға қарағанда демократияға көбірек ықпал етеді. Олардың арасында сыни ойлау және қоғамдық өмірге белсенді қатысу, сондай - ақ толеранттылықты, өзара сенімді және саяси тиімділік идеясын көрсету бар. Демократия бұл бағдарлар жоқ немесе азшылық азшылыққа тән жерде тамыр жайуы екіталай. Тұрақты

демократиялар демократиялық өкілдіктердің дамуын қолдауға бейім, ал авторитарлық режимдер оларды басады немесе демократиялық емес өкілдіктерге толы болады. Демократиядағы азаматтарға бәсекелес идеологиялар, идеялар мен саяси бағдарламалар, сондай - ақ бәсекелестікке негізделген саясатқа қатысу үшін көптеген мүмкіндіктер әсер етеді. Демократиялық емес елдерде бәсекелестік, таңдау және қатысу билеуші топпен әдейі шектеледі және бұқаралық ақпарат құралдарын және жалпы барлық мәлімдемелерді бақылау арқылы күшейтіледі [77].

Қазақстандық жастардың саяси құндылықтық бағдарларын зерттеу барысында Д.Шарипова мен Серик Бейменбетовтың пікірінше, Қазақстандағы жастар саясаттан тыс. Жастардың аз ғана пайызы саясатқа қызығушылық танытады. Сол сияқты жас қазақстандықтардың аздаған бөлігі саяси қызметке, соның ішінде петицияларға қол қоюға, демонстрацияларға қатысуға немесе саяси партияларға мүшелікке қатысты. Қазақстандық жастар ең көп айналысатын қызмет түрлерінің бірі - волонтерлік және ҮЕҰ - да жұмыс істеу болып табылады. Бұл пассивті субъективті мәдениеті бар және жас азаматтардың саяси өмірге тартылу деңгейі төмен жалпы көрінісі болып табылады [78].

«Қазақстан халқының саяси бағдарлары» атты 2021 жылғы зерттеу нәтижелерінде көрсетілгендей, қазақстандықтардың саяси компонентке деген әлсіз қызығушылығын көрсетеді. Саяси енжарлық 2019 жылдан бастап артқаны белгіленген болатын [79]. Т.Б.Умбеталиева пайымдауынша, қазақстандық қоғамында адамның құндылығын оның этникалық шығу тегі мен діни көзқарасына қарамастан дамытуымыз керек. Біз үшін ең маңыздысы адам және оның құқықтары болуы тиіс. Мемлекет осы құндылықты және бәрі жақсы өмір сүруін қамтамасыз етуі керек. Бұл құндылық ең басым болмайынша, қоғамымызда этникалық топтарға, ерлер мен әйелдерге, жас топтарына бөліну айқын көрініс табады [80].

Сонымен қатар, Г.Г.Исмуханова спиральды динамика теориясын қабылдауды ұсынады, ол жеке тұлға мен жалпы қоғамның құндылық деңгейін өлшеп қана қоймай, оларға шартты «түстің түрін» тағайындайды, онымен қоса, қоғамда жаңа мемдер, мәдени кодтар мен құндылықтар қалыптастыруға болатын құралдарды ұсынады. Мәселен, «күлгін» түстің мазмұны - мем - мистика, рулық - тайпалық қатынастар, кландық. Отбасылық байланыстар, отбасы, сиқыр, ырымшылдық, бақсылық, бақытшылар, ата – бабалардың рухтары - қоршаған әлемді адам мен қоғам қалай көруде. Мысалы, Африка және кейбір Латын Америкасы елдері «күлгін» деңгейде. Ал, мысалы, «қызыл» - бұл күшті авторитарлық эгоистік және эксплуатациялық билік, командалық принцип, иерархия. Мұндай қоғамдарда басқару тігінен - жоғарыдан төменге жүзеге асырылады. Барлығы жоғарғы билікке бағынады, «жоғарыдан команда» күтеді. Патернализм осы деңгейдегі адамдарға тән. Мұндағы, Г.Исмуханова пікірінше, қазақстандық қоғам «күлгін - қызыл» категориясына жатады [80].

Саясаттанушы Мұхтар Сеңгірбай ойынша, қазақстандық қоғамында ұрпақтар арасындағы құндылықтық айырмашылықтар бар, ол әдеттегідей қырық жастан асқан азаматтар өз ойын толық әрі ашық айта алмайды, ал жастар,

керісінше, өздерінің шынайы көзқарастарын, ұстанымдарын, құндылықтарын ашық түрде айтуынан туындайды.

Осылайша, зерттеушілердің құндылықты түсінік ретінде зерттеу нәтижелерін сараптай отырып, біздің ойымызша саяси құндылықтарға өзіндік анықтама беруге болады. Саяси құндылықтар адамдардың саяси мінез-құлқының ерекшелігін және саясат саласындағы таңдауын негіздейді. Құндылық негізінде тұлғаның саясатқа деген белсенді қатынасы қалыптасады, ол оның мақсатты әрекеттерінен көрінеді. Сонымен қатар, саяси құндылықтар саясат субъектілерінің қандай да бір құбылыстардың, саяси өмірдің процестері мен нормаларының, олардың әлеуметтік-саяси тәжірибесімен бекітілген маңыздылығын мойындау деп анықтауға болады. Саясат субъектілерінің іс-әрекетін негіздей отырып, қоғамның, оның негізгі әлеуметтік топтарының жай-күйін, қажеттіліктерін және даму перспективаларын анықтап көрсетеді. Құндылықтар адамның жеке іс-әрекеті, қоғамдық тәжірибе негізінде және нақты-тарихи қоғамдық қатынастар мен адамның қарым-қатынасы нысандарының ықпалымен және тікелей әлеуметтену процесінде қалыптасады. Сонымен қатар, биологиялық, психологиялық,әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да факторлар адамның құндылықты қабылдауына және құндылықтарын қалыптастыру процесіне әсер етеді.

### 1.1.1 Саяси құндылықтардың құрылымы мен ерекшеліктері

Негізгі саяси құндылықтардың саны мен мазмұны жөнінде нақты ортақ пікір және барлық әлемдегі саяси құндылықтарды идентификациялайтын теория жоқ. Мәселен, S.Feldman саяси құндылықтардың үш түрін атап көрсетті: мүмкіндіктер теңдігі, экономикалық индивидуализм, еркін кәсіпкерлік [82].

Paul Goren төрт түрін ұсынды: дәстүрлі отбасы құндылықтары, тең құқық, моральдық төзімділік және шектеулі билік [83]. William G. Jacoby саяси құндылықтарды еркіндік, теңдік, экономикалық қауіпсіздік, әлеуметтік тәртіп деп бөліп көрсетті. Еркіндік деп кең тұрғыда азаматтардың қалауы бойынша ойлау және іс - әрекет еркіндігі деп түсінеді. Теңдік деп, байлар мен кедейлер арасындағы байлық пен билік алшақтығының қысқаруы. Экономикалық қауіпсіздік астарында тұрақты жұмыс және жоғары жалақы кепілдігін түсіндіреді. Әлеуметтік тәртіп деп, заңдар сақталатын және бейбітшіл қоғамда өмір сүру мүмкіндігі қарастырылады.

Harold D.Lasswell, Abraham Kaplan екі құндылық жиынтығын атап көрсетеді: игілік құндылықтары (мысалы, денсаулық, жетістік, шеберлік және білім) және құрмет құндылығы (мысалы, билік, құрмет, ізгілік). Оның үстіне, бұл құндылықтар арнайы институттармен байланыстырылады, олар арқылы жүзеге асырылады [84].

Идеологиялық ойдың негізгі ағымдарының құрылымындағы саяси құндылықтар – оңшыл және солшыл. Әдетте, саясаттағы классикалық мәселе, бұл еркіндік, қоғамдағы теңдік және теңсіздік, еңбек пен капиталдың бөлінуіне байланысты көзқарастарды ұстануының ерекшеліктері. Осы мәселелер бойынша

ұстаным сол және оң болып бөлінді. Сол және оң ұғымдары әдетте азаматтардың саяси әлемде кешенді бағдар ала алатын құрал ретінде қарастырылады. Олар халықтың немесе басқа да әлеуметтік топтардың күн тәртібіндегі маңызды саяси мәселелеріне қатысты ұстанымдарын сипаттайды. Басында оң жақ рухани мәселелерді алға тартса, солшылдар дворянстволы қолдау жағында болды. Индустрияландыру қарқынымен, солшыл - оңшыл континуум жалпы еңбек пен капиталдың ыдырауына байланысты болды және солшыл және оңшыл жақтарды ажыратудағы негізгі мәселе теңдік болды. Солшыл жақ теңдікті насихаттайтын қоғамның бөлігін білдірсе, ал оңшылдар иерархиялық әлеуметтік тәртіптің сақталуын көздейді.

Сонымен қатар, кірістерді қайта бөлу мен байлықтар және мемлекеттің экономика мен қоғамдағы рөліне қатысты мәселелер бойынша көзқарастары ерекше болды. Сол жақ табыс пен байлықты бөлудегі әділдікті алға қояды және осы мақсатқа жету үшін мемлекеттің араласуын қолдайды, ал оңшылдар еркін нарықтық экономика мен тәуелсіз индивидтердің принциптерін насихаттайды, сондай - ақ бұл ретте мемлекеттік тарапынан бақылауды қысқартуын қолдайды. Солшыл жақ және оңшыл жақ арасындағы мұндай айырмашылықтар қазіргі қоғамда әлі де өзекті. Өмір сапасы, қоршаған орта, ядролық энергия сияқты мәселелер, қарусыздану, босқындарды қабылдау, баспана сұраушылар және әртүрлі моральдық проблемалар солшыл және оңшыл жақтағы маңызды мәселелерінде де айырмашылықтар кездеседі. Солшыл жақ кедей, азшылық жағын қолдаушы және ядролық энергияны пайдалануға қарсы әрекет етеді. Моральдық мәселелерде де солшыл жақ либералдық ұстанымдарды бейнелейді. Оңшылдар әдетте, дәстүрлі көзқарасты, ең күшті, беделді, тәртіпті жақтаушылар, мәртебені және күшті моральдық қоғам сақталуын дәріптейді [61, 44].

Либералдық көзқарастар нарық пен демократия арақатынасында еркін нарыққа көңіл бөліп, соның ішінде кәсіпкерлік бостандыққа ерекше назар аударады. Оларда демократиялық шешімдер еркін нарықтың кепілі болуға міндетті реттеуші мемлекетпен ғана шектеледі. Либералдық дәйектемелердің басты қағидалары мыналар:

– Теңдік пен ынтымаққа қарағанда бостандыққа, ал қоғамға қарағанда жеке тұлғаға анағұрлым басымдылық беріледі;

– Бостандық тікелей нарық арқылы жүзеге асады. Нарық бостандығына шектеу қою жалпы бостандыққа шектеу қоюмен тең саналатындықтан, оған жол берілмейді;

– Мемлекетке нарық үшін қауіпсіз жағдай жасау және адамдар өз еркінен тыс ауыр жағдайға ұшырамастай етіп, ең төменгі әлеуметтік қамсыздандыру шараларын қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Бұл жерде адамның негізгі құқықтарына деген талапқа кепілдік берілмейді. Бұл саяси тұрғыдан тар сала демократиялық жолмен реттеледі. Мемлекет мұнда қоғамда «жалпы тәртіптің сақталуына» ғана міндетті;

– Қоғам мүшелері - өзара қабілеттері мен еңбектері арқылы ерекшеленетін және барынша пайда табуды көздеген еркін адамдар. Бостандық мәселесінде

мемлекет адамдарды қорғауға, бірақ өзі олардың бостандығына қол сұқпауға міндетті [85].

Knutsen, оңшыл және солшыл идеология арасындағы негізгі қақтығыстар экономикалық сипаттағы үкіметтің экономикадағы рөліне қатысты болды деп тұжырымдайды. Осылайша, қазіргі даулы мәселелерге байланысты солшыл - оңшыл бағыты адамдардың пікірін жіктеу үшін пайдалы құрал ретінде қолданылады. Knutsen бойынша, либертариандық - авторитарлы өлшем автономия, ашықтық және өзін - өзін жетілдіру мәселелеріне негізделген. Осылайша, қауіпсіздік және тәртіп либертариандық жақта орналасса, беделге деген құрмет, патриотизм, азшылықтарға деген шыдамсыздық, салттарды сақтау және дәстүрлі дін мен моральдық құндылықтарды қолдау авторитарлы жақта орналасқан. Ғалымның пайымдауынша, адамдардың көп бөлігі дәстүрлерден, дәстүрлі авторитарлы институттардан, құндылықтар мен нормалардан алшақтап, өздерінің жеке өмірін индивидуалды тұрғыда анықтауда. Мұндай заманауи бағдарлар орын алуының басты себебі, әлеуметтік және саяси өзгерістер қоғамды постмодернистік жағдайға трансформацияланудан қалыптасып отыр. Сонымен қатар, Knutsen қазіргі таңдағы индивидуализация, секурярлық және глобализация сияқты модернизациялық үрдістер адамдардың саяси құндылықтарына жоғары ықпал етеді деп есептейді [86].

Консервативті бағыт әдеттегідей оңшылдар деп аталуда, қазіргі мәдениетте үш негізгі түрде көрініс табуда: белсенді, конструктивті және пассивті. Белсенді консерватизм дәстүрлі құндылықтар, халықтар, кеңестік қоғам өмірінің алдыңғы кезеңдерінде қалыптасқан қоғамдық өмірдің стереотиптері. Оның жақтастары негізінен жаңғырту идеясын қолдамайды және ел дамуының ерекше модернизациялық емес жолын талап етеді. Белсенді консерватизм үшін тұрақты еңбек тән, жаңа қарсылысу дағдыларын жетілдіру және дәстүрлі білім алу мен уағыздауға бейімділік. Конструктивтік консерватизм адамдардың қалыптасқан құрылымдарын, яғни технологиялық, экономикалық, саяси – прагматикалық мақсаттармен байланысты. Бұл адамдар өз болмысының фундаменталды жағдайында өзгеруді қаламайды. Әзірше осы жағдайларда жаңғырту процестері жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ жаңғырту түбегейлі өзгерістер қажеттілігін тудырған соң, конструктивтік консерваторлар оған қарсы тұра бастайды. Олар тұрақты еңбекке, қолда бар әлеуметтік құрылымдардың дағдыларын жетілдіруге бейімділігімен ерекшеленеді, бұл ретте тек қана мәдениеттің сынақтан өткен үлгілеріне сүйеніп, адами қатынастар, ғылым, өнер саласындағы прагматикалық дағдыларды жетілдіру. Олардың бағдары сенім мен әдеттердің қоспасы, күнделікті өмірдің ұдайы жаңғыруы болып табылады. Жаңғырту процестеріне өздері қатыспайды. Алайда, белсенді консерваторлардың қатарына қосылып олар жаңғыртуға қарсы нақты күшке айналады.

Бүгінгі күні үшін – консервативтік тұжырымдаманың бірқатар басты негіздерін атап көрсетуге болады:

– Консерваторлар негізінде отбасы, жеке бас жауапкершілігі және өндірімділік секілді негізгі құндылықтарды бағалайды. Салт - дәстүрге аса үлкен көңіл бөледі;

– Мемлекет әдетте құндылықтардың жоғары тәртібінен басталады, ал ол құндылықтар ұлтта өз көрінісін табады. Бұл жоғары тәртіп иерархияға негізделген ойлау мен қоғамдағы элитаға деген позитивтік қатынасты қамтамасыз етеді;

– Бірнеше жылдардан бері консерваторлар жаңа буржуазия деген атауды қолданып жүр. Бұл атау өмірін отбасы, парасат, адалдық, әдеп секілді құндылықтар негізінде құратын, өзінің қоғамдағы және еңбек жолындағы міндеттерін жауапкершілікпен орындайтын азаматты білдіреді.

Дәстүрлі құндылықтар қалыптасқан сенімдерді сақтау мен жүзеге асыратын дәстүрлі мемлекетті сипаттайды. Заманауи құндылықтар прогресс пен дамуға бағытталған. Жалпыадамзаттық құндылықтар дәстүрлі және заманауи құндылықтарға сай. Заманауи қоғамның құндылықтар құрылымының эволюциясы туралы өзінің фундаменталды зерттеулерінде ол құндылықтық сананың типологиясын қарастыра отырып, құндылықтардың төрт тобын белгілеп, статустық - иерархиялық құрылымды ұсынады:

1 қоғамдық санада басым болатын, құндылықтық құрылымның негізі болып табылатын жоғары тәртіп құндылықтары;

2 орташа тәртіп құндылықтары, «құрылымдық резервті» құрай отырып индивидтер мен әлеуметтік топтар арасында айқын орын алатын құндылықтық саласы;

3 ортадан төмен құндылықтар оппозициялық құндылықтар, бір қоғамның мүшелерін әртүрлі, тіпті кей - кезде бір - біріне үйлеспейтін топтарға бөлетін құндылықтар, мұндай құндылықтар тобы жылжымалы және бір құндылықтар тобынан екінші құндылықтар тобына өте алады;

4 төмен деңгейлі құндылықтар - азшылықтың құндылықтары, мәдениеттен мұраланған ұстанымдарының тұрақтылығымен қоғамның басқа мүшелерінен ерекшеленеді. Сондай-ақ, саяси құндылықтардың модернизация кезеңінде даму ерекшеліктеріне орай қоғамда туындайтын құндылықтық қақтығыстардың негізінде келесідей құндылықтық бағдарларды атап көрсетуге болады: эгалитаризм, либерализм, тоталитаризм, демократия [87].

Сонымен қатар, зерттеушілер құндылықтарды бөлу негізінде псевдо және антиқұндылықтарды атап бөледі. «Псевдо құндылықтар» деп аталғандардың барлығы адасушылыққа, өз-өзін алдауға жатады, яғни адамдардың, олардың қоғамдастықтарының сана - сезімдері мен мінез - құлқына әсер ету саласына жатады. Біреулерге бұл «псевдо» позитивті рөл атқарса да, қоғамға қатысты олар иллюзорлық мәндер, алдамшы түрде маңызды болып табылады, зиянды, құнсыз теріс рөл атқарады. Антиқұндылықтарға күдіктілік, дұшпандық, агрессивтілік, зорлық - зомбылық (терроризм, соғыс, геноцид) адамдардың санасы мен мінез - құлқын айла - шарғы жасау, өмір сүру ортасын бұзу, нашақорлық, діни радикализм, экстремистік іс - әрекетер зиянды әдеттерді жатқызады. Мұның бәрі, жалған құндылықтар сияқты - әлеуметтік құбылыстар, негізінен материалды, бірақ жеке тұлғалар мен қоғамдастықтардың, адамдардың, ұйымдарының рухани дағдарысымен де байланысты [88].

Мемлекеттің басқаруында антиқұндылықтар басым болған жағдайда өзін - өзі құлдырауға алып келуі мүмкін. Мұндай экстремалды жағдайлардың құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттік басқарудағы кәсіпқойлықтың үстемдігі, жемқорлықтың басымдығы және ортақ мүдделерді жеке экономикалық мақсаттар мен құндылықтармен алмастыру. Әр түрлі мемлекеттердің тарихында мұндай жағдайлар орын алған.

Құндылықтарды зерттеудегі тарихи және мемлекеттік әдіс олардың классификациясын бөліп көрсетеді. Тарихи уақыттың әртүрлі ауқымдары құндылықтардың келесі санаттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: Мәңгілік, тарихи, дәуірлік, ұрпақтық, конъюнктуралық (ағымдағы оқиғалар ауқымы). Кеңістік өлшемінде айырмашылықтар құндылықтардың мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: әмбебап, ұлттық, жергілікті - топтық және индивидуалды [89].

Қазақстандық сарапшы А.Чеботарев идеологиялық ағымдардың келесідей құндылықтарын бөліп көрсетті (кесте 1).

Кесте 1 - А.Чеботарев бойынша идеологиялық ағымдар бағытындағы құндылықтарының классификациясы

| Идеологиялық ағымдар | Негізгі құндылықтар және идеалдар |
|---|---|
| Либерализм | адамның абсолютті құндылығы, адамның негізгі құқықтарын құрметтеу, олардың қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен мүдделерінен артықшылығы, әлеуметтік бақылау құралы ретінде заңның үстемдігі, еркін бәсекелестік, нарықтық экономика және жеке кәсіпкерлік |
| Консерватизм | қалыптасқан әлеуметтік және саяси тәртіптің мызғымастығы, әлеуметтік тұрақтылық, дәстүрлілік, отбасы мен діннің рухани басымдықтары, жеке меншік, қоғамның қатаң әлеуметтік - таптық иерархиясы, әлеуметтік өзгерістерді қабылдамау, қоғамдық тәртіп пен қоғам тұтастығының кепілі ретіндегі күшті мемлекет, азамат пен мемлекеттің моральдық өзара жауап беруі. |
| Социал - демократия | әлеуметтік әділеттілік, жеке бас бостандығы, тең құқықтар мен мүмкіндіктер қағидаты, ынтымақтастық, жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасындағы әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономика, теңдік және меншіктің барлық түрлерін қорғау, экономиканы шектеулі мемлекеттік реттеу, тиімді әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі, реформизм |
| Коммунизм | жалпыға бірдей теңдік, қоғамдық меншік, адамды адам қанауының болмауы, саясаттағы, экономикадағы және рухани саладағы монизм және көп құрылымды қабылдамау, мемлекеттің әлеуметтік әділеттіліктің негізгі нормалары мен принциптерін анықтау және бекіту, мемлекеттің қоғам өмірінің барлық салаларын абсолютті бақылауы |
| Национализм | ұлт құндылығын қоғамдық бірліктің жоғары нысаны және мемлекет құру процесінде оның басымдылығы ретінде тану, ұлттық жаңғыру, мемлекеттік тәуелсіздік, патриотизм |
| Ескерту - дереккөз [90] | |

Кесте 2 - Шетел зерттеушілерінің еңбектеріндегі құндылықтардың жалпы сипаттамасы

| Құндылықтар ерекшеліктері | Құндылықтар ерекшеліктері |
|---|---|
| біліктілік пен мораль стандарттарын қамтамасыз ете алады; жеке құндылықтарға мәдениет, дәстүр, сондай - ақ ішкі және сыртқы факторлардың үйлесуі әсер етуі мүмкін | қоғамның құндылықтары оның әлеуметтік - экономикалық факторы мәдени - тарихи мұраны ескере отырып толықтырылады |
| салыстырмалы түрде тұрақты, адамдар үшін маңызды; негізгі құндылықтардың көпшілігі отбасынан, достарынан, көршілерден, мектептерден, бұқаралық басылымдардан, көрнекі бұқаралық ақпарат құралдарынан және қоғамдағы басқа да көздерден ерте жаста қалыптасады | дәстүрлер, мәдени мұра, әр нақты қоғамның діні өзінің әсерін тигізеді, бұл сондай - ақ жаңғырту процесін, өз кезегінде құндылықты бағдарлардың қалыптасуының көп аспектілеріне де әсер етеді |
| құндылықтар жалпы қоғамның және оның жекелеген әлеуметтік топтары мен индивидтерінің дүниетанымын анықтайды, сондай - ақ адамдардың мінез - құлықтық ұстанымдарын қалыптастырады | құндылықтар идеялар, объектілер, мінез - құлық және т. б. туралы тиімді ойлармен жүктеледі |
| қоғамның экономикалық дамуының жоғары деңгейі материалистік құндылықтарды, өзін - өзі көрсету құндылықтарын, таңдау еркіндігін қалыптастыруға және тең мүмкіндіктерін кеңейту және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары | бағалау элементін қамтиды, олар жеке тұлғаның дұрыс, жақсы немесе жақсырақ туралы идеяларын қамтиды |
| құндылық бағыттарындағы айырмашылықтар тек әлеуметтік - экономикалық дамуы әртүрлі елдер арасында ғана емес, саяси жүйе мен мәдени дәстүрлерде де байқалады | құндылықтар мәдениеттен мәдениетке, адамдардың құндылықтарындағы өзгешеліктер болуы мүмкін |
| құндылықтар адамның негізгі импульстері мен тілектерін интеграциялауда және іске асыруда маңызды рөл атқарады | құндылықты қалыптастыру бір мезетте емес, тиісті кезеңдерден өтеді: әлеуметтік қажеттіліктердің туындауынан оны институционалдандыру мен трансформацияға дейін |

Осылайша, құндылықтар қоғамның даму бағдарлары мен өмір сүру мәнерін белгілейді. Құндылықсыз қоғам–бағдарсыз қоғам. Құндылық - қондырма емес, ол уақыт сынынан өткен және заман озған сайын түлеп отыратын идеялар мен ұстанымдар. Ешбір өркениетті қоғам уақыт сынынан өтіп, өміршеңдігі мен жасампаздығын дәлелдеген дәстүрлі құндылықтарсыз алға басып көрген жоқ. Өйткені дәстүрлі құндылықтар - ішкі тұрақтылықтың тұғыры, рухани қауіпсіздіктің тірегі және ең бастысы - ұрпақтар сабақтастығының негізі. Саяси құндылықтар, қоғамның түрлі салаларында, солармен бірге оның саяси өмірінде саяси - әлеуметтік субъектілердің өздерінің іс - әрекетінде, көзқарасында бағыт - бағдар беріп жетелейтін идеялары мен ұғымдары. Жинақтай алғанда қоғам өмірінде қалыптасқан жасампаз идеялар мен этикалық категориялар, моральдық - эстетикалық нормалар мен стереотиптер жиынтығы, маңызды мақсат - мұраттар мен оларға жету жолдары, мінез - құлық мәнері туралы жинақталған

түсініктер деуге болады. Яғни құндылық дегеніміз тарихи тәжірибе негізінде тұжырымдалған ұлт немесе адамзат мәдениетінің мәні болып табылады. Сонымен қоса, саяси құндылықтар жалпыадамзаттық, жалпыұлттық болуы мүмкін, бірақ әртүрлі таптардың, адамдар топтарының және тұлғалардың басым мүдделерін да көрсете алады. Идеялардың, ұсыныстардың және оларға сәйкес ұстанымдардың, стереотиптердің жиынтығы ретінде саяси құндылықтар саясатта мақсатты болжауды, қызметтің құралдары мен әдістерін таңдауды анықтайды.

## 1.2 Саяси әлеуметтенудің негізгі институттарының саяси құндылықтардың қалыптасуына әсері

Саяси әлеуметтену - бұл мәдени құндылықтарды, саяси бағдарларды игеру, белгілі бір қоғам үшін қолайлы саяси мінез - құлық формаларын игеру процесі. Саяси әлеуметтену процесінің нәтижесінде жеке адамдар мен топтар белгілі бір саяси мәдениетке қосылады, бұл өз кезегінде саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және қолдауға ықпал етеді. Саяси әлеуметтенудің мазмұны адамды белгілі бір саяси жүйенің нормалары мен дәстүрлерімен таныстыру, саяси қатысу дағдыларын қалыптастыру, саясаттың мақсаттары мен әдістері туралы хабардар ету болып табылады. Саясат саласындағы адамның әлеуметтенуі екі жақты процесті білдіреді. Бір жағынан, бұл жеке адамға қолданыстағы нормаларды, құндылықтарды, дәстүрлерді, білімді, саяси мінез – құлық пен рөлдердің үлгілерін беруді, екінші жағынан оларды өздерінің құндылық бағдарларына және көзқарастарына айналдыруды қамтиды. Нәтижесінде адамның әлеуметтік - саяси жетілуі және саяси процестерге қатысу мүмкіндігі қалыптасады [91].

Тұлғаның саясатқа саналы және дербес қатысуы оның саяси білімінің, тәжірибесінің, мәдениетінің болуын көздейді. Олар тұлғаның саяси субъект ретінде саяси рөлдер мен функцияларды тиімді орындауға көмектеседі. Бірақ адамдар алдын - ала меңгерген саяси тәжірибе мен мәдениетпен туылмайды, оларды өмір бойы игереді. Ал осы игерушілік саяси әлеуметтену арқылы жүзеге асырылады.

Саяси әлеуметтену - бұл нақты қоғамға тән және саяси рөлдер мен функцияларды тиімді орындауға және сол арқылы қоғамның өзін және саяси жүйені сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін индивидтің, топтың саяси мәдениеттің құндылықтары мен нормаларын меңгеру процесі. Саяси дамудың сабақтастығын және ұрпақтар ауысымы барысында қоғамның сақталуын қамтамасыз етуге қабілетті табысты саяси әлеуметтену тетіктерін құру саяси жүйенің маңызды практикалық міндетін білдіреді. Оны шешу үшін жеке адамның саяси мақсаттар мен құндылықтарды қалай үйлестіретінін және оларды жеке басына біріктіретінін анықтау қажет. Саяси әлеуметтену прогресінің мазмұны белгілі бір қоғамдағы жеке тұлға мен билік қатынастарының сипатына байланысты.

Саяси әлеуметтену тұжырымдамасы 1950 жылдардың соңынан бастап АҚШ - та белсенді түрде әзірлене бастады. Оның пайда болуы батыс қоғамының саяси жүйесінің дәстүрлі институттарының дағдарысынан туындады, олар жаңа ұрпақтардың декларативті демократиялық құндылықтарды өз еркімен қабылдауын қамтамасыз ете алмады. Саяси әлеуметтену дағдарысы биліктің өсіп келе жатқан сыбайлас жемқорлыққа, оның жаңа әлеуметтік топтардың жаңа қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетсіздігіне жеке және жаппай сананың реакциясы болды. Индивидтің жүйеден өсіп келе жатқан саяси иеліктен шығаруының салдары билік институттарына сенімсіздік, саяси абсентеизм және ресми билікке қарсы жаппай әрекеттері болды. Саяси әлеуметтену жүйесі дағдарысының көрінісі 1960 жылдары батыс қоғамының саяси жүйесіне қарсы жастардың жаппай көрініс тапқан ұрпақтар қақтығысы да болды. Содан кейін елге 1970 - ші жылдардағы қара нәсілді және басқа да нәсілдік толқулар таң қалдырды, олар 1980 - ші жылдары соғысқа қарсы, экологиялық тұрғыдан және феминистік қозғалыстармен ауысты. Саяси идеалдар мен құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу тетігіндегі бұзушылықтар саяси институттармен елемеген жаңа мүдделер топтарының пайда болуымен байланысты болды [92].

1960 - шы жылдары Батыс қоғамы жоғары технологияларға байланысты білім беруде, мәдениетте, өмір салтында, халық топтарының құндылықтар жүйесінде өзгерістерге алып келді. Өнеркәсіптік дамыған елдердің көптеген топтарының материалдық қажеттіліктерін өтеу материалдық емес құндылықтар, ең алдымен, жеке тұлғаның еркін өзін - өзі жүзеге асыру мүмкіндігі, өмір сүрудің игілікті ортасы, адамның үйлесімі, ынтымақтастық сияқты бірінші кезекке қойылды. Үстемдік мәдениеттің дәстүрлі материалдық құндылықтарын қабылдамаған субмәдениеттер пайда болды: жеке табыс, әл - ауқат, байлыққа ұмтылу.

«Әлеуметтену» немесе «социализация» термині «адамның әлеуметтік табиғатын дамыту» процесін белгілеу үшін XIX ғасырдың аяғында американдық социолог Franklin Henry Giddings ғылыми айналымға енгізді. Кейіннен әлеуметтендіру жаңа ұрпақтың нақты қоғамда қалыптасқан, олардың әлеуметтік рөлдеріне сәйкес келетін және қоғамның сақталуы мен дамуын қамтамасыз ететін білімді, сенімдерді, нормалар мен қағидаларды сатып алу процесі ретінде қарастырыла бастады. Алайда түрлі ғылыми мектептер мен бағыттар әлеуметтендірудің түрлі механизмдерінің маңыздылығы мен ерекшеліктеріне назар аударды: отбасы, мектеп, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары.

Саяси әлеуметтену тұжырымдамасының қалыптасуы әртүрлі ғылыми мектептер мен бағыттардың ықпалында болды. Саяси әлеуметтенудің қандай да бір моделін таңдау билік пен жеке тұлға қатынастарының белгілі бір схемасын белгілейтін қоғамда үстемдік ететін саяси мәдениет түрімен белгіленеді. Саяси әлеуметтенудің қазіргі тұжырымдамасында осы процестің екі нұсқасы бар. Саяси әлеуметтенудің бірінші нұсқасы «бағыну» моделінен шығады [93].

David Easton жетекшілігімен Чикаго ғалымдары жасаған саяси әлеуметтенудің классикалық теориясы оны адамға саясат саласында орындалуы керек арнайы рөлдерді үйрету процесі ретінде түсіндірді. Бұл теорияны

қолдайтын ғалымдардың көпшілігі, әрине, адамның саяси жүйемен және оның институттарымен өзара әрекеттесуіне назар аударды. Саяси ғылымдағы тағы бір бағыт саяси әлеуметтенуді аккультурация ретінде қарастырады (адамның өзі үшін жаңа құндылықтарды игеруі) осылайша адамның саяси санасы мен мінез - құлқын қалыптастырудың психологиялық тетіктерін алға тартады.

Әлеуметтенудің басқа моделінің авторлары оны тұлғааралық қарым - қатынастың нәтижесі ретінде қарастырады. Бұл модель George Herbert Mead символдық интерактивизм теориясына негізделген, оған сәйкес адам өзінің «өзін» сыртқы әлеммен адамдардың әр түрлі қарым - қатынасы нәтижесінде қалыптастырады. Өзара әрекеттесу процесінде адамдар өздері емес, оларға әсер ететін ынталандыруларға жауап береді. Басқа адамдардың ойларын, қимылдарын, сезімдерін түсіндіру ерекше маңызды. Бұл тәсілді жақтаушылар жеке тұлғаға топтық әсер етудің ықпалына назар аударғаны кездейсоқ емес, бұл жеке тұлғаны әлеуметтендіру үшін әлеуметтік көзқарастардың маңыздылығын анықтауға мүмкіндік берді. Осыған сүйене отырып, олар адамның жетілуін қолданыстағы әлеуметтік жүйемен жайлылыққа жету арқылы анықтады, яғни, адамның жүйенің мақсаттарына ерікті түрде бағынуы.

Саяси мақсаттар мен құндылықтарды қабылдауға күштік әдістермен қол жеткізу мүмкін емес, сондықтан жүйені тұрақтандырудың жаңа әдісі адамдарға саяси мақсаттарды өз еркімен қабылдауға көмектесуге бағытталған. Бұл жүйе индивидтердің биліктің заңдылығы мен оған сенімін арттыруға және қолдауға қабілетті болған жағдайда мүмкін болады. Яғни, саяси жүйе қоғамда үстем мәдениет нормалары мен құндылықтарын қабылдаудың еріктілігіне ұстаным қоя отырып, азаматтарды қолдауға қол жеткізе алады. Жеке тұлғаны жүйеге оң орнату жеке жетілу деңгейін ескеретін әлеуметтендіру агенттерінің ықпалымен қалыптасады [94].

Осылайша, саяси әлеуметтенудің әр тарихи түрі белгілі бір «саяси адамның» идеалына, оның саясатқа қатысу дәрежесіне, белсенділік дәрежесіне, саяси сананың дамуына, саяси партиялармен, топтармен, ұйымдармен сәйкестендірілуіне және т.б. сәйкес келеді.

Саяси әлеуметтену бірқатар маңызды функцияларды орындайды:

1. жеке адам саяси қатысу арқылы қол жеткізуге ұмтылатын және оны түсінгісі келетін саяси мақсаттар мен құндылықтарды анықтайды;
2. саяси мінез - құлықтың қолайлы әдістері, белгілі бір жағдайдағы белгілі бір әрекеттердің орындылығы туралы идеяларды қалыптастырады;
3. жеке адамның қоршаған ортаға және саяси жүйеге қатынасын анықтайды;
4. саяси символизмге белгілі бір қатынасты дамытады;
5. қоршаған әлемді тану қабілетін қалыптастырады;
6. саяси өмірдің «коды» болып табылатын сенімдер мен қатынастарды қалыптастырады [95].

### 1.2.1 Тұлғаның саяси әлеуметтенуі: әлеуметтік орта, медиа және билік институттарының ықпалы

Зерттеушілердің пікірінше, тұлғаның саяси әлеуметтенуіне әсер ететін факторлар:

– Отбасы. Мәдениеттің кез - келген түрінде отбасы жеке тұлғаның әлеуметтенуі жүретін негіз ретінде әрекет етеді. Әдетте, бала ата - анасына, отбасына тән өмір салтын немесе мінез - құлықты таңдайды.

– Теңдіктің қарым - қатынасы, яғни бір жастағы достар, құрбы - құрдастар жеке тұлғаның әлеуметтенуіне де әсер етеді. Әр ұрпақтың өз құқықтары мен міндеттері бар.

– Мектепте оқу. Бұл ресми процесс - оқу пәндерінің белгілі бір шеңбері. Мектептегі ресми оқу жоспарынан басқа, әлеуметтанушылар балаларға арналған «жасырын» оқу жоспары деп атайды: мектеп өмірінің ережелері, мұғалімнің беделі, мұғалімнің балалардың іс - әрекеттеріне реакциясы. Мұның бәрі сақталады және адамның болашақ өмірінде қолданылады. Осыған қоса, орташа және жоғары білім беру орындарын да жатқызуымызға болады. Саяси әлеуметтенудегі де зор ықпалы бар. Себебі, әртүрлі пәндерді оқи отырып, оқушылар саясат әлемімен бірте бірте танысады және саяси көзқарастары қалыптаса бастайды;

– Бұқаралық ақпарат құралдары. Бұл адамдардың мінез - құлқы мен көзқарастарына әсер ететін өте күшті фактор. Газеттер, журналдар, теледидар, хабар тарату және т.б. адамның саяси көзқарастарын қалыптастыруға, саяси ақпарат алуда, әлеуметтенуіне әсер етеді.

– Еңбек. Мәдениеттің барлық түрлерінде еңбек жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды факторы болып табылады.

– Ұйымдар. Жастар бірлестіктері, шіркеу, еркін бірлестіктер, спорт клубтары және т.б. әлеуметтенуде де маңызды рөл атқарады [96]. Осыған қоса, азаматтық қоғам институттары да саяси әлеметтенудегі рөлі жоғары.

Саяси әлеуметтенудің бірнеше модельдері бар. Американдық саясаттанушы R.M.Merelman осындай төрт модельді анықтайды.

– Біріншісі – жүйелі - билікке, құқықтық тәртіпке және дәстүрлі институттарға оң көзқарастың қалыптасуымен сипатталады. Әлеуметтенудің маңызды агенттері - бұл мектеп пен отбасы, сонымен қатар адамның ортасы, оның құрдастары.

– Гегемониялық деп аталатын екінші модель «өзінен» басқа кез - келген әлеуметтік - саяси жүйеге қарсы тұратын жастарды қалыптастырады. Бұл модельдегі жетекші агенттер бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады.

– Плюралистік деп аталатын үшінші модельде әлеуметтенудің мақсаттары азаматтардың өздерінің саяси мүдделері туралы идеяларын қалыптастыру, оларды жүзеге асыруға қатысу ниеті және азаматтық белсенділіктің жоғары деңгейі болып табылады. Нәтижесінде азаматтар белгілі бір саяси топтарға адал болады және саясаттың нәтижелері мен олардың мүдделерін іске асыру

дәрежесіне байланысты оларды еркін өзгерте алады. Агенттер - бұл мектеп, ата - аналар, бұқаралық ақпарат құралдары, партиялар және қызығушылық топтары.

– Төртінші модель – қақтығыстық - белгілі бір топқа адалдықты қалыптастыруға және оны басқа топтарға қарсы күресте қолдауға дайын болу. Топтың мүдделерін білдіретін насихат және үгіт органдары әлеуметтендіру агенттері болып табылады.

Әлеуметтенудің алғашқы моделі англо - американдық мәдениетке көбірек тән. Екіншісі - батыс емес өркениет елдері үшін. Үшіншісі – континенталды - еуропалық мәдениетке тән. Ал, соңғы модель жабық (авторитарлық) саяси жүйелерге тән.

Бір жағынан, саяси әлеуметтену саяси жүйенің талаптары мен нұсқамаларының өзі меңгерген саяси рөлдер мен функциялар, қабылданған құндылықтар мен саяси өмірдің стандарттары түрінде тұлғаның ішкі құрылымына көшу шараларын көрсетеді. Екінші жағынан, ол билік ұсынған саяси мақсаттар мен құндылықтарды таңдап алуға мүмкіндік беретін индивидтің саяси ұстанымдарының қалыптасуын сипаттайды.

Билік пен индивидтің өзара іс-қимылы диалогқа, консенсусқа немесе жанжалға негізделуі мүмкін, бұл қоғамда басым саяси мәдениет түрімен, оның біртектілігімен немесе оның ішінде әртүрлі субмәдениеттің болуымен түсіндіріледі. Мәдени біртектілік дәрежесі тарихи, ұлттық дәстүрлермен, конфессиялық ортамен қатар, экономикалық және әлеуметтік қатынастардың белгілі ықпалында нақты қоғамдардың саяси әлеуметтенуінің неғұрлым тұрақты ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Батыс саясатында саяси құндылықтар мен индивидтерге саяси мінез-құлықтың белгілі бір үлгілерін белгілейтін нормалар негізінде саяси әлеуметтендірудің бірнеше модельдері ерекшеленеді [97].

Саяси әлеуметтенудің үйлесімді моделі индивид пен биліктің сыйластық диалогын қамтамасыз ететін біртұтас мәдени ортаның, кемелденген демократиялық дәстүрлердің және азаматтық қоғамның болуын болжайды. Мұндай жолмен британдық - американдық мәдениетті сипаттауға болады. Билік пен индивид жалпы қабылданған идеалдарға, нормалар мен құндылықтарға бейімді, бұл жаңа ұрпаққа саяси өмірге қиындықсыз енуге мүмкіндік береді. Батыс Еуропа елдерінде саяси әлеуметтенудің плюралистік үлгісі басым. Алайда, конфессиялық - мәдени алуан түрліліктің болуы либералды өркениет құндылықтарымен ұсынылған бірыңғай мәдени «кодтың» болуының арқасында саяси өзара іс - қимылға қатысушылардың консенсусына қол жеткізуге кедергі келтірмейді.

Халықтың көпшілігінің кедейшілігінің жоғары деңгейі, жеке тұлғаның кланның, рудың, тайпалардың жергілікті құндылықтарына қатаң ұсталуы әр түрлі құндылықтар мен билік өкілдері арасындағы келісімге қол жеткізуді қиындатқан. Бұл қоғамдарда саяси зорлық-зомбылық деңгейі жоғары. Индивидтің жергілікті құндылықтар мен саяси өмір нормаларын игеруі осы уақытқа дейін, әдетте, өзге саяси субмәдениеттерді тасымалдаушылармен қатаң күресте орын алып, жүріп жатыр. Батыстық авторлар сондай - ақ адамның

саясатқа енуін болжайтын саяси әлеуметтенудің гегемонистік үлгісін, белгілі бір діни құндылықтарын (мысалы, ислам) немесе саяси идеологияны (мысалы, коммунизм, фашизм немесе либерализм) мойындау есебінен көрсетеді. Саяси әлеуметтенудің бұл түрі басқа құндылықтарды қабылдамайтын жабық саяси жүйелерге тән. Осылайша Кеңес заманында, социалистік жүйе елдерінде және Азия мен Африканың кейбір елдерінде саяси әлеуметтену жүзеге асырылды.

### 1.2.2 Neil Howe мен William Strauss ұрпақтар теориясының саяси әлеуметтенудегі рөлі: тарихи кезеңдер мен ұрпақтардың саяси мәдениетке ықпалы

Сонымен қатар, 1991 жылы Американдық ғалымдар Neil Howe пен William Strauss ұрпақтар теориясын ғылыми тұрғыдан дамытып, сипаттаған болатын. Олар өз теорияларын әртүрлі ғылымдардың білімдерін қолдана отырып негіздеді. Олардың назарын жасқа байланысты қайшылықтармен байланысты емес әйгілі «ұрпақтар қақтығысы» аударды. Мәселен, зерттеушілер пікірінше, белгілі бір жасқа жеткен адамдар осы кезеңге тән жас құндылықтарын игеретін еді. Демек, ата - аналарының жасына жеткен балалар олар сияқты болмайды, олардың өмірге деген көзқарасы басқаша. Neil Howe пен William Strauss пайымдауынша, шамамен 20 - 25 жыл сайын жаңа ұрпақ пайда болады, олардың құндылықтары мен мінез - құлқы олардың алдындағы адамдардан өзгеше. Сонымен қатар, отбасындағы тәрбие жағдайлары, сондай - ақ олармен 11 - 12 жасқа дейін болған макроэкономикалық және саяси оқиғалар әр ұрпақтың құндылықтарына шешуші әсер етеді. Дәл осы құндылықтар адамның өмір бойы мінез – құлық үлгісіне, оның жұмысқа деген көзқарасына, әлемге деген көзқарасына, тұтынушылық мінез - құлқына және т. б. әсер етеді.

Мәселен, Howe-Strauss теориясы ұрпақты қалыптастыратын және анықтайтын тек жас қана емес, сонымен қатар әлеуметтік, саяси, экономикалық, технологиялық оқиғалар мен отбасындағы тәрбиенің әсерінен қалыптасатын адамдардың құндылықтары. Howe-Strauss теориясына сәйкес бірнеше ұрпақты бөліп көрсетуге болады:

Gi ұрпағы (1900 - 1923 ж.т.) бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар сияқты тарихи оқиғалардың куәсі болды, олар 1917 жылғы Ұлы Қазан төңкерісін жасөспірімдер ретінде кездестірді. «Мыңжылдықтар» ұрпағы сияқты, олар ғасырлар тоғысында өмір сүрді, әлемде және елде түбегейлі өзгерістер болды. Бұл ұрпақ әдеттегі әлеуметтік парадигмалар құлдыраған кезде қалыптасты. Құндылықтардың ішінде, бір жағынан, өзіне, оның мүмкіндіктеріне деген сенім, екінші жағынан, өзін жеке тұлға ретінде іздеу басым болды.

«Үнсіз ұрпақ» (1923 - 1943ж.ж.) сталиндік қуғын - сүргіннен, Екінші дүниежүзілік соғыстан, қираған елді қалпына келтіруден аман қалды. Негізгі құндылықтар: адалдық, ережелерді, заңдарды сақтау, лауазым мен мәртебені құрметтеу, ар - намыс, шыдамдылық.

«Беби - бум» ұрпағы (1943 - 1963 ж.ж.) Кеңес Одағының жеңістерінің куәсі болды: ғарышты жаулап алу және КСРО - ның басқа жетістіктер. Сондықтан

олардың негізгі құндылықтары, тіпті қараңғы тоқсаныншы жылдар да әсер етпеді: оптимизм, жеке өсу мен марапаттарға қызығушылық, ұжымдастыру және ұжымдық рух, жастарға табыну.

«Х» буыны (1963 - 1982ж.ж.) «қырғи қабақ соғыстың» жалғасуын, Ауғанстандағы соғысты, қайта құруды, есірткінің таралуын және жаһандану процестерінің басқа да көріністерін бастан өткерді. Олардың негізгі белгілері мен құндылықтары: өзгеруге дайын болу, таңдау мүмкіндігі, техникалық сауаттылық, өмір бойы оқуға деген ұмтылыс, прагматизм, өзіне деген үміт, гендерлік теңдік.

«Ү» ұрпағы (1983 - 2000 ж.ж.) - қазіргі кезде жұмысқа қабілетті жас, КСРО ыдырауынан, терактілер мен әскери қақтығыстардан, цифрлық технологиялардың дамуынан аман қалған соңғы ұрпақ. Олар үшін ұялы телефондар, түрлі гаджеттер мен интернет таныс шындыққа айналды (сондықтан бұл ұрпақтың тағы бір атауы пайда болды – «электронды адамдар»). Бұл топтың құндылықтар жүйесіне азаматтық борыш пен мораль, жауапкершілік сияқты ұғымдар енгізілген, бірақ сонымен бірге дереу сыйақы, ыңғайлы еңбек жағдайларына ұмтылу және жоғары ұтқырлық бірінші орынға шығады. Олар орташа деңгейде немесе тіпті орташа деңгейден төмен байлыққа да өте риза. Олар материалдық құндылықтармен байланысты, көп нәрсені алуға бейім емес. Олар үшін тұрақтылық аға буын сияқты маңызды емес.

«Z (Альфа)» ұрпағы - (2000 - 2020 ж.т.) – осы ұрпақтың ең үлкен өкілдері әлі жасөспірімдер. Егер «У» буынының ең жас өкілдері балабақша кезінен гаджеттермен таныс болса, «Z» буыны - тумасынан. Бұл ұрпақтың құндылықтары туралы айту қиын, олардың қалыптасу кезі елдің ғана емес, сонымен бірге әлемнің дағдарыстық даму кезеңімен, тек саяси ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік аспектіде де тез өзгеріп отыратын кезеңімен сай екенін атап өтуге болады [98]. Осылайша, теорияға сәйкес, ұрпақтар арасындағы құндылықтар жүйесіндегі ерекшеліктерді атап өтуімізге болады. Мұндағы әлемдегі, елдің шеңберіндегі өзгеріске ұшыраған саяси - әлеуметтік үрдістер саяси әлеметтенудегі рөлі жоғары деп бағалауымызға тура келеді.

Мәселен, жеке тұлғаның өтпелі қоғамдардағы саяси өмірге ену үдерісі, мысалы, Ресейде саяси нормалар мен құндылықтардың бытыраңқылығымен сипатталатын ерекше қызығушылық тудырады. КСРО - да 1980 - ші жылға дейін коммунизм және капитализм құндылықтарының белсенді қарама - қарсы болуымен байланысты саяси әлеуметтенудің гегемонистік түрі үстем болды. КОКП саяси мақсаттарын бала кезінен бастап және ересек өмірмен аяқтай отырып, тұлғаның жасырын құрылымына трансляциялау процесін бақылауға мүмкіндік беретін саяси әлеуметтендіру жүйесі құрылды. Әлеуметтендірудің барлық институттары - отбасы, мектепке дейінгі мекемелер, мектептер, жоғары оқу орындары, балалар және жастар ұйымдары, КОКП - саяси тәрбиенің бірыңғай жүйесінің тетігі болып табылады. Алайда, әлеуметтену процесін жаппай бақылау мүмкіндігіне қарамастан, белгілі бір әлеуметтік топтардың саяси субъектінің либералдық құндылықтар негізі болды. Мұндай топтарға

шығармашылық интеллигенцияны, сауда - саттық қызметкерлерін, дипломаттар мен т. б. жатқызуға болады [99].

Саяси әлеуметтенудің тар және кең түсінігін айтуға болады. Тар мағынада - бұл саяси құндылықтарды, сенімдерді, дағдыларды саналы және мақсатты түрде енгізу. Бұл міндетті негізінен ресми және жартылай ресми мекемелер, институттар, ұйымдар шешеді. Олардың мақсаты адамдардың үстемдік ететін әлеуметтік тәртіп пен оның құндылықтарын, әлемнің жалпы бейнесін қабылдау, оның экономикалық, саяси және әскери қажеттіліктеріне бейімделу, баламалы әлеуметтік тәртіптерді қабылдамау үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Кең мағынада - бұл формальды да, бейресми, мақсатты, өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде, тек қана саяси емес, саяси мінез - құлыққа және саяси ұстанымдарға әсер ететін саяси емес оқытуды қоса алғанда, саяси оқытудың барлық жүйесі. Тұтастай алғанда қоғамның әрбір мүшесі әлеуметтену мен есейетін процесінде әлеуметтік - мәдени мән ретінде қалыптасады және ол саяси мәдениетті немесе оның жекелеген компоненттерін сіңіреді және біріктіреді. Осы тұрғыдан алғанда, әрбір жеке алынған адам нақты әлеуметтік қауымдастық жағдайында әлеуметтенетін шамада саяси мәдениеттің иесі болып табылады. Саяси әлеуметтену адамның кемел жасқа жетуіне байланысты аяқталмайды. Бұл, шын мәнінде, бүкіл өмір бойы жалғасатын шексіз процесс.

Бірақ әлеуметтену процесі қоғамның маңызды бөлігі ретінде танылатын ең біріншіден, базистік саяси, құқықтық және этикалық нормалар мен құндылықтар бар қоғамдарда ғана анағұрлым тегіс дамуы мүмкін. Екіншіден, әлеуметтендіру институттары болу қажет және олар тиімді жұмыс істеуі тиіс. Бұл жерде отбасы немесе құрдастары - достары бастапқы институттар, сондай - ақ білім беру мекемелері, әскер және басқа да мемлекеттік институттар түріндегі екінші институттар қызметін атқарады. Әлеуметтендірудің осы екі маңызды факторларының кем дегенде біреуінің болмауы мемлекет пен қоғамның жұмыс істеуіне елеулі қауіп төндіреді, өйткені қалыптасып келе жатқан жастар бастапқыда әлеуметтік - саяси және адамгершілік фрустрацияның аясына түседі, бұл кез келген бейәлеуметтік іс - әрекеттерді жандандыру үшін қауіпті негіз болады. Сонымен қатар, егер екі фактор да жұмыс істемесе, бұл кез келген мемлекеттің одан әрі өмір сүруіне күмән тудырады, себебі мұндай жағдайда азаматтық бірегейлікке жол берілмейді және қызмет етуші саяси, әлеуметтік - экономикалық жүйелерге төзімділіктің сақталуын жоққа шығарады [100].

Өз кезегінде құндылықтар жүйесі жеке және қоғамдық сананың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл жүйенің сапалы айқындылығы адамдардың мінез - құлқының белгілі бір қағидаларын қалыптастыру үшін көрініс тік жағдай жасайды. Әрбір қоғамда базалық құндылықтар біртіндеп, оның тарихи даму процесінде қалыптасады. Нәтижесінде қалыптасқан құндылықтар жүйесі өзі жалпы мәндік сипаттамаларды анықтай отырып, әлеуметтік, экономикалық және саяси процестерге елеулі ықпал ете бастайды. Мұндай жүйе өте тұрақты болып келеді. [101].

Қазақстандағы саяси әлеуметтену бірнеше маңызды факторларға байланысты қалыптасады. Соңғы жылдары саяси жүйедегі өзгерістер мен

реформалар бұл үдерістің дамуына айтарлықтай әсер етті. Әсіресе 2019 жылдан кейінгі президент ауысуы мен 2022 жылғы Конституциялық реформалар халықтың саяси менталитетін өзгертуге бағытталды. Мемлекет «Әділетті Қазақстан» концепциясын алға тартып, қоғамдағы сенімділікті арттыруға және азаматтық белсенділікті күшейтуге баса назар аударуда.

Әлеуметтену процесі қаңтар оқиғаларынан кейін айтарлықтай серпін алды. Осы оқиғадан кейін билік органдары қоғаммен ашық диалог орнатуға және реформалардың әділдік қағидаттарына сай орындалуына басымдық беріп келеді. Бұл жағдай азаматтардың құқықтық санасын нығайтып, саяси белсенділікті арттырды, сондай-ақ құқық қорғау органдарына деген бақылауды күшейтті.
Бұған қоса, мемлекет жастарды әлеуметтендіру саясатына ерекше көңіл бөлуде. Білім беру жүйесі мен жастар бағдарламалары арқылы азаматтық белсенділікке ынталандыру жүріп жатыр. Мысалы, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы халықтың ресурстарға қолжетімділігіне қатысты әлеуметтік әділеттілікті насихаттап, қоғамның әлеуметтік қатысуын арттыруға бағытталған. Бұл үрдістер Қазақстанның болашақта демократиялық құндылықтарға негізделген қоғам құру бағытын нығайтып, азаматтардың саяси процестерге белсенді қатысуына ықпал етпек. Қазақстандағы саяси әлеуметтену институттары – азаматтарды саяси өмірге қатыстырушы маңызды құралдар. Дегенмен, олардың тиімділігі мен қоғамдағы рөліне қатысты бірқатар сындар бар.

### 1.2.3 Саяси әлеуметтену институттарының Қазақстан қоғамындағы қызметі: құрылымдық шектеулер мен сындарлы талдау

**1. Білім беру жүйесі.** Мектептер мен жоғары оқу орындары азаматтық тәрбие беру арқылы жастарды саяси сауаттылыққа үйретеді. Мемлекет жастардың саяси әлеуметтенуіне бағытталған бағдарламаларды қолдауда, мысалы, «Жастар» жылы аясында көптеген жобалар іске қосылды. Білім беру саласында саяси және азаматтық тәрбие жеткіліксіз деңгейде жүзеге асады. Саяси жүйе туралы оқыту көбінесе формалды сипатта қалып, сыни ойлауды дамытуға аз көңіл бөлінеді. Жастардың саяси қатысуына ынталандыру айтарлықтай шектеулі, нәтижесінде олардың азаматтық белсенділігі төмен болып қалады.

**2. Медиа және әлеуметтік желілер.** Әлеуметтік желілердің дамуы халықтың саяси оқиғаларға қатысуын арттырды. Олар ақпарат алмасудың жылдам арнасына айналып, халықтың мәселелерді талқылауға қатысуын жеңілдетеді.
Қазақстанда кейбір жағдайларда ақпараттық ортаға бақылау қойылады, бұл саяси әлеуметтену процесіне кедергі келтіреді. Қаңтар оқиғалары кезінде интернеттің уақытша өшірілуі және ақпараттық шектеулер халықтың наразылығын тудырды

**3. Саяси партиялар және сайлау институттары.** Соңғы реформалар партияларды тіркеу рәсімін жеңілдетті, бұл саяси бәсекелестікті арттырып, саяси алаңды әртараптандыруға ықпал етті

Саяси партиялардың көптігіне қарамастан, олардың арасында шынайы бәсекелестік деңгейі төмен. Ірі партиялар билікте басымдыққа ие болып, жаңа партиялардың дамуына кедергілер туындайды. Бұл жағдай халықтың саяси партияларға сенімін төмендетеді

**4. Отбасы және дәстүрлі институттар.** Отбасы және дәстүрлі институттар азаматтардың құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар арқылы мемлекетке деген көзқарас пен азаматтық жауапкершілік тәрбиеленеді.

Дәстүрлі құндылықтар кейде азаматтардың саяси қатысуына тежеу болуы мүмкін. Мысалы, кейбір әлеуметтік топтар саясатқа қатысуды міндет немесе қажеттілік деп қабылдамайды, бұл демократиялық дамуға кедергі келтіреді

**5. Жергілікті басқару органдары және әкімдер сайлауы.** Ауыл және аудан әкімдерін тікелей сайлау реформасы халықтың жергілікті басқаруға тікелей араласуын қамтамасыз етті. Жергілікті биліктің жұмысында ашықтық пен есеп берушілік мәдениеті әлі де жетілдіруді қажет етеді. Кейбір жағдайларда әкімдердің жұмысы халықтың нақты сұраныстарын қанағаттандырмауы мүмкін, бұл сенім дағдарысына әкеледі.

Қазақстандағы саяси әлеуметтену институттары бірқатар маңызды реформаларға қарамастан, әлі де көптеген мәселелерге тап болып отыр. Саяси жүйенің формалды элементтері нақты қатысумен толыққан жоқ, ал ақпаратқа қолжетімділік пен бәсекелестік мәселелері толық шешілмеген. Саяси мәдениетті дамыту үшін азаматтық білім беруді жақсарту, саяси бәсекелестікті арттыру және жергілікті басқару жүйесінің ашықтығын күшейту маңызды болмақ.

Жаңғырып жатқан қоғам шарттарында, тұрақсыздық, орнықсыздық кезінде құндылықтар жүйесінің қалыптасу үрдісі ішкі және сыртқы қауіптерге тап болады, дәстүрлі құндылықтар мен нормалардың бір бөлігі құнсызданып, қайта анықталады, легитимділіктің қосымша формаларын қажетсінеді, заман талабына сай келетін жаңа құндылықтар мен нормалар қалыптасады [102].

Қазақстандық азамат ретінде қалыптасу барысында, ең алдымен, қоғамдық - саяси жүйенің маңызды құндылықтары мен ұстанымдарын игеруге тиіс. Демек, саяси әлеуметтену процесі тарихи сабақтастықты қамтамасыз етуде және өткенді қазіргі және болашақпен байланыстыруда жүзеге асыру процесі болып табылады, сондықтан ол адамның күнделікті өмірінен бөлінбейді. Осының негізінде қазіргі Қазақстанның жас ұрпағы алдыңғы буынның ұстанымдары мен бағыттарын қабылдай отырып, өздеріне лайықты саяси құндылықтар мен нормаларды таңдайды [103]. Әрине, өздерінің әлеуметтік-саяси артықшылықтарын, қазақстандықтардың қоғамның саяси жүйесіне қатысу тәсілдерін таңдау мүмкіндігі, ең алдымен, олардың субъективті жай-күйіне және саясатта орындалатын рөлдеріне байланысты. Осылайша, саяси әлеуметтену – бұл қазақстандық қоғамға тән құндылықтарды, нормаларды, ұстанымдарды, мінез - құлық үлгілерін оқыту және игеру процесі және саяси құрылымды тұтастай дамыту және байыту.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстандағы әлеуметтену процесі қаңтар оқиғаларынан кейін елеулі өзгерістерге ұшырады, бұл билік органдарының қоғаммен ашық диалог орнату және реформалардың әділдік

қағидаттарына сай жүзеге асырылуына деген ұмтылысын көрсетеді. Азаматтардың құқықтық санасының нығаюы, саяси белсенділіктің артуы және құқық қорғау органдарына бақылаудың күшеюі байқалады. Жастарды әлеуметтендіру саясатына ерекше көңіл бөлінуі, білім беру жүйесі мен жастар бағдарламалары арқылы азаматтық белсенділікті арттыруға бағытталған шаралардың іске асырылуы, қоғамның әлеуметтік қатысуын нығайтуға ықпал етеді. Дегенмен, саяси әлеуметтену институттарының тиімділігі мен рөліне қатысты сындар мен қиындықтар да бар, атап айтқанда, жастардың саяси сауаттылығын арттыру мен саяси қатысуын ынталандырудың жеткіліксіздігі. Әлеуметтік желілердің дамуы халықтың саяси оқиғаларға қатысуын арттырса да, ақпараттық ортаға бақылау мен шектеулер саяси әлеуметтену процесінде кедергілер туғызады. Саяси бәсекелестіктің төмендігі мен халықтың саяси партияларға сенімінің азаюы да маңызды мәселелер болып табылады. Осыған орай, азаматтық білім беруді жақсарту, саяси бәсекелестікті арттыру және жергілікті басқару жүйесінің ашықтығын күшейту саяси мәдениетті дамыту үшін қажет. Заман талабына сай құндылықтар мен нормалардың қалыптасуы, сондай-ақ дәстүрлі құндылықтардың қайта анықталуы, қоғамның тұрақтылығы мен орнықтылығын қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы бүгінгі жағдайды талдай отырып, саяси әлеуметтену институты ретінде, азаматтардың патриоттық сезімін қалыптастырып, азаматтық борышын өтеуде әскер маңызды рөлге ие. Бірақ, мұндағы құндылықтар сабақтастығын жүзеге асыруда өзара мәселелер туындауда. Мәселен, әскерден бас тартып отырған азаматтардың саны артуда. Мысалы, сенат депутаты Бекболат Орынбеков жас қазақстандықтардың әскер қатарында қызмет еткісі келмеу проблемасы туралы мәлімдеген болатын: «Қазір жастардың мерзімді әскери қызмет өткеруге деген ынтасы жоқ. Мысалы, 2021 жылы жергілікті әскери басқару органдарында мерзімді әскери қызметке шақыруға 215 105 адам жатқызылды, оның ішінде Қарулы Күштерге, басқа әскерлер мен әскери құралымдарға – 32 064 адам шақырылды. Қалған 85% - ы, яғни 183 041 жас түрлі себептермен әскерге шақыруды кейінге қалдырды немесе босатылды», - деді депутат. Сонымен қоса, мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде де әскердегі қызмет туралы айтқын болатын: «Көптеген жас азаматымыз Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия. Бұл – Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек.» - деп айтқан. Осыдан, саяси құндылықтарды дәріптеу институты ретінде әскердегі өзара туындап отырған мәселелер бар екенін атап өтуімізге болады.

Одан кейін, адам құқықтарының бұзылуы жөнінде зерттеулер жүргізіп отырған халықаралық ұйым Human Rights Watch мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанда кәсіподақтардың қызметтерінде қауымдастық бостандығы

құқықтарына кепілдіктерді және олардың еңбек құқықтарын толық қорғауды қамтамасыз етуде елеулі шектеуліктер қойылған. Мәселен, қызметкерлер өздерінің ұйымдастыру құқығын жүзеге асыру үшін заңнамалық және құқық қолдану сипатындағы маңызды кедергілерді жеңуге мәжбүр. Заңнамадағы өзгерістер кәсіподақтарға еркін бірігу тәртібін және ұжымдық келіссөздерді жүргізуді қиындатты, сондай - ақ заңсыз ереуілдерге басшылық жасағаны немесе белсенді қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізді. Кәсіподақ жетекшілері мен жұмысшылар белсенділері қысымға, бақылауға және кейде жұмыстан шығаруға ұшырайды. Әрине, кәсіподақтар ең алдымен азаматтық қоғамның институттары болып табылады. Олар жұмыскер мен жұмыс беруші арасында қалыптасқан қажеттіліктерді, одан кейін оны мемлекетке жеткізудің негізгі арнасы қызметін атқарады. Сонымен қатар, құқықтық мемлекет принциптерінің қағидаларын дәріптеуде, яғни азаматтардың жауапкершілігі, құқықтары мен міндеттерін жеткізудің де тетігі болып табылады. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерге сәйкес, бұл институттың да қызметі толықтай өз рөлін атқара алмайтыны өзара қиындықтарды туғызып отыр. Мәселен, жұмысшылар тарапынан ұйымдастырылған ереуілдер, қарама - қайшылықтардың орын алуы, құқықтардың бұзылуы.

Осыған қоса, саяси құндылықтарды қалыптастыру мен дәріптеудің институты ретінде отбасыны да атап өткеніміз жөн. Әрине, қазақстандық қоғамында отбасы құндылықтары азаматтардың арасында өте жоғары маңызға ие. Алайда, соңғы жылдары бұл институтымызда да дағдарыстар байқалуда. [104].

Осылайша, қазақстандық заманауи қоғамындағы саяси әлеуметтену институттарының қызметінде өзара мәселелер анықталуда. Әрине, кешенді түрде осы институттардың өз қызметтерін атқаруындағы шектеуліктер саяси құндылықтардың қалыптасуы, дамуы мен дәріптеуінде біздің қоғамымыздағы едәуір тежегіш мәнге ие.

Сонымен, құндылықтар құрылымы – күрделі ұйымдасқан иерархиялық жүйе. Құндылықтар жүйесі адамның әлеуметтену үрдісі барысында отбасылық тәрбие ерекшеліктері, әлеуметтік қоршаған ортасы және басқа да факторлардың күрделі жиынтығы әсерінен қалыптасады [105]. Әлеуметтік - саяси үрдісінде адам санасындағы құндылықтар жүйесі өзгерістерге шалдығып, қайта құрылымдалады, өмірдің белгілі бір кезеңдерінде қандай да бір құндылықтардың маңызы артады немесе кемиді. Адам басым құндылықтарына қарай іс - әрекеттер жасап, шешім қабылдайды, мақсаттар қойып, оларды жүзеге асыру тәсілдерін таңдайды. Осыған орайғ саяси әлеуметтену институттарының дұрыс қызмет етуінің маңызы зор екендігін атап өткеніміз жөн.

## 1.3 Қазақ халқының дәстүрлі саяси құндылықтарының даму ретроспективасы мен Кеңес Одағында трансформациялану ерекшеліктері

Шығыс пен Батыстың заманауи мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей, мәдени құндылықтың элементтері мен өткен шаққа жүгіну ескіден жаңаға өту үрдісінде жағымды рөл ойнауы мүмкін. Бұл жағдайда қоғамның сапалы жаңа қалпы мен даму мүдделеріне жауап беретін және ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді жаңадан түсіндіруге мүмкіндік беретін әлеуметтік - саяси және мәдени - идеологиялық бағдарлар жүйесінің қалыптасуы міндетті шарт болып табылады. Адамдардың қарым - қатынасын тиімді реттейтін ортақ бір жүйеге дәстүрлер мен жаңашылдықтарды біріктіру – күрделі міндет. Бірақ, дәстүрдің жаңашылдықсыз болашағы жоқ екені, сонымен қатар жаңашылдықтардың дәстүрсіз нәтижелі болмайтыны анық. Осы орайда, ұлттық мәдениеттердің қайта жаңғыртылу үрдісі революциялық серпілістер мен шиеленістерді болдырмайтын трансформация мен модернизация түрінде жүзеге асырылу керек [106].

«Дәстүрлі құндылықтар» белгілі бір философ, моралист немесе жазушыдан емес, дәстүрден шыққан қарапайым құндылықтарды білдіреді. Мысалы, конфуцианшылдық дәстүрлі мәдениет пен құндылықтарды сақтауға үлкен мән беруге бейім. Ол дәстүрлі билік пен халықтық мәдениет ұғымымен байланысты. Бұл ғасырлар бойы салыстырмалы түрде өзгермейтін құбылыс ретінде бекітілетін немесе қабылданатын нақты құндылықтарды білдіреді. Бұл термин сондай - ақ ежелгі немесе дәстүрлі әдет - ғұрыптар мен құндылықтарды «инновация» деп саналатын нәрсеге қарсы сақтау ниетіне қатысты болуы мүмкін. Әмбебап «дәстүрлі құндылықтарды» жасау әрекеттері жалпы қиын немесе тіпті мүмкін емес болып шықты. Себебі кез - келген қоғамның өзіндік қалыптасқан дәстүрлі құндылықтары бар. Жалпы алғанда, әдетте дәстүрлі құндылықтар консерватизмге жақын болады [107].

Дәстүрлер әлеуметтік құрылымның әртүрлі аспектілерін қамтиды, индивидтердің жұрыс - тұрысы, нанымдары мен мәдени көзқарастары, саяси тәртіпті легитимдеу әдістері, саяси және мәдени шындықты қабылдау сипаттамасы, саяси жүйелердің құрылымы. Демек, барлық тарихи, құрылымдық және ұйымдастырушылық өзгерістер барысында сақталған қоғам алдында тұрған мәселелер туындаған жағдайда аса ықпал етуге қабілетті тәжірибені айтуымызға болады [108].

Edward Albert Shils бойынша, «дәстүр» және онымен байланысты басқа да анықтамалар ортақ мәдениеті бар бір қоғам немесе аймақ шеңберінде бірнеше ұрпақтар немесе ұзақ мерзімдегі ұқсас түрдегі мінез - құлық құрылымы және сенімдерді сипаттап, түсіндіру үшін қолданылады. «Дәстүрлі» анықтамасы баяу өзгерістерге ұшыраған біртұтас қоғамдарды белгілеу немесе өткенде орын алған тәжірибелерге сүйене отырып іс - әрекеттерді легитимдеу үрдісіне қатысты қолданылады деп атап көрсетті. Сонымен қатар оның ойынша, қоғамның барлық классификациясы дәстүрлі, дәстүрлі емес немесе заманауи арасындағы айырмашылықтарына негізделген [109].

R Inglehart және Christian Welzel сараптамасының нәтижесіне сай, әлемдегі мәдени аралық өзгерістердің екі негізгі аспектілері бар:

1. Дәстүрлі құндылықтар және секулярлы - рационалды құндылықтар;

2. Өмірді сақтап қалу құндылықтары және өзін-өзі жетілдіру дихотомиясындағы құндылықтар.

Мұндағы дәстүрлі құндылықтар діннің маңызын, ата - аналар мен балалар арасындағы байланыс, беделге деген құрмет және дәстүрлі отбасы құндылықтары жатады. Әдетте, мұндай қоғамдарда ұлттық мақтаныш пен ұлтшылдық көзқарастары жоғары болады.

Секулярлы - рационалды құндылықтар керісінше талаптар қояды. Мұндай қоғамдар дінге, дәстүрлі отбасы құндылықтарына, беделге аз көңіл бөледі.

Өмірді сақтап қалу құндылықтары экономикалық және өмір сүру қауіпсіздігіне мән береді. Бұл өз кезегінде сенімнің және шыдамдылықтың төмен деңгейін тудырады. Өзін - өзі көрсету құндылықтары қоршаған ортаны қорғау, шетел азаматтарына деген шыдамдылық, гендерлік теңдік, сонымен қатар, экономикалық және саяси өмірдегі шешімдерді қабылдауға қатысуына талаптары жоғары болады. Зерттеушілердің пайымдауынша, кедей елдердің халқы, яғни аграрлық сектор өндірістік секторға қарағанда әлдеқайда басым болғанда, көп жағдайда дәстүрлі құндылықтарды ұстанады, ал өндірістік сала дамыған бай елдердің халқы секулярлы - рационалды құндылықтарды ұстануда. Алайда, дәстүрлі құндылықтарын сақтап отырған Қытай, Жапония озық мемелкеттердің қатарында. Демек, дәстүрлі құндылықтар мен заманауи құндылықтардың аралас құралас дамуындағы сәтті болып, бірегей дамудың мүмкіндігін көрсетті. Мемлекеттің тарихи мұраты қазіргі құндылықтар мен ондағы азаматтардың мінез - құлқына қалай болғанда да әсер етеді. Мұндағы өзгерістерге алып келуші фактор ретінде модернизацияны айтуымызға болады. Себебі, модернизация теориясына сай әлеуметтік - экономикалық даму процессі және өндірістік саланы қалыптастыру секулярлы - рационалды дүниетанымға алып келеді. Сонымен қатар, адам басына шаққанда кірістер мұндай мемлекетте төмен болғандықтан, тұрғындары өмірін сақтап қалу құндылықтарына басқа азаматтарға қарағанда басым көңіл аудару тиіс [110].

Соңғы жылдары әлеуметтік - экономикалық даму теориясы саласында екі қарама - қарсы ғылыми ағым пайда болды. Біріншісінің өкілдері мәдениет саласындағы өзгерістердің басты қозғаушы күші ретінде пайда болатын жаңғырту нәтижесінде құндылықтардың конвергенциясына баса назар аударады. Олар дәстүрлі құндылықтардың құлдырауын және олардың қазіргі заманғы құндылықтармен алмастырылуын болжайды. Тағы бір бағыт экономика мен саясаттағы өзгерістерге қарамастан дәстүрлі құндылықтардың тұрақтылығын көрсетеді. Оның өкілдері құндылықтар саласы экономикалық жағдайларға салыстырмалы түрде тәуелсіз деп санайды. Тиісінше, осы ғылыми мектептің жақтаушылары «қазіргі» құндылықтардың белгілі бір жиынтығының кең таралғандығын екіталай деп санайды [111]. Дәстүрлі құндылықтар, әлеуметтік - экономикалық дамудан туындаған мәдени өзгерістерге әсер етудің тәуелсіз факторы болып қала береді. Алайда, мәдениет саласындағы өзгерістер

қоғамның тарихи ерекшеліктеріне байланысты. Дәстүр бойынша, протестанттық, православие, ислам немесе конфуцийшіл елдері өздерінің құндылық жүйелері бар айқын «мәдени аймақтарды» құрайды. Бұл мәдени аймақтар айтарлықтай тұрақтылықпен ерекшеленеді [112]. Ал енді қазақстандық қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың да мән - мазмұнын қарастыруды міндет етіп қойдық.

Қазақ халқының шығу тегі 15 ғасырдан басталады, сол кезде көптеген түркі тайпалары өзбектердің билігінен шыққан. Қазақ территориясы 16 ғасырдың аяғында бүкіл қазіргі Қазақстанды, Батыс Сібірдің бір бөлігін және қазіргі Өзбекстанның кейбір солтүстік бөліктерін алып жатқан. Қазақ хандығы құрылғанынан бастап билік әкеден ініге немесе немере бауырға өте бастады. Ал оған дейін моңғолдық дәстүр бойынша тақ әкеден балаға ғана тиесілі еді. Осындай өзгеріске түскен дәстүрдің біріне - жаңа әкімшілік басқару жүйесін, оның жаңаша атауын да жатқызамыз. XIII ғасырдан бері Жошы ұлысында оң қанат, сол қанат және орта деген атаулармен әкімшілік жүйесінің таралғаны белгілі. Кейінірек бұның «ұлыс» деп аталғандығын білеміз. Ал қазақ хандығы кезінде тақ мұралану тәртібінің өзгергендігі секілді, әкімшілік жүйенің атауы да өзгерді [113].

Сонымен қатар қазақ қоғамында билер институтының рөлі де жоғары болғанын атап өткеніміз жөн. «Дала конституциясы» ретінде билер институтының қоғамдық - әлеуметтік рөлін айқындауда аса құнды жанама дерек ретінде болып табылатын «Жеті жарғының», «хандар мен сұлтандар, ақсақалдар мен рубасылар күздігүні даланың орта кіндігіне жиналып, халық мәселелерін талқылауы тиіс» дейтін арнайы бабына сәйкес XVIII ғ. қарай жыл сайын көктем мен күзде Сайрам маңындағы Мөртөбеде де халық мәслихаты өтіп отырған. Мәселе талқылауы біріншіден, өкілеттік билік туралы (халық өкілдерінің жиналысы түрінде), екіншіден, бұл өкілеттік биліктің хан, сұлтан немесе рубасы, билердің жеке басы мәселелері емес, «халық мәселелерін» талқылауы туралы, үшіншіден, мұндай халық мәслихаты - құрылтайдан хан сайлау мәселесі де тыс қалмағандықтан, іс жүзінде сайлау туралы сөз қозғалды. Демек, мұндай ерекшеліктерді көшпелі қоғам талаптарына сәйкестендірілген саяси жүйе [114].

Билік ұрпақтан - ұрпаққа берілді, жеке мінез - құлқының орнына өзара әрекет ету басым болды, қазақ қоғамының көшпелі мәдениеті мен өмір сүру стилі ерекше болды. Ойлау санасы жоғары икемділік, үлкендерге және қоршаған ортаға деген құрмет дәрежесімен ерекшеленді [115]. Мысалы, XIX ғасырдың ұлы қазақ ағартушысы Ш.Уәлиханов қазақтардың әдеттегі құқығының демократиялық бастауларын атап өтті - олардың жариялылығы, рулық ынтымақтастық, сот процесінің жарыспалылығы, оған тараптар өкілдерінің қатысуы, сонымен қатар, қоғамдық пікір күшін пайдалану, бас бостандығынан айыру, түрмеге қамау сияқты репрессивті шаралардың болмауы [34, 65].

Қазақ хандығы және қазақ жүздерінде XVIII ғасырға дейін хандар және сұлтандар «ақ сүйек» санатының өкілдері ретінде қазақтардың қоғамдық - саяси өмірінде жоғары деңгейдегі лауазымға ие болған. Қазақстандағы қалыптасқан саяси дәстүрлерге сәйкес хан лауазымына ие болуы мен сайлануға тек «ақ сүйек»

өкілі ғана құқылы болды. Сұлтан атануға тек Шыңғыс хан өкілдері ғана құқылы болды. Бірақ XIX ғасырдың I жартысында «ақ сүйек» арасындағы осындай біртектілік болған жоқ [116]. Рулық - тайпалық бірлестіктердің ең беделді өкілдері хан тағына үміткерлер арасында ең лайықты таңдау үшін арнайы жиналды. Қазақ хандарының билігі даланың беделі оны ақ киімде өз басынан жоғары көтерген соң ғана заңды болды. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша хан сайлау күні мен орнын алдын ала жариялады. Бірақ мұндай ханның билігі өте шектеулі болды. Ол рулық - асыл тұқымды ақсүйектермен және оны таңдаған ең жақын ата - анасымен саналуы тиіс еді. Хан тек қана Шыңғыс ұрпақтарынан шыққан «төре» санатына (ақ сүйек) тиесілі тұлға бола алады. Хан сайланып, Шыңғыс тайпаларына өзіндік «әулет» құқықтары бекітілді [117].

Белгілі тарихшы, профессор С. Зиманов атап өткендей, қазақ қоғамы қыпшақтардың ұлы даласының ерекшеліктері мен демократиялық құндылықтарын неғұрлым жоғары дәрежеде қалыптастырып, «дала демократиясы» деп атауға болады. Қоғамдық және саяси өмірде мойындалған мінез - құлық ережелері мен сот билігінің үстемдігін мойындау ерекшелігі болды. Ол қылмыстық қудалауды, бас бостандығынан айыруды, түрмелерді және жеке басын қорлайтын қаулыларды білмеген [118].

Қазақ хандары жанында билердің кеңесі болды, ол маңызды мемлекеттік мәселелерді шешуде елеулі әсер еткен өкілді орган рөлін атқарды. Әдетте, оған ең беделді қазақ билері кірді. Ең беделді қазақ билерінің сөзі қазақ билеушілері үшін өте құнды болды. Билер тағайындалмаған, олар халық ортасынан ең үздіктері таңдалған. Ең бастысы, олар өз қызметінде басшылыққа алғандықтан, бұл ар - ождан және абырой. Олардың қызметін бақылауды қоғамдық пікір жүзеге асырды.

Мәслихат немесе құрылтай - бұл қазақ хандығында жоғары заң шығарушы билік жүзеге асырылған сұлтандар мен қауым өкілдерінің съезі. Ол жылына бір рет жиналып, ішкі және сыртқы сипаттағы маңызды мемлекеттік мәселелерді шешті, олар: бейбітшілік, соғыс жариялау, жайылымдарды рулар, ұлыстар, жүздер арасында қайта бөлу, көшпелі мекендерді анықтау. Бұл жерде меритократия принципі негізінде хандарды таңдап, ығыстырды.

Қазақ тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі, яғни көне заманнан бері оның аумағында ішкі консервативті көшпенділер өркениетінің дамуы, бұл оның әрбір келесі даму кезеңіне әсерін тигізді. Сол кезеңдегі қазіргі таңға дейін жеткен құндылықтардың бірі, жүздерге бөліну [119]. Бұл жөнінде де жүздердің қалыптасуы жөнінде ортақ пікір жоқ. Алайда, ең кең таралғаны, территориялық ерекшеліктерге байланысты. Жүздерге бөлу халық пайдаланатын үш географиялық және климаттық аймақты белгіледі: негізінен Үлкен Орда қазақтары бақылайтын оңтүстік өңір, Орта орда мекендейтін дәстүрлі орта болған орталық, солтүстік және шығыс аудандары, Кіші Орда көшпенділері пайдаланатын батыс облыстары. Сонымен қатар бұл бөлініс Қазақ хандығының әлеуметтік ұйымының негізгі нормасын, әр Орданың ішіндегі асыл тұқымды топтар қатаң қадағалайтын үлкендік принципін көрсетті. Осылайша, дәстүрлі түрде, «Ұлы жүз, үлкен ағасы сияқты, басқаруға заңды құқығы бар», «Орта жүз,

саны жағынан ең көп және ең жоғары білімді адам ретінде, сондай - ақ билікті талап етуге құқылы», «Кіші жүз, кіші ағасы сияқты, саны жағынан ең кіші және билікті талап етуге құқығы жоқ» [120].

Алайда, бұл саяси құрылым және оның билік институттарымен басқару нысаны ресейлік протекторатпен жойылды. 1718 жылға қарай Ресей империясы қазақ территорияларында бірқатар бекіністер құрды. 1731 жылы Қазақ ханы (көсем) орыстарға адал болуға ант берді, ал 1740 жылға қарай барлық қазақ хандары Ресейге адал болуға ант берді. Сондықтан кеңес тарихшылары 1731 жыл қазақ және орыс халықтарының «ерікті бірлестігінің» басталғанын айтады, ал қазіргі қазақ ұлтшыл тарихшылары бұл одақ тек уақытша, стратегиялық жауап ретінде ойластырылған деп санайды. 1822 жылы Орта жүзде, 1824 жылы Кіші жүзде, 1845 жылы Бөкей Ордасында хан билігі жойылды және оны жою туралы бірқатар заңнамалық актілер қабылданды [121]. Қазақ хандығы Ресей империясының бодандығын қабылдауға мәжбүр болды. Жоғары деңгейдегі әлеуметтік топтың қатарында сұлтандар мен хандарға қарама - қарсылықта орналасқан, яғни көшпенділер қауымының арасынан шыққан - билер болды. Сол уақытта Қазақ хандығында билер аса жоғары биліктік жағдайға иеленді. Оларға ерекше құқықтық және экономикалық артықшылықтар мен құзырет берілді [122].

Алайда, хандық билікті жою және басқарудың жаңа жүйесін енгізу қазақ жерін түпкілікті отарлау мақсатында жүзеге асырылды. Кіші және Орта жүз қазақтарының саяси дербестігін жоюмен бірге шұрайлы жерлерін баса көктеп басып алу және де оған орыс казактарын жаппай орналастыру жүргізілді. Ресей империясы тарапынан Қазақ жерінде бұдан кейінгі жүргізген реформалар барысы «қазақ - қырғыз даласының Ресейдің басқа бөліктерімен бірігуіне» қол жеткізу мақсатын ұстанды [123].

18 ғасырдың аяғында Ресей қазақтың қарсылығына және мерзімді көтерілістерге қарамастан қазақ территорияларын тікелей басқаруды орната бастады. Ресей аймақтың өміріне белсенді қатыса бастаған кезде, орыс және этникалық неміс колонизаторларының ағымы аймаққа қоныстанды, нәтижесінде қазақтар өз жерінде азшылыққа айналды. 1916 жылы патша үкіметі Бірінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан орыстардың орнына Ресей армиясына 300 000-ға жуық қазақ жастарын жұмылдыруға тырысты. Қазақ халқы арасында Ресейге қарсы көңіл-күй күшейе түсті [124]. Сондықтан 1917 жылы Ресейдің ірі қалаларын большевиктер басып алғаннан кейінгі азаматтық соғыс кезінде қазақ ұлтшылдары Ресейден толық автономия талап етіп, Қазақ ұлттық үкіметі — Алаш Орда құрды.

1920 жылдары Кеңес өкіметі ірі иеліктерді жойды, мәжбүрлі ұжымдастыруды жүргізді және Қазақстандағы дәстүрлі билік көздерін жойды. американдық зерттеуші Martha Brill Olcott айтуынша: «нәтижесінде апат пайда болды, геноцид. Кем дегенде, 1929-33 жылдары 4 миллион қазақ қаза тапты және малдың бестен төрт бөлігі сойылып, аштыққа ұшырады. Сондай-ақ, астық өнімділігі ұжымдастыруға дейінгі деңгейдің жартысына дейін төмендеді, бұл

1930 жылдары жалғасқан аштықты қамтамасыз етті. Осы кезеңде соңғы көшпенділер аштықтан қайтыс болды немесе Қытайға қашып кетті [125].

### 1.3.1 XX ғ. қазақ қоғамында қалыптасқан реформашыл либерал-демократтық бағытындағы саяси құндылықтар

XX ғасырдың басында қазақ қоғамында қалыптасқан келесі бағытқа реформашыл либерал - демократтық сипаттағы тұлғалар жатады және олар Алаш ұлттық қозғалысын дүниеге әкелді (А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М.Дулатов, Ж. Аймауытов т.б.). Алдымен олар большевизм ұсынған таптық принципті бекерге шығарды және «қазақта тап жоқ» деді. Алаш қозғалысы ұсынған қазақ әлеуметтік мәдениетін реформалау жобалары тоталитарлық мәдениетте жүзеге аспай қалғаны белгілі. Еуразиялық алып кеңістікте кейіннен Ресей империясының орнына Кеңестер Одағы келді. Бірақ бұл кезеңде осы территориядағы түркі тілдес халықтар отаршылдық пен тоталитаризмнің бұғауын бастан кешіріп, ұлттық дәстүрлі мәдениетінен айрылудың аз - ақ алдында қалды. Қазақ халқының кейінгі тарихи санасының дамуы индустриалдық және постиндустриалдық қоғамдарға енумен сипатталатын модерндеу және жаһандану құбылыстарының салдарынан елеулі өзгерістерге ұшырады [105, 78] .

«Алаш» бағдарламасының жобасы әлеуметтік - саяси және экономикалық шындықты негізге ала отырып, Қазақ жері дамуының оңтайлы нұсқасын анықтауға талпыныс болды және демократиялық сипатқа ие болды. Оның қоғамдық - саяси көзқарастарына түрлі факторлар әсер етті. Ең алдымен, бұл қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениеті болды, әлеуметтік - экономикалық өзгерістер ресейлік идеология элементтерінің енуімен байланысты болды. Алайда, саяси қозғалыстарды құру, Кеңес билігіне қарсылық көрсетудің барлық әрекеттері басылып отырды. [126].

Қазақ хандығының протекторатқа өз еркімен енуі туралы шарттардың Ресей империясы тарапынан өрескел түрде бұзылып отырғанына көзін жеткізген дәйекті мәліметтерді ашқаннан соң Әлихан Бөкейхан туған халқына байырғы жерлерінің қайтарылуына ымырасыз күрескерлігін бастады. 1895-1917 жылдары «Алаш» идеясына алдыңғы қатарлы ұлт зиялыларын топтастыра отырып, барша қажырлы күш - жігерін осынау елдік күреске бағыттады [123, 45].

Әлихан Бөкейханов қазақ ауылындағы әлеуметтік жіктелісті, бай мен кедей арасындағы өткел бермес шыңырауды нұсқап тұрған. Сайлау кезіндегі арамдық пен адалдық, берекесіздік пен бірлік, адасу мен тап басу, олардың еңкейген кәрі, еңбектеген бала тағдырына, қара бұқара тыныс - тіршілігіне қандай кесапат пен шарапат тигізетіні туралы жұрттың сүйген жүректің толғаулы ойлары, толымды тұжырымдары айызынды қандырады. Әлсіздің көз жасы төгіліп, береке - бірлік кетіп, әке баладан, аға іниден айрылған, жерінен жырылып, байлығы тоналған, жылаған қазақтың қалт - құлт күйіне түскені Әлихан Бөкейханов үшін ауыр болады. Қазақ қауымының өз ішіндегі жерге иелену, отырықшы болу, егіншілікпен айналысу, бала оқыту, мұсылмандықты сақтау, еуропалық дәстүрге

бет бұру, билікке халық қамын жейтін білікті адамдарды сайлау, ауызбірлікті сақтау, ұрлықты тыю, алым - салық төлеуді бір ізге түсіру, мектеп ашу, медресе салу, газет шығару сияқты көкейкесті мәселелерді саралаған мақалаларымен қоса, Әлихан Бөкейханов қаламынан халықаралық жағдайға, басқа мемлекеттер өміріне, дүниежүзілік соғысқа, Ресейдегі ерекше маңызды саяси - әлеуметтік қозғалыстарға, партияларға, жиындарға, құрылтайларға, съездерге арналған еңбектер туды [127] .

Адам, оның құқықтары мен бостандықтары туралы озық идеялар ұлттық негіздерде де әзірленбей қойған жоқ. Қазақстанның ұлы ойшылдары да осы ізгі идеялардың туындыгерлері немесе білдірушілері болды. Бұл идеялар олардың шығармаларында, сондай - ақ көптеген құжаттарда, соның ішінде, әсіресе 1917ж. қарашада жарияланған «Алаш партиясының бағдарламасында» айқын көрініс берді. Баяндамада көрнекті ойшылдардың Қазақстанның даму жолына қатысты саяси, құқықтық, экономикалық және адамгершілік - философиялық пайымдары баяндалды, адамның мәртебесі, оның құқықтары, бостандықтары мен міндеттері жөніндегі проблемалар олардың басты назарында болды. Бағдарламада «барлық халықтардың сот алдындағы құқықтары тең» деп және тағы басқа идеялар жазылды. Осы құжатты талдау онда ұлтына, нанымына және басқа белгілеріне қарамастан барлық адамдардың теңдігі, яғни жалпыадамзаттық теңдік идеясы жарияланды деп санауға мүмкіндік береді. «Алаш» партиясының бағдарламасында жеке басқа қол сұқпау, сөз, баспасөз бен одақтар бостандығы қағидаттары ұсынылып, білім алу, жер иелену, өз тілінде сөйлеу құқықтары, демек адам қасиеттерінің ашылуына және жеке басының қорғалуына қажетті құқықтар мен бостандықтар жария етілді [128].

«Алаш» партиясының бағдарламалық жобасы 10 бөлімнен, «Мемлекет қалпы», «Жергілікті бостандық», «Негізгі құқық», «Дін ісі», «Билік һәм сот», «Ел қорғау», «Салық», «Жұмысшылар», «Ғылым - білім үйрену», «Жер мәселесі» деп құралған.

Бағдарламаның жобасына сәйкес, Ресей демократиялық, федеративті республика болу қажет. Үкімет басында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер учредительное собрание мен мемлекеттік дума алдында жауапты болу керек. Депутаттар тең, төте сайлау арқылы сайланады. Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек, әйел демей адам баласы тең болу. Жыйылыс жасауға, қауым ашуға - жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға - еркіншілік; заңсыз жолмен ешкімді үкімет адамдары ұстамаушылық, сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмаушылық «Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етерге көңілді адамдар болуы қажет. Земстволардың управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады [129].

Қалай болғанда да, Алашорданың игілікті ісі өте қайғылы аяқталды. Қазақтың оқыған жас өкілдерінің осынау ыстық жігері, ұлттық рухы сол кезде қалыптасқан жағдайлардың себебімен өмірде іс жүзіне аса алмады. Сөйтіп, 1917

жылдан 1920 жылға дейін қазақтың ұлттық рухы ауыр езгінің астына түсті. Қазақстан КСРО - ның құрамына енді. Ол қазақ руханиятының дамуындағы қасіретті жаңа бір бұрылыс болды. Адамзат тарихында бұрын болып көрмеген идеологиялық құрылғы ұлттың рухани тіректерін құл - талқан қылып қиратты, оның руханиятын ортақ бір қалыпқа салып шегендеді [130].

Алаш Орда қозғалысының белсенді мүшелерінің бірі Міржақып Дулатов болды. Бұл қозғалыс Ресей империясы құрамында қазақ халқының автономиясын алуды, ұлттық тілді, мәдениетті және дәстүрлерді сақтауды мақсат етті. Ол қазақ халқының құқықтарын қорғауды, өзін-өзі басқаруға қол жеткізуді көздеді және осы мақсатта ұйымдастырылған саяси әрекеттерге белсене қатысты. 1909 жылы оның «Оян, Қазақ!» атты өлеңдер жинағы жарық көрді:

*«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,*
*Өткізбей қараңғыда бекер жасты.*
*Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,*
*Қарағым, енді жату жарамас-ты» - деп жазған болатын.*

«Оян, Қазақ!» өлеңі патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күреске шақыруды көздейді. Міржақып Дулатов сол кездегі қазақ халқының ауыр жағдайын түсінгендіктен, оларға оянуға, өз жерін, тілін, мәдениетін сақтауға шақырады. Ол халықты надандық пен немқұрайлықтан оятуды мақсат етеді, өйткені бұл ұлт болашағына қауіп төндіретін факторлар ретінде қарастырылады. Ақын әрбір жолда қазақ халқының бейқамдыққа салынбауы керектігін айтып, оларды өздерінің ар-намысын, ұлттық құндылықтарын қадірлеуге үндейді. Бұл жерде «оян» сөзі бейқам жатқан халықты белсенді әрекетке, күреске шақырудың символы ретінде көрініс табады. Міржақып «Қазақ» газеті секілді басылымдарда қазақ жерінің, тілі мен мәдениетінің отаршылдық саясат салдарынан құлдырағанын көрсететін өзге де мақалалар жариялады. Міржақып білімнің маңыздылығын атап көрсетіп, қазақ халқын сауат ашуға, білімге ұмтылуға шақырады. Ол надандықтың ұлт болашағына зиян екенін айтып, ұрпақтар арасындағы ұлттық құндылықтарды ұрпақтарға жеткізуді алға қояды. Ол Ресей империясының білім беру жүйесін қатаң сынға алды. Отаршылдық мектептер арқылы қазақ жастарының орыстандырылуы ұлттық болмысқа үлкен қауіп екенін ескертті. Қазақ тілі мен дәстүрлерін сақтау қажеттілігін алдыңғы қатарға қойып, ұлттық мектептер ашу идеясын көтерді. Өлеңде жер мәселесі де айқын көрінеді. Міржақып қазақ жерінің Ресейден келген қоныстанушыларға тартып алынғанын және бұл қазақ халқының кедейленуіне әкелгенін ашық жазды. Сонымен қатар, ислам дінін және қазақтардың дәстүрлі рухани жүйесін қорғауға тырысып, православие дінін күштеп енгізу әрекеттеріне қарсы шықты. Өз шығармаларында қазақтардың ұлттық тілі мен мәдениетін ұмытып, орыс мәдениетіне еліктеуін сынаған болатын. Өйткені, оның пікірінше, тіл мен дәстүр — ұлттық күрестің негізгі тірегі. Дулатов қазақ халқын өз жерін, табиғи ресурстарын қорғауға үндейді, себебі жер – халықтың тіршілігі мен болашағының негізгі кепілі. Міржақып Дулатов «Оян, Қазақ!» өлеңінде халықты бірлікке, ынтымаққа шақырады. Ұлттың бірлігі мен ынтымағы оның күші мен

қуатын арттыратын негізгі факторлар екенін атап өтеді. Ол 1928 жылы тұтқындалып, кейінірек ату жазасына кесілді.

Сонымен қатар, қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, және ұлт-азаттық қозғалысының рухани көшбасшыларының бірі Мағжан Жұмабаев болды. Ол өзінің шығармаларында қазақ халқының отаршылдық жағдайын өлеңдерінде мен шығармаларында көрсетіп, ұлттық сананы оятуға ұмтылды. Мағжан Жұмабаев – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің рухани оянуына ықпал еткен ұлы ақын және ойшыл. Ол түркі халықтарының ортақ тарихи тамырын, мәдени құндылықтарын, бірлігін жырлап, олардың болашағының бірлікте екенін терең түсінген тұлға. Оның шығармашылығында түркі халықтарының рухани, мәдени және саяси бірігу идеясы айрықша орын алады.

Оның еңбектерінде Түркістан тек географиялық мекен ғана емес, сонымен қатар түркілердің тарихи және мәдени бірлігінің символы ретінде көрініс табады. Мағжан Түркістанды түркі халықтарының киелі мекені әрі рухани орталығы ретінде сипаттай отырып, оның тарихи ұлылығын және мәдениет қалыптастырудағы рөлін мадақтайды. Ақынның «Түркістан — екі дүние есігі ғой, Түркістан — ер түріктің бесігі ғой» деген сөздері түркі халықтарының ортақ тарихы мен тағдырына назар аударады. Ол «бірлік бар жерде – тірлік бар» қағидасын ұстана отырып, түркі халықтарының бірігуі арқылы ғана отаршылдық езгіден құтылуға болатынын түсінеді. Мағжанның шығармалары түркі әлемінің ортақ рухани құндылықтарын дәріптеп, оның тарихи күшін жаңғыртуға шақырады. Сонымен қатар, ол Шыңғыс хан, Әмір Темір секілді тарихи тұлғаларды жырлай отырып, түркілердің ұлы өркениетін қайта жаңғыртуды мақсат етеді. Мағжан Жұмабаевтың пантүркизм идеялары түркі халықтарының ортақ тіл, мәдениет, дін арқылы бірігуін армандап, отаршылдық езгіден босап, біртұтас түркі әлемін құруға шақырған үндеу ретінде қабылданады. Оның ұлттық рухты ояту, білім мен ағартушылық арқылы халықты біріктіру идеясы, әсіресе жастарға арналған үндеулері, бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпай, түркі халықтарының мәдени оянуы мен саяси ынтымақтастығын нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Тұрар Рысқұлов – Түрікатком тарихында жергілікті халықтың тұңғыш өкілі ретінде төраға қызметін атқарған тұлға, оның саяси қызметі Түркістан Республикасының саяси-мемлекеттік егемендігі жолындағы күреске бағытталған. 1920 жылдың 19 шілдесіне дейін Түрікатком төрағасы болып қызмет еткен Рысқұлов, Түркістанды түрік тілдес халықтардың ұлттық мемлекетіне айналдыру, сондай-ақ республика егемендігін қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін жұмсады. Оның саяси стратегиясы, экономикалық, дипломатиялық, әскери және мәдени мәселелер бойынша дербестік құқықтарына қол жеткізуге бағытталған. Рысқұлов Түріккомиссиямен, Түркістан майданы Революциялық-әскери кеңесімен және РК(б)П ОК-мен күрес жүргізіп, 1920 жылы Мәскеуде В.И. Ленинмен ұлттық саясат мәселесіне қатысты қызу пікірталастарға қатысады. Бұл саяси тартыстар нәтижесінде ол қуғын-сүргінге ұшырап, Мұсылман бюросының басқа да қайраткерлерімен бірге қысымға қарсы тұрады. Рысқұловтың қызметі тек саяси күреспен шектелмей, ол түркі-мұсылман

қайраткерлеріне, әсіресе жастарға қолдау көрсету арқылы Түркістанның болашақтағы саяси тәуелсіздігінің негізін қалауға ықпал етті. Оның жетекшілігімен көптеген талантты жастар білім алып, тұлға ретінде қалыптасып, Түркістанның қоғамдық-мәдени өміріне белсенді қатысуға мүмкіндік алды.
Т. Рысқұлов – қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын, 1918–1919 және 1931–1933 жылдардағы ашаршылық кезеңдерінде халықты құтқару үшін ерен еңбек сіңірген көрнекті тұлға. Ол Тұтас Түркістан идеясын жүзеге асыру жолында батыл әрі практикалық қадамдар жасап, түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысында маңызды рөл атқарды. Т. Рысқұловтың есімі Тұтас Түркістан идеясының символы ретінде қарастырылады, себебі ол отарлық саясатқа қарсы шығып, Түркістанда армян-дашнактар мен Жетісудағы орыс-казактарды ауыздықтап, орыс шовинизміне қарсы мұсылман коммунистерін ұйымдастыруда айрықша қабілетімен ерекшеленді. Сонымен қатар, Т. Рысқұлов – ірі ғалым, ол «Түркістандағы РК(б)П Мұсбюросы», «Жетісу мәселелері», «Ленин және Шығыс халықтары» сынды 20-дан астам кітап пен 200-ден аса ғылыми еңбектің авторы. Оның зерттеулері түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының тарихын тереңінен түсінуге мүмкіндік береді. Алайда, Т.Рысқұловтың Қазақстан тарихына арналған маңызды еңбегі тұтқындалған кезде ІІХК қызметкерлері тарапынан тәркіленіп, бүгінгі күнге дейін табылмай келеді, бұл оның ғылыми мұрасының зерттелуіне кедергі келтіріп отыр. Осылайша, қазақ зиялыларымыздың шығармашылық еңбектерімен қатар, ұлт азаттық күрес, халықтың жағдайын жақсартудағы жұмыстар, отаршыл саясатқа қарсы күрес жүргізуде еңбектері зор.

Осылайша, шамамен екі ғасырға жуық мерзімде қалыптасқан басқару жүйесінде жергілікті халықтың билікке тартылуы мемлекеттік аппараттың ең төменгі буыны болыстық басқарумен шектелді. Бұл қазақ елін саяси биліктен алыстату ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамын іштей ірітуге жасалған қадам да болды. Өйткені бұл жүйе, мемлекеттік басқарудан аласталған халық санасында өзін - өзі басқару туралы сенімді біржола жойып, басқару аппараты, оның негізгі иесі ұлыдержавалық ұлттың билеуші топтары алдында құлдық сана қалыптастыруға тиіс болатын. Отаршыл басқару жүйесі жағдайында өмір сүріп, өз ұлттық мемлекеттік жүйесін нығайту мүмкіншілігінен айырылған қазақ елі, өз ұлттық мүддесін қорғау, өз ұлттық ерекшеліктерін сақтау қабілетінен айырылған [131].

Сонымен бірге, «кулактар» Қазақстанға жер аударылды (шағын фермаларға иелік еткен және ұжымдастыру нәтижесінде күштеп қоныс аударған ресейлік және украиндық шаруалар, сондықтан кеңес өкіметіне қарсы болды). 1920 жылдардың аяғында Сталин Кеңес мемлекетін бақылауға алғаннан кейін көп ұзамай ол славян басшылығы мен жергілікті түркі халқы арасындағы алшақтықты арттыра отырып, Лениндi қолдаған көптеген қазақ басшылары мен зиялыларын өлтірді [132]. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Сталин Ресейдің өнеркәсіптік орталықтарын соғыс майданынан алшақтатауға тырысты және осылайша орыстардың Орталық Азия республикаларына индустриялануы мен көші-қонын жеделдетті. 1944 жылы әр түрлі депортацияланған қазақтар

Қазақстан аумағына қоныс аударды, ал 1950 жылдары этникалық орыстар мен украиндардың тағы бір толқыны Қазақстанның алты Солтүстік облысына қоныс аударды. Дінмұхамед Қонаев, қазақ, 1980 жылдардың басында Брежневтің қайтыс болуымен аяқталатын кезеңнің көп бөлігінде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды. Дінмұхамед Қонаев әкімшілігі кезінде қазақтар біртіндеп Қазақстандағы барлық жауапты мемлекеттік және партиялық лауазымдардың үштен екісін бақылауға ала бастады [133].

Әрине, Кеңес Одағы халықтың тұрмысына, санасына, мәдениетіне, сондай - ақ құндылықтарына күшті әсер етті. 1989 жылы және 1994 жылы Ю.Леваданың басшылығымен бүкілресейлік қоғамдық пікірді зерттеу орталығы жүргізген «кеңес адамы» социологиялық зерттеу нәтижелері растайды. Осылайша, 1994 жылы сұралғандардың жартысынан астамы (20% «толық», 34% «келісетіндер») Кеңес өкіметінің 70 жылы ішінде «біздің адамдар басқа болды» деп келісті. Халықтың басым бөлігі өзін – өзі «кеңес адамдары» деген мақтанышпен қабылдап, неғұрлым ұжымшылдық құндылықтарын дәріптеуге тырысқан. Жаңа адамды құру үшін өз әрекеттерінде Кеңес билігі қоғамның барлық салаларын бақылауға сүйенеді. Олардың күнделікті әдеттер мен адамдардың мәдениетін ғана емес, сонымен қатар олардың ойлау бейнесі мен адами қасиеттерін өзгертуге ұмтылысы. Юрий Леваданың пікірінше, дәстүрлі - кеңестік адам өзінің саяси тәрбиешілерімен адал және сенімді билік ретінде сипатталды, өзінің жағдайына риза және жарқын болашаққа сенімді [134]. Бұл да өз кезегінде кеңес билігі саясатының бір бөлігі.

Қоғамдық санадан бірнеше онжылдықтар бойы қалыптасқан «социалистік синдромын» немесе стереотипті ығыстыру үшін бұрынғы социалистік, қазіргі постсоциалистік қоғамның бірнеше ұрпағын ауыстыру қажет болады. Әлеуметтік жүйе тек саяси - құқықтық институттарды ғана емес, сондай - ақ саяси мәдениетті біріктіреді. Өйткені, мемлекеттіліктің конституциялық - құқықтық тұжырымдамасының бірдей жағдайында дамушы әлемнің көптеген елдерінде саяси режимдердің айырмашылығы саяси мәдениеттің ерекшеліктерінен туындап отыр.

Осылайша, бодандық мәдениеттің саяси бағдарларының ұдайы өсуі қамтамасыз етілген тұрақтылыққа халықтың саяси әлеуметтенуі процесін басқару табын жаппай бақылау құралдарымен қол жеткізілді. Біріншіден, индивидтің мансаптық ілгерілеуінің жалғыз арнасы болып табылатын билік коммунистік партиясы сияқты саяси әлеуметтенудің әмбебап құралы болды. Екіншіден, компартия саяси әлеуметтендірудің нақты және жеткілікті тиімді жүйесін құрды, оның институттары бала бақшадан бастап жетілген жасқа дейін коммунистік идеалдар мен құндылықтарды сана - сезімге енгізу процесін жүзеге асырды. Өтпелі қоғамның саяси мәдениеті шын мәнінде бұрынғы және жаңа пайда болған құндылықтық бағдарлардың бодандық мәдениеттің саяси мінез - құлқы стандарттарының тұрақты басымдығымен қарама - қайшы өзара іс - қимылы болып табылады.

Бірнеше ғасырлық отаршылдық және тоталитарлық сана үстемдігі салдарынан рухани күйзелісті бастан өткізіп, саяси тәуелсіздігіне қол жеткізген Қазақстан бүгінгі күні әлемдік тарихтағы уақыт бағаны мен қазіргі заманғы әлеуметтік кеңістікте өзін - өзі орналастырып айқындалу міндетімен бетпе - бет келіп отыр. Тарихи сананың деформациясынан кейін ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты қалыптастыру ең көкейтесті мәселенің біріне айналды. Бүгінгі күнгі қазақстандық қоғамда тарихи өзіндік сананы жаңғырту мен төл мәдени мұраны игеру және оны қазіргі заманғы даму үрдісіне лайықты жаңартып үйлестіру өзекті мәселеге айналғандықтан ұлттық тарих пен мәдениеттің, құндылықтардың тоталитарлық идеология қысымымен ұмыт болған беттерін қайта парақтаудың маңызы зор. Болашақ дамудың айқын рухани бағдарын анықтау үшін де халықтың ғасырлар бойғы жинақтаған мәдени мұрасын игеру қажет, өйткені мәдениет кез - келген ұлттың бірегейлігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Уақытында бірлік пен ынтымақты қастерлеп өткен ата - бабаларымыздың осы өсиеті тарихи тағдырдың талайымен мәдени әртекті қоғамға айналған біздің елімізде өзінің көкейтестілігімен ерекше көзге түсіп отыр [105, 46].

Кеңес Одағы жүйесіндегі «гласность» (ашықтық) пен «перестройка» («қайта құру») басталғаннан бері Қазақстан үлкен саяси, демографиялық, экономикалық, мәдени және идеологиялық өзгерістерге ұшырады. Негізгі саяси өзгерістер мемлекеттің қазақтандырылуы, коммунистік партияның жойылуы және тәуелсіздік алаңында болды [135]. Шиеленістер 1986 жылы 17 желтоқсанда Алматыда кең өріс ала бастады. Горбачев Қонаевты коммунистік партияның бірінші хатшысы қызметінен босатып, оның орнына Қазақстаннан тыс орыс Колбинді тағайындады. Колбин бұл қызметті 1989 жылға дейін атқарды және Горбачевтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақсаттарына қол жеткізе алмай, қазақтарды кейбір негізгі лауазымдардан босатты. 1986 жылы 17 желтоқсанда Алматыда студенттер көтеріліске шықты. Брежнев алаңында қазақстандық студенттердің үлкен тобы демонстрация өткізіп, наразылықты Кеңес әскері басып тастады. Айтар болсақ, бұл іс-шара мемлекетті қазақтандырумен де байланысты болғанын айтуымызға болады.

КСРО-ның ыдырауының тағы бір нәтижесі коммунистік партия мен басқа да Кеңес органдарының таратылуы болды. Алайда мұндай жою ескі қазақ коммунистік элитасының ұстанымына күмән келтірмеді. Сол элита бұрынғыдан да үлкен күшке ие болып, жаңа кейіпте басқаруды жалғастырды. Бірақ билік жүйесі шынымен де айтарлықтай саяси өзгерістерге ұшырады. Жаңа конституция қабылданды, парламент құрылды және көптеген үкіметтік емес ұйымдар пайда болды. Сонымен қатар, маңызды саяси өзгерістердің қатарында сыртқы әлемге ашықтықтың жария етілуі. Республика азаматтарының шетелге шығуы туралы ескі қатаң ережелер жаңа ережелермен ауыстырылды, бірақ айтарлықтай толығымен жойылмады. Шетелге саяхаттау немесе тұру үшін әлі де рұқсат қажет және ол үшін ақы төлеу керек. Қазақстанға келетін немесе тұратын шетелдіктер тіркелуге және әрқашан төлқұжаттарын алып жүруге міндетті болды. Бірақ Кеңес дәуірінен айырмашылығы, олар кез-келген ауданда пәтер

жалдап, жергілікті тұрғындармен еркін сөйлесе алуы. Бұл да өз кезегінен жаңа құндылықтарды игерудегі маңызды қадамдарының бірі деп білуімізге болады.

Сонымен қатар, Қазақстанда жедел экономикалық өзгерістер болды, оның негізгі элементтері мемлекеттік меншікті жекешелендіру, жеке кәсіпкерліктің пайда болуы, нәтижесінде күрт әлеуметтік поляризация ортаға шықты. Ауыл шаруашылығының күйреуі - қазақтардың қалаларға қоныс аударуының басты себебі. Тағы бір түбегейлі экономикалық өзгеріс Қазақстандағы сыртқы сауда мен инвестицияларға мемлекеттік монополияның жойылуы болды. Сыртқы әлемге деген саяси ашықтық мәдени ашықтықпен қатар жүрді.

# 2 ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

## 2.1 Демократиялық транзит жағдайының қазақстандықтардың саяси құндылықтардың трансформациялануындағы ықпалы

Тәуелсіздік алғаннан кейін басқарудың репрезентативтік жүйесіне көшумен қоғамның құндылықтары да өзгерді. Жергілікті өзін-өзі басқару басшыларының, депутаттыққа, мемлекет басшысына кандидаттардың сайлануы, партияға қатысу мүмкіндігі, сөз бостандығы және таңдау жаңа саяси құндылықтарды дамыту үшін платформа құрды. Қазақстандағы биліктің өкілді тармағын дамыту процесінің жалпы бағыты кеңестік үлгідегі формальды парламенттік республикадан президенттік республикаға көшу болып табылады.

Қазақстанның егемендік құрауыштарын біртіндеп игеруі, саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы құрылымдық өзгерістерді жоспарлау мен жүзеге асыруы, жүргізіліп жатқан саясаттағы халықаралық аспектіні күрт күшейту және мемлекеттің бұрын ұмтылатын басқа да функцияларын материалдандыру жаңа конституциялық билік органының мекемесін талап етті. Бұл факторлар Қазақстанда Республика Президенті лауазымын енгізу кезінде де назарға алынды. Бұл жөніндегі бағыт президенттік басқару нысанын құрастыруға арналды. Бұл үшін саяси билікті жүзеге асыру тетігінде объективті алғышарттар да қалыптасты. Мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, еңбек ұжымдарының, тікелей демократия институттарының қызметін реттейтін коммунистік партияның монополиялық рөлінің ішінен және сырттан жоғалуы саяси жүйенің біртұтас ретінде оның барлық элементтерінің бір мезгілде әлсіреуіне алып келді.

Ғалым Е. Т. Сейлеханов саяси институттардың трансформациясы өз дамуындағы бірқатар кезеңдерден өтті деп санайды. Мәселен:

- бірінші кезеңнің (1991 - 1995ж.ж.) қорытынды нәтижесі - 1995 ж. ҚР Конституциясына сәйкес жүргізілген парламенттік реформа барысында өкілетті билік органдарының бұрынғы құрылымын тарату болды;
- екінші кезеңнің (1995 - 1999 ж.ж.) нәтижесі депутаттық корпустың сайланбалылық, өкілдік ету, ауысуы, парламенттің өзін және өкілді биліктің жергілікті органдарын басқару қағидаттарына жауап беретін парламентаризмнің қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыру болып табылады;
- үшінші кезеңнің ерекшелігі мажоритарлық - пропорционалды принцип бойынша парламенттік сайлау (1999 және 2004 жж.) және өкілді органдарда партиялық фракцияларды қалыптастыру болды, бұл елдің саяси өміріндегі партиялардың өсіп келе жатқан рөлін көрсетті. 2007 жылы конституциялық өзгерістер қабылдануымен өкілетті билік органдарын дамытудың төртінші кезеңі басталды. Олардың трансформациясының негізгі мазмұны мемлекеттік басқару жүйесіндегі өкілді биліктің рөлін күшейту, Мәжіліске сайлаудың пропорционалды принципіне көшу, Парламенттің төменгі палатасындағы партиялық фракциялар мен олардың көшбасшыларының рөлін нығайту, Парламенттің өкілдік функциясын кеңейту болды [136].

Алайда, саяси өзгерістермен қатар, қоғам ішіндегі өзгерістер де орын алды. Өкінішке орай, тәуелсіз мемлекетті құруы барысында ел ішіндегі экономикалық дағдарыс та орын алды, мұның салдарынан елімізде жағдайы нашар азаматтардың саны артты, жаңа заңдар қабылданса да әлсіз халде болуы қоғамдағы заңсыз топтардың пайда болуына жол ашты. Мемлекеттің мәжбүрлеу-құқықтық аппаратының ыдырауы зорлық-зомбылықтың жалпы өршуіне және қылмыскерлер мен зорлық-зомбылық көрсететін адамдар желісінің көбеюіне әкелді. Ол өз кезегінен құндылықтар дағдарысын тудырды.

Алдыңғы бөлімде қарастырып өткеніміздей, советшіл саясат түбегейлі саяси институттарды, қоғам өмірінің құрылысын, дін, діл, тіл, мәдениет сияқты маңызды салаларымызды өзгертті. Осымен қатар, кекшіл саясаттың бір көрінетін және өте сезімтал саласы Қазақстанның топонимикасы болды. Бұрын Кеңес Одағында қалалар, таулар және басқа да географиялық елді мекендер әдетте орыс тілінде аталған, оған бұрын болған қазақ жерінің атауын орысша өзгерту (мысалы, қазақ Бұрабайының орнына орыстандырылған Бурабай), немесе жай ғана объектілерді идеологиялық тұрғыдан мәнделген атаумен атау (Мысалы, Ленинск, Целиноград, Ильич, және т.б.). Кейде идеологиялық тұрғыдан айыпталған атау қазақша болатын (мысалы, Қызылту). Тәуелсіздік алғаннан кейін жағдай түбегейлі қарама-қарсы бағытта жүріп, көптеген атаулардың өзгеруіне алып келді. Тарихи қазақша атауларды енгізу немесе 1991 жылдан кейінгі жаңа Қазақстанға сілтеме жасай отырып, жаңа «идеологиялық» мәнделген немесе өткеннің көрнекті тарихи және кейде қиялдағы қазақ қайраткерлерінің есімдерімен атауды тағайындауына шешім қабылданды (мысалы, Абылай хан, Төле би, Райымбек батыр және т. б.). Маңызды қалалар, облыс орталықтары, таулар сияқты ірі нысандар, әдетте, Қазақстанның саяси иерархиясының жоғары деңгейінде қабылданған шешімдерге сәйкес өзгертілді.

Сонымен қатар, тәуелсіздік алған уақыттан бастап елімізде қазақ тілі мен орыс тілін қолдану қазақтардың екі ұрпағы арасында да айырмашылықтар тудырды. Тіпті орыс тілді қазақтар («шала қазақтар» деп аталып) және қазақ тілді қазақтар деп те бөлінген көріністі де байқадық. Ересек ұрпақ, оның ішінде билеуші топ, орыс тілін көбірек қолдануда. Қазақтардың өскелең ұрпағы бірте-бірте үлкендердің соңынан еріп, дегенмен ана тілін көбірек қолдануда. Демек, бұл қазақтардың екі ұрпағы арасындағы құндылықтар айырмашылықтарына, сондай-ақ қала мен ауыл арасындағы тосқауылдың көрінісіне айналуда.

Мемлекеттік билік алаңында да қазақиландыру мәселесі жүзеге асырылды. Мәселен, 1994 жылы 7 наурызда Қазақстанның тіркелген сайлаушыларының 75 пайызы жаңа заң шығарушы органды немесе Жоғарғы Кеңесті сайлауға дауыс берді Жаңа Жоғарғы Кеңестің құрамына 105 қазақ, 49 орыс, он украин, үш неміс, үш еврей, бір өзбек, бір татар, бір корей, бір ингуш, бір поляк және бір ұйғыр кірді [137]. Қазақстан Республикасының 2021 жыл санағына сәйкес, 80,1 % қазақ тілін меңгерсе, 83,7% орыс тілін біледі. Сонымен қатар, 69,3 % мұсылман және 17,2% христиан бар.

R.Inglehart пайымдауынша, демократия азаматтардың өмірінің барлық салаларының дамуына алып келеді. Демократиялық емес режимдермен

салыстаратын болсақ, демократиялық елдер азаматтарға қатысты қорғауды қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын құрметтеу мәселелерін алға қояды. Демократия, азаматтық соғыс және терроризм қаупін да төмендетуі мүмкін. Сонымен қатар, халықаралық қатынастарда демократиялық мемлекеттер көбінесе бейбітшіл саясатын ұстанатын дәлелдер де бар. Демократиялық мемлекеттер демократиялық емес мемлекеттерге қарағанда бай және экономикалық дамыған болып келеді, бірақ экономикалық өркендеу демократияның дамуына алып келетіні әлі де болса зерттелуде.

Somit, A., Peterson, S. пікірінше, адамдарда өз кезегінде иерархиялық және авторитарлық әлеуметтік және саяси құрылымдар басым болады, ал демократияның пайда болуы ерекше «қажетті шарттарды» талап етеді және мемлекет оны қолдау үшін шарттардың пайда болуына онжылдықтар қажет. Сонымен қатар, демократиялық құндылықтар азаматтардың дамуына оң алғышарттар қалыптастырады және қоғамның рухани құндылықтарынан арылуын бәсеңдетеді. Демократиялық құндылықтар азаматтық мәдениеттің негізін құрайды, сондықтан азаматтық қоғам азаматтық мәдениетті белсенді тасымалдаушылардан тұру қажет, яғни оларды қабылдаған және демократиялық режимнің тиімділігіне сенетін болу керек. Демек, қоғамдық санада демократиялық құндылықтар мен еркіндік құндылықтарының маңызы неғұрлым жоғары болатын болса, соғұрлым азаматтардың әлеуметтік - саяси белсенділік деңгейі жоғары, азаматтар мен билік арасындағы өзара әрекеттесу сипаты өркениетті болады. Ал, демократиялық құқық және еркіндік маңызы төмен болатын жағдайда, халықтың кейбір бөлігінде ол қоғамдық - саяси іс - әрекеттен, азаматтардың саяси өмірден алшақтауына алып келеді [138].

Демократиялық саяси мәдениеттің аса маңызды элементтерінің бірі - саяси сана. Демократиялық саяси мәдениеттің дамуы азаматтар құқығының барлық өмір салаларында жаңғыруын білдіреді. Алайда, заманауи жаһандық үрдістер мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің маңызды қауіптерінің бірі ретінде ұлттың қоғамдық, мәдени және әлеуметтік санасына сыртқы теріс әсер етуіне де алып келеді. Сонымен қатар, демократияның дамуы қоғамның оң дамуына ықпал етеді, ондағы еркіндік пен құқықты сақтау, тұлғаның дамуына мүмкіндік, азаматтардың негізгі мүдделерін қорғау, саяси теңдік, бейбітшілікке ұмтылушылық, өркендеу.

R.Dahl пікірінше, заманауи демократиялық саяси институттарының негізгі келесідей критерийлері бар:

– лауазымды тұлғалардың сайлануы. Үкімет тарапынан қабылданатын шешімдердің конституциялық қадағалануы лауазымды тұлғаларды азаматтар сайлау негізінде жүзеге асырылады. Осылайша, заманауи демократиялық үкімет өкілетті сипатқа ие;

– еркін, әділетті және жиі өткізіліп отыратын сайлаулар. Демек, лауазымды тұлғалар жиі және әділетті түрде ұйымдастырылған сайлаулар барысында сайланады;

– өз ойын айту еркіндігі. Азаматтар қатал жазадан қорықпай кең өрістегі мәселелер бойынша өз ойларын айтуға, лауазымды тұлғаларды, үкіметті,

режимді, әлеуметтік - экономикалық жағдайды және қоғамдағы басыңқы идеологияны сынауға құқылы;

– шынайы ақпарат көздеріне қол жетімділік. Азаматтар шынайы және тәуелсіз ақпаратпен қолдануға құқылы. Сонымен қатар, үкімет тарапынан немесе қандай да бір саяси топпен бақыланбайтын қызмет етуші ақпарат көздері заңның тиімді қорғауында болады;

– ассоциациялар автономиясы. Азаматтар өздерінің жеке құқықтарын қорғау мақсатында алуан түрлі тәуелсіз ұйымдар, оның ішінде тәуелсіз партиялар және «мүдделі топтар» құруға құқылы;

– жаппай азаматтық құқық. Оған лауазымды тұлғаларды еркін және әділетті сайлауға қатысу құқығы, ойын еркін жеткізу құқығы, сайлау кампаниясының штабын ұйымдастыру құқығы, тәуелсіз саяси ұйымдарды қалыптастыру және жүзеге асыру құқығы және демократияның саяси институттарының сапалы қызмет етуі үшін қажетті басқа да еркіндіктер мен мүмкіндер жатады [139].

Жалпы, демократия жоғары және әлемдік аренада заңды үкімет үшін алтын стандарт ретінде пайда болды. Егер диктатура құлдыраса, онда демократиялық жүйе соңында көптеген оң нәтижелерге әкеледі. Демократия экономикалық даму және елдің өсуі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, саяси тұрақтылық, ұлттық қауіпсіздік, халықаралық заңдылық, адамға құрмет, құқық, гендерлік теңдік, үлкен әлеуметтік қамсыздандыру, қоршаған ортаны қорғау сияқты элементтерді қамтиды. Саясаттанушы Larry Diamond: «бүгін әлемде адамдар авторитаризмді жоғары жүйе ретінде қарастырмайды, ал демократия әлемдегі жалғыз заңды басқару нысаны болып қала береді».

Larry Jay Diamond демократиялық сапаның түрлі аспектілерін бірден көбейту мүмкін емес дейді. Бұл мағынада кем дегенде, әрбір демократиялық ел құндылықтарға негізделген таңдау жасауы тиіс және ол қандай демократия болғысы келетінін анықтау қажет. Демократия кем дегенде келесідей негіздерден тұруы тиіс:

– жалпы, ересек сайлау құқықтары;
– мерзімді, еркін, бәсекелі және әділ сайлау;
– бір маңызды саяси партия;
– баламалы ақпарат көздері.

Larry Diamond пайымдауынша, түрлі әлеуметтік, тарихи және экономикалық барьер демократизацияны шектемейді. Керісінше, ең бастысы, ұлттық элиталардың демократизацияны дамытуға қатысып, демократиялық нормалар, құндылықтар және процесстерді қолдауында. Демек, жаңа демократиялық мемлекеттердің пайда болуындағы қажетті шарттардың қатарында әрдайым азаматтық қоғам және халықаралық ұйымдар тарапынан қысым көрсету орын алады [140].

Әрине, саяси демократияға бірнеше жағдайлар керек. Солардың ішінде қоғамда, әсіресе элиталық қауымда кең қанат жайған өзара түсіністік қана емес, жеткілікті мөлшерде бұқаралық сипатқа ие, мемлекетке экономикалық жағынан тәуелсіз орташа таптың, бұғанасы бекіген құқықтық мәдениеттің, келісім мен мәмілеге бейімділіктің мәні зор. Егер осының барлығы жоқ болса немесе

жеткілікті дәрежеде дамымаса, демократияның әлеуметтік және интитуттылық негізі берік болмайды [131].

Зерттеушілердің айтуы бойынша, демократия саяси құндылықтардың ерекше қасиеттерін және өз азаматтары тарапынан бағдарды талап етеді: шыдамдылық, тиімділік, білім, қатысу. Мемлекеттер бір - бірінен саяси маңызы бар көзқарастар, құндылықтар және қатынастар, сонымен қатар саяси мәдениеттің бұл элементтері өмірлік тәжірибемен, біліммен және әлеуметтік таппен қалыптасады. Seymour Martin Lipset экономикалық даму және демократия арасындағы оң байланысты ғана көрсете қоймай, сонымен қатар саяси сенім, көзқарас және құндылықтар мұнда жоғары мәнге ие екенін де анықтады. Larry Diamond өз жұмыстарында осы көзқарасты дамыта отырып, мемлекеттің экономикалық дамуы мен демократиялық мәдениеттің негізгі элементтері болып табылатын толеранттылық, сенім және тиімділік арасындағы тікелей өзара байланысты да көрсетті. R.Inglehart осыған қоса, өмірге қанағат тұту, тұлғааралық сенім және революциялық жолдан бас тарту тек экономикалық дамумен ғана емес, тұрақты демократиямен де тығыз байланыста болады, демек саяси мәдениет экономикалық даму және демократия арасындағы байланыстырушы буын екенін айтты [142].

Саяси режимнің негізі күрделі құрылымға ие болғанымен, көптеген теоретиктер мұнда қоғамдық саяси құндылықтар да маңызды рөл атқаратынын айтады. «Партиципаторлық саяси жүйенің демократиялық формасы да тиісті саяси мәдениетті талап етеді» [1, 95]. «Тұрақты демократияның болашағы - азаматтар мен билеушілері демократиялық идеяларды, құндылықтар мен тәжірибелерді анық ұстанатын елде». Жаппай демократиялық құндылықтар мен демократия арасындағы қисынды негізделген байланыс құндылықтар деңгейі демократиялық институттарды қандай елдер жылдам енгізетініне, қандай демократиялық институттар уақыт сынағына төтеп беретініне және қандай елдер неғұрлым сапалы демократиялық саясатты көрсете алатынына әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді. Соңғы төрт онжылдықта ондаған елде жүргізілген үлкен іріктемелі зерттеулер нәтижелері эмпирикалық тәжірибеге жақсы негізделген, қоғамдағы демократиялық құндылықтар қоғамда демократиялық тәртіптің болуы, сондай - ақ демократияға көшу процесінің салыстырмалы ықтималдығын түсінуге көмектеседі [143].

Демократиялық құндылықтар бар адамды сипаттайтын индикаторлардың бірі болып табылатын бихевиористік өлшеу респонденттің саясатқа дауыс беруге қатысудан басқа қатысқанын, мысалы, петицияларға қол қоя отырып немесе жария демонстрациялар мен наразылықтарға қатысу. Көптеген жылдар бойы, саяси мәдениет пен демократияландыру бойынша еңбектер жаңғырту теориясының ықпалында болды. Бұл теория урбанизацияны, масс - медианың таралуын, білім беруді дамытуды және қазіргі заманғы қоғамның өзге де ерекшеліктерін білдіретін әлеуметтік-экономикалық даму демократияландыруға ықпал ететінін айтады. Атап айтқанда, социоэкономикалық даму мен демократия арасындағы себеп-салдарлық байланыс туралы ғылыми пікірталас жалғасып

жатқанына қарамастан модернизация теоретиктері экономикалық және технологиялық өзгерістер халықты барынша көрсете түседі деп санайды [144].

Формальды демократияны шамалы кез - келген қоғамда енгізуге болады, бірақ азаматтарға дербес таңдау беретіні осы қоғамда басым құндылықтарға байланысты. Сонымен қатар, әдетте «формальды» демократия мемлекет халқының 30% өзін - өзі көрсету құндылықтарына жақын екенін көрсеткен жағдайда қалыптасады. Ал, шынайы тиімді демократия тұрғындардың 45% осы құндылықтарды уағыздаған кезде қалыптасады. Әрине мұны болжам түрінде айтуға болады, мәселен басқарушы элита мемлекеттің әскери күшін бақылаған уақытта демократизация үшін бұқараның әрекеттерін басып тастауға мүмкіндігі бар. Демократияның тиімділігімен байланысты барлық құндылықтардан өзін - өзі көрсету құндылықтары аса маңызды. Өзін-өзі көрсету құндылықтарын ұстанушы адамдар әлеуметтік-экономикалық дамудың және демократиялық институттар жағдайының көрсеткіштерімен жоғары деңгейдегі корреляциясын көрсетеді, бұл өз кезегінде осы құбылыстардың негізінде дербес көрсеткіш бар екенін болжауға мүмкіндік береді. Өзін-өзі көрсету құндылықтары адамдарды жеке таңдауымен сәйкес әрекет етуге мүмкіндік беретін институттарды қалыптастыруға ынталандырады. Сәйкесінше, өзін-өзі көрсету құндылықтары либералды демократия негізінде жатқан азаматтық және саяси құқықтарды алуға адамдарды уәждейді. Бұл құқықтар адамдардың жеке және қоғамдық өмірінде өз таңдаулары бойынша әрекет ету мүмкіндіктерін заңдастырады. Осылайша, таңдауға деген субъективті талпыныс таңдау жасауға құқық беруге талапқа алып келеді [110, 142].

Өзін - өзі көрсетудің құндылықтары және формальды демократия арасындағы байланыс күш пен тұрақтылықпен ерекшеленеді, мұндағы тек бірнеше мемлекет ерекше. Мысалы, Қытай мен Вьетнамда халықтың құндылықтарына негізделе отырып болжам жасауға болатын нәтижелерге қарағанда демократия деңгейі әлдеқайда төмен. Екі мемлекетте де басқарып отырған режим өздерінің азаматтары үшін экономикалық салада дербес таңдау жасауға мүмкіндікті арттырып, қазіргі таңда жергілікті деңгейде эмпирикалық деректерді қолданған. Грейнжердің себепті тест негізінде олар әлеуметтік - экономикалық даму демократияның дамуына себеп болады, бірақ демократия әлеуметтік - саяси дамудың қалыптасуына себеп бола алмайды. Сонымен қатар, Adam Przeworski, Fernando Limongi пікірінше, әлеуметтік-саяси даму демократиялық құрылымның қалыптасуына емес, сақталуына ғана ықпал етеді [145]. Мұны Boix C. and Stokes S. жоққа шығарды, олар көрсеткендей әлеуметтік - саяси факторлар демократияның қалыптасуы мен таралуына оң әсер етеді және мәдениет аралық айнымалы болып табылады [146]. Сонымен қатар, жаппай құндылықтар және демократиялық институттар арасындағы тығыз байланыс продемократиялық құндылықтар өмірдің тәуелділікте болып және «институционалды оқыту» демократиялық институционалды жүйенің шеңберінде қалыптасады. Демек, демократия арқасында адамдарда толеранттылық, басқаларға деген сенім, бақыт, азаматтық және саяси бостандыққа постматериалды талпыныстары қалыптасады. Эмпирикалық

деректер бойынша өмірлік қорғаныс пен тәуелсіздікті сезіну негізінде қалыптасатын өзін-өзі көрсету құндылықтарын қалыптастыру үшін ұзақ экономикалық өркендеу кезеңі қажет.

Әрине, байлық өздігінен демократияны қалыптастырмайды. Ондай жағдай болған жағдайда Кувейт бұрыннан демократиялық мемлекетке айналатын еді. Ол үшін мәдени саладағы өзгерістер сияқты аралық механизм қажет. Оны осылайша түсіндіруге болады, адамдарда өмір сүру үшін күресуге қажеттілік болмаған жағдайда олар экономика, әлеуметтік жағынан неғұрлым дербес болып келеді. Бұл адамдарда жеке тәуелсіздік, таңдау құқығына көбірек көңіл бөлуге, ақыр соңында демократияның негізін құрайтын азаматтық және саяси бостандықты талап етуге ынталандырады. Әлеуметтік - экономикалық даму өзін-өзі көрсету құндылықтарының басымдылығын арттырады. Бұл құндылықтардың таралу нәтижесінде қоғамдағы институттар таңдау құқығын қамтамасыз ету бағытында одан да жоғары қысымға тап болады, ал ол өз кезегінен авторитарлы режимнің легитимділігін бұзады [147].


Әлеуметтік - экономикалық даму басты роль атқарады, себебі адам өмірінің шарттарына және олардың өмірін сақтауда зор әсер етеді. Бұл кедей қоғамы үшін аса әділетті. Өзін-өзі сақтап қалу - адамның негізгі қажеттілігі соншалықты, оған кепілдік болмаған жағдайда барлық өмірлік принциптер өмір үшін күресумен анықталады [112, 59].

Кедей елдердің халқы, яғни аграрлық сектор өндірістік секторға қарағанда әлдеқайда басым болғанда, көп жағдайда дәстүрлі құндылықтарды ұстанады, ал өндірістік сала дамыған бай елдердің халқы секулярлы-рационалды құндылықтарды ұстануда. Дегенмен, мемлекеттің тарихи мұраты қазіргі құндылықтар мен ондағы азаматтардың мінез-құлқына әсер етеді. Модернизация теориясына сай әлеуметтік - экономикалық даму процессі және өндірістік саланы қалыптастыру секулярлы - рационалды дүниетанымға алып келеді. Секулярлы - рационалды құндылықтар және өзін көрсету құндылықтарының қалыптасуы модернизация процессі мен қоғамның мәдени дәстүрлерімен де анықталады, бірақ модернизация процессімен анықталған кезде тарихи факторлардың әсері басым болады, ал қоғамның мәдени дәстүрлерімен анықталған жағдайда модернизация басым болады.

Түйіндей келе, өзін-өзі көрсетудің құндылықтары мен формальды демократия арасындағы байланыс күрделі және көпқырлы. Бұл байланыс әлеуметтік-экономикалық даму мен мәдени контекстке тәуелді болып, демократияның дамуы мен сақталуына әсер ететін факторларды қамтиды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, экономикалық өркендеу кезеңі азаматтардың өзін-өзі көрсету құндылықтарының қалыптасуына ықпал етеді, алайда бұл процесс мәдени өзгерістермен, сондай-ақ әлеуметтік-саяси даму деңгейімен тығыз байланысты. Демократияның негізі азаматтық және саяси бостандықтар болып табылады, олар адамдардың жеке тәуелсіздігі мен таңдау құқығына деген талпыныстарымен байланысты. Сонымен қатар, дәстүрлі құндылықтарды ұстану мен секулярлы-рационалды дүниетанымның қалыптасуы арасындағы қарама-қайшылық, мемлекеттің тарихи мұраты мен қазіргі әлеуметтік-экономикалық


жағдайы арасындағы байланыс, демократиялық институттардың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Осылайша, әлеуметтік-экономикалық даму мен мәдениетаралық факторлар демократияның қалыптасуы мен таралуында шешуші рөл атқарады, бұл өз кезегінде авторитарлы режимдердің легитимділігін төмендетуге ықпал етеді.

Қазақстандықтардың демократиялық саяси жүйені қабылдау дәрежесін анықтаудағы, келесі көрсеткіштерді анықтауымызға болады.




Сурет 1 – Демократиялық саяси жүйені қолдау көрсеткіштері
Ескерту - дереккөз [133]

К.Нугманова пікірінше, демократия және оның құндылықтары адам дамуына, қоғамның рухани құндылықтарынан алшақтамауға ықпал етуші алғышарттарды қалыптастырады. Демократиялық құндылықтар азаматтық құндылықтардың негізін құрайды, сондықтан азаматтық құндылықтар азаматтық мәдениетті тасымалдаушы белсенділерінен құралу қажет. Сәйкесінше, қоғамдық санада демократиялық құндылықтар және бостандық құндылықтары неғұрлым жоғары болса, азаматтардың да әлеуметтік - саяси белсенділігі жоғары, соғұрлым азаматтар мен билік қарым - қатынасының сипаты өркениетті болуы қажет. Керісінше, демократиялық құқықтар мен бостандық маңызы төмен болған жағдайда әлеуметтік субъектілердің көп бөлігінің қоғамдық-саяси әрекеттерінен, азаматтардың саяси өмірінен алшақтауына алып келуі мүмкін [148].




Сурет 2 - Сіз жалпы Қазақстандағы демократияның дамуына қанағатсыз ба?» деген сұраққа жауап, 2018 (Ф.Эберт қоры)

Ескерту - дереккөз [56]

Егер қазақстандықтардың еліміздегі демократиялық жағдайға қанағаттанарлық дәрежесін қарастыратын болсақ, Қазақстан Республикасындағы Фридрих Эберт қоры өткізген әлеуметтік сауалнама нәтижелерін негізге алуымызға болады, зерттеу мәліметтері көрсетіп отырғанай, демократияның дамуына толықтай қанағатпын - 13%, қанағатпын - 37,3%, қанағатпын да қанағат емеспін де - 28,9%, қанағат емеспін - 7,9%, толықтай қанағат емеспін деп - 0,9% азамат жауап берді.

Бүгінгі таңда саяси - экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму жолындағы маңызды құрамдас бөліктердің бірі Қазақстан халықаралық қатынастарда республикада азаматтық келісім мен тұрақтылықты сақтау болып табылады. Әлбетте, басты міндеттердің бірі Қазақстан полиэтникалық, яғни көп ұлтты және түрлі діни конфессияларда және көппартиялы жағдайда халықаралық достықты сақтау және дамыту болып табылады. Әрине, Қазақстанның демократиялық құқықтарын сақтау және нығайту өте маңызды, қоғамдық өмірдің барлық салаларына, түрлі саяси қауымдастықтарда белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Халықаралық достық сақталмайынша, азаматтық келісім сақталмайды, экономикалық дамуды, саяси тұрақтылықты және халықтың әл - ауқатын көтеру де мүмкін емес [149].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алған уақыттан бастап, барлық мемлекет басқа тарихи өзгермеге ауысты. Бір жағынан, ұзақ уақыттан бері қазақтардың арманы орындалды, бірақ сонымен қатар, сенімсіздік, құндылықтар дағдарысы да орын алды. Тоталитарлық идеологияның күйреуі құндылықтық бағдар мен дүниетанымдық көзқарастардың жойылуы деп қабылданды. Жаһандық өзгерістерді қабылдаумен қатар оларды жүзеге асыратын құндылықтарды қайта қарауда, жаңа қоғамдық сананың қалыптасуында әлеуметтік қажеттілік туындады [29, 89].

Қазақстандық зерттеуші А.Чеботарев пікірінше, Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан бері бірінші кезектегі міндет сол уақыт үшін республиканың оңтайлы даму моделін табу болды. Мұндай жағдайда қазақстандық басшылық демократияны, құқықтық мемлекет пен нарықтық экономиканы құруға бағытталған қоғамдық қатынастардың барлық жүйесін реформалаудың өзінің ресми саяси бағыты деп жариялады. Тиісті өзгерістер халық арасындағы азаматтық белсенділіктің өсуіне және жаңа қоғамдық - саяси бірлестіктердің саяси аренаға шығуына қуатты түрткі болды. Құрамында Қазақстан ұзақ уақыт бойы дамып келе жатқан КСР Одағының ыдырауы қазақстандық қоғамның тыныс - тіршілігінің барлық салаларына елеулі әсер етті. Осыған байланысты республикада өндірістің құлдырауы, бағаның өсуі, жұмыссыздық, табыс деңгейі бойынша қоғамның стратификациясы, криминогендік жағдайдың шиеленісуі, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің нашарлауы, денсаулық сақтау, этносаралық шиеленістің және т.б. көріністерінің келеңсіз құбылыстары мен процестері байқалды. Мұның бәрі республика халқының едәуір бөлігінің әлеуметтік көңіл - күйіне сыни тұрғыдан әсер етті. Көптеген қазақстандықтар болашаққа деген сенімсіздікті, жасампаздық қызмет

ынталандыруларының құнсыздануын, болып жатқан процестердегі өз орнының белгісіздігін бастан кешірді [90, 60].

Қазақстандағы саяси трансформация процесі даму сәтінің кезең - кезеңімен дамыды. Әрбір кезең саяси реформаларды жүргізу үшін экономикалық және әлеуметтік - мәдени алғышарттар жасау қажеттілігін ескере отырып анықталды:

Бірінші кезең – 1991 - 1995 жж. тәуелсіздік алғаннан бастап егемен Қазақстан Конституциясы қабылданғанға дейін дезинтеграциялық үдерістерді еңсеруге, қазақстандық мемлекеттіліктің іргетасын қалыптастыруға, партиялылық диктатынан саяси плюрализмге өтуге, демократиялық дамудың негіздерін құруға назар аударылды. Дағдарысқа қарсы шешуші шаралар қажет болған кезде мемлекеттіліктің қалыптасуының осы кезеңінде атқарушы биліктің тігінен билік өкілеттігін шоғырландыру пайдасына объективті түрде таңдау жасалды. Демократиялық даму негіздерін құру кезеңі деп сипатталады. Сонымен қатар, бұл-атқарушы биліктің тігінен билік өкілеттігін шоғырландыру пайдасына объективті түрде таңдау жасалған дағдарысқа қарсы шешуші шаралардың кезеңі. «Бұл кезең бізге көптеген сабақтарын берді, олардың ең бастысы тұрақты және күшті экономикасыз саяси даму ауыр және баяу өтіп, бүкілхалықтық наразылыққа, елдің тұрақсыздығына әкелуі мүмкін екенін ұғыну болды»;

екінші кезең - 1995-2000 жж.: қазіргі заманғы демократиялық институттарды құру және нығайту, 1995 жылғы Конституция негізінде жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру. «Бұл үшін жылдар бойы біз Қазақстанды азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілетін нақты демократиялық институттар жұмыс істейтін елге айналдыру үшін берік іргетас жасадық». Қазіргі заманғы демократиялық институттарды құру және нығайту, 1995 жылы референдумда халық қабылдаған Конституция негізінде жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру негізгі қамқорлық болды. Еліміздің Конституциясы терең экономикалық қана емес, саяси өзгерістерге байланысты үлкен жолдан өтуге мүмкіндік берді. Қазақстанның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілетін нақты демократиялық институттар жұмыс істейтін елге айналуы үшін берік іргетас жасалды.

үшінші кезең – 2001 - 2006 жж.: «осы кезеңде біз әлеуметтік - экономикалық серпілісті қамтамасыз етіп, өңірлік көшбасшы болдық. Біздің мемлекеттілігіміз де қалыптасты. Қазақстандық көпұлтты және көпконфессиялы қоғамның алғашқы демократиялық дәстүрлері бекітілді. Осы кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату, сот жүйесі мен судьялардың мәртебесін жетілдіру мәселелері бойынша белсенді талқылау жүргізіліп ұсыныстар әзірленді. Біздің дамуымыздың бұл кезеңін Қазақстан демократиясының тарихындағы ең маңызды кезең деп санауға болады». Қазақстан Республикасының Конституциясына 2007 жылдан бастап өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды қабылдау. Осы Заңның қабылдануымен «Отанымыздың дамуының жаңа сапалы кезеңі – еркін демократиялық қоғамның жедел даму кезеңі» басталады. Осылайша, «...біздің еліміздегі саяси жаңғырту

процесі қажетті экономикалық жағдайлардың жасалуына қарай, Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап кезең - кезеңімен жүріп жатыр» [150].

Сонымен қатар, әлеуметтік - экономикалық серпіліс қамтамасыз етілді және Қазақстан аймақтық көшбасшыға айналды. Қазақстандық көпұлтты және көпконфессиялы қоғамның алғашқы демократиялық дәстүрлері бекітілді. Күн тәртібіне аса жоғары қоғамдық міндеттер шықты. Қазіргі заманғы сын - қатерлер әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қатынастардың барлық жүйесін барынша серпінді жаңғыртуды талап етті [151].

Тәуелсіздік алған уақыттан бастап Қазақстан кешенді саяси, экономикалық, әкімшілік және қоғамның басқа да жүйесінің модернизация жолына түсті. 2012 жылдың желтоқсан айында қабылданған «Қазақстан-2050» Стратегиясында 1990 және одан кейінгі жылдары жаңа қоғам және мемлекет құру шеңберінде үштік модернизация жүргізілді: «Біздің алдымызда үлкен міндет тұрды - жағдайды бұзып, жаңа мемлекет құру. Оны шешу үшін біз үштік модернизация өткізуіміз керек болатын: мемлекет құрып, нарықтық экономикаға серпін жасау, әлеуметтік мемлекет негіздерін қалау, қоғамдық сананы өзгерту» [150].

Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңінде адам құқықтарын қорғау, баспасөз бостандығы немесе демократиялық институттар саласындағы халықаралық стандарттарға толықтай түрде сәйкес келмеді. Сондықтан Қазақстанда адам құқықтарының бұзылуын азайту, баспасөз бостандығын сақтау және демократиялық институттар құру үшін демократияның белсенді жақтаушылары пайда болды.

Сонымен қатар, саяси құндылықтар өзінің ішкі қабілеті бойынша не оң, не теріс бағытта өрбуі мүмкін, қоғамды біріктіруге немесе ыдыратуға септігін тигізеді. Бұл азаматтардың қатысуына, мінез-құлқына тікелей әсер ететін құбылыс. Тоталитарлық қоғам жеке адамның құқықтары мен бостандығының барлығын да сөз жүзінде жариялағанымен, шын мәніндегі нағыз демократияны қамтамасыз етуге мүлде дәрменсіз болды. Жеке меншіктің болмауы мен жаппай теңгермешіліктің орын алуы жоғары өнімді еңбек етуге деген ынта - жігер атаулыны бір жолата езіп - жаншып, басып тастады. Қоғамдағы идеологиялық өктемдік пен өмір сүрудің мейлінше қатаң шектеулі ережелері жағдайында адам өзінің таңдау құқығынан жұрдай болып шыға келді. Өйткені тоталитарлық саяси тәртіп үстемдігі жеке адамның негізгі демократиялық құқықтары мен бостандығын елеусіз қалдырып, аяқасты етуге жеткізді [29, 92].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің қалыптасу кезеңі адам құқықтарын қорғау, баспасөз бостандығы және демократиялық институттарды дамыту тұрғысынан бірқатар күрделі мәселелермен бетпе-бет келді. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл кезең халықаралық стандарттарға толық сәйкес келмейтін жағдайларда өтті, мұның нәтижесінде азаматтық құқықтар мен бостандықтардың шектелуі байқалды. Тоталитарлық режимнің әсері жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын елеусіз қалдырды, ал саяси құндылықтардың қоғамға әсері оны біріктірудің орнына ыдыратуға себеп болды. Осылайша, Қазақстандық қоғамның құндылық жүйесінің эволюциясы 1990-шы жылдардан бастап, еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси

трансформацияларының аясында маңызды өзгерістерге ұшырады. Қазақстандық зерттеуші Зәуре Сәрсенбаева 1990 - шы жылдардағы Қазақстандықтардың құндылық эволюциясының негізгі үш кезеңін атап, оған дәлел келтіруде:

1) бірінші кезең 1986 - 1993 жылдарды қамтиды. Ол идеологиялық кеңестік құндылықтардың басым жүйесінің ыдырауымен, салыстырмалы түрде біртекті қоғамның бөлінуімен, оның құндылық - гетерогенді қоғамға айналуымен сипатталады;

2) екінші кезең шамамен 1995 - 1997 жылдар кезеңіне сәйкес келеді. Ол элита мен бұқара, жастар мен аға буын өкілдері арасындағы саяси, экономикалық, әлеуметтік шешімдердің субъектілері мен халықтың негізгі массасы арасындағы құндылық бөлінуімен сипатталады;

3) үшінші кезең - 1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін. Осы кезеңнің ерекшелігі қазақстандық қоғамның кең жіктерінің санасында қоғамның барлық салаларында тәртіпті қамтамасыз ететін жалғыз күш ретінде саяси саладағы бостандық пен демократияны мемлекеттің құндылығымен біріктіретін жұмсақ авторитаризм жағына құндылық бағдарларының қалыптасуы болып табылады [34, 56].

Қазақстандықтардың басым бөлігі отбасы құндылықтарына, денсаулық пен шығармашылық еңбекке, рухани идеалдарына негізделген [153]. Құндылықтардың қалыптасуы көптеген жағдайда қазақстандықтардың саясат саласында мінез-құлқын анықтайды. Құндылықтық негізде қазақстандықтардың саясатқа деген қарым-қатынасы қалыптасып, мақсатты іс-әрекетте көрініс табады. Қазақстандық зерттеуші В.Баймурзаева, жаңа жалпықазақстандық құндылықтар жүйесінің қалыптасуын қажет деп санайды. Зерттеушінің пайымдауынша, жалпықазақстандық құндылықтар саясат субъектілерінің (индивидтердің, топтардың, класстардың, ұлттардың) қандай да бір құбылыстардың, процесстер мен саяси өмірдің нормаларын мойындау деп анықталған. Олар саясат субъектілерін бағыттайды, әрекеттерін айқындайды, қазақстандық қоғамның және оның негізгі әлеуметтік топтардың жағдайын, қажеттіліктері мен перспективаларын бейнелейді. Жалпықазақстандық демократиялық құндылықтардың қатарына құқық, адамның бостандығы, саяси құрылымның, саяси институттарының болмысы, принциптері мен формалары, қазақстандықтардың саясатқа қатысуы, мүдделерін білдіру мен жүзеге асыру, саясат мәдениеті және т.б. жатады. Жалпықазақстандық құндылықтар жалпыадамзаттық, жалпы ұлттық, сонымен қатар, түрлі таптар, топтар мен азаматтардың алдыңғы қатарлы мүдделерін білдіруі мүмкін. Мысалы, құндылықтар биліктің мәнін, мемлекет басқару түрлерін түсінудің әдістері қандай да бір топтар мен қауымдастықтарда әртүрлі болуы мүмкін. Мұндай міндет Қазақстанның жаңа мемлекеттік идеологиясының қалыптасуы негізінде, Қазақстанның ерекшеліктерін (полиэтникалығы, көпконфессиялығы, Қазақстан халықтарының ортақ тарихы, дәстүрлерді сыйлауы, Отанға деген жауапкершілігі) ескере отырып шешілуі мүмкін [154].

Мемлекеттік саясат тарапынан да ортақ құндылықтарды қалыптастыру кезеңі тәуелсіз елімізді құрумен қатарлас жүргізілді. 1997 жылы мемлекетіміздің

тұңғыш Президентінің «Қазақстан - 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауында Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиясы айқындалған болатын. Ол мемлекет басшысының бірқатар Жарлықтарымен бекітілген, оның жыл сайынғы жолдауларында нақтыланды және Үкімет бағдарламаларымен қамтамасыз етілген. Қоғам конституциялық құндылықтарды іске асыру, дамудың векторлары мен басымдықтары, жаңа негізгі Заңмен белгіленген мақсаттарға қол жеткізу тәсілдері туралы сұрақтарға нақты жауап алды [149, 240].

Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында Мәңгілік Ел бағдарламасы жария етілді. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесіңді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат ету басты құндылық ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, бұл идеяның негізінде уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі жатыр, яғни Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы, қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, зайырлы қоғам және жоғары руханият, индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім, жалпыға ортақ еңбек қоғамы, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге - жаһандық тұрғыдан қатысуы. Жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарға негізделі қажеттілігі бар [155]. Бұл жалпыұлттық құндылықтардың бойында жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі жатыр. Біздің ойымызша да, қазақстандық халқының біріктіруші құндылығы ретінде патриотизмнің маңызы аса зор.

2019 жылдың 19 наурыздағы халыққа баяндамасында биліктің ауысуының қажеттілігі жарияланды. Қазақстан Республикасының Конституциясының 48 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына көшеді; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Республиканың Премьер-Министріне көшеді. Ол кезде ҚР Сенатының Төрағасының қызметін Қ.Тоқаев атқарды. Сәйкесінше, президенттік билік қызметін атқаруды жалғастыру Конституцияға сәйкес болғанын атап өткеніміз жөн [156]. 2019 жылдың 9 маусымында Президенттің № 18 Жарлығына сәйкес кезектен тыс сайлау өткізу бекітілді. Сайлаудың нәтижелеріне сай, Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев 70,96% жеңіске жетті. Алайда, сайлау күні және одан кейінгі күндерде де наразылықтардың арта бастағанын байқауымызға болады. Биліктің транзиті республикадағы азаматтық және саяси белсенділіктің күрт өсуіне себеп болды. Азаматтар ұйымдастырған түрлі наразылық акциялары көптеген экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелер бойынша өткізілді. Acled дерекқорына сәйкес, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 7

қаңтарға дейінгі аралықта Қазақстанда наразылық акцияларына байланысты түрлі оқиғалардың 2904 эпизоды болды. Олардың ішінде бейбіт митингілер көп. 2019-2022 жылдар аралығында республикада 2591 наразылық акциясы өтті, оның ішінде 2249 бейбіт митинг, бұл барлық наразылықтардың 77,5% - % құрайды [157]. Демек, Қазақстанда өткен наразылықтардың басым бөлігі бейбіт тұрғыда өтті.

Басшылықтың ауысуынан кейінгі азаматтық және саяси белсенділіктің артуы азаматтардың реформаларға деген талаптарын көрсетіп қана қоймай, үкімет пен оның халқы арасындағы терең алшақтықты анықтады. Дәстүрлі саяси құрылымдардан көңілі қалған қазақстандықтар еріктілік және әлеуметтік жобаларға қатысу сияқты өзара әрекеттесудің балама түрлеріне бет бұрды . Бұл ауысым азаматтардың қоғамдағы рөлін қабылдауындағы әлеуетті эволюцияны көрсетеді, көбінесе ресми саяси процестерден гөрі қарапайым бастамаларға басымдық береді. Сонымен қатар, наразылықтар негізінен бейбіт сипатта болғанымен, олар шешілмеген наразылықтар жалғаса берсе, ұйымдасқан қозғалыстарға әкелуі мүмкін елеулі қоғамдық қысымды атап өтті. Осы мәселелер төңірегінде жалғасып жатқан диалог халықтың ұмтылыстарын мойындайтын, әсіресе олардың саяси шешімдерге ықпалына қатысты алаңдаушылықтарын білдіретін жауапты басқару қажеттілігін көрсетеді.

Ал бұл наразылықтардың себебі неде деген сұрақ туындайды. Бірқатар жылдар бойы ешқандай наразылықтарға шықпаған халықта қандай құндылықтық өзгерістер болды және осыған не түрткі болғанын талдау барысымызда, қазақстандық зерттеушілер әлеуметтік мәселелерде жатыр деп пайымдауда. Мәселен, қазақстандық саясаттанушы Досым Сатпаев келесідей пікір білдірді: «Ұзақ жылдар бойы Қазақстанда жабық күйде болып жиналған шыдамдылық әлеуметтік наразылықтарға ұйласты. Қазір бұл ортаға шықты, олар арқылы қатысушылардың әртүрлі құрамымен түрлі себептер бойынша әлеуметтік наразылықтардың өршуі басталды». Адамдар тұрақты уәделерден шаршады. Егер сіз қазір көпшілік алдында сөйлемесеңіз, жүйе өзгеріссіз қалады деген дабыл пайда болды. Менің ойымша, бұл факторлардың барлығы наразылықтардың жаппай және жиі болуына әсер етті». Демек, саясаттанушы бұл наразылықтардың халықтың әлеуметтік тұрмыс тіршілігінің нашарлауынан қалыптасқандығын атап өтті.

Ал Орталық Азия демократияны дамыту қорының директоры, саяси ғылымдарының кандидаты Толғанай Үмбеталиева да елдегі наразылықтың жоғары деңгейі әлеуметтік теңсіздіктен, халықтың табысының төмендеуінен туындаған деп есептейді. Оның пайымдауынша, наразылық көптеген бақылаушылар формальды деп санайтын «билік транзиті» болса да болмаса да ортаға шығатын еді Керісінше, биліктің ауысуы олардың санын біршама азайтты. Қалай болғанда да, биылғы наразылықтар болар еді және олар көбейер еді. «Мұрагер» болмаса, наразылықтар одан да көп болар еді», — деп есептейді Т.Үмбеталиева. Ал адам құқықтары жөніндегі Қазақстандық Халықаралық бюроның директоры құқық қорғаушы Евгений Жовтис наразылықтардың қозғаушы күші негізінен 30-40 жастағы адамдар болғанын атап өтті. Әдеттегідей,

бұл жақсы білімі бар қала тұрғындары. Олар кеңестік заманның азаматтары емес, авторитарлық сыбайлас жемқорлыққа келіспейтінін атап өтті. Сонымен қатар, наразылықтарға жастар «бірте-бірте» қосылып жатқанын атап өтті. «...Жас қазақстандықтар батыста болып, айырмашылықтарды жақсы түсінеді. Егер олар елден кетпеуге шешім қабылдаса, олар бір нәрселерді өзгертуге тырысады. Әрине, мұнда ұрпақтар қақтығысы бар. Олар қарттардың билеуінен шаршады». Осылайша, яғни тәуелсіз Қазақстанда тәрбиеленген жастардың құндылықтық бағдарларының біршама айрықша екенін байқап өтуімізге болады [158].

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртуымен сипатталды. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету мемлекеттік деңгейде ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы - мәдени - рухани мол мұрасын игеру, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан - жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру [106, 68].

Сонымен қатар, қазіргі таңда мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысында дәстүрлі құндылықтарға бет бұруды байқап отырмыз. Айтар болсақ, мемлекет басшысы да өз Жолдауында бұл мәселеге ерекше назар аударған.

– Ең алдымен қазақ хандығы кезіндегі саяси шешімдердің халықпен бірге бірлесе отырып, ақылдасып қабылдағаны, демек бірлікке негізделген дала демократиясының дәстүрін жаңғырту қажеттілігі аталған;

– Одан кейін, жоғарыда атап өткеніміздей, құрылтай жиынын жаңғырту мәселесі алға қойылды. Демек, бүгінгі күні қызметін атқарып отырған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына кеңейтілген жалпыхалықтық түрде Ұлттық құрылтайды құру міндеті қойылды. Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастырып, билік пен халықтың арасындағы дәнекер рөлін атқаруы қажет. Құрамы жағынан, Ұлттық құрылтайға еліміздегі барлық аймақтың өкілдері, сонымен қатар, Парламенттің бірқатар депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың мүшелері, беделді қоғам қайраткерлері, өндіріс және ауыл шаруашылығы еңбеккерлері, бизнес өкілдері және тағы басқа азаматтар кіреді. Осылайша, сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасады. Ұлттық құрылтай мүшелері маңызды мәселелерді талқылау үшін тұрақты түрде бас қосып отырады;

– «Нұр Отан» партиясының XXII кезектен тыс шақырылымында партия атауын Парламент Мәжілісінің спикері Ерлан Қошанов «Аманат» деп өзгертуін ұсынған болатын. Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаев бұл бастаманы қолдап, «аманат» тәуелсіздіктің өшпес мұраттарын, қуатты мемлекеттілік пен жалпыұлттық бірлік құндылықтарын, ата - бабаларымыз мұра етіп қалдырған Отанымыздың шексіз кеңдігін бейнелейтінін атап өткен болатын: «Осы қастерлі

құндылықтарымызды сақтап, болашаққа мирас етіп, мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы осында» деп айтқан болатын.

– Ұлы данышпандарымыз дүниеге келген киелі өлкені қайта жаңғырту мақсатында Семей аймағында Абай облысын құру;

– Кең байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың тарихымыздағы ерекше орны ескеріліп, ел тағдыры шешілген ұлы жиындар өткен Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру;

– Алматы облысының екіге бөлініп, Жетісу және Алматы облыстарының құрылуы, мұндағы Алматы облысының орталығы болатын Қапшағай қаласының да атауын өзгертіп, Дінмұхамед Қонаевтың есімін беру туралы ұсынысы айтылған

– Белгілі қоғам қайраткері, саясаттанушы Санжар Боқаев та өзінің электронды «Намыс» атты партиясын құру туралы жариялаған болатын. Мұнда да «намыс» деп атауында үлкен тарихи мән бар. Мәселен, қазақ халқында айтылғандай, «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді», «Ел намысы – ер намысы», «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Ат – шабысымен, ар – намысымен» мұндағы дәстүрімізде осы намыстың қаншалықты жоғары мәнге ие екенін байқауымызға болады.

Әрине, түйіндей келе, заманауи қоғамында дәстүрлі құндылықтардың жаңғыртуы мемлекеттік саясатымыздың да, қоғамдағы да күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі екенін атап өткеніміз жөн.

Қазақстандық зерттеуші Г.Әбдірайымованың пікірінше, Қазақстан Республикасындағы құндылықтардың қайта өзгеруі елдегі болып жатқан саяси, әлеуметтік, мәдени және экономикалық реформалардың өткізілуімен тікелей байланысты. Сонымен қатар, жаһандану және мәдени идентификация жолдарын іздестіру шеңберінде қазақстандық өркениеттің мәні өзекті мәселе болып отыр. Ол өркениет дамуының өзіндік ұлттық идеясын қамтуы қажет. Бұл өз кезегінде мемлекеттің дамуын анықтайтын принциптер, қоғамдық құндылықтар дамуының үлгісі болып табылады. Демек, құндылықтарды қайта қарау барысында, оның қоғамдық санасының барлық салаларын қамтитынын атап кеткеніміз жөн. Бүгінгі күні біз қазақстандық өркениетінің даму шеңберінде жаңа идея мен жаңа қоғамды иеленіп отырмыз. Сондықтан құндылықтық жүйенің жаңа шеңберін анықтау үшін, құндылықтар өзінің мәнін жоғалтпайтын шекараны айқындауымыз қажет [159].

## 2.2 Әлеуметтік-экономикалық өркендеу және модернизация үрдісі саяси құндылықтардың трансформациялану факторы ретінде

Модернизация түсінігі саясаттануда әлеуметтік - экономикалық және жалпы қоғамның дамуын сипаттау мәнінде қолданылады. Сонымен қатар, модернизация заманауи индустриалды қоғамның дамуының әртүрлі кезеңдерін, дамушы мемлекеттердің дәстүрліліктен өндірістік мемлекетке өту процесін білдіреді. Саяси модернизация концепциясының қалыптасуы 1950 жылдардан бастау алып, Батыс мемлекеттерінің дамушы мемлекеттерге қатысты саясатты әзірлеу мәселесінен туындады. Оның негізі болып модернизация теориясы алға

қойылды, яғни даму бағыты - дәстүрлі қоғамнан рационалдылыққа өту, ғылыми - техникалық прогресс, әлеуметтік - құрылымдық өзгерістер, нормативті және құндылықтық жүйелерді қайта құру. Дегенмен, модернизацияның әртүрлі түсініктері бар, бірақ ортақ болып мемлекеттің, аймақтың «даму қалпынан» артта қалуымен анықталады. Сонымен қатар, мұндай даму қалпы ретінде батыстық құндылықтарды білдіретін қоғамдық өмір сипаттары анықталады. Алғашқыда, модернизация артта қалған Азия, Африка, Латын Америка елдерінің дамыған мемлекеттерден технологиялар мен әлеуметтік ұйымдастыру әдістерін тасымалдау болды. Демократизация процесі дамыған елдердің қалыптасқан және қызмет ететін саяси институттар мен құндылықтарды қоғамға ендірумен айқындалды. Қазіргі таңда модернизация теориясы постоталитарлы елдерде саяси өзгерістер енгізу бағытымен негізделуде. Саяси модернизация теориясының басты мәселесі ретінде өтпелі кезеңдердің саяси жүйелерін сараптауды айтуымызға болады. Саяси модернизацияны анықтау барысында саяси жүйенің өзгеретін қоғамдық шараларының талаптарына жауап бере алу мүмкіндігі. Бұл шаралар өз кезегінде билік және қоғамның өзара әрекеттесудің жаңа сапасының қажеттілігімен, ондағы институттардың жаңа түрлерін құру, саяси құрылымдардың дифференциациясы, заңның үстемдігімен байланысты.

Модернизация қоғамды келесі параметрлер бойынша өзгертуді болжайды:

- әлеуметтік біртектіліктің жоғары деңгейінен әлеуметтік гетерогенділіктің жоғары деңгейіне дейін;
- қарапайым әлеуметтік құрылымнан күрделіге дейін;
- қоғамдық интеграцияның экономикалық емес сипатынан экономикалық интеграцияға дейін;
- сананың біртұтас формаларынан плюрализмге дейін;
- феноменальды тұрақтылықтан тұрақты өзгергіштікке дейін;
- тоталитаризм мен авторитаризмнен демократияға дейін.

Теорияның бірінші кезеңіндегі саяси модернизация келесідей болды:

1. Батыс үлгісі бойынша дамушы елдерді демократияландыру (ұлттық мемлекеттердің құрылуы немесе күшеюі, биліктің өкілді органдарын құру, биліктің бөлінуі, сайлау институтын енгізу);
2. құндылықтар жүйесінің өзгеруі (жеке құндылықтардың дамуы) және билікті заңдастыру тәсілі (дәстүрлі тәсілдер қазіргі заманғы әдістермен алмастырылуы керек).

Модернизация теориясының либералды бағытын жақтаушылар модернизацияның негізгі мазмұны әлеуметтік ұтқырлықты күшейту және халықты саяси қоғамдастыққа біріктіру арқылы ашық әлеуметтік - саяси жүйені қалыптастыру деп түсінілді. Олар халықтың саяси өкілдік жүйесіне тартылу дәрежесін саяси жаңғыртудың басты өлшемі деп санады: жаңғыртудың сипаты мен серпіні еркін элиталардың ашық бәсекелестігіне және қарапайым азаматтардың саяси процеске тартылу дәрежесіне байланысты. Олардың пікірінше, элита мен халық арасындағы диалог пен бұқараны жұмылдыру арқылы тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ету сәтті модернизацияның шарты болды.

Осы бағыттың өкілдері оқиғаларды дамытудың мынадай нұсқаларын бөліп көрсетті:

- қарапайым азаматтардың қатысуынан элиталардың бәсекелестігі басым болған кезде қоғамды дәйекті демократияландыру және реформаларды жүзеге асыру үшін неғұрлым оңтайлы алғышарттар қалыптасады;
- халықтың негізгі массасының белсенділігі төмен болған кезде элиталардың бәсекелестік рөлінің едәуір күшеюі жағдайында авторитарлық режимдерді белгілеу және қайта құруларды тежеу алғышарттары қалыптасады;
- халықтың элита жарысына саяси қатысуының басым болуы охлократиялық үрдістердің өсуіне ықпал етуі мүмкін, бұл режимнің қатаюына және қайта құрулардың баяулауына әкеп соқтырады;
- элиталардың бәсекелестігі мен халықтың саяси қатысуын бір уақытта азайту хаосқа, қоғам мен саяси жүйенің ыдырауына әкеледі, бұл диктатураның қалыптасуына ықпал етеді [160].

Консервативті бағыттың өкілдері модернизацияның басты мәселесі - бір жағынан халықтың жұмылдырылуы, оның саяси емес өмірге қосылуы, Институционализация, олардың мүдделерін артикуляциялау және біріктіру үшін қажетті құрылымдар мен механизмдердің болуы - екінші жағынан. Сонымен бірге, бұқараның басқаруға дайын еместігі, билік институттарын қолдана алмауы, демек, олардың саясатқа қосылудан күтуінің мүмкін еместігі саяси режимді тұрақсыздандыруға ықпал етеді. Консервативті бағыттың пайда болуы модернизацияның екі түсіндірмесін қамтитын элиталық - авторитарлық мектеппен байланысты. Біріншісі экономикалық өсу үшін демократияны құрбан етуге шақыратын «даму диктатурасы» тұжырымдамасымен, екіншісі тәртіп идеясымен байланысты.

Алғаш рет бұл тұжырымдар Huntington «Өзгермелі әлемдегі саяси тәртіп» еңбегінде толық көлемде көрініс тапты, онда автор саяси институттардың модернизациясын олардың демократияландыру деңгейіне байланысты емес, олардың тұрақтылығы мен ұйымдастырылуына байланысты қарастырады. Тәртіпті бақылайтын қатаң режим ғана нарыққа көшуді және ұлттық бірлікті қамтамасыз ете алады. Бұл тәсілдің одан әрі дамуы мен күрделілігін Samuel Huntington «Қиын таңдау: дамушы елдердегі саяси қатысу», онда даму процесі ішкі саяси жүйенің әлеуметтік - экономикалық даму, тұрақтылық, теңдік және қатысу және басымдықтарды таңдау сияқты факторлармен өзара байланысын талап ететіндігін дәлелдейді.олардың үстемдігін ұзартуға мүдделі билеуші элитаның сипатына байланысты [161].

Саяси тәжірибе әлеуметтік дамудағы қазіргі заманғы және дәстүрліліктің біржақты қарсылығын жоққа шығаратын бұл құбылыс туралы неғұрлым күрделі түсінік қалыптастыруға әкелді. Негізгі себептердің бірі дәстүрлі қоғамдардың едәуір әртүрлілігін олардың дәстүрлері қаншалықты кешіктірілгеніне немесе қазіргі заманға көшуді жеңілдеткеніне байланысты анықтау болды. Бұл дәстүрдің әртүрлі элементтерін қарастыруға аналитикалық көзқарасты қажет етті. Дәстүрдің күрделі, жүйелі, қозғалмалы сипатын және оның тарихи жан -

жақтылығын анықтау маңызды болды. Әлемдік өркениеттерге тән күрделі және сараланған реттеу жүйесі шеңберінде:

1. қоғамның біршама ауқымды бірлігі мен орнықтылығын қамтамасыз ететін негіздер;

2. ішкі факторлар негізінде динамикаға, дамуды қамтамасыз етуге қабілетті компоненттер. Модернизация теориясының көптеген зерттеушілері модернизация, керісінше, дәстүрді жоюды емес, модернизация процесінің сипатын анықтайтын, сонымен қатар оны тұрақтандырушы фактор ретінде әрекет ететін дәстүрді қолдана отырып дамуды болжайды деп сене бастады. Дәстүрлі мәдени мұрада «пайдалы» және «зиянды» элементтер бөлінеді. Модернистік парадигманың одан әрі эволюциясы дәстүр мен қазіргі заманның қатаң қарсыласуының сәтсіздігі туралы идеяның таралуында көрініс тапты.

Дәстүрлі байланыстардың үзілуі және дәстүрлі құндылықтардың жоғалуы жаңа құндылықтар мен институттардың тамырлануына емес, ыдырауға, дезориентацияға және хаосқа әкеледі дейді. Тәжірибе көрсеткендей, дәстүр мен қазіргі заман үш түрде өзара әрекеттесе алады:

- симбиоз - өзара оқшауланған сфераларда дәстүрлер мен қазіргі заманның салыстырмалы түрде тәуелсіз өмір сүруін қолдайтын минималды өзара әрекеттесу ретінде, бұл барлық жағынан дәстүрлілікпен қоршалған қазіргі заманғы өмір салттарының анклавтарының пайда болуына әкеледі;
- мәдениет қақтығысы - дәстүрлілікке қарсы модернизация;
- мәдениеттер синтезі - дамушы елдердің әрқайсысына тән қазіргі заманғы және жергілікті ерекшеліктердің өзара бейімделуі.

S.Eisenshtadt жаңғыртудың жаңа парадигмасы мынадай ережелерге негізделеді деп санайды:

- қалыптасқан әлеуметтік - мәдени типтердің қоғамның орнықтылығының, дербестігінің негізі ретіндегі маңыздылығын;
- саяси және экономикалық өмірді реттеудегі құндылық - мағыналық факторлардың тұрақтылығын;
- әр түрлі қоғамдар модернизацияның нақты процестеріне беретін институционалды, символдық, идеологиялық түсіндірулердің үлкен өзгергіштігі [162].

Көп жағдайда ескірген дәстүрлерден туындаған экономикалық және физикалық қауіпсіздіктің төмен деңгейі әлдеқайда қиын өзгереді. Мүдделі элита тарапынан жаңғыртудың қарама - қайшылығы және дәстүрлер кейде осы елдердің дамуына кедергі келтіреді. Жаһанданудың оң салдары елдер мен белгілі бір топтар арасындағы елеулі жанжалдармен толықтырылады, олар оң жақтарын төмендетіп, теріс құбылыстарды туындатады. Атап айтқанда, Inglehart мұндай елдерде басқарудағы авторитаризм, дәстүрлі мәдени нормаларды қатаңдату, ксенофобияның өсуін атап өтеді. Нәтижесінде, жаңғырту баяу жүріп, дамудың төмен деңгейі көптеген жерлерде сақталып отыр [110, 84].

Саяси модернизация мемлекеттің қоғамдық институт ретінде оның демократизациясын және халық алдында әлеуметтік жауапкершілікті қамтамасыз етуін арттырады. Мәдени тұрғыда модернизация дәстүрлі мәдени

құндылықтарды, стереотиптер мен тұжырымдардың трансформациясына тұлға мен адам қорының дамуына алып келеді. Жаһандық коммуникация құралдарының дамуы негізінде, аймақтық интеграция үрдісінің күшеюімен, өркениеттің өзара байланысы мен мәдениеттің жақындасу негізінде қазіргі мемлекеттердің институционалды қайта құруының динамикасы арта түсуде [163].

Әрине әр мемлекет өзінің жеке ерекшеліктерін ескере отырып модернизация процесін жүзеге асыруда, мұнда әр елдің жолы өзгеше. Бірақ сәттілікке қол жеткізген мемлекеттерге ортақ принциптер тән екенін Дүниежүзілік Банктің экономикалық даму комиссиясы атап көрсетті. Оның ішінде:

– бүгінгі таңдағы туындап отырған мәселелерді мүмкіндіктерге айналдыруға бағытталған көпжақты іс - әрекеттерге негізделген интеллектуалы, стратегиялық және саяси ұстанымдар;

– жаңа түрдегі жан - жақтылық, яғни мемлекеттік, жеке, коммерциялық өзара әрекеттесуші субъектілердің озат күштерін біріктіруші механизм; жаңа көпжақтылық мемлекеттік суверенитетті құрметтеу, трансұлттық сипаттағы өзара байланысты мәселелерді шешуді қамтамыз етуге бағытталуы тиіс;

– дамудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бұл бір уақытта қауіпсіздікті дамуды қамтамасыз ету, конфликтіден бейбітшілікке өту және одан кейін тұрақтылыққа кол жеткізу үшін, мұндай шарттар шеңберінде онжылдықтар және одан да артық уақыт ішінде даму процесі енеді. Осылайша, сарапшылар модернизацияның жаңа теориясының қалыптасуын мойындайды. Сәтті модернизация ретінде саяси тұрақтылық, экономикалық тұрақтылық, тиімді мемлекеттік бақылау, модернизацияның қажет екеніне қоғам арасындағы консенсусты атап өтуімізге болады. Мұндай консолидация сырттан төнетін қауіп болған жағдайында да мүмкін, мұндағы консолидациялық рөлді дәстүрлі құндылықтар жүйесі атқарады, ол шетелдік басқарушы модельдерін көшірген жағдайда құндылықтық дағдарыстан арылуға мүмкіндік береді. Samuel Huntington бойынша, «мәдени мән» факторы демократияның дамуын күшейтуге және керісінше бәсеңдетуге ықпал ететін маңызды негіздерінің бірі. Модернизация және демократизация перспективалары халық санасының күйіне, нарық пен саяси демократияның негізгі принциптері мен нормаларын қабылдау және жүзеге асыруына байланысты [164].

Модернизация ұғымы қоғамның екі типін анықтайды: дәстүрлі және жаңа. Дәстүрлі дәуірден қазіргі заманға көшу үдерісі модернизация деп аталады. Кез келген елдің көптеген азаматтары үшін жаңғыру - бұл кешенді реформалау. Оның негізгі мақсаты халықтың жаңа сапалы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Қарапайым азаматтың жаппай санасында жаңғыру - білім экономикасы, инновация және инновациялық даму сияқты құрамдастардың жиынтығы болып табылады. Олар, өз кезегінде, қосымша әлеуметтік кепілдіктер алу мүмкіндігі, әл - ауқатты және әлеуметтік қорғауды арттыру [165].

Сәтті модернизацияға қол жеткізу үшін ең алдымен, әлеуметтік өзгерістермен және олардың барысын қадағалап, қажет жағдайда керекті

өзгерістер енгізіп отыратын тұрақты саяси жүйе және күшті мемлекеттік билік қажет. Samuel Huntington пікірінше, модернизация - адам ойы мен іс - әрекетінің барлық салаларындағы өзгеруімен байланысты көп аспектілі құбылыс. Модернизацияның саясатқа деген әсері әртүрлі болуы мүмкін. Бұл тұрғыда саяси модернизацияның негізгі аспектілерін үш түрлі деңгейде қарастыруға болады.

Соңғы жылдардағы зерттеулер және әлеуметтік - экономикалық даму теориясы екі бәсекелес мектебін тудырды. Бірінші мектеп теориясына сәйкес, жаңғыру нәтижесінде құндылықтардың өзгеруіне, дамуына баса назар аударылды. Бұл мектеп дәстүрлі құндылықтардың құлдырауын және оларды заманауи құндылықтармен алмастыруды болжайды. Екінші мектеп теориясына сай, экономикалық және саяси өзгерістерге қарамастан, дәстүрлі құндылықтарды сақтауды атап көрсетеді. Бұл мектепке сәйкес, құндылықтар экономикалық жағдайларға қатысты тәуелсіз болып келеді. Демек, ол қазіргі заманғы құндылықтардың кейбір жиынтығының айналасында конвергенция екіталай және дәстүрлі құндылықтар экономикалық дамудан туындаған мәдени өзгерістерге тәуелсіз ықпал етуді жалғастыратынын болжайды.

Соғыстан кейінгі Құрама Штаттарда жаңғырту теориясының нұсқасы пайда болды, ол елдің ішкі ерекшеліктерінің: дәстүрлі экономиканың, дәстүрлі психологиялық және мәдени ерекшеліктердің және дәстүрлі институттардың тікелей салдары ретінде әлсіз дамуды қарастырды. Осыған орай, дәстүрлі құндылықтар тек өзгермелі ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы құндылықтармен алмастырылуы мүмкін, бұл осы қоғамдарға капиталистік дамудың жолдарын ұстануға мүмкіндік береді. Осы даму процесінде себеп - салдарлық байланыстар экономикалық, мәдени және әскери көмек көмегімен «артта қалған» ұлттарды жаңғыртуды ынталандыратын бай, дамыған ұлт ретінде қарастырылды. Бұл дәлелдер зардап шегушіні айыптаушы ретінде сынға алынды, өйткені жаңғырту теологтары дамыған қоғамдар дамыған қоғам болу үшін қазіргі заманғы құндылықтар мен институттарды қабылдауға тиіс екенін негізге алды. Жаңғырту теориясының соғыстан кейінгі нұсқасы отаршылдық, империализм және экономикалық және саяси үстемдіктің жаңа формалары сияқты сыртқы факторларды елемеу үрдісі болды.

Американ ғалымдарының пайымдауынша, капиталистік елдерден жасалған сауда және инвестициялар деңгейі жоғары елдер басқа елдерге қарағанда экономикалық өсудің жоғары қарқынын көрсетті. Бүкіл әлемнің деректері экономикалық дамудың шамамен болжамды бағытта қоғамды алға жылжыту үрдісі бар екенін көрсетеді: индустрияландыру кәсіптік мамандануға, білім беру деңгейінің артуына, табыс деңгейінің өсуіне алып келеді және сайып келгенде күтпеген өзгерістерге - еркектердің рөлдеріндегі өзгерістерге, билікке қатысты өзгерістерге; саяси қатысудың кеңеюіне әкеліп соғады. Мемлекет пен қарулы күштерді бақылайтын мақсатты элиталар осы өзгерістерге қарсы тұра алады, бірақ ұзақ мерзімді перспективада бұл қымбатқа түседі және өзгерістер ықтималдығы артады [166].

Жаңартушылық аясындағы дәстүр мен қазіргі заманды әлеуметтік жадының қалыпты және қозғалмалы бөлігі деп қарастыруға болады. Бұл

қырынан алғанда дәстүр – бұл орныққан білімдер, тәжірибе, институттар, қатынастар, құндылықтар, ал қазіргі заман – бұл осы құрамдастардың жаңа бір нәрсеге қол жеткізуге, өзгеруге бағдарланған әлеуеті. Қоғамды жаңарту барысында бұлар өзгерістерге түседі, тарихи әлеуметтік жадының тұрақты константалары болса, жаңарту барысында да өзгеріссіз қала береді. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамы кеңестік дәуірдегі жаңартушылықтан кейін де көптеген дәстүрлі институттары мен қатынас типтерін сақтап қалды. Олар тіпті бүгінгі посткеңестік жаңартушылық барысында қайта жаңғыра бастағандай көрінеді. Бұл, әлеуметтік ұйымның екі типінде де – қауымда да, қоғамда да жүзеге асатын үдерістерді білдіреді. Бұл қарама - қайшы екі үрдіс Қазақстанда да байқалады: бір жағынан дәстүрге ұялаған рушылдық, қандас - туыстық қатынастардың өзектіленуі, шежіреге деген қызығушылықтың оянуы, екінші жағынан, адам мен қоғамды әлемдік экономикалық және саяси кеңістікте аман қалуға мәжбүрлейтін рационалдық қатаң жағдайлар [105, 235].

Жаңғыру теориясының негізгі тұжырымдамасы бойынша экономикалық даму, мәдениет және әлеуметтік - саяси өмірдегі бірізді өзгерістерімен байланысты. Дүниежүзілік мәліметтер экономикалық дамудың қоғамды алға жылжыту үрдісі бар екенін көрсетеді: индустрияландыру кәсіби мамандануға, білім деңгейінің артуына, табыс деңгейінің өсуіне алып келеді. Мемлекет пен қарулы күштерді бақылайтын шешуші элиталар осы өзгерістерге қарсы тұра алады, бірақ ұзақ мерзімді болашақта оның өзгерістер ықтималдығы артады.

Саяси модернизацияның түрлі траекторияларын анықтайтын төрт факторды бөліп көрсетуге болады:

– Дәстүрлі саяси құрылымдар және мәдениет. Олар ерекше тұрақтылыққа ие, саяси жаңғырту процесінде қоғам ие болатын нысанға әсер ете алады;

– Модернизацияның тарихи мерзімдері. Жаңғыртуды бастау мерзімдері оған тәуелді өзгеретін халықаралық жағдай, халықтың жұмылдыру дәрежесі және соның салдарынан мемлекетке түрлі талаптар түрінде жүктемені ұлғайту, сондай - ақ жаңғырту жолына кейінірек кірген мемлекеттер үшін уақыт бойынша неғұрлым қысқа қайта құру мүмкіндігі сияқты басқа да өзгерістердің маңыздылығын айқындайды;

– Саяси басшылықтың сипаты мен бағыты. Саяси көшбасшылар мен саяси элиталар модернизацияның қозғаушы күші болып табылады, бұл үдерістің жылдамдығы мен бағытына әсер етеді, қоғам бетпе - бет келіп отырған дағдарыстарға жауап береді;

– Саяси модернизацияның дағдарыстары, оның ішінде ұлттық бірегейлік дағдарысы, саяси легитимділік дағдарысы, қатысу, интеграция дағдарыстары. Аталған дағдарыстар пайда болатын реттілік және басшылықтың оларды қаншалықты табысты жеңе алатыны саяси жаңғыртудың түрлі нұсқаларын анықтайды.

Саяси модернизацияны зерттеушілердің арасында оған кедергі келтіретін немесе ықпал ететін факторларды анықтау жөнінде бірыңғай көзқарас жоқ. Мысалы, саяси жаңғыру процесінде «оның қоғам өмірінің басқа салаларындағы өзгерістерден артта қалуы» теріс әсер етеді, өйткені мұндай артта қалу

революциялық дағдарыстың себебі болуы мүмкін. Азаматтық қоғам мен саяси мәдениет тез өтіп бара жатқан демократияландыруға дайын емес болуы мүмкін, бұл дағдарыстық жағдайдың және тіпті хаостың пайда болуына әкеліп соғады. Тағы бір жағымсыз фактор ретінде көптеген елдер ішкі қажеттіліктерге емес, жаңа әлемдік болмыстың контекстінде өзін - өзі растауға, қорғаныс қабілетін нығайтуға және өткен жылдардағы әскери зақымданулар үшін моральдық өтемақы алуға, әл - ауқат деңгейі мен беделін көтеруге ұмтыла отырып, жаңғыртуды бастайды. Мұндай жаңғырту үшін сол немесе басқа ортаға қатысты қажетті мақсаттарға қол жеткізу жолдары мен алгоритмдерін есептеу емес, тек сыртқы нәтижелерге еліктеу тән. Нәтижесінде әлеуметтік - мәдени реттеу құндылықтарының бұрынғы жүйесі бұзылады, қоғам тұрақтылығының негізі бұзылады, ал қақтығыстар мен қайшылықтар жаңғыртудың қиын шешілген дағдарыстарына айналады [167].

Жаңғырудың орталық компонентінің бірі діннен рационалды - бюрократиялық билікке өтуі болды. Постмодерннің маңызды компоненті - діни, рационалды - бюрократиялық биліктен қандай да болсын билік пен беделдің рөлін төмендету болды. Себебі, билікке мойынсұну жоғары талаптармен байланысты: индивидтің жеке мақсаттарын кең бұқара мақсаттарына бағындыруына тура келеді. Бірақ ертеңгі күндегі сенімсіздік жағдайында адамдар оған көнеді. Шабуыл қауіпі кезінде, ішкі тәртіпсіздік немесе экономикалық құлдырау кезінде оларды қорғауға қабілетті күшті беделді тұлғаларды іздейді. Керісінше, өркендеу мен қауіпсіздік жағдайлары жалпы плюрализмге және атап айтқанда демократияға ықпал етеді. Бұл ертеден белгіленген заңдылықты түсіндіруге көмектеседі: бай қоғамдар кедей қоғамдарға қарағанда демократиялы. Бұл заңдылықты Lipset атап көрсетті, Мұның себептері күрделі, бірақ негізгі факторлардың бірі - авторитарлық рефлекс қауіпсіздік жағдайында күшті болады. Соңғы уақытқа дейін қауіпсіздік адамның жағдайының маңызды құрамдас бөлігі болды. Тек жақында ғана халықтың көпшілігі өмір сүруге қатысты сенімсіздікті сезінбейтін қоғам пайда болды. Сонымен, заманауи аграрлық қоғам да, заманауи индустриялық қоғам да өмірін сақтап қалу құндылықтарынан қалыптасты. Постмодерн билік пен беделге берілетін мәннің азаюына алып келеді.

Кесте 3 - Қауіпсіздік және кауіп төнетін жағдайында құндылықтардың даму ерекшеліктері

| Бағыттар | Қауіпсіздікке кепілдік болмаған жағдай | Қауіпсіздікке кепілдік бар болған жағдайда |
|---|---|---|
| Саясат | Күшті көшбасшыларға қажеттілік, тәртіптің басымдылығы, ксенофобия, фундаментализм. | Саяси беделдің маңыздылығы аз, өзін - өзі көрсету, саяси қатысудың басымдылығы. жаңашыл - ынталандырушы фактор. |
| Экономика | Экономикалық өсудің басымдылығы, сәттілікке жету ынтасы, жеке және мемлекеттік меншікті қарама - қарсы қою. | Өмір сапасының жоғары басымдығы, субъективті әл – ауқат, жеке және мемлекеттік меншік беделінің төмендеуі. |

| | | |
|---|---|---|
| Дін | Жоғары күштің маңыздылығына баса назар аудару, абсолютті ережелер, болжамға назар аудару. | Діни беделдің маңыздылығы төмен, икемді ережелер, ситуациялық этика, өмірдің мәні мен мақсатына назар аудару. |
| Ескерту - дереккөз [10] | | |

Модерн құндылықтарынан постмодерн құндылықтарына ауысу индустриялық қоғамның көптеген негізгі институттарының біртіндеп құлдырауына алып келеді. Бұл төменде сипатталатын өзгерістер арқылы жүзеге асырылады.

1. Саяси салада постмодерн құндылықтарының жоғарылауы билікке деген құрметті азайтып, қатысу мен өзін - өзі көрсетуге көптеп назар беріледі. Бұл екі үрдіс: авторитарлы қоғамда - демократияландыруға, ал демократиялық болып табылатын қоғамда - партисипаторлық бағытында демократияның дамуына, нақты проблемаларға бағдарлануына ықпал етеді. Бірақ олар билеуші элитаның жағдайын қиындатады. Билікке құрмет эрозияға ұшырайды. Ал жаппай қатысудың өсуінің ұзақ мерзімді үрдісі жалғасып, ол жаңа сипатқа ие болады. Ірі аграрлық қоғамдарда саяси қатысу азшылықпен шектелді. Индустриялық қоғамда жаппай жұмылдыруды элита басқаратын саяси партиялар жүзеге асырды. Бұл демократияландыру жолында үлкен даму болды және оның нәтижесі дауыс беру ретінде саяси қатысудың бұрын - соңды болмаған өсуі болды, алайда жаппай қатысу бұл деңгейден жоғары көтерілмеді. Постмодерн қоғамында дауыс берумен ғана шектеліп қоймай, жаппай қатысудың неғұрлым белсенді және проблемалық түрлеріне ауысып отырады. Бұрын қалыптасқан иерархиялық саяси партияларға жаппай бейімділік төмендейді, «тәртіпті әскер» рөлінде болғысы келмейтін жұртшылық, неғұрлым қатысудың автономды түрлеріне көшті. Демек, сайлауға қатысу бұрынғы деңгейде қалса да немесе төмендесе де, адамдар саясатқа барынша белсенді және анағұрлым ерекше тәсілдермен қатысады. Бұдан басқа, халықтың өсіп келе жатқан сегменті бостандық пен саяси қатысуда экономикалық қауіпсіздікке қол жеткізудің мүмкін болатын құралы ретінде емес, өз - өзіне құнды нәрсе ретінде қарастыра бастайды.

Мәдениет әдетте баяу өзгереді, бірақ ол өзгеріп жатқан ортаның сын - қатерлеріне жауап береді. Әлеуметтік экономикалық ортадағы өзгерістер индивидтердің өмірлік тәжірибесіне әсер ете отырып, жеке деңгейде сенімдердің, позициялар мен құндылықтарының қайта қалыптастасуына ықпал етеді. Мәдениет кенеттен өзгермейді. Адамдардың жасы ұлғайып, әдетте, олар қалыптасқан дүниетанымдық көзқарастарын сақтайды. Демек, қоршаған ортадағы елеулі өзгерістер, әдетте, қалыптасу жылдарында жаңа жағдайларда өмір сүрген ұрпақтарға айтарлықтай әсер етеді. Осы феномен аясында оқиғалардың дамуының ең үздік үлгісі - соңғы бірнеше онжылдықтарда Батыс қоғамдарындағы материалдық құндылықтардан постматериалистік құндылықтарға көшуі. Негізінде тұрғындардың ұрпақ ауысып жатқан, бірте - бірте мәдени ауысуын зерттей отырып, біз оның өсіп - өркендеуі мен құлдырауы кезінде және әртүрлі қоғамның әртүрлі жағдайларында қалай болғанын байқай

аламыз. Мәдениет көп жағдайда өзгерістерге қарсы тұрады - себебі адамдар қоғам институттары дәріптейтін барлық нәрселерге сенуге бейім. Бірақ адамның қарым - қатынасына оның өзінің тікелей тәжірибесі де әсер етеді. Бұл саяси жүйелердің, тіпті тоталитарлық жүйелердің өз мәдениетін қайта құруға мүмкіндігі шектеулі болуының себебі. Адамдар оларға тікелей қатысты болатын аспектілеріне сезгіш болып келеді. Бұл постмодерн құндылықтарына өтуде шешуші болды. Кешірек туылған азаматтар өкілдері өзінің жеке қалыптасу жылдарында өмірді сақтап қалу қаупі қорқыныш тудыратын проблема емес екенін, және олар оны тиісті деп қабылдай алатынын сезінді.

Демократиялық жаңғыру - либерализация, демократияландыру және демократияға дағдылану кезеңдері дәйекті түрде ерекшеленетін жеткілікті ұзақ және күрделі процесс. Мәселен, өткен ғасырдың 60 - 70 жж. тоғысындағы Африканың бұрынғы отарларында, сондай - ақ Латын Америкасы мен Оңтүстік - Шығыс Азия елдерінде саяси реформалау тәжірибесі Конституциялық либерализм тәжірибесінің болмауы ұлтшылдықтың өсуімен, этникалық қақтығыстардың дамуымен және тіпті соғыстардың пайда болуымен байланысты көптеген мысалдар береді. Саяси жаңғыру жолы өте күрделі және белгісіздіктің түрлі жағдайлары, саяси институттар мен әлеуметтік страталар арасындағы әлеуетті қақтығыстар болып табылады. А.А.Караев былай деп жазады: «...кез келген қоғам, әсіресе посттоталитарлық үздіксіз дамуда. Бұл тұрғыда транзиттік жай - күй жай ғана қозғалмалы емес, сонымен қатар даулы жағдайларға ұшырайды». Саяси транзиттің негізгі маңызды сипаттамаларының бірі бола отырып, белгісіздік жағдайы транзиттік елдердегі саяси реформалардың ықтимал жолдарының нұсқалығына себепші бола отырып, демократиялық жаңғыру процестерінде елеулі рөл атқарады. «Үшінші толқын» елдерінің демократиялық жаңғыруын талдау нәтижесінде Е. Шауенов тұрақтылық факторларының негізгі үш тобы ретінде: мемлекеттік және мемлекеттік емес саяси институттар; биліктің заңдылығы мен тиімділігі; қоғамның мәдени - құндылықтық сипаттамаларын атап көрсетті.

Өткен ғасырдың 90 - шы жылдарының басында республикада демократияға көшу күрделі жағдайларда басталды: ел жүйелі әлеуметтік - экономикалық дағдарысты бастан кешірді, оның салдары өнеркәсіптегі құлдырау, гиперинфляция, халықтың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі болды. Демократияландыру үшін басты алғышарттардың бірі ретінде нарықтық экономиканың негіздері болмаған; КСРО ыдырауы нәтижесінде барлық жерде посткеңестік елдерде ұлтаралық қатынастар шиеленіскен. КОКП монополиялық билік жанындағы елде саяси әралуандылық болмаған, көппартиялылық, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар болған жоқ; демократиялық институттардың тарихи қалыптасқан демократиялық дәстүрлер мен жұмыс істеу тәжірибесі болған жоқ.

1990 - 1993 жылдары бір жүйеден екіншісіне өтпелі кезеңнен туған симбиоз болды: республика президентінің билігі коммунистік партияның (1991 жылға дейін) және халық депутаттары Кеңесінің (1993 жылға дейін) билігімен ұштасқан. 1993 жылға қарай жалпы құқықтық алғышарттар жасалды және

азаматтық қоғамның негізгі шеңберлері қалыптастырыла бастады: көп салалы экономика, өзіне тән институттармен саяси және идеологиялық плюрализм, Қазақстанды халықаралық деңгейде біртіндеп мойындады.

1992 - 1995 жж. жергілікті әкімшілік басшысының институты мекемесінен басталған халық депутаттары Кеңестерінің жүйесін демонтаждау жергілікті кеңестердің өкілеттігін қосумен, XII шақырылымның Жоғарғы Кеңесінің өзін - өзі таратуымен және XIII шақырылымның Жоғарғы Кеңесінің қызметін тоқтатумен аяқталды. Бұл тарихи аралық өмірдің барлық салаларында күрделі жағдайлардың күнделікті тәжірибесінің сұраныстарынан туындаған әр түрлі нұсқаларын апробациялаудың неғұрлым драмалық кезеңі болып табылады. Қарама - қайшылық нәтижелерінің бірі Қазақстан Республикасының 1993 жылғы негізгі Заңының дүниеге келуі, содан кейін қоғам оны ұлттық мемлекеттілікті, экономикалық қатынастар мен тіл саясатын сипаттау саласында жекелеген базалық бастауларды қабылдамағаннан кейін, екі жарым жылдан кейін жаңа Конституцияны әзірлеу және қабылдау болды. Қазақстандық қоғамның қарқынды даму жағдайы, макро және микродеңгейлерде дағдарыстық құбылыстардың болуы, әртүрлі мүдделердің күн сайынғы қақтығысы, негізгі мемлекеттік институттарды терең реформалау кезеңінде болу тұрақты Мемлекеттік қызмет қажеттілігін туындады. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда бүкіл халықтық референдумда қабылданған жаңа Конституциясы биліктің бөліну принципі мен тежемелік пен тепе - теңдік тетігіне негізделген бірыңғай мемлекеттік биліктің жұмыс істеуі жағдайында демократиялық жаңғырудың бағдары ретінде либерализмнің базалық бастауларын мәлімдеген. Жан - жақты дағдарыстың шыңы және қоғамдық қажеттіліктердің, саяси және әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі жағдайында жаңа Конституцияда мемлекеттік биліктің оның билік орталығы - республика президентімен барынша шоғырлануының жоғарғы шегі көрініс тапқан.

Саясаттанушы М.Жумагулов ойынша, Қазақстан Республикасының жаңа суверенді мемлекет ретінде қалыптасуының алғышарттарын атай келе, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының алғашқы жылдарында келесідей факторларды назарға алу қажеттілігін көрсетті: жүйелік дағдарыс, мемлекеттік құрылым қайта құрылуы, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтуі, жаңа саяси жүйенің қалыптасуы. Конституциялық құрылымның негіздерін қорғау және Қазақстанның мемлекеттілігін қорғауының механизмдерін күшейткен негізгі элементтерінің бірі мемлекеттің тәуелсіздін, унитарлығымен қатар территориялық біртұтастығын сақтау Конституцияның 2 бөлімінің 91 бабында бекітілді.

Саяси модернизация, біріншіден, бедел рационализациямен тығыз байланысты, көптеген дәстүрлі, діни, этникалық саяси беделдерінің бірегей зайырлы, ұлттық саяси беделімен ауысуы. Мұндай өзгеріс билік органы адамның іс - әрекетінің жемісі екенін білдіреді және жақсы құралған қоғам белсендінің адамзаттық қайнар көзін иемдену қажет және одан келетін бұйрықтар басқа жауапкершілікке қарағанда әлдеқайда маңызды. Саяси модернизация

трансұлттық әсерлерге қатысты ұлт - мемлекеттің сыртқы суверенитетінің және жергілікті, аймақтық билікке қатысты ішкі суверинитеттің бекітуін білдіреді. Ол ұлттық интеграция мен орталықтандыруды білдіріп, яғни биліктің мойындалған ұлттық заң институттарының қолында шоғырлануы.

Екіншіден, саяси модернизация жаңа саяси функциялардың дифференциациясы мен осы функцияларды жүзеге асыру үшін арнайы мамандanған құрылымдардың дамуы. Арнайы құзырет саласы - заң, әскери, әкімшілік, ғылыми - саясат саласынан алшақтатылады, автономды, мамандanған бірақ осы міндеттерді жүзеге асыру үшін бағынышты органдар пайда болады. Әкімшілік иерархия одан да күрделі және тәртіпті болады. Лауазым және құзыретті бөлу тумасынан қандай да бір топқа жату құқығына байланысты емес, жеке жетістіктеріне байланысты болады.

Үшіншіден, саяси модернизация саясатта сан түрлі қоғамдық топтардың қатысуының артуымен байланысты. Саяси белсенділіктің артуы тоталитарлы мемлекеттердегідей билік тарапынан бақылаудың артуы да, кейбір демократиялық мемлекеттердегідей халық тарапынан билікті бақылаудың артуын да білдіруі мүмкін. Бірақ барлық заманауи мемлекеттерде азаматтар басқару процесіне енген болып оның салдарын кезіктіреді. Осылайша, бедел рационализациясы, құрылым дифференциациясы және саясатқа кеңінен қатысу - заманауи қоғамды бұрынғы қоғамнан ерекшелендіреді. Саяси модернизацияның дәстүрлі саяси құрылымнан заманауи құрылымға өту түрі, яғни ол теориялық түрде саяси өзгерістерді қажет ететін бағытты анықтайды.

Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. Мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды. Мемлекеттің басты міндеті де осы. Азаматтар мемлекетке болашақ бар болса, даму үшін, жеке және кәсіби тұрғыдан өсу үшін мүмкіндіктер болса ғана сенім артады. Мемлекет және халық мұны сезініп, бірлесіп жұмыс істеуге тиіс. Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. 2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс [46].

Республикамыздың 1995 жылғы Конституциясында дәйектелген адамның құқықтары мен бостандықтары туралы идеялар кездейсоқ пайда болған жоқ. Бізге жеткен құқық мұралары әлемдік қоғамдастықтың ежелден бері аса маңызды дегендерін халықаралық құқықтық актілерде және тиісті ұлттық

құжаттарда дәйектеу арқылы адам құқықтарына, бостандықтарына ерекше мән беріп келгенін айғақтайды. Мысалы, 1787 жылы қабылданған АҚШ Конституциясы және 1789 жылы Франциянның Ұлттық Жиналысы қабылдаған Адам мен азамат құқықтарының Декларациясы. АҚШ Конституциясы адамның аса маңызды құқықтары мен бостандықтары: ар - ұждан, сөз, баспасөз, бейбіт жиналыстар өткізу бостандығын, азаматтардың жеке бостандығын қорғау құқығын бекітті. Мұндай құжаттардың қатарына халықаралық құқықтық актілер, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы - адамның құқықтары мен бостандықтарын дәйектеудің жаңа кезеңіне арна тартқан құжат. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1948 жылғы 10 желтоқсанда Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын қабылдады. Осы құжат қазіргі таңда да әлемнің барлық елдеріне жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі адастырмас бағдар болып табылады. 1966 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына қатысушы елдер өздері мүлтіксіз орындауға тиесілі келісім - міндеттеме ретінде қол қойған екі Пакт - Азаматтық және саяси құқықтар туралы, сондай - ақ экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пактілер әзірленді [128, 290].

Бүгінгі таңда кейбір жаһандық үрдістер тұтастай халықтардың көзқарасына ықпал ету ұмтылысын байқаймыз, оның ішінде ұлттық - тарихи болмысын, рухани - адамгершілік құндылықтарын өзгертіп, бейтаныс моральдық стереотиптерді қабылдауға да итермелейді. Қазақстандық ғалым З.К.Шаукенова пікірінше, барлық жаһандық дағдарыстардың, олардың салдарының негізінде заманауи азаматтардың құндылықтар бағдарларының дағдарысы жатыр. Демек, мұндай дағдарыстарды алдын - алу қажеттілігі туындауда. Мұндай талап Қазақстан Республикасының стратегиялық ұзақ мерзімді «Стратегия - 2050» бағдарламасының міндеттерінің бірімен сәйкес келуде. Осы орайда бұл стратегияны жүзеге асырушылардың барлығы дұрыс құндылықтр мен құндылықтық бағдарларды басшылыққа алуы тиіс. Ол үшін халыққа жалған құндылықтарға тойтарыс беру мүмкіндігі мен қазақстандық шынайылықтан үзілмейтін құндылықтарды ендіру қажет.

Демократиялық институттар кейбір елдерде дағдарысқа тойтарыс беру мүмкіндіктері бар, ал кейбір елдерде мүмкіндіктері жоқ болып келеді. Американдық саясаттанушы R.Dahl ойынша, саяси лидерлер мен қарапайым азаматтар демократиялық идеялар, құндылықтар мен рәсімдерді қолдаған жағдайда тұрақты демократияның қызметі арта түседі. Мұндай қолдаудың ең сенімдісі демократияға бейімділік мемлекеттің мәдениетінде шоғырланып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін жағдайда маңызды болады. Демек, мемлекет демократияның саяси мәдениетін иеленген жағдайда.

Жалпы, демократиялық институттардың легитимділігі, демократияның консолидациясы кейбір жағдайларға байланысты болады, оның ішінде саяси жүйенің нормативті құрылымының жүзеге асуы, саяси инфрақұрылымның қалыптасуы, элиталық және бұқаралық топтар арасындағы құндылықтық айырмашылықтарды жою, азаматтық мәдениет және жеке қатысу мәдениетінің дамуы, функционалды - тұтас келісімнің дамуы .

Әрбір мемлекет тарихи тұрғыда өзінің құндылықтық бағдарлар иерархиясының ерекше жүйесін қалыптастырады. Осыған байланысты жоғары мемлекеттік құндылықтар номинациясының проблемасы туындайды. Жоғары билік қоғам және өзі қалыптастыратын құндылықтық тұжырымдамаларды халыққа трансляциялау тетігіне ие болуға тиіс. Бұл тұрғыда тек қана Конституция жеткіліксіз болады. Конституциялық мәтіннің құндылық компоненті оның мемлекет заңдарына енуіне, оның қызмет етуінің базалық қағидаттарының декларациясына арналған. Бірақ ол функционалдық түрде ағымдағы мемлекеттік саясаттың аксиологиялық мазмұнын, қауіп - қатерлер мен сын - қатерлерге құндылықтық түрде жауап беруді қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар, ол құндылықтардың дүниетанымдық мағынасын түсіндірумен айналыспайды. Осы мақсатта өзге де қызметтер мен құнды трансляция жолдары жұмыс істейді. Әрбір мемлекет құндылыққа бағытталған құжаттарды өндірудің өзіндік дәстүрін белгілейді [89, 162].

Қоғамдық сананы жаңғырудың негізгі мақсаты – ойды жинақтау, өзіңді өзгерту және өзгеріп отырған жағдайларға қарай бейімделе отырып, жаңа дәуірдің ұсынып отырған нәрселерінің ішінен ең жақсысын алу. Қазақстанның экономикалық және саяси жаңару үдерістерінен табысты өту үшін, мықты және жауапты адамдардан құралған біртұтас ұлт болып қалыптасу.

Қоғамдық сананың жаңа үлгісінің маңызды шарты болып болашаққа нық сенім беретін жеке ұлттық кодыңды, өз мәдениетіңді сақтау және біздің кежегемізді кері тартып, ұлттың дамуына кедергі болатын – көзбояушылық, ысырапшылдық, астамшылық сән - салтанаты, біртұтас ұлттың аймаққа бөлінуі, тамыр - таныстықтан бас тарту саналады. Ұлттық сананың жаңа үлгісі халықтың өткені мен бүгінгісінің және болашағының көкжиегін байланыстыратын тұғырнама болып табылады және ол ұлттық сананың түрлі кереғар жақтарын бітістіруге бағытталған. Тарих көрсеткендей, кез келген ірі ауқымды өзгерістер, қоғамның өзгеруі елдің дамуына қозғаушы күш болған сол кездегі тарихи жағдайда үстемдік еткен идеологиялармен, озық идеялармен тығыз байланысты. Жаңа шынайы өмірде жаңаруға іштей ұмтылу – бұл өзін - өзі сақтаудың және дамудың негізгі ұстанымы. Әлемде табысты жаңғырудың жан - жақты үлгісі жоқ. Түркиядағы Мұстафа Кемаль Ататүрік, Сингапурдағы Ли Куан Ю және Малайзиядағы Махатхир Мохамад сияқты ұлы көшбасшы реформашылар әлеуметтік - экономикалық ілгерілеуді рухани жаңарумен және мәдени құндылықтарды дамытумен байланыстырады. Осы елдердің жетістігінің тарихы, қазақстандық қоғамдық сана реформасының қаншалықты қажет екенін және уақытылы қолға алынып отырғанын көрсетеді. Елдің дамуын жеделдетуге ұмтылу, саяси, экономикалық, қоғамдық және мәдени өмірдің жаңғыртылуын жүзеге асыру осы елдерге алдыңғы қатарлы әлемдік державалардың санатында өздеріне тиесілі орындарын абыроймен иеленуге мүмкіндік берді.

Өткізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері бойынша, Қазақстанда кез келген күрделі полимәдениетті және көпэтникалық қоғамда сияқты әлеуметтік топ арасында қандай да бір әлеуметтік процестер мен институттарға деген көзқарастарында айырмашылықтар бар. Сонымен қатар, әлеуметтік сауалнама

мәліметтерін талдай отырып, бағдарламаға әлеуметтік топтар арасындағы «Рухани жаңғыру» және оның алты жобасына көзқарастарындағы айырмашылықтарды көрдік. Бұл айырмашылықтар әртүрлі әлеуметтік кесімдер бойынша респонденттердің жауаптарында көрінеді, оның ішінде этникалық ерекшеліктер бойынша да байқалады. Респонденттер тарапынан бағалаудың әртүрлілігі бүгінгі күні азаматтар модернизациялық процеске әртүрлі қарқынмен енетінін айқындап отыр. Азаматтардың кейбр бөлігі, мысалы жоғары білімі бар азаматтар кең ақпаратталған және модернизациялық өзгерістерге дайын. Модернизациялық процестерге ену әртүрлі әлеуметтік топтармен олардың өмір сүру салтымен, қандай да бір нақты жобаларды қабылдауымен, қалыптасқан дүниетанымдық және мәдени тұжырымдарына юайланысты болып келеді [169].

Тарихқа сүйенетін болсақ, демократизация үрдісі еркіндік үшін жаппай босату қозғалыстары мен іс - әрекеттер тарапынан қолдау тапқан жағдайда сәтті болғанын айтуымызға болады. Демократизация қарапайым адамдарға азаматтық және саяси еркіндік берумен өзіне тартады. Мұндай мақсат эмансипациялық құндылықтарды ұстанушы, яғни азаматтардың өзін - өзі көрсету мүмкіндері маңызды азаматтар үшін бағалы болып келеді. Мұндай құндылықтардың қалыптасуы туралы айтатын болсақ, олар өмірін сақтап қалу үшін күресу қажеттілігімен байланысты шектеуліктер бәсеңдеген жағдайда адамдарда жеке тәуелсіздік сезімі қалыптастасқан жағдайдың нәтижесінде пайда болады. Мұндай үрдіс авторитарлық жүйе шеңберінде де жүзеге асуы мүмкін. Сонымен қатар, демократиялық құрылыстағы жағдайда тәжірибесі жоқ халықты да демократиялық идеяны қолдауға икемдейді [110, 82].

Сонымен қатар, қазақстандықтардың басым бөлігі тұлғалық, әлеуметтік, кәсіби тұрғыда еліміздің КСРО құрамында болған уақытта қалыптасты. Сондықтан құндылықтық тарапынан осы азаматтар XX ғасырдың 80 - жылдарында немесе тәуелсіз Қазақстан кезінде туылған жастардан. Осыған қоса, басқа елдерден көшіп келген 1 млн. этникалық қазақтардың туған жеріне көшіп келгенін де айтуымызға болады. Осыған қарамастан, мемлекет халықтың белсенді қолдауымен қоғамның консолидациясын қамтамасыз етуге, жалпыұлттық бірлікті сақтау, республиканың барлық азаматтарына ортақ болып келетін құндылықтардың негізінде қазақстандық идентификацияны дамытуға бағытталған саясатын жүзеге асыруда.

Экономикалық деңгейде бұл сауда, тұтас салаларда секторалдық рецессияға себепші болған, саяси деңгейде–халықаралық қатынастар жүйесінің тұрақсыздығына және қақтығыс әлеуетінің кеңеюіне алып келді. Көптеген іргелі қауіп - қатерлер мен деструктивті сипаттағы қауіп - қатерлерді туындататын проблемалар спектрі соншалықты кең, әлемдік қоғамдастық бір жағынан батыс елдері және Ресей мен Қытай арасындағы жаһандық әскери конфронтация немесе жаңа суық соғыс мүмкіндігін шындап талқылайды. Мұндай қауіп - қатерлер халықаралық терроризм проблематикасымен, Таяу Шығыс дағдарысымен, дезинтеграциялық процестердің күшеюімен күрделене түсуде.

Қазақстан экономикалық және саяси сыртқы факторлардың теріс әсерін толық сезінеді. Жаһандық сын-қатерлер жылдам технологиялық дамумен,

сондай-ақ оның адам қоғамына әсерімен туындатады. Цифрландыру, автоматтандыру, роботтандыру және т. б. үдерістерінің өсуі мен тереңдеуіне байланысты жаңа технологиялық шынайылықтың басталуы экономикалық, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге алып келеді, мемлекет алдына білім беру, кәсіптік даярлау, еңбек қатынастары және өзге де салалар жүйелерін бейімдеу және жаңғыру мәселелерін қояды. Жаңғырудың табыстылығы кең бұқараның осы процеске тартылуына, халықтың оның құндылық бағдарлары мен жүзеге асыру тәсілдерін түсінуі мен қолдау деңгейіне, мемлекет пен қоғамның институционалдық өзара іс-әрекетінің тиімділік дәрежесіне байланысты. Қазақстандықтардың мәдени-идеологиялық конвергенциясының және олардың ұлттық бірегейлігін нығайтудың негізгі буыны болып табылатын ұлттық сананы жаңғыртуға қоғам да қолдау көрсетеді. Осымен бір мезгілде жобаларды іске асырудың мәні мен барысы туралы халықты қосымша хабардар ету қажеттілігі анықталады. Этникалық, жас немесе қоныстық кесімдерде халықтың әлеуметтік топтары үшін бағдарлама жобаларының маңыздылығы кім жобаның бенефициары болып табылатындығына жоғары дәрежеде байланысты. Дегенмен, жаңғырту процесі сындарлы бағытта өтіп, барлық әлеуметтік топтардың пікірлері мен мүдделерін ескеруі маңызды, бұл қоғамдық - саяси тұрақтылықты қолдауға мүмкіндік береді [160, 120] .

Қоғамның қазіргі үрдістерін тиімді басқару үшін мемлекеттік құрылымдар оларды уақытылы зерделеуі қажет. Қазақстандық қоғамда болып жатқан құндылықты өзгерістер әлеуметтік үрдістердің маңызды аспектілері болып табылады. Осыдан туындайтын мәселе, кез келген қоғамның құндылықтарын зерделеу академиялық тар шеңбер үшін ғана ғылыми қызығушылық тудырып қоймай, мемлекеттің әлеуметтік үрдістерін басқару аясында маңызға ие [102, 81].

Жалпы Қазақстанда жоғары құндылықты ұстанымдар, өмір сүретін және бейбітсүйгіш идеалдар басым. Қазақстандықтардың көпшілігі отбасылық құндылықтарға, денсаулыққа және шығармашылық еңбекке, рухани адамгершілік идеалдарға өздерінің ықыластарын білдіреді. Ең алдымен, атап өту керек: құндылықтар өзі үшін емес, адамның дамуы үшін өмір сүруге арналған. Бұл дамудың бірнеше негізгі құрамдас бөліктері бар: әл - ауқаты, адамның нақты бостандықтарын кеңейту, адамның және әлеуметтік топтардың іс - қимыл жасау және бағалы нәтижелер алу құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік әділеттілікті арттыру, рухани өсу, адамгершілік даму [28, 45].

Осылайша, қазақстандық қоғам кешенді тұрғыда қазақстандықтардың рухани-моральдық келбетін қалыптастырып, оның өмірлік бағдарын бағыттайтын өзінің құндылықтық - мәндік құрылымдарға ие. Олар өз кезегінде қазақ халқының қалыптасу тарихы туралы көзқарастар, олардың мемлекеттілігі жөнінде, саяси, экономикалық, мәдени, құқықтық және моральдық дәстүрлер мен ұстанымдар республика азаматтарын бірегей қауымдастыққа бірігуіне ат салысады. Қалыптасқан құндылықтар сонымен қоса мемлекетке де ықпал етеді, ол жан - жақты іс - әрекеттерді жүзеге асыру барысында осы құндылықтармен бағдарланып отырады. Әсіресе идеологиялық және ақпараттық салаларда кең

қолданылады. Өз тұрғысынан коммуникативті саясат шеңберінде мемлекет біріншіден, қоғамдағы қалыптасқан құндылықтардың кең таралуына әсер етеді, нақты уақыттық аралықта дамудың жағдайларына орай құндылықтарды жаңа мәнмен толықтырады. Екіншіден, жаңа құндылықтар мен идеалдарды қалыптастырып, оны қоғамдық сананың енуін қамтамасыз етеді. Мұндай жағдай әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өте өзекті мәнге ие болған. Яғни, ескірген құндылықтардың жаңа өзекті құндылықтармен алмастырылу қажеттілігінен туындаған жағдай. Бұл тұрғыда әрине қоғамға қажетті және сапалы құндылықтардың қол жеткізу міндетін айтуымызға болады [57, 74].

Қазіргі таңда қазақстандық қоғам әлеуметтік - экономикалық, мәдени және дүниетанымдық салаларда өзгерістерді бастан кешуде, бұл әлеуметтік институттардың нәтижесі ретінде, халықтың құндылықтарына әсер етеді. Бұл өзгерістер олардың ұлттық сәйкестендіру, патриоттық сезімге қатынастары, негізгі құндылықтар, гендерлік ұстанымдар мен өзге де басты әрекеттерінен көрініс табады.

Тарихи тұрғыдан алғанда, салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде қазақстандықтардың құндылық санасында архаикалық (қалыңдық, барымта, қыз ұрлау) және дәстүрлі құндылықтардан (ислам дәстүр ретінде) қазіргі заманға (зайырлылық, ғылымға деген сенім, білімділік, кәсіптік нализм) түбегейлі өзгеріс болды [170].

Посткеңестік қайта құруларды қоғамның барлық салаларын, сондай-ақ азаматтардың жеке өмірін қамтитын күрделі процесс ретінде қарастырған жөн. Посткеңестік кеңістіктегі саяси және экономикалық өзгерістердің демократияландырудың басқа түрлерімен салыстырғанда ерекшелігі: үшжақты трансформацияға тап боламыз, коммунистік бірпартиялы авторитарлық мемлекеттен көппартиялы демократиялық жүйеге өту; орталықтандырылған жоспарлы командалық экономикадан еркін капиталистік нарықтық экономикаға дейінгі экономикалық транзит; коммунистік және тапсыз деп аталатын қоғамнан шағын саяси және әкімшілік жоғарғы таптан (номенклатура), кең орта тапқа ие қазіргі және ашық қоғамға дейінгі әлеуметтік өзгеріс. Азаматтық қоғамға қатысты да маңызды өзгерістер жасалуы керек еді: Кеңес Одағының ыдырауы ерікті бірлестіктерге, сөз бостандығына, демонстрацияларға және басқа да азаматтық бостандықтарға жол ашты.

Алғашқы еркін парламенттік сайлау-демократиялық ауысудың басталуының маңызды белгісі-барлық елдерде 1990 жылы, КСРО заңды түрде таратылып, өмір сүруін тоқтатқанға дейін өтті. Бір қызығы, содан бері сайлау автократиясына немесе шоғырландырылған автократияға айналған елдерде— Беларуссияда, Қазақстанда және Түркіменстанда - сайлау бірден өтпеді және КСРО ыдыраған нан кейін бірнеше жыл өткен соң ғана кейінге қалдырылды. Бұл жерде елде өткізілетін алғашқы сайлаудың уақыты мен сипаты мемлекеттің жай - күйі мен халықтың азаматтық санасының ажырамас белгісі және болашақ саяси дамудың демократиялық жолын таңдаудың маңызды алғышарты ретінде қарастыруға болады. Бастапқыда саяси көшбасшылардың көпшілігі бұрынғы коммунистік «билік партиясының» жалғасы болды, ол рулық және тайпалық

байланыстар мен субэтникалық бірегейлік өте күшті болып отырған этносаралық және тайпааралық тепе-теңдікті, сондай-ақ көп ұлтты бытыраңқы қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау қабілетінің арқасында халыққа ыңғайлы болды. 1980-ші жылдардың аяғы мен 1990-шы жылдардың басында пайда болған, негізінен ұлтшыл және ислам-демократиялық қозғалыстармен, кейде радикалды және экстремистік мәлімдемелерін ұсынған саяси оппозиция ескі кеңестік саяси элитаға қауіпті балама ретінде қарастырылды.

Жалпы Орталық Азияда пайда болған саяси жүйенің әмбебап түрі-биліктің кең ауқымы атқарушы биліктің қолында шоғырланған президенттік республика болып жариланды. Демократиялық де-юре, іс жүзінде бұл саяси жүйелер авторитарлық басқару элементтерінен тұрады. Биліктің үш тармаққа (атқарушы, заң шығарушы және сот) бөлінуі орталық Азияның барлық бес республикасында ресми түрде болғанымен, заң шығарушы және сот институттары тәуелді және атқарушы органдардың бақылауында еді [171]. Президенттің елеулі өкілеттіктері мемлекет басшысын ұлттың «әкесі» ретінде қабылдайтын (патриархалдық) Орталық Азия қоғамдарындағы тарихи дәстүршілдікті көрсетеді. Посткеңестік саясаттың тағы бір ерекшелігі-бұл әсіресе Орталық Азия үшін өзекті және кеңестік саяси жүйенің мұрасы болып табылатын және осы аймақтағы тарихтағы бұрынғы монархиялық кезең болып табылатын - билікті беру мен элиталарды ротациялаудың демократиялық механизмінің дұрыс қызмет етпеуі, ондағы элиталардың: Әзірбайжанда, Беларуссияда, Қазақстанда, Қырғызстанда, Ресей Федерациясында, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстанда, 1990 жылдары президент әкімшілігіне жаңадан сайланған немесе КСРО кезінен бері қызмет етіп келе жатқан сол саяси көшбасшылар билікте он немесе одан да көп жыл, кейде қайтыс болғанға дейін қалда берді. Бұрын Кеңес басшысын сайлаудың нақты механизмінің болмауы және онымен байланысты демократиялық тәжірибелердің болмауы—халықтың да, саяси элитаның да—сайлауды осы аймақтағы ең алдымен растайтын процедураға айналдырды.

Демократияға бағытталған қадамдар, барлық елдерде жаңа конституциялардың қабылдануымен, парламенттер мен саяси партиялардың құрылуымен, Орталық Азияның барлық елдерінде сайлау өткізумен жүзеге асырылды. Демек, тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдар кеңестік саяси жүйеден біршама ілгерілеушілік пен алшақтықтың куәсі болды. Алайда, кейінірек бұл тенденция әлсіреп, Орталық Азиядағы көптеген мемлекеттер авторитарлық жүйеге көшті. Қазақстанда 1992-1998 жылдар аралығында демократияландырудың қарапайым әрекеттері орын алды. Қазақстан экономикасын қалпына келтіруде айтарлықтай жетістікке жеткенімен (мұнай бағасының да, қазақстандық теңгенің де күрт төмендеуінен туындаған соңғы экономикалық құлдыраумен күрес), саяси жүйенің толық демократиялық басқаруға жетпеді және оның орнына «билеуші отбасының» айналасында билік пен байлықтың шоғырлануы орын алды. Бұл демократиялық тәжірибенің жоқтығын және қалыптасқан санаулы жасалынған тәжірибелердің әлсіздігін көрсетеді. Мұны біз «Freedom House» Қазақстанды «еркін емес» қоғам ретінде анықтағаннан да байқай аламыз. Бұл деректер Орталық Азияның саяси және

азаматтық ахуалының бірнеше жылдық динамикасын көрсетеді. Бостандықтың жалпы деңгейі, саяси құқықтар және азаматтық еркіндіктер әр ел үшін жеке-жеке бағаланады. Әр көрсеткішті талдап, елдер арасындағы салыстырмалы айырмашылықтарды, себеп-салдар байланыстарын және ұзақ мерзімді трендтерді қарастырайық.

Кесте 4 - Орталық Азия аймағы бойынша бостандықтың жалпы көрсеткіштері. Freedom House ұйымының санағы бойынша

| Мемлекеттер | Бостандықтың жалпы көрсеткіші (100 пайыздық көрсеткіш) | Саяси құқықтар | Азаматтық еркіндік |
|---|---|---|---|
| 2024 жыл | | | |
| Қырғызстан | 27/100 | 4/40 | 23/60 |
| Қазақстан | 23/100 | 5/40 | 18/60 |
| Өзбекстан | 12/100 | 2/40 | 10/60 |
| Тәжікстан | 5/100 | 0/40 | 5/60 |
| Түрікменстан | 2/100 | 0/40 | 2/60 |
| 2023 жыл | | | |
| Қырғызстан | 27/100 | 4/40 | 23/60 |
| Қазақстан | 34/100 | 10/40 | 24/60 |
| Өзбекстан | 12/100 | 2/40 | 10/60 |
| Тәжікстан | 7/100 | 0/40 | 7/60 |
| Түрікменстан | 2/100 | 0/40 | 2/60 |
| 2022 жыл | | | |
| Қырғызстан | 27/100 | 4/40 | 23/60 |
| Қазақстан | 32/100 | 11/40 | 21/60 |
| Өзбекстан | 11/100 | 2/40 | 10/60 |
| Тәжікстан | 8/100 | 0/40 | 8/60 |
| Түрікменстан | 2/100 | 0/40 | 2/60 |

Осы зерттеудің нәтижесі бойынша, Орталық Азия елдерінің көпшілігі авторитарлық режимдерге тән сипаттарға ие: билік институттарының орталықтандырылуы, сөз бостандығы мен саяси белсенділікке шектеулер байқалуда. Кейбір өзгерістер ішкі саяси оқиғаларға, билік транзитіне немесе билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне байланысты. Сонымен қатар, бұл талдау осы елдерде демократиялық реформалардың баяу жүріп жатқанын немесе мүлдем жоқтығын көрсетеді. Аймақтағы билік жүйелері әлі де авторитарлық сипатқа ие. Қазақстан мен Қырғызстан ішінара ашықтыққа талпынғанымен, толықтай мақсатына жете қоймады. Түрікменстан мен Тәжікстан сияқты елдерде саяси және азаматтық құқықтар мүлде шектелген.

Батыстың саяси қайта құрулар туралы зерттеулерінің көпшілігі, әдетте, саяси өзгерістердің оңтайлы жолы автократиялық, тоталитарлық Кеңестік Республикадан «консолидацияланған демократияға» дейінгі демократияландыру процесімен сипатталады деген қорытындыға келеді [172]. Сонымен бірге, жергілікті ғалымдар мен басқа посткеңестік елдердің ғалымдары (Мысалы, Ресей) аймақтағы посткеңестік өтпелі кезең қазірдің өзінде

аяқталмады деп есептейді және нәтижесінде «авторитарлық болса да, бірақ егеменді мемлекеттілікті және тәуелсіз сыртқы саяси стратегияны қалыптастырған саяси режимдердің шоғырландырылған жаңа түрлері» деп баға берді [173]. Зерттеушілердің басқа бір бөлігі объективті себептер мен тарихи мұраға байланысты Орталық Азиядағы демократияландыру процесі көшбасшылық тұрақтылықты бейнелейтін, ішкі және сыртқы саясаттың қайнар көзі болып табылатын Азиялық модельге жатады деп мәлімдейді (Кукеева және Шкапяк 2013). Сонымен қатар, заерттеушілердің пайымдауынша, Орталық Азиядағы саяси режимдер «Темірлан жолымен жүрмеген», кеңестік саяси жүйенің шеңберінен шыққан бірақ әлеуметтік артықшылықтарын сақтамаған деп сипаттайды [171].

Еліміздің алдында күрделі міндеттердің бірі болып - мемлекет құру процесін консолидация арқылы жаңа саяси қоғамдастық құру болды. Кеңес Одағының ыдырауы көп жағдайда ұлттық кеңестік республикалардың әлеуметтік және саяси тұрақтылығының негізі болған ұлттық үсті кеңестік бірегейлікті жойдырды. 1991 жылы Кеңестік бірегейлік өзектілігін жоғалтқаннан кейін, орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттеріндегі ескі және жаңа саяси элиталардың алдында мемлекет құру, мемлекеттілік және Мәскеудегі орталық үкімет таратылғаннан кейін пайда болған саяси вакуумды толтыру тәуелсіздіктің жаңа саяси күн тәртібінде өз биліктерінің заңдылығын легитимдеу үшін мемлекет құру, мемлекеттілік және Мәскеудегі орталық үкімет таратылғаннан кейін пайда болған саяси вакуумды толтыру қажеттілігі туындады.

Демократия азаматтардың демократиялық режимді қалыптыстарған кезде орныға бастайды. Азаматтар оны «қаладағы жалғыз ойын» деп қабылдаған кезде демократия тереңірек тамыр жайады [174]. Бұл демократиялық мәдениет тұрғысынан демократияны қолдаудың бұл саласы демократиялық мәдениеттің өмір сүру қабілеті туралы анықталатын мәселенің негізгі «шайқас алаңы» болып табылады) [175].

Зерттеушілер барлық Орталық Азия қоғамдарына баға беру барысында, күшті авторитарлық көшбасшылардың ерекше күшті қолдауымен сипатталатынын атап өтті. Ал бұл жағдайдың себебі неде? деген сұрақ туындайды. Бұл үлгі посткеңестік кеңістіктегі өтпелі кезеңнің басында экономикалық күйзеліс, идеологиялық вакуум және сыртқы осалдық халық үшін дағдарысты тудырған саяси қайта құру процесінің салдары болып табылады Күшті көшбасшы, «ұлттың әкесі» жаңа тәуелсіз мемлекеттерде бейбітшілік пен тұрақтылықты орната алатын құтқарушы ретінде қарастырылды. Осылайша, Орталық Азия қоғамдарының жаппай санасында күшті көшбасшы либералды демократияның қалыптасқан жүйесі бар Батыс елдерінде «деспотизм» мен «озбырлық» ұғымдарымен емес, «тәртіп» пен «тұрақтылық» ұғымдарымен байланыстырылады. Жаңа орталық республикалардың «мықты көшбасшыларының» либералды демократия принциптерінен бас тартуы халықтың арасында наразылық тудырмайды, өйткені, Орталық Азия қоғамдарының күнделікті өмірінде нақты демократиялық бостандықтар мен либерализмге жалпы сұраныс аз. Жалпы, Кеңес Одағының ыдырауы бұл

елдердің жаңа үкіметі алдында кедейлікті, теңсіздікті және жұмыссыздықты азайту, этносаралық бейбітшілік пен әлеуметтік тұрақтылықты сақтау сияқты ерекше міндеттерді қойды [176] .

Ал енді осы трансформациялық кезеңдегі халықтың саяси құндылықтарының ролі мен ықпалын қарастыратын болсақ, американдық зерттеуші R.Inglehart теориясын негізге алуымызға болады. Біздің қазақстандық қоғамдағы азаматтардың құндылықтар жүйесінің құрылымын да талдау осы зерттеу нәтижелеріне негізделген, экономикалық, саяси және мәдени даму бір-бірімен байланысты және үйлесімді түрде жүреді деп тұжырымдады. Урбанизациямен, индустрияландырумен және білім берудің таралуымен байланысты модернизация әлеуметтік-экономикалық ортаны өзгертеді, бұл өз кезегінде адамдардың әлемге деген көзқарасына және олар басымдық беретін ізгіліктерге әсер етеді. Постмодерндік құндылықтар өз кезегінде жаңа қоғамдық өзгерістер әкеледі және демократиялық институттар мен режимдердің орнауына ықпал етеді. Постмодерндік құндылықтар жүйесі бостандық, теңдік, өзін-өзі көрсету, қатысу және ынтымақтастық құндылықтарына көбірек көңіл бөле отырып, либералды-демократиялық саяси жүйенің өркендеуіне сәйкес келетіндігін дәлелдеді. Демократиялық режимді орнату көбінесе оның құрылымдық алғышарттарының (мысалы, еркін және әділ сайлау, демократиялық институттар) пайда болуын талап етсе де, демократияның өркендеуі демократияшыл құндылықтардың халықтың санасына терең енуіне және авторитарлық режимдерге сәйкес келетін құндылықтардан басымдыққа ие болуына байланысты.

Қоғамдағы құндылықтардың өзгеруі ұрпақтар арасындағы құндылықтардың өзгеру процесі арқылы жүреді. Бұл теория белгілі бір жағдайларда өмір сүрудің (материалистік), экзистенциалды және экономикалық құндылықтардың басымдығы автономия мен өзін-өзі көрсетудің (постматериалистік) жаңа құндылықтарына баса назар аударумен алмастырылатындығын көрсетеді. R.Inglehart пайда болған молшылық пен экзистенциалды қауіпсіздік оларды өздерінің материалдық және жеке қауіпсіздігін әдеттегі норма ретінде қабылдауға және оның орнына өзін - өзі көрсету, автономия, сөз бостандығы, гендерлік теңдік, толеранттылық, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық құндылықтарға көбірек көңіл бөлуге итермелейді. Теорияға сәйкес, экономикалық әл-ауқат пен қауіпсіздік деңгейінің өсуімен мұндай постматериалдық құндылықтар ұрпақты алмастыру процесінде халық арасында, әсіресе балалық шағында байлық пен қауіпсіздікте өмір сүрген жас топтар арасында біртіндеп артады. Бостандық, инклюзивтілік және өзін - өзі көрсету құндылықтарын өзектендіру азаматтарды бостандықтарды шектейтін және азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту мүмкіндіктерін шектейтін авторитарлық жүйелерден бас тарту арқылы қоғам мен саяси жүйені ұйымдастыру тәсілдеріне өзгерістер енгізуге итермелейді.

А. Чеботарев атап көрсеткендей, «Қазақстанның саяси кеңістігі әртүрлі құндылықтар мен көзқарастардың үлкен палитрасын шоғырландырды: либералды, консервативті, социал-демократиялық, коммунистік, «жасыл»,

ұлттық патриоттық, пантүрікшілік, монархиялық және т.б. Онымен қоса, олардың көпшілігінде кең әлеуметтік негіз және тиісті партиялар мен өзге де қоғамдық саяси бірлестіктерде көрініс табатын орнықты институционалдылық жоқ» [177].

Қазіргі уақытта жаңа әлеуметтік шындыққа сәйкес келетін құндылық бағдарларын қайта бағалау үрдісі байқалады. Қазақстандықтардың құндылық бағдарларының құрылымында өзгерістер тудырған әлеуметтік-саяси факторлар бірінші кезекте жоғарыда атап өткеніміздей, қазіргі жастарға әсер етті. Қазақстандық жастар посткеңестік қоғамның даму динамикасын зерттеудің маңызды объектісі болып табылады, өйткені ол қоғамның маңызды бөлігі, оның дамуының негізгі тенденцияларын білдіреді және сонымен бірге өткір әлеуметтік қайшылықтар мен проблемалардың көзі және тасымалдаушысы болып табылады. Адамды қоғамға бейімдеу процесі мен нәтижесі құндылықтар жүйесін игеру және өзгерту арқылы жүзеге асырылады. Жас адамның жеке басын қалыптастыру процесінде қоғамда және жеке тұлғаны қоршаған жақын әлеуметтік ортада басым болатын құндылықтардың әсерінен қалыптасатын құндылық бағдарларының белгілі бір жүйесі шешуші рөл атқарады. Тұлға қоғам ұсынатын құндылықтарды таңдамалы түрде «игереді». Құндылық бағдарлары жүйесі біржола алдын-ала анықталмаған; өмір сүру жағдайлары мен жеке тұлғаның өзгеруімен жаңа құндылықтар пайда болады, кейде оларды толық немесе ішінара қайта бағалау жүреді.

Әлемнің барлық елдеріндегі жастар саяси өмірдің маңызды қатысушысы болып табылады. Олардың саяси мінез-құлқы мен белсенділігі жас азаматтардың қандай құндылықтарды басшылыққа алатынына байланысты. Өзіміз білетіндей, 2010-шы жылдардың басындағы «Араб көктемі» іс-шараларының белсенді қатысушысы болған жастар болды. Сондықтан жастардың саясатқа деген көзқарасын, оның қазіргі саяси өмірге қанағаттану дәрежесін зерттеу және талдау өте маңызды. Сонымен қатар, мемлекет Президенті Қ.Ж.Тоқаев өз басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру, отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер, диалог пен азаматтық қатысу дәстүрін дамыту, ынтымақтастығымыз бен бірлігімізге негіз болатын озық құндылықтарды дәріптеу керектігін халыққа жолдаған болатын [178].

Қ.Ж.Тоқаев сайланғаннан кейін 2019 жылдың 2 қыркүйегінде «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру қажеттілігін атап өткен. Бұл концепцияның негізгі мәні билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыру. Мұның негізінде азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайту. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажеттілігі көрсетілген. Осыдан

кейін бұл бағытта біраз жұмыстар атқарылды. Бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекет пен азаматтар арасында келесі байланыс арналары жұмыс істейді.

– «Ашық үкімет» цифрлық жүйесіндегі цифрлық платформалар:

– «Ашық деректер» *data.egov.kz* – ел азаматтары үшін қолжетімді деректер жиынтығын жариялау арқылы мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету.

– «Ашық диалог» *dialog.egov.kz* – мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарына өтініштер қабылдау.

– «Ашық НҚА» *legalacts.egov.kz* – нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау.

– «Ашық бюджеттер» *budget.egov.kz/* – бюджеттік процеске азаматтық қатысу арқылы бюджет қаражатын қалыптастыру мен бөлудің ашықтығын қамтамасыз ету.

– Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау https://*evaluation.egov.kz/* арқылы мемлекеттік органдар жұмысының бағалануын табуға болады.

– «Ашық деректер» порталының деректері бойынша, порталда 3,6 мың ашық деректер, «Ашық НҚА» порталында 118,3 мың НҚА жобасы, «Ашық диалог» порталында 483,8 мың өтіш және «Ашық бюджеттер» порталында 157,7 мың бюджеттік бағдарлама жобасы орналастырылды.

– *«E-Otinish»* мемлекеттік органдарға өтініш беру жүйесі өзінің тиімділігін көрсетті.

– Қала әкімдіктерінің сайттарындағы әкімдердің жеке блогтары. Көптеген аудан әкімдері мен өңірлердегі басқарма басшылары азаматтардың өтініштерін қабылдау үшін WhatsApp мессенджерін пайдаланады.

– Ел аумағында мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша 1414 бірыңғай колл-орталығы бар.

– *«iKomek 109»* – Астана қаласы әкімдігінің қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы. Халықтың тіршілігін қамтамасыз ету және қауіпсіздік мәселелері бойынша тәулік бойы өтініштер қабылдайтын елорда тұрғындарына арналған қызмет.

– Интернеттегі әлеуметтік желілерде саяси қызметкерлердің аккаунттары. Мысалы, ҚР Президентінің Facebook, Telegram, Instagram, Twitter-дегі аккаунттары белсенді жұмыс істейді. 2022 жылы ҚР Премьер-Министрі өзінің Facebook аккаунтын ашты. Мәжіліс пен Сенаттың көптеген депутаттары қоғамдық коммуникация үшін әлеуметтік желілерді пайдаланады [179].

Бұл қадамдар қазақстандықтардың онлайн петицияға қол қою белсенділігінің артуына алып келді. Айтар болсақ, қазіргі таңда қазақстандықтар арасында петиция арқылы саяси белсенділікті танытудың формасы артуда. Петициялар азаматтардың билікке жүгінуінің танымал және жиі тиімді нысаны болып табылады. Мәселен, 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалардан кейін бірден Алматы тұрғындары қала әкімі Б.Сағынтаевты қызметінен айыруды талап еткен петиция кейсін қарастырып өтуімізге болады:

*«Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев мырза өз өміріндегі ең маңызды емтиханнан өте алмады-қала үшін қиын күндерде қала тұрғындарын моральдық жағынан да, физикалық жағынан да қолдамады. Ол алматылықтарға үндеумен қарапайым эфирге шыққан жоқ. Біз оны 8 қаңтарға дейін қоғамдық алаңда көрмедік. Бұл өте кеш, мұндай сәттерде Қала 4 қаңтардан бастап лаңкестердің ашуланған тобына шабуыл жасаған кезде баяулауға болмайды. Еліміздің ең үлкен мегаполисінің әкімі 4 күн бойы халықтан жасырынып жүрді. Оның орнына, оның батылдығы жеткілікті болғанын көреміз кадрда қайта пайда болады, жағдай өзінің шарықтау шегіне жеткенде, сіздің ел Президенті ретіндегі әрекеттеріңіздің арқасында құлдырады. Біздің қазіргі қала әкімінің әрекеттері мен әрекетсіздігіне деген көңіліміз жүйелі. Қала тұрғындарының Қоғамдық кеңестегі белсенділігіне қарамастан, Сағынтаев мырза өзінің күн тәртібін барлық бағытта, соның ішінде қала үшін басты құндылық - балалар мен жақындарының қауіпсіздігін жалғастыруда. Сағынтаев мырза ең қиын сәттерде көшбасшы ретінде өзінің толық дәрменсіздік көрсетті. Пандемия кезінде де, террорлық шабуылдар кезінде де» [180].* Осылайша, Б.Сағынтаев мырзаны қала әкімі қызметінен босатуын сұрады. Жалпы түрде, бұл петиция 26654 қол жинады. Нәтижесінде, 2022 жылдың 31 қаңтар күні Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен әкім қызметінен босатылды. Бұл ретте петициялар беруді құқықтық реттеу жөніндегі Заңға Қазақстан Президенті 2023 жылғы 2 қазанда ғана қол қойғанын және тағы жарты жылдан кейін, 2024 жылғы сәуірде күшіне енгенін ескеру қажет. Демек азаматтардың саяси белсенділігінің артуын, билік алдында құқық шеңберінде талаптар қою мәселесінің көтерілуін осыдан байқауымызға болады.

Ел президентіміз Қасым - Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру қажеттілігі де айтылып, Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасақталатынына мән берді. Алайда, эксперттердің айтуы бойынша, гендерлік мәселесімен қатар, меритократиялық шеңберінде сапалықты да арттыру қажеттілігі әлі де болса бар. Бұл Жолдауда қазақстандықтардың жаңа құндылықтары, яғни «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатына, халық арасындағы бірлікке негізделу қажеттілігін атап өтті [181].

Қазақстанның саяси жаңғыруының келесі кезеңі, ел мемлекеттілігінің негізі түбегейлі өзгерген кезде 2022 жылдың 5 маусымында өткізілген ҚР Конституциясын өзгерту жөніндегі жалпы республикалық референдум, онда мемлекет өмірінің болашаққа арналған негізгі мәселелері қарастырылған болатын. Іс жүзінде өзгерістер Негізгі Заңның баптарының үштен біріне әсер етті. Біріншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев жеті жылға созылатын біржолғы Президенттік мерзім туралы түбегейлі шешім қабылдайды. Екіншіден, Президенттің өкілеттіктерін басқа билік институттарына қайта бөлу және соның салдарынан өткен онжылдықтардағыдай «супер президенттік» республика мәртебесінен бас тарту орын алуда. Сонымен қатар, мемлекет басшысы кез-

келген саяси партияға мүшеліктен бас тартады, ал Президенттің туыстарына мемлекеттік қызмет атқаруға тыйым салынады. Үшіншіден, жаңартылған Конституцияда жердің, судың және жер қойнауының Қазақстан халқына тиесілігі туралы бап бекітіледі. Төртіншіден, 1995 жылы таратылған Конституциялық сот қайта құрылды. Осылайша, еліміздің билік ауысуы саяси модернизация процестеріне жаңа қадамдар жасалды.

***Әлеуметтік зерттеу нәтижелері.***

*Заманауи қазақстандықтардың құндылық жүйесі.* Бастапқыда атап өткеніміздей, құндылықтардың сан алуан түрлері бар. Осындағы жалпыадамзаттық, универсалды құндылықтардың ішінде саяси құндылықтардың рөлін анықтау үшін ең алдымен оларды қарастыруымызды жөн көрдік.

Кесте 5 - Заманауи қазақстандықтардың жеке құндылықтарының иерархиясы, орташа балл (7 балдық шкала бойынша)

| Құндылықтар | балл | Құндылықтар | балл |
|---|---|---|---|
| Отбасы қауіпсіздігі | 6,54 | Төзімділік | 5,95 |
| Ата - аналар мен үлкендерді құрметтеу | 6,22 | Өзімен бірге бірегейлікте өмір сүру | 5,93 |
| Отбасы алдындағы міндеттері / борышы | 6,19 | Шығармашылық және өзін - өзі тану | 5,88 |
| Еңбекқорлық | 6,19 | Қоғам алдындағы жауапкершілік | 5,88 |
| Қоғамдағы тәртіп | 6,14 | Ұтымдылық, рационалдылық | 5,86 |
| Жақсы білім | 6,14 | Қоғам алдындағы міндет / борыш | 5,86 |
| Жақын адамға көмек | 6,14 | Пікірлердің әртүрлілігі | 5,79 |
| Жақын достарымен, туыстарымен, әріптестерімен қарым - қатынас | 6,11 | Құдайға сену | 5,69 |
| Достарды, ұжымды қолдау | 6,08 | Мінсіз беделі | 5,63 |
| Теңдік | 6,06 | Мансап | 5,48 |
| Әлеуметтік әділеттілік | 6,04 | Байлық | 5,36 |
| Таңдау еркіндігі | 5,99 | Қоғамдағы жоғары позиция | 5,15 |
| Дәстүрлер | 5,97 | Билік | 4,96 |
| Ескерту - дереккөз [56] | | | |

Бұл құндылықтар жиынтығы консервативтік және тұрақтылыққа бағытталған саяси мәдениетті бейнелейді.

a) Отбасылық құндылықтардың, еңбекқорлықтың, әлеуметтік әділеттіліктің басымдығы қоғамда прагматикалық емес, моральдық және әлеуметтік ұстанымдардың маңызды екенін көрсетеді. Отбасы қауіпсіздігі, ата-аналарды құрметтеу, және отбасылық борыш жоғары бағалануы дәстүршіл қоғамның сипатын көрсетеді. Мұндай қоғамдарда консервативті саяси көзқарастар басым болуы ықтимал.

b) Дәстүрлі құндылықтар мен тәртіпке бейімдік орталықтандырылған, тұрақтылықты қолдайтын билік формасын қолдауға алып келеді. Бұл

авторитарлық басқару үлгісінің сақталуына ықпал етіп, биліктің реформаларға баяу бейімделуіне себеп болуы мүмкін.

c) Теңдік пен әлеуметтік әділеттілікке басымдықтың берілуі қоғамда әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етуге сұраныс жоғары екенін көрсетеді. Әлеуметтік әділеттілікке басымдықтың артуы билікті әлеуметтік реформалар жасауға итермелейді (мысалы, әл-ауқатты жақсартуға бағытталған бағдарламалар, тең мүмкіндіктер саясаты).

Ф.Эберт қоры ұсынған зерттеуге сәйкес, құндылықтардың қандай бағытта дамуында екенін ажыратуымызға болады. Бұл мәлімет Қазақстан қоғамындағы құндылықтар жүйесінің басымдықтарын көрсетіп, саяси және әлеуметтік үрдістерге қалай әсер ететінін талдауға мүмкіндік береді. Берілген құндылықтар саяси басымдықтар, мемлекеттік саясаттағы трендтер мен қоғамның негізгі мәселелері туралы маңызды ақпарат береді.

Кесте 6 - «Бүгінгі күні қазақстандық қоғам үшін ең маңызды деп нені атайсыз?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері. *Ф.Эберт қорының нәтижелері*


| Құндылықтар | % | Құндылықтар | % |
|---|---|---|---|
| Байлық/өркендеу | 44,6 | Қазақ тілін жетілдіру | 15,1 |
| Жемқорлықпен күрес | 44 | Әлеуметтік қорғау | 14,6 |
| Заңдылық және тәртіп | 33,3 | Экология, таза айнала | 13,4 |
| Тұрақтылық | 29,1 | Ер адамдар мен әйел адамдардың теңдігі | 11,6 |
| Теңдік және әділеттілік | 23,6 | Мемлекеттік модернизация | 10,1 |
| Ең дамыған мемлекеттердің қатарына кіру | 21,9 | Адамгершілік нормаларының сақталуы, ұят | 9,6 |
| Қазақстанның тәуелсіздігін, суверенитетін қорғау | 21,3 | Ислам | 9 |
| Мықты отбасы | 20,5 | Ар - намыс, абырой/ намыс | 5,8 |
| Еркіндік | 20,4 | Барлық этникалық топтардың теңдігі | 5,4 |
| Рухани жаңғыру | 17,8 | Түрік әлеміндегі көшбасшылық | 2,1 |
| Дәстүрлердің қайта жаңғыруы | 16,6 | Орталық Азия аймағындағы көшбасшылық | 2 |
| Заманауи әлемге қайта ену | 16,6 | Жауап беруге қиналамын | 0,7 |
| Ескерту - дереккөз [56] | | | |

a) Байлық/өркендеуге басымдықтың жоғары болуы (44,6%) халықтың экономикалық жағдайды жақсартуға басымдық беретінін көрсетеді. Бұл материалдық жетістік пен әлеуметтік өрлеуге деген жоғары сұранысты білдіреді.

b) Жемқорлықпен күрестің (44%) халықтың басты сұраныстарының бірі болуы мемлекеттің басқару сапасына сенімсіздік деңгейін көрсетеді. Азаматтар заң үстемдігін, әділдік пен тәртіптің орнауын талап етеді. Халық биліктен экономикалық реформалар мен жемқорлықты жоюға бағытталған шаралар күтуде. Мемлекеттік басқаруда транспаренттілік пен есеп беру жүйесін күшейту қажеттілігі артуда. Жемқорлықпен күреске сәтті қол жеткізген саяси күштер қоғамдық қолдауға ие болатынын болжай аламыз.

Біздің ойымызша, қазақстандықтардың байлық пен өркендеу таңдауын жасау орынды жағдай. Мәселен, 2020 - 2021 жылғы адам басына шаққандағы шығындар көрсеткішін қарастыратын болсақ, жыл сайын артуда. Қазақстан экономикасының рэнкинг форматындағы мониторингі бойынша Ranking.kz жобасы келесідей көрсеткіштерді ұсынды. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің жанындағы «Әлемдік экономика және саясат» институтының сарапшысы Камилла Ковязина, 2017, 2018, 2019 жылы еліміздің 17 аймағында шамамен 2,5 мың адамды қамтитын жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес «Азық-түлікке қанша ақша жұмсалады?» деген сұраққа дамыған елдерде кірістердің 15 - 20%-ы жұмсалады. Қазақстанда азық - түлікке халықтың тек 11,3% - ы ғана кірістің 25% жұмсайды. Басым көпшілік өз қаражатының төртінші бөлігін, қазақстандықтардың 50% - ы қаражаттың 45% - ын азық - түлікке жұмсаса, 16%-ы шамамен барлық кірістерін жұмсайтыны анықталды. Сонымен қатар, қазақстандықтардың 17% - ға жуығы жалақыдан айлыққа дейін өмір сүреді, 26%-ы жинақтарды жұмсап, қарызға батады. Күтпеген шығындарды несиесіз өтей алмайтындар - 44 %, ақылы дәрігерге - 26 %, өмірге қажетті дәрі - дәрмек сатып ала алмайтынын - 19 % айтты. Респонденттердің 40% - да ақша үнемдеуге ешқашан мүмкіндік болмаған. Қазақстандықтар күтпеген шығын болған жағдайда ақшаны қайдан алады? - деген сұраққа - 45 % несие алу үшін банкке барады, 33% қарызға ақша алады, қосымша табыс көзін іздейтіндер - 30% [182].

***Саясат маңыздылығы және саясатқа қатысу.*** Әдеттегідей азаматтардың саяси құндылықтарын жүйелеу барысында, ондағы саясатқа қызығушылық пен оның маңызын зерттеуден бастау алуымыз қажет деп қарастырдық. *2011 жылы 9%* респондент үшін саясат *«өте қызық»* болса, *2018 жылы одан да төмен 8,6%* құрады. Респонденттердің басым бөлігі, мәселен *2011 жылы – 41,1% «аса қызық емес»* деп жауап берсе, *2018 жылы шамамен артып, 43,7% саясатқа қызықпайтынын* білдірді. Біршама қызығушылық бар деп 2011 жылы – 35% тұрғындары жауап берсе, 14,9% «мүлдем қызықтырмайды» деп жауап берді. Салыстырмалы түрде, 2011 жыл мен 2018 жылғы зерттеу нәтижелері арасында үлкен айырмашылықтар байқалмағанымен, саясатқа деген қызығушылық шамамен төмендегені анықталды.



Сурет 3 – «Саясат Сізге қаншалықты қызық?» деген сұраққа жауап, 2011/2018
Ескерту - дереккөз [153]

Сонымен қатар, жас ерекшеліктерге назар аударатын болсақ, жасы 65 және одан да жасы жоғары азаматтар 20 % көрсеткішпен, саясатты өте маңызды деп атап көрсетті, ал маңызды деп 16-24 жастағы 45,2% респондент жауап берді.

Заманауи қазақстандықтардың саясаттың маңыздылығына табыс деңгейі де әсер етуде. Осылайша, зерттеу нәтижелеріне сәйкес, жоғары табысы бар азаматтар (55,2%) төмен табысы бар азаматтарға (30,5%) қарағанда, саясатты «өте маңызды» және «маңызды» деп санайды. «Аса маңызды емес» және «мүлдем маңызды емес» деп, табысы төмен тұрғындар - 66,9% арасында жоғары көрсеткіштерді байқауымызға болады, жоғары табысы бар азаматтар арасында бұл көрсеткіш – 44% құрады. Саясаттың маңыздылығына табыс деңгейі де байланысты болып отыр.

Ең жиі саяси ақпарат ізденушілер арасында 16-24 жас және 25-34 жас аралығы, ал қазақстандықтардың жасы үлкейген сайын белсенділік біршама төмендеуде. Дегенмен, саяси белсенділіктің жоғары айырмашылықтарын жас көрсеткішінде байқалмады. Демек, құндылықтар жүйесінде бір сабақтастық бар деп те айта аламыз.

Демократияның ең танымал тұжырымдамасы дауыс беру жүйесі арқылы шешімдер қабылдау концепциясына бағытталған: әр адамның бір дауысы бар және өз қалауларын білдіру. Адамның дауысы оның жеке мүдделерін білдіруі мүмкін немесе олар сәйкестендіретін топтың бірі немесе ол жалпы игілік туралы сенімін көрсете алады. Әр түрлі адамдар әртүрлі дәлелді ұстануы мүмкін, алайда, ұжымдық шешімдер дауыс беру арқылы қабылданады [143].

Демократияның негізгі сипаттамаларының бірі – «бір адам, бір дауыс» қағидаты бар барлық азаматтардың заң алдындағы саяси теңдігі. Бұл сипаттама жай декларация болып қалмау үшін демократияның анықтамасына кіретін басқа элементтердің барлығын қамтиды. Бұл, ең алдымен, мемлекет барлық мүдделі адамдар мен топтардың ұстанымдарын, ұмтылыстарын еш кедергісіз білдіруге және жариялауға мүмкіндік беретін нақты белгіленген және жалпы қабылданған рәсімдерге сәйкес әрекет етуі керек. Сонымен қатар, саяси билік құрылымдарын бақылайтын барлық адамдар мезгіл - мезгіл қатаң белгіленген кезеңдерден кейін қайта сайланып, өз сайлаушыларына жауапты болуы керек.

Кесте 7 – «Сіз сайлауға қатысасыз ба?» деген сұраққа жауап нәтижелері.

| Берілген жауаптар | Барлығы, % | Алматы, % | Астана, % | Алматы обл., % | Ақмола обл., % | Ақтөбе обл., % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Әрдайым | 44,7 | 41,5 | 60 | 34,3 | 54,4 | 64,4 |
| Жиі | 36,2 | 40 | 31,4 | 48,2 | 28,1 | 23,7 |
| Ешқашан | 15,2 | 17,8 | 8,6 | 13,9 | 15,8 | 8,5 |
| Білмеймін | 1,4 | 0 | 0 | 0,7 | 0 | 0 |
| Жауап жоқ | 2,5 | 0,7 | 0 | 2,9 | 1,8 | 3,4 |

| | Атырау обл. | Бат. Қазақстан обл. | Маңғыстау обл. | Түркістан обл. | Павлодар обл. | Қарағанды обл. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Әрдайым | 9,5 | 63,6 | 20,9 | 14 | 77,4 | 63,7 |
| Жиі | 38,1 | 27,3 | 53,5 | 57 | 19,4 | 20,6 |
| Ешқашан | 23,8 | 9,1 | 23,3 | 28,1 | 0 | 7,8 |
| Білмеймін | 19 | 0 | 0 | 0,9 | 1,6 | 2,9 |
| Жауап жоқ | 9,5 | 0 | 2,3 | 0 | 1,6 | 4,9 |
| Берілген жауаптар | Қостанай обл., % | Қызылорда обл., % | Шығыс Қазақстан обл., % | Шымкент, % | Солтүстік Қазақстан обл., % | Жамбыл обл., % |
| Әрдайым | 39,7 | 70,7 | 33,3 | 8,1 | 56,8 | 71,6 |
| Жиі | 51,5 | 27,6 | 24,8 | 54,8 | 34,1 | 20,3 |
| Ешқашан | 7,4 | 0 | 32,4 | 37,1 | 4,5 | 4,1 |
| Білмеймін | 1,5 | 0 | 2,9 | 0 | 0 | 0 |
| Жауап жоқ | 0 | 1,7 | 6,7 | 0 | 4,5 | 4,1 |
| Ескерту – дереккөз [133] | | | | | | |

Осы нәтижелерді 2011 жылы өткізілген саулнама нәтижелерімен салыстыратын болсақ, сайлауға қатысушы азаматтар «әрдайым» және «жиі» деп жауап бергендер саны – 85,2% құрады. Сонымен қатар, «ешқашан» қатыспадым деп жауап бергендер – 14,7%. Демек, 2011 жылы мен 2018 жылы арасындағы сауалнама нәтижелерінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады, азаматтардың сайлауға қатысу деңгейін тұрақты деп бағалауымыз жөн.

***Демокартиялық құндылықтардың халық санасында меңгерілуі.***

1991 жылы КСРО-ның ыдырауы және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы Қазақстан азаматтарының мәдени және саяси құндылықтарындағы терең өзгерістерінің орын алуын білдірді. Кеңестік жүйені демократиялық жүйеге айналдырудың кейінгі қиындықтары сенімсіздік пен әлсіздік сезімін одан әрі күшейтті. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан халқының көңіл-күйінде кедейлік пен айырылу тәжірибесі басым болды. Бұл демократиялық мемлекеттің және оның саяси институттарының жаңа формасын қабылдау/қабылдамау дәрежесіне қатты әсер етті.

Қазақстандық зерттеушілер В.Д. Курганская, В.Ю.Дунаев, А.Сагикызы G.Almond және S.Verba саяси мәдениетінің классикалық типологиясына негізделе отырып, Қазақстан азаматтарының саяси санасында саяси-мәдени көзқарастардың парохиалды және субданникалық түрлерінің басым болуы туралы қорытынды жасады. Бұған респонденттердің жауаптары дәлел бола алады. Олардың пікірінше, саяси көзқарастар мен идеялардың қалыптасуына 1) референттік топтардағы тікелей қарым-қатынас шеңбері (парохиалды саяси мәдениетке тән) 2) Мемлекет басшысының атынан саяси билік белгілеген және өрескел бұқаралық ақпарат құралдары түсіндіретін саяси көзқарастар (саяси ақпаратты қабылдау мен игерудің бұл түрі субъективті саяси санаға тән) үлкен әсер етеді. Сонымен қатар, қазақстандық қоғамның саяси әлеуметтенуінің ақпараттық-коммуникативтік базасында, жоғарыда айтылғандай, қоғам қайраткерлерінің, блогерлердің, тәуелсіз талдаушылар мен сарапшылардың

сөздері айтарлықтай ұсынылған. Бұл қазақстандықтардың жаппай саяси санасында саяси шындыққа қатысты сыни-рефлексивті тәсілдер элементтерінің– азаматтық, белсенді-қатысушы саяси мәдениеттің немесе «білікті белсенді азаматтығы» мәдениетінің көрсеткіші бар екендігін айғақтайды [185].

Елімізде адам құқықтарының құрметтелуі артқанын көруімізге болады. Осылайша, 2011 жылы қазақстандықтардың басым бөлігі – *43,5% «шамамен құрмет көрсетіледі»* деп жауап берсе, *2018 жылы 55,1% артты*. Сонымен қатар, *2011 жылы «адамның құқықтарына үлкен құрмет» деп – 18,3%*, ал *2018 жылы 25,1%* жауап берді. Ал, *«аса құрмет көрсетілмейді» деп, керісінше азайып, 2011 жылы* респонденттердің *23% құраса, 2018 жылы 14,9%* құрады.

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, азаматтардың құқықтарының сақталуы ең жоғарғы көрсеткіш Жамбыл (97,3%), Қызылорда (94,9%), Павлодар (91,9%), Ақтөбе (91,5%) аймақтарында көрсетілді. Ал, «аса үлкен құрмет жоқ» және «ешқандай құрмет жоқ» деп жауап бергендер қатарында ең жоғарғы көрсеткіш Атырау (45,2%) және Батыс Қазақстанда (45%) аталып көрсетілді. Одан әрі зерттей отырып, жеке топтардың құқықтарын анықтайтын болсақ, Ф.Эберт қоры ұсынған зерттеу нәтижелеріне сүйенуге болады. Мұндағы келесідей көрсеткіштер айқындалды.

***Саяси құндылықтардың көрінісі: саяси қатысу және саяси белсенділік.***

Әрине, құндылықтар көбінесе адамның мінез - құлқының ерекшелігін және саясат саласындағы таңдауды анықтайды. Құндылық негізінде адамның саясатқа белсенді қатынасы қалыптасады, ол оның мақсатты әрекеттерінде көрініс табады. Саяси мінез - құлық саяси іс - әрекеттің әртүрлі нысандарын қамтиды: дауыс беру, наразылық акциялары, митингілер, шерулер, демонстрациялар, партиялар мен қоғамдық ұйымдар құру. Қазіргі саяси тәртіпке қатысты американдық саясаттанушы Lester W. Milbrath саяси қатысудың екі түрін ажыратады.


– заңмен рұқсат етілген және құқық нормаларымен реттелген саяси әрекеттердің шартты, барлық нысандары (дауыс беру, референдумдар, саяси ұйымдарды құру, олардың іс - әрекеттерін артикуляциялаудың заңды тәсілдері).

– қолданыстағы заңнамамен тыйым салынған және саяси жүйені (санкцияланбаған демонстрациялар, митингілер, тәртіпсіздіктер, бағынбау акциялары) бұзуға бағытталған саяси қатысудың барлық нысандары. Ал жас қазақстандықтар арасында осы саяси белсенділіктің қандай түрі басым екендігін анықтауға тырыстық.

Қазақстандықтардың азаматтық белсенділігінің көрсеткіші ретінде, әртүрлі ұйымдарға мүше болуын атап көрсетуімізге болады. Осы орайда, келесідей сұрақтар зерттелді: «Көрсетілген ұйымдарға белсенді қатысасыз ба, құрамына мүше болып бірақ белсенді қатыспайсыз ба немесе ол ұйымның құрамына мүлдем мүше емессіз бе?» сұрағына жауаптар берілді. 2018 жылғы зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қазақстандықтардың басым бөлігі – *89,7% экологиялық ұйымдарға мүше емес*. Тек 3,9% ғана белсенді және белсенді емес мүше, 6,3% білмеймін деп жауап берді.

Дәстүрлі түрдегі саяси қатысудың бір түрі ретінде саяси партияларға мүше болу. Берілген жауаптарды талдай отырып, 83,2% - мүше емеспін, 9,2% - белсенді емес мүше, белсенді мүше деп 1,6%, ал 6% - білмеймін деп жауап берді. Алайда, бұл орайда біз саяси белсенділік тек осымен шектеледі деп айта алмаймыз. Себебі, қазіргі таңда саяси қатысудың басқа да алуан түрлері бар. Айтар болсақ, петицияға қол қою, ресми институттарға өтініш, интернет желісінде комментарий жазу, саяси оқиғаларды қадағалап отыру және т.б. Дегенімен де, қазақстандықтар арасында саяси партияларға мүше болу саяси белсенділік ретінде деңгейі төмен болып анықталуда [133]. Біздің ойымызша, бұл партиялар арасындағы бәсекелестіктің болмауы, партияға мүше болудың нәтижесінде саяси процестер мен саяси шешімдерге шынайы әсер етудегі сенімділіктің жоқтығынан да туындауы мүмкін.

Жастардың саясатқа деген қызығушылығының төмендігі олардың саяси қатысуының төмендігімен байланысты. Алайда, жастардың волонтерлік қызмет әлеуметтік жобаларға қатысу сияқты азаматтық белсенділіктерде де көрініс табуы мүмкін. Оны да қарастырып өтуді жөн көрдік. Сауалнамаға сәйкес, жас қазақстандықтардың жартысынан көбі *(64,7%) саяси белсенділіктің кез келген түріне қатысқан жоқ*, ал жас азаматтардың *15,7% – ы жастар ұйымдары мен жобаларына, 7,7% – ы еріктілер қозғалысына, 4,5% - ы гуманитарлық және қайырымдылық ұйымдарына қатысты.*




Сурет 4 – «Бейбіт шерулерге қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері 2011/2018

Ескерту – дереккөз [153]


Осыдан туындаған сұрақ петицияға қол қою белсенділігі. Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай, мысалы, 2011 жылы халқымыздың 84% ешқашан қатыспағандығын атап өтсе, 2018 жылы бұл көрсеткіш 71,5% құрады, сол сияқты мүмкін қатысамын деп 2011 жылы 13,9% қазақстандық жауап берсе, 2018 жылы мүмкін қатысатындардың саны біраз артып, 16,1% құрады. Демек, саяси белсенділіктің бұл түрінде біраз ілерлеушілік байқалуда.




Сурет 5 - «Петицияларға қол қоюға қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері

Ескерту – дереккөз [153]

Заманауи қоғамда әлеуметтік желілер саяси қозғалыстарды үйлестірудің құралына айналды. Араб әлеміндегі көтеріліс әлеуметтік медианың наразылықтарды үйлестіруде және адамдарды біріктіруде шешуші рөл атқарғандығын көрсетті [186]. Шынымен де, дәстүрлі түрдегі саяси қатысумен қатар, интернеттегі саяси белсенділік те артуда. Осыған орай, қазіргі таңда қазақстандықтардың интернет желісіндегі саяси іс-шараларды, наразылықтарды ұйымдастыру мәселесіне де көз жүгіртсек.




Сурет 6 - Саяси акцияларды, іс - шараларды, наразылықтарды интернет, әлеуметтік желілер арқылы ұйымдастыру, 2018

Ескерту – дереккөз [153]

Сауалнамаға қатысушылардың 72,5% интернеттегі саяси акцияларға ешқашан қатыспағандығы, 9,5% – мүмкін қатысамын, 8,9% – білмеймін, 4,3% – жауаптан бас тартты және тек 0,7% қазақстандық қатысқанын атап өтті.

Инглхарт құндылықтардың өзгеруі мен адамдардың танымдық қабілеттерін жұмылдыру процестері қатар жүреді деген қорытындыға келді. Бұл елдердің халқы өзін-өзі көрсету құндылықтарына көбірек мән береді, ал білім мен дағдылардың өсуі адамдарға саяси өмірге неғұрлым жоғары деңгейде қатысуға,


олардың өміріне әсер ететін шешімдердің сипатын дербес анықтауға мүмкіндік береді. Кейінірек постматериалистер материалистерге қарағанда саяси наразылықтың дәстүрлі емес формаларына көбірек қатысады деп санайды.

Сауалнамадағы келесі сұрақ бойкотқа қатысу жөнінде, «Сіз бойкотқа қатысқан кезіңіз болды ма, қатыса аласыз ба әлде ешбір жағдайда қатыспайтыңызды белгілеңіз» деген сұраққа жауап. Мұндағы бойкотқа қатысуға дайын емес респонденттер саны 92,6% – дан 2018 жылы 80,1% өзгергені анықталды, 2011 жылы 6% «мүмкін қатысамын» деп жауап берсе, 2018 жылы 11,1% артты. Демек, бойотқа қатысуға дайын респонденттер саны шамамен артқаны мәлім болды.




Сурет 7 – «Бойкоттарға қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері, 2011

Ескерту – дереккөз [153]




Сурет 8 – «Бейбіт шерулерге қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері 2011/2018

Ескерту – дереккөз [153]

Кесте 8 Заңды және бейбітшіл демонстрацияларға қатысу.

| | | 16–24, % | 25–34, % | 35–44, % | 45–54, % | 55–64, % | 65 және жоғары жас, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қатыстым | 2.5% (32) | 5,2 | 2,8 | 1,4 | 2 | 2,2 | 2,5 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қатысуым мүмкін | 18.2% (232) | 18,5 | 15,8 | 20,2 | 15,1 | 22,3 | 21,2 |
| Ешқашан қатыспаймын | 71.5% (912) | 61,5 | 73,7 | 71,5 | 76,9 | 68,7 | 67,5 |
| Білмеймін | 4.9% (63) | 8,9 | 6,2 | 4,3 | 4 | 1,7 | 5 |
| Жауап жоқ | 2.9% (37) | 5,9 | 1,4 | 2,5 | 2 | 5 | 3,8 |
| (N) | 1276 | 135 | 354 | 277 | 251 | 179 | 80 |

Қазақстандықтардың заңды және бейбіт демонстрацияларға қатысу 16-24 жас аралығында байқалды, «қатыстым» деп 5,2%, респондент жауап берсе, «қатыса аламын» деп ең жоғары көрсеткіш 55-64 жас аралығында 22,3% құрады. Алайда, мұнда да біз жас аралығындағы өте үлкен айырмашылық бар деп айта алмаймыз. Осылайша, қазақстандықтардың құндылықтар жүйесінде сабақтастық орын алуда.

Қазақстандықтардың заңсыз, рұқсат етілмеген саяси белсенділік түрлеріне қатысу ықтималдылығы өте төмен екенін байқаймыз. Әрине, бұл тоталитарлық жүйедегі қалыптасқан әдет деп те атап болжауымызға болады. Ал, саяси белсенділіктің рұқсат етілген түрлеріне қазақстандықтар қаншалықты қатысуға дайын екендігін қарастырсақ, халқымыздың *71,5% заңды және бейбіт демонстрацияларға ешқашан қатыспағаны анықталды*, *18,2% мүмкіндігінше қатысуға дайын* екендігі және респонденттердің тек 2,5% қатысқанын атап өтті. Сонымен қатар, жауап бергендердің арасында 4,9% білмеймін және 2,9% жауаптан бас тартты.





Сурет 9 - «Петицияларға қол қоюға қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері

Ескерту – дереккөз [153]

«Мемлекеттік органдарға жүгіну» мәселесі бойынша да сұрақ талданды. Азаматтық қатысу формасы ретінде қазақстандықтардың 51% мемлекеттік органдарға жүгінгендері және жүгінуге дайын екендігін атап өтті. Сонымен қатар «ешқашан» деп - 39,3% респондент жауап берді. Бұл да өзара қатысу деңгейінің шамамен төмен екенін көрсетуде.

Сонымен қатар, саяси іс-әрекеттің бейресми түрлері де кеңінен орын алатыны халықаралық тәжірибеден белгілі. Осыдан, қазақстандықтар қаншалықты бейресми саяси акцияларға қатысатындарына дайын екендерін анықтау мәселесі туындады. Саяси акциялар қатарында, бейресми ереуілдерге

қосылу дайындықтары 2018 жылы 2011 жылмен салыстырғанда біраз артқанын көруімізге болады. Демек, 2011 жылы «ешқашан қатыспаймын» деп – 90,3% жауап берсе, 2018 жылы - 80,5% құрады. Ал, «мүмкін қатысамын» және «қатыстым» деп 2011 жылы – 10,7% қазақстандық атап өтсе, 2018 жылы бұл көрсекіш - 11,2% құрады. Ал осы сұрақтың жауаптарында азаматтардың табыс деңгейі олардың заңды емес іс - әрекеттерге қатысуына әсерін көруімізге болады. Демек, төмен табысы бар азаматтар қатысу ықтималдылығы ең жоғары - 12,4%, ал «ешқашан қатыспаймын» деген респонденттер арасында – жоғары табысы бар азаматар - 89,6% құрады. Демек, осы тұрғыдан табысы төмен азаматтарға көмек көрсету тетіктерінің жасақтау қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар, «қатыстым» деп жауап бергендер арасында төмен және жоғары табысы бар азаматтар арасында бірдей көрсеткіштер байқалды.




Сурет 10 – «Бейресми ереуілдерге қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері, 2018

Ескерту – дереккөз [153]

Кесте 9 - Табыс деңгейіне байланысты заңды емес іс - әрекеттерге қатысу көрсеткіштері, 2018

| Берілген жауаптар | барлығы, % | төмен, % | орташа, % | жоғары, % |
|---|---|---|---|---|
| Ия, қатыстым | 0,5 | 0,8 | 0,4 | 0,8 |
| Мүмкін қатысамын | 10,7 | 12,4 | 11,1 | 5,6 |
| Ешқашан | 80,5 | 81 | 79,8 | 89,6 |
| Білмеймін | 5,5 | 5,8 | 5,1 | 4 |
| Жауап жоқ | 2,9 | 0 | 3,7 | 0 |
| Ескерту – дереккөз [153] | | | | |

Сонымен қатар, *қатысу белсенділігіне білім деңгейі* де әсер етуде. Мәселен, *«қатыстым» деп - 2,7%* және *«мүмкін қатысамын» - 13,7%* деп жауап берген қазақстандықтар арасында ең жоғары көрсеткіш – *білімі төмен азаматтарда* байқалды.

***Мемлекеттік институттарға қатынасы мен мемлекеттің дамуы.***

Кестеде көрсетіліп отырғандай, қазақстандықтар мемлекеттік институттарға сенімділікті жоғары артуда. Айта кететініміз, мұндағы ең төмен сенімділік сот және полицияға тиесілі. Демек, бұл органдардың жұмыстарында бірқатар өзгеріс қажеттілігі туындап отыр.

Кесте 10 - Саяси институттарға сенім білдіру көрсеткіштері

| Ұйымдар | «өте жоғары», % | «жоғары», % | «аса жоғары емес», % | «сенбеймін», % | «білмеймін», % | «жауап жоқ», % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Діни ұйым | | | | | | |
| 2011 | 18,3 | 43,5 | 23 | 15,1 | | |
| 2018 | 41,5 | 37,5 | 16,2 | 3,3 | 1 | 0,5 |
| Сот | | | | | | |
| 2011 | 11,8 | 38,9 | 34,1 | 15,3 | | |
| 2018 | 18 | 44,8 | 29,3 | 5,8 | 1,3 | 0,5 |
| Теледидар | | | | | | |
| 2011 | 15,3 | 48,7 | 27,3 | 8,7 | | |
| 2018 | 17,3 | 46 | 30,4 | 4,9 | 0,8 | 0,6 |
| Үкімет | | | | | | |
| 2011 | 25,5 | 49,3 | 18,9 | 6,3 | | |
| 2018 | 22,1 | 46,5 | 25,2 | 4,1 | 1,5 | 0,7 |
| Парламент | | | | | | |
| 2011 | 19,5 | 47,6 | 22,5 | 10,4 | | |
| 2018 | 21 | 43,6 | 26,6 | 6 | 2,4 | 0,4 |
| Мемлекеттік мекемелер | | | | | | |
| 2011 | 17,4 | 50,1 | 26,4 | 6,2 | | |
| 2018 | 18,9 | 47,5 | 26,5 | 5,3 | 1,2 | 0,7 |
| Полиция | | | | | | |
| 2011 | 10,6 | 39,7 | 36,4 | 13,3 | | |
| 2018 | 17,9 | 47,2 | 28,4 | 5,2 | 0,7 | 0,5 |
| Саяси партиялар | | | | | | |
| 2011 | 11,7 | 43,5 | 33,1 | 11,8 | | |
| 2018 | 16 | 41,4 | 32,7 | 7,1 | 0 | 2,8 |
| Университеттер | | | | | | |
| 2011 | 14,8 | 49,4 | 27,7 | 8 | | |
| 2018 | 18,8 | 47,1 | 27,5 | 4,9 | 1,3 | 0,5 |
| БАҚ | | | | | | |
| 2011 | 10,1 | 42,8 | 35,1 | 12 | | |
| 2018 | 15,8 | 43,5 | 32,9 | 6,5 | 0,8 | 0,5 |
| Әскер | | | | | | |
| 2011 | 21,8 | 50,2 | 21 | 7,1 | | |
| 2018 | 35,3 % | 45,5 | 15,4 | 1,7 | 1,4 | 0,5 |
| Ірі компаниялар | | | | | | |
| 2011 | 9,7 | 47,5 | 34,7 | 8,2 | | |
| 2018 | 10,9 | 41,3 | 37,2 | 7 | 2,9 | 0,7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Банктер | | | | | | |
| 2011 | 12,1 | 42,3 | 33 | 12,6 | | |
| 2018 | 13,2 | 42,1 | 34,5 | 7,4 | 1,8 | 0,9 |
| Қайырымдылық қорлары | | | | | | |
| 2011 | 13 | 45 | 30,7 | 11,2 | | |
| 2018 | 16,3 | 45,3 | 25,4 | 5,3 | 6,2 | 1,5 |
| Әйелдер қозғалысы | | | | | | |
| 2011 | 12,8 | 46,5 | 27,6 | 13,2 | | |
| 2018 | 17,6 | 44,7 | 23,6 | 5,3 | 7,4 | 1,4 |

Қазақстандықтардың алдағы он жылға мемлекеттің мақсаты ретінде маңызды деп танылуы ретінде, халықтың басым көпшілігі «елдегі тәртіптің сақталуын» атап көрсеткен. Бұл бір жағынан дүниежүзіндегі болып жатқан ахуалдар мен қақтығыстармен байланысты болса, екінші жағынан мемлекет тарапынан дәріптелген құндылық деп те қарастыруымызға болады. Өйткені жыл сайынғы Жолдауларда «елдегі тұрақтылыққа» аса маңызды мән берілген. Мұндағы аймақтық бөліністе ең жоғарғы көрсеткіш – Жамбыл облысы (77%), Шығыс Қазақстан (73,3%), Ақмола (70,2%) байқалды. Ал, «маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаған кезде адамдарға көбірек дауыс беру құқығын беру» деген мақсатты қолдауда, ең жоғары Шымкент (40,3%), Қызылорда (36,2%), Алматы (25,2%) өңірлерінде байқалуда. Сонымен қатар, тұрғындар арасында «бағаның өсуіне қарсы күрес» еліміздің мақсаты ретінде танығандар – Атырау (42,9%), Маңғыстау 41,9%), Нұр - Сұлтан (30%). Демократиялық құндылықтыңтың бірі ретінде «сөз бостандығын қорғау» қазақстандықтар арасында салыстырмалы түрде жоғары бағалауға ие емес. Мәселен, Батыс Қазақстан, Түркістан, Павлодар, Шығыс Қазақстанда мүлдем таңдамаған. Ал, ең жоғарғы көрсеткіштер – Қызылорда (19%), Қостанай (17,6%), Маңғыстауда (16,3%) байқалды.

*Кесте 11 Еліміздің алдағы он жылға арналған басым мақсаттары, сауалнамаға қатысқандардың %*

| ***Жауап нұсқалары*** | % |
|---|---|
| Экономикалық өсудің жоғары деңгейі | 30,2 |
| Елдегі тәртіпті сақтау | 12,9 |
| Қылмысқа қарсы күрес | 9,2 |
| Елдің күшті қорғаныс күштері бар екеніне сенімді болу | 8,4 |
| Бағаның өсуіне қарсы күрес | 8,2 |
| Сөз бостандығын қорғау | 6,1 |
| Үкіметтің маңызды шешімдерін қабылдау кезінде адамдарға көбірек дауыс беру | 5,5 |
| Тұрақты экономика | 5,1 |
| Идеялар ақшадан гөрі көп нәрсені білдіретін қоғамға қарай жылжу | 4,5 |
| Аз иесіздендірілген және гуманистік қоғамға қарай жылжу | 0,4 |
| Білмеймін | 7,4 |

| | |
|---|---|
| Басқа | 2,1 |

Осыған байланысты, ел дамуының басымдықтарын бағалауда Қазақстанның қазіргі студент жастары көбінесе *(30,2%)* экономикалық өсудің жоғары деңгейін ең маңызды деп санайтынын атап өту маңызды. Сөз бостандығын қорғау және саяси қатысуды дамыту сияқты демократиялық құндылықтарға келетін болсақ, респонденттердің шамамен 12% - ы ғана басымдыққа ие болды. Осылайша, қазақстандық жастар өздерінің құндылық бағдарларында R.Inglehart моделі бойынша негізінен материалдық құндылықтар (өмір сүру құндылықтары), ал постматериалдық құндылықтарына (өзін-өзі көрсету құндылықтары) әлдеқайда төмен қолдау көрсетеді деген қорытындыға келуімізге болады.

### 2.2.1 Қазақстан жастарының діни құндылықтарының трансформациясы: модернизация контекстіндегі діни идентификация

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қазақстандық қоғам өмірінің барлық салаларында, яғни экономикалық, саяси, әлеуметтік, идеологиялық өзгерістерге ұшырады. Қоғамға түскен өзгерістердің ішінде жаңа бірегейлікті іздеу өте маңызды болғанын атап өткеніміз жөн. Кеңес Одағы халықтың бірегейлігі үшін, жеткіліксіз болса да, тұрақты негізді қамтамасыз етіп, оны шетелде таралған идеялардың алуан түрлілігінен қадағалап отырды. КСРО ыдыраған кезде бұл негіз де құлады. Конституцияның қабылдануымен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялады. Діни саладағы қатынастарды реттеудің құқықтық базасын 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң құрды. 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданды, оған сәйкес «Республиканың әрбір азаматы діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және заңнамаға сәйкес миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы». Осы саладағы құқықтардың кеңеюі көптеген діни қауымдастықтар мен бірлестіктердің қалыптасуына әкелді. Атап айтқанда, ислам діні қайта жаңғырып, исламды ұстанатын адамдардың саны айтарлықтай өсті. 2003 жылға қарай Қазақстанда Ұлттық анықтамалыққа сәйкес 1 652 мұсылман бірлестігі тіркелді, олардың саны өсе берді. Ғибадат орындарының саны айтарлықтай өсті.

Бүгінде елімізде 18 конфессияны қамтитын 3 808 діни бірлестік тіркелген. Оның ішінде 2 673-Ислам, 343-православие, 592-протестант, 86-католик, 60-Ехоба Куәгерлері, 24-Жаңа апостолдық шіркеу, 12 - Криш сана қоғамдары, 7 — еврей, 6 — бахаи, 2 — буддист, 2-Иса Мәсіхтің соңғы қасиетті шіркеулері (мормондар), 1 — мунит. Елімізде барлығы 3592 қолданыстағы культтік қару бар. Оның ішінде 2 683 мешіт, 302 православие храмы, 407 протестанттық дұға ету ғимараты, 108 католик шіркеуі, 57 Иегова куәгерлерінің дұға үйлері, 24 Жаңа апостолдық шіркеудің дұға үйлері, 6 синагога, 2 Бахаи дұға үйлері, 2 «Кришна сана қоғамы» дұға үйлері, 1 будда храмы. Сонымен бірге дәстүрлі емес

бағыттағы діни бірлестіктердің, өз мүшелерін ел заңдарын бұзуға бағыттаған деструктивті сипаттағы заңсыз діни бірлестіктердің белсенділігі артты.

Дін Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде жыл сайын маңызға ие болып келеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мұндай жағдайда ол көбінесе діни өмірден асып кетуге тырысатын тәуелсіз саяси күшке айналады. Сонымен қатар, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауы, биліктің саясаты мен іс - әрекеттеріне қанағаттанбау, рухани-адамгершілік бағдарларының дағдарысы аясында көбінесе бұл азаматтар үшін дін өзін-өзі идентификациялау, әлеуметтену және радикалдану факторларының бірі болып табылады.

Діннің радикализациялану әсеріне жастардың жиі ұшырауы қауіпті, себебі бұл топ қоғамның ең осал бөлігі болып табылады, олардың санасы мен құндылықтар жүйесі, әлеуметтік мәртебесі, жаңа идеяларды іздеуі мен оларды жүзеге асыру мүмкіндіктері қалыптасу процесінде. Сонымен қатар, жастарда тұрақты көзқарастар, әлеуметтік тәжірибе мен білімнің жетіспеушілігі, практикалық іс-әрекетке қатыспаушылық байқалады, бұл өз кезегінде әртүрлі манипуляцияларға осал болуына әкеледі.

Quintan Wiktorowicz діни ілімдердің ықпалына ерекше бейім адамдарды анықтайтын төрт негізгі факторды көрсетеді:

1. **Когнитивтік ашықтық** – индивид жаңа идеялар мен дүниетанымдарға ашық болады;
2. **Рухани ізденіс** – индивид діни идеология арқылы өмірдің мәнін іздейді;
3. **Дүниетанымдық бірлік** – радикалды топ ұсынатын қоғамдық ұстаным ізденуші үшін «мағынасы бар» болып, бастапқы қызығушылығын тартады;
4. **Әлеуметтік** – индивид діни сабақтар мен әрекеттерді басынан кешіреді, бұл оның идентификациясын қалыптастыруға және құндылықтарын өзгертуге ықпал етеді.

Соңғы кездері жастар арасында қоғамның жалпы санына қарағанда, дінге деген қызығушылықтың артуы байқалады, ол жастар мәдениетінің бір бөлігіне айналып, олардың мінез-құлқына әсер етеді.

Дәстүрлі қазақ исламында исламға дейінгі элементтер көп сақталған, әсіресе Өзбекстанның қалаларында және Қырғызстанның оңтүстігіндегі аудандардағы исламмен салыстырғанда, өйткені қазақ халқының ислам дініне қабылдануы XVIII ғасырға дейін жалғасқан. Сонымен қатар, көшпелі өмір салты дінге көбіне рәсімдік сипат берген, ал доктриналық тұрғыдан исламның толыққанды қалыптасуына кедергі келтірген. Қазақстанның оңтүстігінде тұратын мұсылмандарға тән болып табылатын діни білім беру мекемелері, қасиетті орындар мен мұсылмандық көшелік немесе кварталдық комитеттер дәстүрлі қазақ қоғамында болмаған.

Исламның таралуында араб миссионерлерінің рөлі маңызды. Олардың қызметі Қазақстан халқының сунниттік исламды қабылдауына әкелді, бұл бағыт өзінің икемділігімен, либерализмімен және жергілікті әдет-ғұрып заңдарын (адат) кеңінен қолдануымен ерекшеленді. Олардың ұрпақтары — сайидтер мен қожалар XVI—XIX ғасырларда қазақ қоғамында мұрагерлік көшпелі

аристократияны құрды. XVIII—XX ғасырларда бұл екі топқа «қожа» атауы бекіді. Қазақ хандары мен олардың айналасы XVI ғасырда шаманизмнен исламға көшкенімен, олардың басым көпшілігіне XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басына дейін жаңа дінге аз әсер етті. Ресей империясының өкіметі исламизация процесін бастапқыда қолдағанымен, кейінірек оны орыс мүдделеріне қайшы деп қабылдай отырып, қазақтарды орыс православие дініне айналдыруға тырысты. Қазақ жеріне сенімді татар молдалары жіберіліп, мешіттер салынды. Бірақ молдалардың саны көбейіп, исламды насихаттау күшейген сайын, қазақ жерінде мұсылмандық фанатизмнің таралуы байқалды. XIX ғасырдың екінші жартысында исламның ықпалы барлық қазақ халқын қамтыды. Мысалы, Сырым батыр намаз кезінде тұтқындалып, Жанқожа батыр намаз оқып жатқан кезінде қаза тапты.

Қызыл Әскер мен қауіпсіздік күштерінің көмегімен кеңес өкіметі Орта Азиядағы ұйымдасқан дінге қарсы репрессияларды жүргізді. Исламдық құрылымдарды құруға тыйым салынды, себебі олар режимге қауіп төндіретін фактор ретінде қарастырылды. 1920-1930 жылдар аралығында «мәдени шабуыл» кезеңі ретінде есте қалды. Исламдық білім беру, намаз оқу және басқа да діни іс-әрекеттерге тыйым салатын жаңа заңдар қабылданды. Мешіттер жабылды, исламдық мекемелердің мүлкі тәркіленді. Суфилер қатты репрессияларға ұшырап, олардың жетекшілері тұтқындалды. Олар өздерінің ілімдерін таратып отырған діни мектептер жабылды. Мұсылман балаларына исламға қарсы идеялар насихатталып, бұл совет өкіметінің білім саласындағы саясатына айналды.

Алайда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңес үкіметі республикаларда діни рәсімдер мен білім беруге рұқсат беріп, бұл ұлттық саясаттың ажырамас бөлігіне айналды. Бұл саясаттың нәтижесінде этникалық және діни идентификация арасындағы байланыс күшейді. Қазақтардың мұсылмандық идентификациясы ұлттық идентификациямен біртұтас болып кетті. Қазақ мұсылмандарының дәстүрлі практикалары советтік мәдениет түсінігімен байланыстырыла бастады, ал олардың діни идентификациясы ұлттық мәдени мұраның бір бөлігіне айналды. Совет өкіметі кезінде мемлекет бақылауындағы рухани басқармалар санкциялаған діни тәжірибелерден тыс өмір сүрген исламдық тәжірибелер «параллельді» ислам деп аталып, заңсыз деп саналды.

Қазақстандық белгілі саясаттанушы Д. Сатпаевтың пікірінше, Кеңес Одағының күйреуінен кейінгі идеологиялық вакуум деструктивті діни экстремизмнің пайда болуы үшін қолайлы негіз болды. Д.Сатпаев діни экстремизмнің ықпалының үш негізгі «толқынын» атап көрсетеді:

1. **Бірінші толқын** — 1990 жылдары болды және ол қазақстандық студенттердің исламдық елдерде діни оқу орындарында білім алуымен байланысты болды;

2. **Екінші толқын** — 2000 жылдардың басында басталып, Ресейдің Солтүстік Кавказ аймағынан, бұрынғы әскери қақтығыстардың салдарынан, деструктивті діни экстремистік идеялар Қазақстанға енді;

3. **Үшінші толқын** — «Әл-Каида» және «Ислам мемлекеті» сияқты террористік ұйымдардың пайда болуымен байланысты. Сатпаевтың пікірінше,

бұл ұйымдар қазіргі заманғы коммуникациялық құралдарда, әсіресе әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде өздерін жақсы жарнамалауда өте табысты болды және белгілі бір дәрежеде жастар үшін, әсіресе білімсіз және жұмыссыз жастар үшін, тартымды көрінген. Ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстандағы деструктивті діни идеологияларға бейім адамдар саны 20 мыңнан асады. Олардың көпшілігі Атырау, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды облыстары мен Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында тұрады.

Қауіпсіздік саласындағы жетекші сарапшылардың бірі, мемлекеттік хатшы Ерлан Карин, Қазақстандағы радикалды топтардың қылмыспен байланысқан түрлі діни қауымдар мен топтардан тұратынын атап өтті. Радикализацияға ең алдымен әлеуметтік-экономикалық факторлар себепкер болады. Жұмыссыздық, төмен жалақылар, қылмыстың өсуі, жастардың маргинализациясы, коррупция, сондай-ақ көптеген әлеуметтік және саяси институттардың қоғамдағы рөлінің әлсіреуі. Сонымен, Қазақстандағы исламдық радикализмнің таралуының негізгі факторлары ретінде келесі аспектілер анықталады:

1. **Қоғамның маргинализациясы, әлеуметтік-мәдени ортадағы күрт өзгерістер** (ауылдан қалаға көшу, мамандықты өзгерту, оқу орындарына түсу);
2. **Қоғамдық сананың және қатынастардың қылмыстануы** (құқық қорғау органдарына деген сенімнің төмендеуі, қылмыстық авторитеттердің қаһарлануы, жастар арасында «ұрылардың» түсініктерінің кең таралуы);
3. **Діни сауаттылықтың төмен деңгейі** (шектеулі діни білім, «неофиттер» құбылысы, рухани жетекшілердің болмауы, дәстүрлі дін өкілдерінің әлсіз позициялары, дәстүрлі емес бағыттардың белсенді әрекеті);
4. **Ақпараттық фактор** (Интернет —діни білімдердің негізгі көзі ретінде);
5. **Геосаяси фактор** (исламдық радикализмнің кеңеюіне мүдделі күштердің болуы, оның қаржылық, адам ресурстары мен саяси ықпал көздерін кеңейту мақсатында, оның ішінде Қазақстанда да).

Бұл факторлар Қазақстандағы исламдық радикализмнің таралуы мен оның жастарға ықпал етуін тереңдететін маңызды шарттар ретінде қарастырылады. Діни рөлдің өзгеруі адамның және қоғамның құндылықтық бағдарларының өзгеруімен бірге жүреді. Секуляризация, модернизация және басқа да жаһандық үрдістер діни салаға да әсер етеді. Осы контексте дін әлеуметтік институт ретінде қарастырылып, өзі де құндылық ретінде қызмет атқарады. Сондықтан тәуелсіздік жағдайында, діни плюрализм мен көптүрлілікте өскен жастардың өміріндегі діннің рөлін зерттеу аса маңызды.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің ең көп бөлігі — 36,5% — өздерін діни деп санайды, бірақ діни нормаларды сирек сақтайды; 26% — діни, бірақ діни өмірге қатыспайды; жастардың 14% діни қауымның өміріне қатысады және діни нормаларды сақтайды; 6,5% — дінге сенбейді, бірақ сенушілерді құрметтейді; 8% — өздерін діни деп санамайды, бірақ кейде діни орындарға барып, діни нормаларды сақтайды; 3,5% — дінге немқұрайлы қарайды; 1,5% — өздерін атеист деп санайды.

«Соңғы жылдары жастардың көпшілігі дінге бет бұруда. Бұған қалай қарайсыз?» деген сұраққа 38,5% респонденттер бұл үрдісті қолдайтындарын,

20,5% — толықтай қолдайтындарын, 17,5% — жауап беруге қиналғандарын айтқан. 11% респонденттер бұл үрдісті қолдамайтынын, ал 9,5% — толықтай қолдамайтынын білдірді.

Қазақстанда 229 аймақтық ақпараттық-түсіндіру топтары жұмыс істейді, олардың ішінде облыстарда — 20, қалаларда — 49, аудандарда — 160. Бұл топтардың құрамында 2605 маман бар. 2020 жылдың төртінші тоқсанында аймақтық ақпараттық-түсіндіру топтары түрлі форматтағы 4737 іс-шара өткізген, оның 349 807 адамды қамтыған, соның ішінде жастар арасында 2042 іс-шара өткізіліп, 112 407 адам қамтылған. Ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметі негізінен жастар, діндарлар, жұмыссыздар, сотталғандар мен олардың отбасылары, жеке кәсіпкерлер, сауда-сервис саласының қызметкерлері сияқты мақсатты топтарға бағытталған. Осы мәселені біз зерттеуде де қарастырдық.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық жастардың жартысынан көбі — 46% респонденттер қазіргі діни жағдай туралы нақты ақпаратқа ие емес, бірақ жалпы түрде түсінік бар екенін атап көрсетті; респонденттердің 23% діни жағдайды жақсы біледі, себебі олар тұрақты түрде жаңалықтарды оқып, көретінін айтты; 17% респонденттер бұл салаға қызықпайтынын білдірген; ал 8,5% респонденттердің діни жағдай туралы ақпаратқа ие еместігі уақыттың жоқтығымен байланысты екенін атап көрсетті.

«Қазақстанда дін саласын реттейтін заңдарды білесіз бе?» деген сұраққа 58,5% респонденттер «Иә, естігенмін, бірақ толық ақпаратқа ие емеспін» деп жауап берген; 25,5% респонденттер бұл заңдарды білмейді; 12,5% — біледі және 3,5% респонденттер жауап беруге қиналған.

1998 жылы ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңы мен 1999 жылы «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңының қабылдануы терроризм мен діни экстремизмге қарсы күреске Қазақстанда заңдық негіздер қалады. Бұл құжаттар 2005 жылы «Экстремизмге қарсы күрес туралы» Заңымен, 2009 жылы «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы» Заңымен, 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңымен жалғасын тапты. Сонымен қатар, 2020 жылдың төртінші тоқсанында діни салада 76 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Осы істердің 34-і бойынша құқық қорғау органдары әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 453 және 489 баптары бойынша іс қозғады.

«Мемлекеттің діни саясатын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа 67% респонденттер оның тиімді екенін немесе белгілі бір дәрежеде тиімді екенін атап өтті; 17% респонденттер оны тиімді емес деп бағалады. Ерекше атап өтетін жайт, көптеген жастар — 16% — бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

Діни идентификацияға қатысты сұрақ келесідей қойылды: «Келесі адамдар тобының қайсысымен сіз ең алдымен бірлік сезімін сезінесіз?» Сауалнамаға жауап бергендердің көпшілігі Қазақстан азаматтарымен бірлік сезімін 30,5% көрсеткен, туыстарымен 21,5%, достарымен 13,5%, этникалық идентификациямен 7,5%, бірдей ұрпақ өкілдерімен 6% сезімін білдірген, ал ешқандай топпен бірлік сезімін сезінбейтіндер 4% құраған. Діндес адамдармен

бірлік сезімін тек 3,5% респондент көрсетті. Осылайша, жастар арасында тұрақты діни идентификацияның қалыптасуы туралы айту қиын.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда діни бірлестіктер мен ғибадатханалардың саны бірнеше есе артты, сонымен қатар дінге деген қызығушылық, әсіресе жастар арасында, айтарлықтай өсті. Бұл зерттеудің нәтижелері бойынша төмендегідей қорытындылар жасауға болады: Біріншіден, қазіргі жастардың айтарлықтай бөлігі өздерін діни адамдар ретінде санайды, бірақ олар сирек түрде діни нормаларды сақтап, діни өмірге қатысады. Ғибадатқа ешқашан қатыспағандар — 33%, тек арнайы діни мерекелерде ғана қатысқандар — 42,5%. Екіншіден, жастар үшін негізгі ақпарат көзі — Интернет. Діни ақпарат алуда үлкен рөлді жақын туыстар атқарады, бірақ діни мекемелер мен діни әдебиеттердің әсері аз. Интернеттің рөлі алдағы уақытта арта түседі деп болжануда, бұл өз кезегінде онлайн-радикализацияның, жалған діни сенімдердің таралуының және діни бірлестіктердің белсенділігінің артуына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты жастар арасында діни мәселелер бойынша құқықтық мәдениетті арттыру қажет. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 72%-ы діннің олардың өмірінде белгілі бір маңызы бар екенін атап өткен. Алайда, қазіргі жастардың діни сенімдеріне интернет, отбасы және жақын туыстар көп әсер етеді. Көптеген респонденттер басқа әлеуметтендіру институттарының әсерін сезінбейтінін айтты.

Зерттеу барысында жастар арасында азаматтық идентификацияның қалыптасқаны анықталды, одан кейін туыстық бірлік басым. Тек 1% жастар ғана ру мен жүздік бірлікті, тарихи маңызды дәстүрлі құндылықтарды атап өткен. Осылайша, дін жастар өмірінде маңызды орын алады деген қорытынды жасауға болады, алайда ол мәдениет элементі ретінде қабылданады. Жас қазақстандықтар өздерін діни деп санайды, бірақ бұл діни сенімдер діни өмірге белсенді қатысуды білдірмейді. Бұл үрдіс алдағы уақытта артуы мүмкін, бірақ діни сенімдердің тереңдігіне қатысты айту қиын.

### 2.3. Заманауи Тәуелсіз Қазақстан қоғамындағы жас ұрпақтың саяси құндылықтарының ерекшеліктері

Сауалнама нәтижелері бойынша «Сізді саяси жаңалықтар, саяси оқиғалар қызықтырады ма?» деген сұраққа жастардың көпшілігі - 60,8% – кейбір кездері қызығушылық танытатынын атап көрсетті. Бұл көрсеткіш жастардың саясатқа тұрақты түрде емес, жағдайға байланысты қызығушылық танытатынын көрсетеді. Олар үшін саяси жаңалықтар мен оқиғалар негізгі күн тәртібінде тұрмайды, бірақ әлеуметтік немесе экономикалық өзгерістер күшейген кезде назарын аударады. Мұндай үлгі пассивті саяси қатысым деп сипатталады, яғни олар саясатқа тек белгілі бір резонанстық оқиғаларға жауап ретінде мән береді.

Респондеттердің 19,4% – резонанстық оқиғалар болған кезде ғана қызығушылық танытады. Бұл жастар үшін саясат құндылықты немесе тұрақты қызығушылық нысаны емес, олар назарын тек үлкен, қоғамдық резонанс тудырған оқиғаларға аударады. Бұл көрсеткіш билік пен азаматтар арасындағы

сенімнің төмендігін және күнделікті саяси ақпараттың жастарды қызықтыра бермейтінін білдіруі мүмкін. Жастардың басым бөлігінің саясатқа тұрақты түрде қызығушылық танытпайтыны саяси әлеуметтену процесіндегі кемшіліктерді де көрсетеді. Олардың енжарлығы мына себептермен түсіндірілуі мүмкін:

Саяси институттарға сенімнің төмендігі: жастардың кейбірі саяси шешімдердің өз өмірлеріне нақты әсер ететініне сенбейді немесе билікке сенімсіздік танытады.

Ашық саяси платформалардың жетіспеуі: жастар өз ой-пікірлерін білдіретін мүмкіндіктердің аздығы немесе билік тарапынан қысым болуы оларды саясаттан алшақтатады.

Білім беру жүйесіндегі олқылықтар: Саяси сауаттылықтың төмен болуы жастардың саясатқа деген қызығушылығын шектейді. Бұл фокус топ зерттеулерінің нәтижелерінен анықталды.

*«Жастардың Қазақстандағы саясатқа қатысу деңгейінің төмендігінің себептерінің бірі – ақпараттың жетіспеушілігі. Менің көптеген таныстарым белсенді түрде қатысу үшін саяси процестер туралы жеткілікті түрде білмейтіндіктерін жиі айтады. Сондай-ақ, жастар өздерінің дауыстары қолданыстағы саяси жүйесіне шынайы түрде ықпал етпейтінін де сезінуі мүмкін».*

*(магистрант, 22 жаста).*

Сонымен қатар жастар саясатқа төмен қатысуының себебін ұлттық экономикалық дамуымен байланыстырып отыр.

*«Экономикалық жағдайлар жастардың саясатқа қатысу деңгейіне де әсер етуі мүмкін. Сонымен, жастар арасындағы жоғары жұмыссыздық назарды саяси белсенділіктен алшақтататын фактор болуы мүмкін. Шешім қабылдауға қатыспау және саясатқа қатысудың маңыздылығын түсінбеуі [жастардың саясатсыздығының] мүмкін себептері болып табылады».*

*(магистрант, 22 жаста).*

*«Жастардың өз күштеріне сенімсіздігі мен саяси шешімдерге әсер ету мүмкіндіктерінің болмауы. Жастардың ойынша, олардың дауыстары ескерілмейді және олардың пікірлері маңызды емес деп сенеді».*

*(магистрант, 21 жаста)*

*«Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің кейбір ықтимал әлсіздіктеріне пікір білдіру және жиналыс бостандығына шектеулер, азаматтардың белгілі бір топтарының саяси өміріне қатысуға шектеулер, шешімдер қабылдауда ашықтықтың жеткіліксіздігі және ақпаратқа қол жеткізудегі қиындықтар жатады».*

*(магистрант, 21 жаста).*

Бұл мәселені зерттеуде әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Г.С. Әбдірайымованың пікірі маңызды: «жастар жұмыс іздеу, баспана табу және отбасын құру проблемаларына тап болады, сондықтан олардың саясатқа қатысуға уақыты мен қызығушылығы ересек жастағы қазақстандықтарға қарағанда әлдеқайда аз» деген пікірімен бөлісіп, бұл себептің негізін дәлелдеуде. [183].

«Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасының нәтижелеріне сәйкес, жас қазақстандықтар тұтастай алғанда біздің еліміздегі саяси өмірге де, көршілес елдерде болып жатқан процестерге де белсенді қызығушылық танытуының артуы байқалуда [184]. Олардың мәліметінше, әрбір оныншы жас қазақстандық жыл ішінде белсенділіктің қандай да бір нысандарына – жария пікірталастарға қатысудан бастап гуманитарлық көмек пен экологиялық акцияларды жинауға дейін кем дегенде бір рет қатысқандығын мәлімдеді. Сауалнамаға қатысқан *жастардың 20,6% - ы саясатқа тек резонанстық оқиғалар кезінде қызығушылық танытады*, ал *17,8% - ы еріктілер қызметіне мезгіл-мезгіл қатысады деген қорытынды жасады*. Дегенмен, жастардың қызығушылығының артуы азаматтық белсенділіктің артуы мен қоғамдағы өзгерістерге деген сұраныстың өсіп келе жатқанын білдіреді. Бұл өзгерісті тиімді пайдалану үшін билік пен қоғам арасында диалог орнату және жастарға саяси процестерге белсенді қатысуға мүмкіндік беру маңызды.

Сауалнама нәтижелері жастардың назарын әлемдік оқиғалар мен халықаралық саясат көбірек аударып отырғанын көрсетеді. Мұндай тенденция жастардың ақпараттық қызығушылықтары мен құндылықтарында жаһандану процесінің ықпалы бар екенін көрсетеді.

Әлемдік саясатқа қызығушылық – респонденттердің 37,1% құрап отыр. Жастардың әлемдік жаңалықтарға басымдық беруі халықаралық өзгерістердің жылдамдығымен және ақпараттың қолжетімділігінің артуымен байланысты. Қазіргі кезде интернет пен әлеуметтік медиа платформалары арқылы олар әлемнің әр түкпіріндегі оқиғалардан тез хабардар болады. Геосаяси қақтығыстар, климаттық өзгерістер, технологиялық инновациялар және жаһандық дағдарыстар сияқты тақырыптар олардың қызығушылығын оятып отыр.

Елдегі саяси жағдайға қызығушылық – 34,4% құрап отыр: бұл көрсеткіш Қазақстан жастарының ішкі саясатты да назарда ұстайтынын көрсетеді, алайда олардың халықаралық саясатқа көбірек мән беретіні байқалады. Бұл ел ішіндегі саяси процестердің динамикасы мен тартымдылығы төмен болуы мүмкін деген ойға жетелейді немесе билікке сенімсіздік әсер етуі мүмкін.

Аймақтық оқиғаларға қызығушылық – 14,4%. Жастардың аймақтық деңгейдегі жаңалықтарға назар аудармауы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамымауы немесе жастардың өңірлік мәселелерге әсер ете алмайтынын сезінуімен байланысты болуы мүмкін. Жергілікті саясаттың олардың өміріне тікелей ықпалы болса да, бұл қызығушылықтың төмен болуы – саяси әлеуметтену процесінің әлсіздігін көрсетеді.

Жаһандық өзгерістер мен қақтығыстардың ықпалын қарастыра отырып, соңғы жылдары әлемде орын алған маңызды оқиғалар, мысалы, Украинадағы

соғыс, Таяу Шығыстағы тұрақсыздық, климаттық дағдарыстар және халықаралық миграциялық толқындар жастардың назарын аударды. Олар әлемдік үрдістердің елдің ішкі жағдайына тікелей әсер ететінін түсіне бастады.

Ақпаратқа қолжетімділік және медианың әсері де елеулі маңызға ие. Әлеуметтік желілер, жаһандық жаңалықтар арналары, YouTube және Telegram сияқты платформалар жастарға жаңа ақпаратқа тез және кең көлемде қол жеткізу мүмкіндігін береді. Әлемдік ақпараттың ашықтығы жастарды белсенді халықаралық қатысушы ретінде сезінуге итермелейді. Сонымен қатар, кейбір жастар ішкі саяси шешімдерге ықпал ету мүмкіндігінің шектеулі екенін сезінуі мүмкін. Сондай-ақ, бюрократия мен жемқорлық мәселелері саяси қатысымға деген мотивацияны төмендетеді.

Жас қазақстандықтар үшін демократияның құндылығы болып танылатын өз кезегінде адам құқықтарының жағдайын қалай бағалайтынын да қарастырдық. «Бүгінгі таңда біздің елімізде адам құқықтары қаншалықты құрметтеледі?» атты сұраққа жауап қазақстандық студент жастарының арасында көзқарастары оптимистік деп айту қиындау. Жауаптардың басым бөлігі - *44,3% елде «адам құқықтары тым құрметтелмейді»* деген пікір айтылды; қарама-қарсы пікірді *«өте үлкен құрмет»* бар деп санайтын - *24,5%* және адам құқықтарына *«үлкен құрметпен» қарайды* деп санайтындар - *8,8%* құрады. Сонымен бірге, жауап берушілердің *7,8% - ы* өз елінде адам құқықтарын *құрметтеу мүлдем жоқ* деп санайды. Қазақстандағы жастардың адам құқықтарына қатысты көзқарастары елдегі демократиялық құндылықтардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, елімізде жастардың басым көпшілігі адам құқықтарының жеткілікті деңгейде құрметтелмейтінін атап өтуде, бұл демократияның дамуына кедергі келтіретін факторлардың бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Сонымен қатар, Қазақстанның жастарындағы оптимизмнің төмендігі осы саладағы реформалардың қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстандық ғалымдардың пікірінше, қазіргі жастар саясаттан алшақтығымен ерекшеленетіндіктен, зерттеу жүргізу барысында саяси қатысудың дәстүрлі формаларынан басқа, студент жастардың наразылық әлеуетінің деңгейін оның саяси белсенділігінің бір түрі ретінде зерттеуге тырыстық. Сонымен қатар, әлемдегі бірқатар елдерде орын алған наразылықтар еліміз үшін де өзекті болып отыр. Атап өткеніміздей, елімізде 2019 жылдан бері артқан наразылықтар 2022 жылы «қаңтар оқиғасына» ұласты. Бұларды әрине назарға ала отырып, жастардың наразылық әлеуетін қарастырдық. Демек, егер елде жаппай *наразылықтар болса*, жастар қатысады ма деген сұраққа басым көпшілік бұл *шешім жағдайларға байланысты -37%* деп жауап берсе, *еш жағдайда қатыспайды - 30,9%* деп жауап берді. Жастардың *8,6% егер бұл саяси шешімдер қабылдауға әсер етсе, қатысуға дайын екендіктерін білдірді*; респонденттердің тек 4% - ы мұндай қатысуға дайын екендіктерін мәлімдеді.

Кесте 12 «Сіз төмендегілердің саяси әрекеттердің қайсысына қатыстыңыз?» деген сұраққа жауап нәтижелері

| **Жауап нұсқалары** | тиімді | тиімсіз | рұқсат етулі | рұқсат етпеулі | жауап беруге қиналамын |
|---|---|---|---|---|---|
| Әлеуметтік желілерде наразылық білдіру | 40 | 25,1 | 27,2 | 8,7 | 4,7 |
| Ресми органдарға жүгіну | 40,4 | 22,7 | 29,7 | 7,9 | 5 |
| Ресми тіркелген партиялардың, қозғалыстардың, қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысу | 38,6 | 20,2 | 33,2 | 6,6 | 6,3 |
| Өтініштер мен петицияларды жазу | 43,3 | 19,3 | 29 | 9 | 4,5 |
| Рұқсат етілген наразылық акцияларына, митингілерге, пикеттерге, демонстрацияларға қатысу | 31,8 | 25,8 | 31,9 | 9,7 | 7,9 |
| Рұқсат етілмеген наразылық акцияларына, митингілерге, пикеттерге, демонстрацияларға қатысу | 20,6 | 34,5 | 28,7 | 8,9 | 14,2 |
| Тіркелмеген немесе тыйым салынған партиялардың, қозғалыстардың, қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысу | 15,2 | 34,7 | 28,8 | 10,2 | 18,6 |

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның студент жастары наразылық білдірудің институционалдық формаларын, атап айтқанда петиция мен өтініштер жазу, ресми органдарға жүгіну, әлеуметтік желілерде наразылық білдіру және ресми тіркелген партиялар мен қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысуды тиімдірек деп бағалайды. Керісінше, тіркелмеген немесе тыйым салынған партиялар мен қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысу, сондай-ақ рұқсат етілмеген наразылық акцияларына қатысу студенттер арасында ең тиімсіз формалар ретінде белгіленді. Бұл нәтижелер жастардың наразылық білдіру тәсілдеріне қатысты институционалдық құрылымдарға сенімінің жоғары екенін көрсетеді, әрі заң шеңберінде әрекет етудің маңыздылығын айқындайды. Сонымен қоса, айта кететін жайт, жастар арасындағы белсенділіктің бір түрі ретінде «бір ұйымның қорына ақшалай қайырымдылық» әрекетін таңдауы, қазақ халқының дәстүрінде бар құбылыс деп айта аламыз. Себебі, көшпенді халық ретінде туысқандарға, жақын адамдарға және мұқтаж жандарға көмек көрсету басты құндылықтарының бірі болған. Сондықтан, мұны біз жаһандану әсерінен емес, өзіміздің дәстүрімізде әрдайым бар болған саяси мәдениетімізге тән құндылық деп қарастыруымызға болады. Бұл орайда, мемлекет басшысының Жолдауында жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі деп аталып көрсетілді. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы 2023 жылы 100 мың жасты жұмысқа орналастыру қажеттілігі, жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету жалғасатынын баяндады. Сонымен қатар, оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал ететін шаралардың бірі ретінде танылуда [187].

### 2.3.1 Қазақстан және Түркия жастарының саяси құндылықтарының ерекшеліктері: компаративистік анализ.

Соңғы онжылдықтарда жастардың саяси құндылықтары мәселелері геосаяси өзгерістер мен саяси жүйелердің трансформациялары контекстінде барған сайын өзекті бола түсуде. Қазақстан мен Түркия жастарындағы саяси құндылықтарды зерттеу тек ұлттық ерекшеліктерді ғана емес, сонымен қатар осы екі елдің тарихи тамырлары мен мәдени мұрасын бөлісетін мәдени және саяси ерекшеліктерін түсінуге маңызды қадам болып табылады. Біріншіден, түркілік бірегейлік: екі ел де түркі мәдениетінің өкілдері болып табылады және бұл мұраға өздерінің ұлттық бірегейлігіне жоғары мән береді. Екіншіден, діни ерекшеліктер: екі елдің жастары ислам дінін ұстанады, бірақ мемлекеттер зайырлы болып қала береді. Қазақстанда исламның ықпалы күшейіп келе жатқанда, Түркияда діннің саяси дискурсындағы рөлі айтарлықтай жоғары. Үшіншіден, әлеуметтік-саяси жүйелер: Қазақстанда демократиялық қоғамға өту тәуелсіздік алуымен байланысты болғанымен, зерттеулер көрсеткендей, жүргізілген реформаларға қарамастан, екі елдің саяси жүйелерін толықтай демократиялық деп сипаттауға болмайды. Түркияда демократиялық институттар болғанымен, соңғы жылдары авторитарлық үрдістер күшейді. Түркияда жастардың саяси белсенділігі мен билікке деген көзқарасын Қазақстан жастарының ұқсас пікірлерімен салыстыру олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, 2009 жылы құрылған Түркі мемлекеттері ұйымы аясында қатысушы елдер арасындағы ынтымақтастық пен серіктестік қатынастар нығайып, Түркияның «жұмсақ күш» қолдану арқылы рөлі артып келеді. Бұл болашақта өзара байланыстың күшеюін білдіреді. Осы контексте Қазақстан мен Түркия жастарының саяси құндылықтары мен ерекшеліктеріндегі ортақ және айырмашылықтарды анықтау өзекті мәселе болып табылады. Түркия Орталық Азиядағы өзінің ықпалын нығайту үшін Қазақстанды осы стратегияда негізгі серіктес ретінде қарастырады. Әлемдік державалар арасындағы бәсекелестіктің күшеюі жағдайында Түркия Қазақстанға түркілік құндылықтар мен мәдени байланыстарға сүйене отырып, ынтымақтастықтың баламалы жолдарын ұсынады. Түркия мен Қазақстанның ортақ түркі мұрасына негізделген тарихи және мәдени тамырлары екі ел арасындағы болашақтағы өзара әрекеттесуге берік негіз қалайды. Түркияның түркілік бірегейлікті сақтау мен дамытуға бағытталған бастамаларға белсенді қолдау көрсетуі, оның ішінде тіл, дәстүрлер мен мәдени мұраларды қорғау, қазіргі заманғы сынақтар мен мүмкіндіктер контекстіндегі осы серіктестіктің маңыздылығын айқындайды. Сонымен қатар, ортақ ұлттық идентичность пен мәдени өзін-өзі танудың дамуына деген ұмтылыс артып келеді. Осы контексте Түркияның Ұлттық білім министрлігі биылғы жылы тарих оқулығына өзгерістер енгізіп, «Орталық Азия» терминін «Түркістан» деп өзгерткенін жариялады. Айта кету керек, «Түркістан» термині терең тарихи тамырларға ие және бастапқыда Орталық Азия елдерінің аумағына қатысты болған. Уақыт өте келе, колониалдық қысым жағдайында бұл атау

өзгеріске ұшырап, жаңа географиялық және мәдени концепция — «Орта Азия мен Қазақстан» енгізілді. Түркияның бұл стратегиялық шешімі ұлттық бірегейлік пен патриотизмді күшейтуге бағытталған және Түркістанды мәдени және саяси концепция ретінде қайта жаңғыртуға қызмет етеді. Бұл жаңғырту тек тарихи сананы көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар түркі халықтарын қазіргі заманғы сынақтарға қарсы біріктірудің қуатты құралы болып табылады. Сонымен қатар, ғаламдану мен өзара тәуелділіктің артуы жағдайында Түркістан ұғымы жаңа ынтымақтастық моделінің негізін қалаушы парадигмаға айналып, аймақтық интеграцияға және түркі мемлекеттерінің халықаралық аренада өз позицияларын нығайтуға ықпал етуі мүмкін. Бұл өзара әрекеттесудің маңызды аспектісі екі ел жастарының саяси құндылықтары мен ерекшеліктерін талдау болып табылады, бұл өзара түсіністікті нығайтуға көмектесетін ортақ және айырмашылықты элементтерді анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ғаламданудың жылдам процесі жағдайында Қазақстан мен Түркия жастары саяси құндылықтарын қалыптастыруда айтарлықтай ұқсастық көрсетуде. «Z буынына» жататын екі ел жастары қазіргі заманғы технологиялар мен әлеуметтік медианы белсенді түрде пайдаланады, бұл халықаралық деңгейде идеялар мен мәдени тәжірибелердің алмасуына мүмкіндік береді. Бұл буын ғаламдық өзгерістер дәуірінде өсіп келе жатқандықтан, олар ортақ қиындықтар мен мүмкіндіктерге тап болуда, бұл өз кезегінде олардың саяси және әлеуметтік мәселелерге деген көзқарасына әсер етеді. Қазақстан мен Түркиядағы жастар қозғалыстары мен саяси көзқарастар арасындағы байланыстарды зерттеу әсіресе өзекті болып табылады, себебі бұл ғаламданудың жаңа ұрпақтың осы елдердегі бірегейлік пен азаматтық белсенділікті қалай қалыптастыратынын түсінуге көмектесе алады.

Сауалнама нәтижелерін талдай отырып, жастар арасындағы өткізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес жас қазақстандықтар ел Президентіне – 63,4%; қайырымдылық ұйымдарына - 61,4% және діни ұйымдарға - 53,3% барынша сенім артады («өте сенемін» және «сенемін» жауаптарының сомасы бойынша). Сонымен қатар, «мен сенбеймін» және «онша сенбеймін» деп жиі айтылатын ұйымдардың арасында полиция - 55,0%, саяси партиялар - 54,4%, Үкімет - 50,3%, БАҚ - 50,0% және сот - 48,3% басымшылдықта. Салыстырмалы түрде жалпықазақстандық деңгейде өткізілген әлеуметтанулық зерттеулерге сүйенсек, мұнда сенім деңгейі бойынша ең беделді институттар ретінде президент институты (48,3%), еріктілер қозғалыстары (40,5%) және қарулы күштер (40,4%) болды [78]. Сонымен қатар, еліміздегі жастардың президентке деген сенімінің жоғары болуы саяси тұрақтылықтың кепілдіктерінің бірі табылады. Халықаралық дәрежеде бұл жағдай алуан түрлі. Мәселен, біз өткізген сауалнамаға қатысқан Түркия студенттерінің 66,4% - ы ел Президентіне сенбейді, ал 83,3% - ы діни ұйымдарға сенбейді. Мұны біз елдегі экономикалық дағдарыстың орын алуымен байланыстырып отырмыз. Себебі, ұлттық зерттеулерге сәйкес және біз әлеуметтік сауалнама өткізу барысымызда, халықтың, оның ішінде жастардың да экономикалық жағдайға қанағаттанарлықсыздарын атап өтті.

Кесте 13 Саяси институттарға сенім білдіру деңгейінің көрсеткіштері.

| | Түркия | Қазақстан | Түркия | Қазақстан | Түркия | Қазақстан | Түркия | Қазақстан | Түркия | Қазақстан | Түркия | Қазақстан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Өте сенемін | | Сенемін | | Аса сенбеймін | | сенбеймін | | білмеймін | | Жауап беруге қиналамын | |
| Президент | 3,8% | 12,8% | 13,9% | 50,6% | 20,7% | 19,6% | 45,7% | 8,27% | 7,5% | 10,2% | 8,2% | 5,68% |
| Парламент | 2,3% | 5,5% | 15,6% | 36% | 26,6% | 29,2% | 38,7% | 15,58% | 7,5% | 11,36% | 9,2% | 6,6% |
| Үкімет | 3,5% | 3,4% | 13,4% | 31,8% | 22,9% | 31,49% | 45,2% | 18,8% | 5,4% | 11,8% | 9,4% | 5,8% |
| Медиа | 1,6% | 4,5% | 7% | 34,5% | 28,5% | 35,38% | 52,1% | 14,6% | 4,9% | 10,2% | 5,7% | 4,5% |
| Сот | 3,5% | 5% | 25,8% | 34,5% | 32% | 30% | 35,8% | 18,3% | 6,4% | 10,38% | 6,4% | 4,7% |
| Діни құрылым | 1,6% | 11,8% | 6,6% | 41,5% | 12,7% | 19% | 69,5% | 14,9% | 4,3% | 10% | 5,2% | 6,3% |
| Полиция | 11,3% | 3,7% | 41,7% | 30,8% | 19,5% | 35,5% | 15% | 19,48% | 4,5% | 8,9% | 7,8% | 5% |
| Саяси партиялар | 0,9% | 3% | 6,1% | 28% 31 | 23,8% | 35,87% | 58% | 18,6% | 6,6 | 12,3% | 4,5% | 6% |
| Әскер | 29% | 5,1% | 45,2% | 31,9% | 7% | 28,4% | 8,5% | 20,4% | 4,7% | 11,5% | 5,4% | 5,6% |
| Ірі компания | 1,6% | 3,4% | 11,5% | 30,3% | 25,9% | 35,7% | 43,1% | 14,2% | 9,9% | 13,4% | 7,8% | 7,1% |
| Банктер | 1,4% | 3,5% | 13,7% | 38,6% | 24,3% | 32,3% | 44,3% | 12,3% | 9,2% | 11,8% | 7% | 5,8% |
| Қайырымдылық қорлаар | 3,5% | 11% | 21,7% | 50,4% | 26,9% | 21,5% | 26,9% | 6,9% | 9,4% | 8,4% | 11,5% | 4,8% |
| Азаматтық қоғам инст. | 3,8% | 10,2% | 25,3% | 36,3% | 27,6% | 7,3% | 22,1% | 14,4% | 11,5% | 12,1% | 9,7% | 6,3% |

Осы жоғарыдағы зерттеу нәтижесін талдай отырып, келесідей қорытынды жасауға болады. Қазақстанда президент пен үкіметке сенім жоғары болуы саяси жүйенің орталықтандырылған сипатын және халықтың бір бөлігінің билікке оң көзқарасын білдіреді. Түркияда керісінше, оппозициялық көңіл-күй мен саяси поляризация байқалады.

Екі елде де парламент пен саяси партияларға сенім төмен. Бұл партиялық жүйелердің тиімділігіне күмән және заң шығарушы органдардың беделінің әлсірегенін көрсетеді.

Қазақстанда медиаға сенім біршама жоғары болғанымен, Түркияда ол институтқа сенімсіздік басым. Бұл елдердегі ақпарат құралдарының саяси ықпалы мен тәуелсіздігі әртүрлі деңгейде екенін білдіреді.

Қазақстанда сот жүйесіне белгілі бір деңгейде сенім бар болғанымен, полицияға сенімсіздік басым. Ал Түркияда полицияға сенім жоғары, бұл құқық қорғау органдарының беделі жоғары екенін, бірақ сот жүйесінің беделі төмен екенін көрсетеді.

Түркияда әскерге деген сенім өте жоғары, бұл оның тарихи және саяси ықпалына байланысты. Қазақстанда әскерге сенім төмен, бұл елде әскери институттардың саяси өміріндегі рөлі шектеулі екенін көрсетеді.

Қазақстанда діни ұйымдар мен азаматтық қоғам институттарына сенім жоғарырақ, бұл елде олардың рөлі маңызды екенін көрсетеді. Ал Түркияда дінге қатысты сенімсіздік байқалады.

Қазақстанда бизнес пен банктерге деген сенім айтарлықтай жоғары. Ал Түркияда сенімсіздік басым, бұл экономикалық дағдарыстар мен қаржы жүйесіне қатысты күмәндердің әсерінен болуы мүмкін.

Бұл талдау екі елдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік институттардың ерекшеліктерін және қоғамдағы сенім деңгейлерін көрсетеді. Қазақстанда орталық билікке деген сенім басым болса, Түркияда әскери және құқық қорғау

органдарына сенім күшті, бірақ саяси институттарға сын көзқарас жоғары.

Жалпы, Түркиядағы саяси институттарға деген сенімнің төмендігі саяси жүйенің проблемалары мен билік құрылымдарының халықтың мүддесін елемеуімен байланысты. Қазақстанда саяси институттарға деген сенім жоғарырақ, бірақ бұл сенімнің орнығуы үшін саяси жүйенің транспаренттілігі мен азаматтық қоғамның белсенділігін одан әрі арттыру қажет.

### 2.3.2 Қазақстандық және түрік жастарының саяси санасындағы демократиялық құндылықтардың игерілуі

Демократиялық құндылықтар азаматтық мәдениеттің негізін құрайды, сондықтан азаматтық қоғам азаматтық мәдениеттің белсенді тасымалдаушыларынан тұруы керек, яғни олар қабылдап, демократиялық режимнің тиімділігіне сенуі керек. Демек, қоғамдық санадағы демократиялық құндылықтар мен бостандық құндылықтарының маңызы неғұрлым жоғары болса, азаматтардың әлеуметтік-саяси белсенділігінің деңгейі соғұрлым жоғары болады, азаматтар мен биліктің өзара әрекеттесу сипаты сапалы болады. Демократиялық құқық пен бостандық төмен мәнге ие болған жағдайда, әлеуметтік субъектілердің бір бөлігінде бұл азаматтардың қоғамдық - саяси қызметтен, саяси өмірден алшақтауына әкеледі. Шетелдік авторлардың пікірінше, сапалы демократияның болуы үшін мәдениет қажет. R.Dahl айтуынша, «адамдар арасындағы демократиялық басқарудың орнығуы мен өміршеңдігі белгілі бір жолмен олардың сенімдеріне байланысты». Материализм және постматериализм теориясының авторы R.Inglehart пікірінше, «жаппай демократияның эволюциясы мен өмір сүруі оны қолдайтын кейбір әдеттер мен қоғамдық бағдарлардың пайда болуын болжайды». Ал William Mishler және Richard Rose демократиялық режимдердің анықтаушы сипаттамасы олардың болуы қоғамда кең құндылық қолдауының болуына байланысты деп санайды.

Кесте 14 Қазіргі уақытта Сіздің еліңіз қаншалықты демократиялық басқарылады деп ойлайсыз? **(**1-ден 10-ға дейін, 1-мүлдем демократиялық емес, 10-толығымен демократиялық).

| | Түркия | Қазақстан |
|---|---|---|
| 1/10 | 16% | 3,7% |
| 2/10 | 9.9% | 3,6% |
| 3/10 | 16.3% | 5,8% |
| 4/10 | 13% | 8,4% |
| 5/10 | 14.9% | 23,9% |
| 6/10 | 13.2% | 13,8% |
| 7/10 | 7.3% | 15,6% |
| 8/10 | 3.8% | 12% |
| 9/10 | 2.4% | 4,6% |
| 10/10 | 3.3% | 8,6% |

Қазақстан**:** Қазақстанның респонденттері демократия деңгейін жоғары бағалайды, әсіресе 5/10 көрсеткіштері - 78,5% құрап отыр. Бұл елде саяси жүйенің соңғы өзгерістерімен байланысты болуы мүмкін.

Түркия**:** Түркиядағы азаматтар демократия деңгейін 1/5 (70,1%) аралығында бағалауда. Бұл елде демократияның толыққанды жүзеге асырылмағанын және азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарының шектелу мүмкіндігін көрсетеді.

Бұл орайда саяси мәдениеттің дамуы мен өзгеруінің әсерін атап өтуімізге болады. Қазақстанда саяси мәдениет баяу, бірақ тұрақты түрде дамып келе жатыр. Тұрақты саяси жүйе мен қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер (мысалы, жастардың саяси белсенділігі) азаматтардың демократиялық процестерге қатысуын арттыруда.

Түркиядағы саяси мәдениет тарихи, әлеуметтік, және этникалық факторлардың әсерінен қалыптасқан. Саяси тұрақсыздықтар, халықтың саяси партияларға және мемлекеттік институттарға деген сенімінің төмендігі, және саяси шектеулер демократияға деген сенімді әлсіретеді.


Саяси анализ көрсеткендей, Түркия мен Қазақстандағы демократия деңгейлері мен саяси мәдениеттердің өзара айырмашылықтары бар. Түркияның саяси ахуалы азаматтардың демократияға сенімін төмендетсе, Қазақстанда соңғы жылдары саяси өзгерістер мен азаматтық белсенділіктің артуы демократияға деген көзқарасты жақсартуы мүмкін. Алайда, екі елде де демократиялық процестерді толыққанды дамыту үшін маңызды реформалар қажет.

Кесте 15 «Демократиялық елде өмір сүру сіз үшін қаншалықты маңызды?»

| | Түркия Республикасы, % | Қазақстан Республикасы, % |
|---|---|---|
| 10/10 | 51.9 | 12 |
| 8/10 | 12.5 | 13,3 |
| 9/10 | 9.7 | 6,5 |
| 7/10 | 8 | 16,7 |
| 6/10 | 6.8 (88,9) | 14,1 (62,6) |
| 5/10 | 6.6 | 21,6 |
| 1/10 | 1.9 | 3,1 |
| 4/10 | 1.2 | 6,2 |
| 3/10 | 0.9 | 4,4 |
| 2/10 | 0.5 | 2,1 |

Қазақстан мен Түркия азаматтары арасындағы демократиялық қоғамдағы өмірдің маңыздылығын бағалауды талдау демократияны қабылдау мен сенім деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетеді. Қазақстанда демократиялық өмір сүрудің маңыздылығы респонденттердің көңіл-күйінде белгіленген, бірақ бұл Түркиямен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Бұл азаматтардың саясатқа қызығушылығы мен демократиялық процестерге қатысу қажеттілігін көрсетеді. Қазақстандықтардың тек 12% - ы демократиялық өмірді ең жоғары 10 баллға бағаласа, Түркияда бұл көрсеткіш 51,9% - ға жетеді. 10-нан

8 және 10-нан 9-ы Түркиямен салыстырғанда Қазақстандағы демократиялық институттарға деген сенімнің төмен деңгейін көрсетеді. Бұл деректер Қазақстан азаматтарының саяси процестерге қызығушылығының төмендігін көрсетеді және олардың демократиялық тәжірибелерге қатысуын арттыру қажеттігін көрсетеді. Сонымен бірге, Түркияда азаматтық құқықтардың шектеулеріне қарамастан, халық демократиялық жүйенің артықшылықтарын жоғары бағалауды жалғастыруда, бұл демократияны қолдаудың маңызды көрсеткіштерімен расталады. Сонымен қатар, тарихи тәжірибе, яғни Түркиядағы тарихи дамуда отаршылдықтың болмауы жастардың демократиялық көзқарастарын қалыптастыруда шешуші рөл атқаруы мүмкін.





Сурет 11 Демократия-басқарудың жақсы түрі

Демократияның қоғамдық қолдауы мен азаматтық белсенділік деңгейі елдің саяси мәдениеті мен басқару жүйесінің негізін қалыптастырады. Қазақстан мен Түркия арасындағы демократиялық көзқарастарды салыстыра отырып, екі елде де демократияға деген қолдау мен бейтараптық деңгейлері айтарлықтай ерекшеленеді. Қазақстанда демократияны қолдаушылар саны 52,6%-ды құрай отырып, қоғамның демократиялық басқаруға оң көзқарасы бар екенін көрсетеді, бірақ бұл қолдау Түркиямен салыстырғанда төмен. Түркияда, керісінше, демократияны қолдайтындардың үлесі 67,5%-ды құрайды, бұл елде демократиялық құндылықтардың танымалдылығы мен қоғамдық пікірде кеңінен қолдаудың бар екендігін білдіреді. Қазақстанда бейтарап респонденттердің үлесі 29,4%-ды құраса, Түркияда бұл көрсеткіш 22,6%-ды құрайды, бұл азаматтардың демократия туралы жеткілікті ақпаратқа ие болмауы немесе саяси немқұрайдылықтың кең таралғанын көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар,

Қазақстанда демократияға қарсы пікір білдірушілердің саны Түркияға қарағанда аз. Алайда, «бейтараптық» пен «білмеймін» деп жауап бергендердің жоғары үлесі (29,4% және 11,7%) Қазақстанда демократия туралы түсініктің жеткіліксіз екенін немесе бұл мәселені талқылау деңгейінің төмендігін көрсетеді. Сонымен қатар, Түркияның демократия тәжірибесіне қатысты тарихи және саяси контекстінің ықпалы болуы мүмкін. Осылайша, Түркия мен Қазақстан арасындағы демократиялық көзқарастардағы айырмашылықтар, саяси мәдениет, демократияны насихаттау деңгейі және азаматтардың саяси белсенділігімен тығыз байланысты.

Саяси жүйелердің тиімділігі мен тұрғындардың оларға деген сенімі кез келген мемлекеттің әлеуметтік-саяси тұрақтылығының негізі болып табылады.

Түркия мен Қазақстанның тұрғындарының саяси жүйеге берген бағалары арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар, бұл екі елдің саяси мәдениеті мен қоғамдық көңіл-күйін айқын көрсетеді. Түркия тұрғындарының басым бөлігі саяси жүйесіне теріс баға беріп, 1/10 көрсеткішін таңдайтындардың үлесі 28.3%-ды құраса, жоғары бағаларды (9/10 немесе 10/10) таңдаушылардың үлесі тек 3.5% және 1.4% ғана. Бұл көрсеткіштер Түркияда саяси жүйеге деген қанағаттанбаушылықтың жоғары деңгейін және терең саяси проблемалардың бар екенін аңғартады. Қазақстанда, керісінше, саяси бағалау біршама теңдестірілген: ең танымал көрсеткіштер 5/10 (19.2%) және 7/10 (18.5%) болып табылады, бұл тұрғындардың орташа немесе қанағаттануға жақын деңгейде бағалағанын көрсетеді. Қазақстанда жоғары бағаларды (9/10 және 10/10) берушілердің үлесі де бар, бұл елде саяси жүйені қолдайтын бір бөліктің бар екендігін білдіреді. Дегенмен, Қазақстандағы саяси жүйеге қанағаттанбаушылардың үлесі (20.8%) Түркиямен салыстырғанда айтарлықтай төмен [188].




Қазақстандық қоғамның терең өзгерістеріне қарамастан, қазіргі қазақстандықтардың құндылық бағдарлары құндылықтар жүйесінің тұрақты элементтерін ұрпақтан-ұрпаққа беру тетігі болып табылатын базалық құндылық

компонентін сақтауға бейім. Жоғары ұжымдық мәдениетке тән құндылық бағдарлары әртүрлі ұрпақтарда ортақ сипатқа ие. Қазақстандықтардың жас та, қарт та құндылық бағдарлары өсу мен даму, өзін-өзі қорғау тетіктері арқылы іске асырылады [189].

# ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылындағы қарқынды экономикалық өсу, режимнің ашықтығы, әлеуметтік және саяси тұрақтылық азаматтардың жаңа буыны арасындағы құндылықтардың өзгеруіне ықпал етті және Қазақстандағы жас топтар арасында құндылықтарына айтарлықтай ықпал етті.

Модернизация контексінде саяси құндылықтарды кешенді зерттеу және алынған ғылыми нәтижелер келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларына қатысты кешенді жаңғыртудың күрделі кезеңінен өтуде. Елдің ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін көрсететін бұл тарихи маңызды процесс өтпелі кезеңнің кедергілерін еңсеру үшін қажетті қалыптасу кезеңін аяқтаған және жедел өсу сатысына кіретін жас мемлекеттерге тән экономикалық, әлеуметтік және саяси проблемалардың кең спектрін қамтиды.

*Бүгінгі таңдағы заманауи саяси құндылықтарының қалыптасу мен дамуына әсер етуші бірнеше тарихи кезеңдерге бөліп ажыратуға болады:*

1. Дәстүрлі құндылықтарының дамуы, айтар болсақ ұжымшылдық, үлкендерді құрметтеу, отбасы құндылықтары, рулық – тайпалық жүйесінің орнығуы, қақтығыстық жағдайларды билер жүйесі арқылы шешу халықта ынтымақтастық, бітімгершілік, дау тартыстарды бейбітшілік жолмен шешу заманауи қоғамда да орын алуда;

2. Алайда кеңес Үкіметінің құрамына енуі мемлекетіміздің саяси құндылықтарының жаңа бағытта дамуына үлкен әсер еткен кезеңдерінің бірі болып табылады. Мұнда азаматтарды саясаттан алшақтату, саясат құндылық ретінде мәнінің жоғалуы, коммунистік идеологияның үстемдігі, атеистік көзқарастарды қалыптастыру, репрессиялық, террорлық әдістерді қолдану, саясатқа араласқан азаматтар мен топ белсенділерін әр түрлі сылтаумен «өзгеше ойлатындар» деп жер аудару, қудалау іспеттес іс - әрекеттер саяси мінез - құлық, саяси сана мен мәдениеттің қалуыптасуында, құндылықтардың дамуында басымдық негіз болғаны айқын. Мәдениеттің өзгеруі ұзақ жылдарды талап ететіндіктен, мұның көріністері қазіргі қоғамда да байқалуда;

3. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, тәуелсіз Қазақстанның өз саясатын жүзеге асыруға, дәстүрлі құндылықтарды жандандыруға, демократиялық институттарды құруға, мемлекеттің билік пен басқару жүйесін нығайту бойынша реформалар, сайланбалы органдардың қалыптасуы, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға ауысу, сайланбалы органдардың, жергілікті өзін - өзі басқару органдарының құрылуы, атеистік қоғамнан зайырлы қоғамға өтуі қоғамдағы жаңа құндылықтар жүйесінің қалыптасуына ықпал ете отырып, бірте бірте трансформациялануына жол ашқан кезеңдерінің бірі деп танумызға болады. Дегенмен, бұл кезеңде қазақстандықтардың құндылықтық жүйесіндегі құлдырауы мен дағдарысы да орын алған болатын. Осыдан, зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, халық санасында, әсіресе жастардың құндылықтық жүйесінде демократиялық құндылықтар әлі де болса айқын емес.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандықтардың басым бөлігі консервативті құндылықтарға, атап айтқанда, отбасы қауіпсіздігіне, ата-аналар мен үлкендерді құрметтеуге, сондай-ақ отбасы алдындағы міндеттер мен борыштарға баса назар аударады. Саяси құндылықтардың төмен деңгейі, әсіресе жастар арасында, материалистік бағыттағы құндылықтардың басымдылығын көрсетеді. Зерттеу барысында жастардың саясатқа қызығушылығының төмендеуі, экономикалық өсудің маңыздылығы, сондай-ақ демократиялық құндылықтарға деген шектеулі қызығушылық байқалды. Жастардың мемлекеттік және саяси институттарға деген сенімі әртүрлі деңгейде, бұл елдегі саяси жағдай мен азаматтық қатысу мәселелерін тереңірек зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар, жастардың саяси белсенділігінің төмендігі мен саяси ақпаратқа қызығушылықтың аздығы, жастардың қоғамдағы рөлін арттыруға қажетті шараларды анықтау үшін зерттеу нәтижелері маңызды болып табылады. Зерттеу Қазақстандағы жастардың саяси мәдениетін дамыту үшін қажетті бағыттарды айқындауға көмектеседі, бұл өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды аспектілерді қамтиды.

1. Саяси мәдениеттің трансформациясы. Қазақстандағы саяси модернизация процесі саяси мәдениеттің өзгеруіне ықпал етті. Жастар мен жаңа буынның саясатқа қызығушылығы артып, демократиялық құндылықтарға, азаматтық құқықтарға және жеке бостандықтарға деген талаптар күшейді. Бұл үрдіс қоғамның саяси белсенділігінің жоғарылауына, азаматтық қоғам институттарының дамуына және саяси партиялардың бәсекелестігінің артуына ықпал етеді.

2. Азаматтық қоғамның рөлі. Қазақстандықтардың саяси құндылықтары модернизация процесінде азаматтық қоғамның рөлін арттыруға бағытталған. Азаматтық қоғам ұйымдары, БАҚ, және әлеуметтік желілер арқылы халықтың ақпаратқа қол жеткізуі, саяси пікірлерін білдіруі, және әлеуметтік мәселелерге қатысуы қамтамасыз етілуде. Бұл азаматтық белсенділіктің жоғарылауына, халықтың саяси жүйеге сенімінің артуына ықпал етеді.

3. Демократиялық құндылықтардың орнығуы. Диссертацияда көрсетілгендей, демократиялық құндылықтарға (саяси плюрализм, ашықтық, есеп берушілік) деген сұраныс Қазақстанда артып келеді. Алайда, саяси режимнің шектеулері мен құқық қорғау институттарындағы проблемалар демократиялық процесстердің баяу жүріп жатқанын көрсетеді. Бұл ретте, саяси партиялардың әлсіздігі, адам құқықтарының бұзылуы және саяси репрессиялар қоғамдық көңіл-күйді бұзуы мүмкін.

4. Жаһандану және мәдени алмасу. Глобализация үдерістері Қазақстан қоғамының саяси құндылықтарына да әсер етуде. Батыс елдерінің демократиялық тәжірибесі, халықаралық стандарттар мен нормалар қазақ қоғамында саяси мәдениет пен құндылықтардың трансформациялануына ықпал етеді. Жастардың, әсіресе, заманауи технологияларға жүгінуі, әлеуметтік желілер арқылы ақпарат алуы, саяси пікірлерді қалыптастыруға жаңа мүмкіндіктер туғызады.

5. Болашаққа бағдар. Модернизация шеңберінде қазақстандықтардың саяси құндылықтары болашақта саяси жүйенің дамуына, қоғамның демократиялық институттарын нығайтуға және халықтың саяси мәдениетінің артуына ықпал етеді. Саяси реформаларды жүзеге асыру, халықтың пікірін ескеру, және азаматтық қоғамды дамыту арқылы Қазақстанның саяси ландшафты өзгеруі мүмкін.

Қазақстанның модернизациясы шеңберінде саяси құндылықтардың трансформациясы, азаматтық қоғамның белсенділігі, және демократиялық құндылықтарға деген сұраныс — бұл елдің саяси дамуының негізгі бағыттары болып табылады. Диссертацияда көрсетілген аспектілер мен нәтижелер Қазақстанның саяси модернизациясының күрделілігі мен мүмкіндіктерін айқындайды, сондай-ақ болашақта саяси жүйенің тұрақтылығын арттыру жолдарын қарастырады.

***Осыдан, саяси құндылықтардың заманауи қоғамдағы өзгерісін талдай отырып, келесідей ерекшеліктерді атап көрсетуге болады:***

– Азаматтар арасында саясаттың маңыздылығы төмен ол өз кезегінен, қазақстандықтардың экономикалық дамуымен де байланысты болып отыр;

– Еркіндік немесе теңдік құндылығын таңдауда, маңызды басымдылық - еркіндікке, ал еркіндік немесе қауіпсіздік дихотомиясында - қауіпсіздік басымдыққа ие;

– Қазақстандықтардың саясатқа қатысу белсенділігі айтарлықтай төмен; алайда, саяси белсенділігінің дәстүрлі, (мысалы, саяси партияға мүшелік) формаларына қарағанда, дәстүрлі емес (мәселен, петицияға қол қою) түрлерінің артылуы байқалуда;

– Азаматтардың пікірі бойынша, елімізде адам құқығының құрметтелуі 2011 және 2018 жылдары арасындағы зерттеуді салыстырғанымызда, артып жатқаны айқындалды; жастар арасындағы өткізілген зерттеуде адам құқықтарының құрметтелуі шамамен төмен деп бағаланды;

– Демократия құндылық ретінде де халқымыздың саяси санасында толықтай меңгерілмегендігі анықталды;

***Диссертациялық жұмыста жасалған талдауды негізге ала отырып, келесідей ұсыныстар әзірленді:***

– Құндылықтардың трансформациясына заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілердің ықпалын ескере отырып, цифрлық платформаларды қолдану арқылы жастардың саяси сауаттылығын арттыру механизмдерін енгізу ұсынылады;

– ұлттық бірегейлікті сақтау үшін білім беру саласында қазақстандық патриотизм, толеранттылық және азаматтық ынтымақтастық қағидаттарын кеңінен насихаттау қажет;

– модернизация үрдісінде ұлттық мәдениетті сақтау үшін дәстүрлі құндылықтарды заманауи әдістер арқылы насихаттау жұмыстарын күшейту ұсынылады. Бұл бағытта ұлттық бірегейлікті дәріптейтін мәдени іс-шаралар мен медиажобаларды жүзеге асыру керек;

– түркітілдес елдер арасында ортақ құндылықтарды қалыптастыру мақсатында Түркі мемлекеттерінің ұйымы аясындағы ғылыми, мәдени және білім беру ынтымақтастығын кеңейту ұсынылады. Жастар арасындағы саяси, мәдени және ғылыми алмасу бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы интеграциялық процестерді күшейтуге болады;

– ұлттық құндылықтарды заманауи ғылым мен технологияға бейімдеу, мысалы, ұлттық ою-өрнектер мен дизайн элементтерін қазіргі сән индустриясы мен цифрлық өнімдерге енгізу;

– цифрлық дауыс беру, онлайн қоғамдық талқылаулар және электрондық үкімет арқылы халықтың саяси процестерге қатысуын қамтамасыз ету. Саяси шешімдерді ашық талқылау үшін AI және Big Data технологияларын қолданатын қоғамдық кеңестерді ұйымдастыру.

– заманауи кезеңде саяси ашықтық пен азаматтық белсенділік маңызды. Бұл үшін саяси процестерге халықтың қатысуын арттыру қажет. Қоғамдық бастамаларды қолдау үшін «Азаматтық платформалар» құру және азаматтардың петицияларына жауап берудің міндетті механизмі ретінде заңнамалық негіз енгізу.

– Швеция және Финляндияның ашық басқару тәжірибесі ашық басқару механизмдері (мемлекеттік ақпаратқа қолжетімділік, бюджеттің ашықтығы) демократиялық қоғам құрудың негізі болып табылады. Қазақстанда мемлекеттік шешімдер қабылдау процестерінде ашықтық стандарттарын енгізу (мысалы, мемлекеттік сатып алу және бюджетті басқарудың ашықтығы). «Ашық үкімет» платформаларын дамыту және халықтың бұл процестерге тікелей қатысуын қамтамасыз ету.

– Сингапурдың жемқорлықпен күресудегі табысты тәжірибесі мен мемлекеттік қызметтің тиімділігі. Қазақстанда мемлекеттік қызметкерлердің кәсібилігін арттыру үшін мемлекеттік басқару академияларында халықаралық стандарттарға негізделген бағдарламаларды енгізу.

– халық тарапынан сұранысы бар мәселелерге қатысты жалпыхалықтық референдум өткізу, мысалы Швейцарияның тәжірибесін иелену, яғни қоғамдық мәселелер бойынша факультативті референдум, ал саяси маңызы бар мәселелерге қатысты бірнеше кезеңді референдум өткізу.

заманауи Қазақстанда мемлекет басшысы бағыт алып отырған «Жаңа Қазақстанды» құру, Жолдауда атап көрсеткендей «ұлттың жаңа болмысын» құруда, саяси реформаларды жариялау, ендігі кезекте оны жүзеге асыру шеңберінде саяси құндылықтардың өзгеру қарқынын болашақта зерттеу қажеттілігін тудыруда.

– ***Диссертациялық жұмыста қойылған міндеттерді шешудің толықтығын бағалау:*** диссертациялық жұмыс аясында қойылған барлық міндеттер толығымен шешілді.

– саяси құндылықтарды, олардың мәні мен мазмұнын, классификациялық ерекшеліктерін зерттеудің теориялық - тұжырымдамалық негіздері жүйеленді;

– саяси құндылықтарды қалыптастыру мен игерудегі саяси әлеуметтену институттарының рөліне сыни баға беріліп және олардың ерекшеліктері анықталды;

– қазақ хандығы кезеңіндегі қалыптасқан дәстүрлі саяси құндылықтардың қазіргі қоғамдағы рөлі мен ықпалы анықталды;

– қазіргі қоғамның демократиялық құндылықтарының азаматтардың саяси санасындағы көрінісі сарапталды;

– жаңғырту процесі шеңберінде саяси құндылықтардың өзгеру кезеңдерін, оған әсер ететін факторлардың рөлі көрсетілді;

– 2011 және 2018 жылдары арасында қазақстандықтардың саяси қатысуында көрініс тапқан саяси құндылықтарға салыстырмалы талдау жүргізілді.

– Қазақстандық және түрік жасатарының арасында саяси құндылықтардың ерекшеліктері мен айырмашылықтары айқындалды.

***Күтілетін әлеуметтік және экономикалық тиімділік:*** алынған ғылыми нәтижелерді іске асыру, біздің ойымызша, саяси мәдениет пен конвенционалды саяси қатысу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, саяси әлеуметтену институттары қызметінің тиімділігін нығайтуда, демократиялық құндылықтарды дамытуда, жаңғыру үрдісін жүзеге асыру барысында тиімді болатынына үміт артудамыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:


1. Elizabeth C. Connors. The Social Dimension of Political Values // Political Behavior.-2020. - Vol. 42. - No. pp. 961-982

2. M. Etzel. Value orientation and external political efficacy: assessing the relationship between traditional values, progressive politics and political responsiveness // *Comp Eur Polit 21*. - 2023. - P. 258–283

3. Bréchon, P. The Invisibles: Religious and Political Values Among Different Social Classes. In: Polak, R., Rohs, P. (eds) Values – Politics – Religion: The European Values Study. Philosophy and Politics - Critical Explorations. - 2023. - vol 26. - Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-031-31364-6_8

4. Goren, Paul. 2012. "Political values and political awareness" *Critical Review* 24 (4): 505–25. doi:10.1080/08913811.2012.788279. https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/08913811.2012.788279

5. Yeşilada, B. A. (2023). The AKP, religion, and political values in contemporary Turkey: implications for the future of democracy. *Turkish Studies*, *24*(3–4), 593–616. https://doi.org/10.1080/14683849.2023.2186784

6. Huang, Y., & Wang, L. Political Values and Political Trust in the Digital Era: How Media Engagement Divides Chinese Netizens. *International Journal of Sociology*. - 2021. -*51*(3). P.197–217. https://doi.org/10.1080/00207659.2021.1881870 https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/00207659.2021.1881870

7. Strenze, T. Value change in the Western world: the rise of materialism, post-materialism or both? *International Review of Sociology*. - 2021. - *31*(3), 536–553. https://doi.org/10.1080/03906701.2021.1996761 https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/03906701.2021.1996761

8. Lukas Lauener. Why Do Citizens Vote Against Their Basic PoliticalValues? // Swiss Political Science Review. - 2020 26(2): 153–180

9. M.Voicu and Bartolome E.Peral. Support for democracy and early socialization in a non-democratic country: does the regime matter? *Democratization*. - 2013. - *21*(3). - 554–573. https://doi.org/10.1080/13510347.2012.751974 https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/13510347.2012.751974

10. Sairambay, Y. Political Culture and Participation in Russia and Kazakhstan: A New Civic Culture with Contestation? // *Slavonica*. - 2021. - *26* (2). - 116–127. https://doi.org/10.1080/13617427.2021.1983095 https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/13617427.2021.1983095

11. Kundakbayeva, Z. and Kassymova, D. (2016). Remembering and forgetting: the state policy of memorializing Stalin's repression in post-Soviet Kazakhstan. *Nationalities Papers*, *44*(4), 611–627.https://doi.org/10.1080/00905992.2016.1158157

12. Inglehart R.. Globalization and Postmodern Values. // The Washington Quarterly. - 2000. – №. 1. - P. 215 - 228.

13. Zweig D. Democratic values, political structures, and alternative politics in Greater China. United States institute of peace, 2002. - 55 p.

14. Brian D. Silver, Kathleen M. Dowley. Measuring political culture in multiethnic societies // Comparative political studies. – 2000. - Vol. 33. - №. 4. - P.517 - 550.

15. David J. Ciuk. Democratic Values? A racial group - based analysis of core political values, partisanship, and ideology // Polit Behav. – 2017. – №. 39. - P. 479–501.

16. Spaiser V., Sh. Ranganathan, Mann R., Sumpter D. The dynamics of democracy, development and cultural values // Plos one. - 2014. - Vol. 9. - № 6. – P. 1 - 11.

17. Omelicheva M., Carter B. Democratic or cultural peace? Examining the joint democratic peace proposition through the lens of shared emancipative values // European Journal of International Security. – 2019. – №. 4(1). - P. 1–19.

18. Welzel C. and Deutsche F. Emancipative values and non - violent protest: the importance of "ecological" effects // British Journal of Political Science. - 2012. – №. 42 (2). – 465p.

19. Denk T. and H.S. Christensen. How to Classify Political Cultures? A comparison of Three Methods of Classification // Quality and Quantity. - 2016. - №. 50 (1). - P. 177–191.

20. Olcott M.B. The Kazakhs. 2 ed. California: Standord University, 1995. – 388 p.

21. Hoffman D.L. Stalinist values: the cultural norms of Soviet modernity, 1917 - 1941. Cornell University Press, 2003. – P.45-52.

22. Noda Jin. The Kazakh khanates between the Russian and Qing empires: Central Eurasian international relations during the eighteenth centuries. Boston: Brill, 2016. - 297 p.

23. Martin V. Law and custom in the Steppe. The Kazakhs of the Middle Horde and Russian colonialism in the nineteenth century. London and New York. Routledge Curzon Taylor Fransis Group, 2001. - 244 p.

24. Campbell Ian W. Knowledge and the ends of empire: Kazak intermediaries and Russian rule on the steppe, 1731/1917. Ithaca: Cornell University Press, 2017. - 288 p.

25. Adams Laura L. and Rustemova Assel. Politics of the Spectacular: Symbolism and Power in Central Asia // Europe - Asia Studies. - 2009. - Vol. 61. - № 7. - P. 1249 - 1276.

26. Абдигалиева Г.К. Проблема ценностей в истории философии. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 234 с.

27. Шаукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. Қазақ эстетикасының құндылықтық - мағыналық негіздері. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 234 б.

28. Шаукенова З.К. Ценности и идеалы независимого Казахстана. - Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 322 с.

29. Нысанбаев Ә. Қазақстан халқының рухани - құндылықтық әлемі Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 178 б.

30. Нысанбаев Ә. Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңаруы. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 224 б.

31. Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана. Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. - 168с.

32. Aziz Burkhanov, Neil Collins. Kazakhstan and the Soviet Legacy: Political culture in Kazakhstan: extension and reflection. Springer Singapore, 2019. - P. 7 - 30.

33. Абдирайымова Г. Социология молодежи: Учебное пособие. – Алматы: Жибек жолы, 2008. - 280 с.

34. Сарсенбаева З. Этнос и ценности. - Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2018. - 164 б.

35. Система ценностных ориентаций в современном казахстанском обществе: Отчет по итогам проведения социологического исследования по теме. - Астана, 2015. – 64 с.

36. Мустафин Т.Т. Проблемы формирования политической культуры и демократическое политическое преобразование в Республике Казахстан // Евразийское сообщество. – 1995. - № 11-12. – С. 79 - 91

37. Жамбылов Д.А. Демократиялық қоғамдағы саяси мәдениет. // Ақиқат, 1993. - № 9. 19 – 25 б.

38. Мұсатаев С.Ш. Ежелгі қазақ жеріндегі далалық демократияның заңдары // КазНУ имени аль - Фараби, 2011. – 7 б.

39. Саитова Н.А. Политическая культура казахстанцев президентских выборов // Актуальные проблемы модернизации казахстанского общества: экономика, политика, идеология: Материалы международной научно - практической конференции, посвященной 75 - летию со дня рождения Л.А.Байдельдинова. – Алматы: КазНУ им. аль - Фараби, 2005. - С. 182 - 185.

40. Кеңесов А.А. Қазақстан Республикасындағы электоралды мәдениеттің қалыптасуы және дамуы (саясаттанулық талдау). Саяси ғ.к. диссертациялық жұмысы. Алматы, 2010. 152 б.

41. Джапарова Р.Т. Саяси мәдениет – әлеуметтік институт ретінде. Соц.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 2009. – 153 б.

42. Сарсенбаев Т.С. Ұлтаралық қарым - қатынастар саясаты мен мәдениеті. – Алматы, 1998. – 225 б.

43. Иманбаев М.Ө. Қазақстан Республикасында саяси мәдениет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуі мен қалыптасу процестері. Саяси ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы. Алматы, 2002. - 148. б.

44. Нурумбетова Г.Р. Қазақстан қоғамын жаңғыртудағы азаматтардың саяси қатысуы: Автореферат дис. д.п.н. – Алматы, 2006. - 49 б.

45. Төлен Ж.М. Саяси мәдениет Қазақстан Республикасында тұрақтылықты қамтамасыз етуші фактор ретінде. Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация жұмысы. Алматы, 2013. - 129 б.
46. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // http://www.akorda.kz/ (2012 жыл, 6 желтоқсан).
47. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы//2024 жылғы 02 қыркүйек // www.akorda.kz (2017 жыл, 12 сәуір).
48. Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдау // http://www.akorda.kz (2017 жылғы 31 қаңтар).
49. Қазақстандықтардың әл - ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру атты Жолдауы. // http://www.akorda.kz (2018 жыл 5 қазан).
50. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі Қазақстан халқына Жолдауы. // http://www.akorda.kz (2 қыркүйек 2019).
51. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс - қимыл кезеңі. Қазақстан халқына жолдауы. // http://www.akorda.kz (2020 жылғы 1 қыркүйек).
52. Қазақстан жастары – 2019 ұлттық баяндамасы. Астана, 2017. – 600 б.
53. Қазақстан жастары – 2020 ұлттық баяндамасы. Астана, 2018. – 410 б.
54. Қазақстан жастары – 2023 ұлттық баяндамасы. Астана, 2023. – 420 б.
55. Қазақстан жастары – 2024 ұлттық баяндамасы. Астана, 2024. – 392 б.
56. Ценности казахстанского общества в социологическом измерении. Алматы: «ТОО «DELUXE Printery», 2019. - 140 с.
57. Медеуов Ж.К., Кудайбергенов Р.А., Каппаров К.Н. и др. Коммуникативная политика в Республике Казахстан: современное состояние и перспективы развития. - Астана: Институт Евразийской интеграции, 2017 - 348 с.
58. Абдигалиева Г.К., Жампетова А.О. Basic principles of political values in modern society. «Адам әлемі» // Журнал философский и общественно - гуманитарный журнал. – 2018. - № 3 (77). - С. 22 - 29.
59. Әуелғазина Т. Қоғамдық саяси мәдениеттің даму ерекшеліктері // Ақиқат ұлттық қоғамдық - саяси журнал // http://akikat.kazgazeta.kz/?p=1725 (05.08.2013).
60. Тугаринов В.П. Избранные философские труды. Л.: Издательство Ленинградского университета, 1988. - 344 с.
61. Halman Loek. Political Values. The Oxford Handbook of Political Behavior: Oxford University Press, 2007. – 929 p.
62. Pye L.W. Asian power and politics: the cultural dimensions of authority. Cambridge, 1985. - 432 p.
63. Pepijn van Houwelingen, Jurjen Iedema, Paul Dekker. Convergence on political values? A multi - level analysis of developments in 15 EU countries 2002 - 2016 // Journal of European Integration. – 2018. – Vol. 41. - № 5. – P. 1 - 19.

64. John Kekes. A Case for Conservatism. Cornell University Press, 2017. – 256 p.

65. M.Somer. Does It Take Democrats to Democratize? Lessons From Islamic and Secular Elite Values in Turkey. Comparative Political Studies. - 2011. - *44*(5), 511-545. https://doi.org/10.1177/0010414010397751

66. Siemienska, R. (2002). Intergenerational Differences in Political Values and Attitudes in Stable and New Democracies. International Journal of Comparative Sociology, 43(3-5),368-390. https://doi.org/10.1177/002071520204300308

67. Назаров М.М., Иванов В.Н. и Кублицкая Е.А. Политические ценности Российского общества (результаты сравнительного проекта) // Journal of Sociology. - 2018. – Vol. 18. - №. 3. - P. 470 - 480.

68. Крылова Н.Б. Культорология образования. М.: Народное образование, 2000. - 272 с.

69. Почебут Л.Г. Психология социальных общностей (толпа, социум, этнос). СПб.: СПбГУ, 2002. - 136 с.

70. Stattin, H., Amnå, E. Basic Values Transform Political Interest into Diverse Political Values, Attitudes and Behaviors. *Youth Adolescence* 51. 2022. - No.2205–2218. https://doi.org/10.1007/s10964-022-01654-w

71. Башкирова Е.И. Трансформация ценностей Российского общества // Полис – 2000. - № 6. – С. 51 - 65.

72. Абдигалиева Г.К., Жампетова А.О. Особенности развития политических ценностей. Вестник КазНУ. Серия Философия, культурология, политология. – Алматы: Қазақ университеті. – 2018. - № 1 (63). – С. 210 - 217.

73. Нысанбаев Ә. Қазақстан халқының рухани - құндылықтық әлемі // З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен . – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 178 б.

74. Әуелғазина Т. Ауелгазина Т.К. Ұлттық құндылықтар – қоғамдық дамудың қайнар көзі // Әл - Фараби Әлеуметтік - гуманитарлық зерттеулер журналы. – 2020. - № 3 (71). – Б. 44 – 53.

75. Нұрмұратов, Ғ. Құрманғалиева, О. Карибаев. Мәдениет пен құндылықтардың гуманистік әлеуеті // Әл – Фараби. - 2022. № 1 (77). - Б. 76 – 89.

76. Тәжітаева. Саяси құндылықтардың қалыптасу процестері: етенелесу және маргиналдану // Ақиқат. - 2000. - № 8 - 9. - Б. 70 - 75

77. Жунисбай Б., Жунисбай А., К.Витсель. Что порождает «твердых демократов» в Казахстане и Кыргызстане? // Ponars Eurasia. - 2017. – 489. P.1 - 9.

78. Шарипова Д., Бейменбетов С. «Қазақстандағы жастар: құндылықтарды, үміттер мен ұмтылыстарды бағалау». Алматы, 2021. – 98 б.

79. «Қазақстан халқының саяси бағдарлары» әлеуметтанулық зерттеуі/ «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, Нұр - Сұлтан, 2021. – 75 б.

80. Толганай Умбеталиева. «Власть не знает, как выстраивать отношения с этническими группами» [https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan - interethnic - conflict - interview - umbetalieva/30427281.html] (дата обращения: 11.02.2020).

81. Соловьева Г.Г. Обновление ценностей // http://iph.kz/ru/novosti/anonsi/17_marta_2022 - 6/ (дата обращения: 17.03.2022)
82. Feldman S. Values, ideology, and the structure of political attitudes, Oxford University Press. - 2003. P. 477 - 508.
83. Goren P. Party Identification and Core Political Values // American Journal of political science. – 2005. - Vol. 49. - № 4. – P. 881 - 896.
84. Lasswell H. D., Kaplan A. Power and Society: A Framework for Political Inquiry. Routledge, 2013. – 334 p.
85. Тобиас Гомберт, Мартин Тимпе, Юлия Блезиус, Кристиан Крелль және т.б. Әлеуметтік демократия негіздері. - Алматы, 2014. – 164 б.
86. Knutsen O. Left-right materialist value orientations. in, The Impact of Values, ed. J. W. van Deth and E. Scarbrough. Oxford: Oxford University Press, 1995. – 160 p.
87. Лапин Н.И. Социокультурная трансформация россии: либерализация versus традиционализация // Журнал социологии и социальной антропологии. - 2000. - Том 3. - № 3. – С. 32 - 39.
88. Кувакин В.А. Гуманистическое мировоззрение. В кн.: Борзенко И. М., Кувакин В.А., Кудишина А. А. Основы современного гуманизма. – М. - 2002. - 123 с.
89. Багдасарян В.Э., Сулакшин С.С. Высшие ценности Российского государства. Научная монография. М.: Научный эксперт, 2012. — 624 с.
90. Чеботарев А. Политическая мысль суверенного Казахстана: динамика, идеи, оценки. - Астана - Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2015. - 512 с.
91. Neundorf A. and Smets K. Political Socialization and the Making of Citizens. Oxford University Press, 2018. – P. 28-30.
92. Jennings M. Kent and Laura Stoker. Social Trust and Civic Engagement across Time and Generations // Acta Politica. - 2004. Vol. 39 (4). – P. 342–379.
93. Neundorf Anja and Richard G Niemi. Beyond Political Socialization: New Approaches to Age, Period, Cohort Aalysis // Electoral Studies. - 2014. - Vol. 33(1). – P. 6.
94. Norris P. Young People and Political Activism: From the Politics of Loyalties to the Politics of Choice? Harvard University. - 2004. – P. 32.
95. Ғалым Жусипбек. Чем вызвана негативная реакция на законопроект о борьбе с семейным насилием? [https://qmonitor.kz/society/1570] (дата обращения: 13.05.2021).
96. Магауова А.С. Социализация молодежи и современные молодежные субкультур. - Алматы: Казак университеті, 2018. - 160 с.
97. Denny Kevin and Orla Doyle. Political Interest, Cognitive Ability and Personality: Determinants of Voter Turnout in Britain // British Journal of Political Science. - 2008. – Vol. 38 (2). – P. 291–310.
98. Bill Strauss, William Strauss, Neil Howe. Generations: The History of America's Future, 1584 to 2069. Morrow, 1991. 538 p.

99. Mishler, William, and Richard Rose. Generation, Age, and Time: The Dynamics of Political Learning during Russia's Transformation // American Journal of Political Science. - 2007. – Vol. 51 (4). – P. 822–834.

100. Сатпаев Д., Т.Умбеталиева, А.Чеботарев и др. Коктейль молотова: анатомия казахстанской молодежи. - Алматы, 2014. - 193 с.

101. Ротман Д. Г. и др. Ценностный мир современного человека: Беларусь в проекте «Исследование европейских ценностей. Минск: БГУ, 2009. – 231 с.

102. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі аспектілері». – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2018. – 181 б.

103. Ауелгазина Т.К. Особенности политической социализации личности Республики Казахстан. Монография. - А.: СаГа, 2006, С. 56-58.

104. Ғалым Жусипбек. Чем вызвана негативная реакция на законопроект о борьбе с семейным насилием? [https://qmonitor.kz/society/1570] (дата обращения: 13.05.2021).

105. Eva Witesman and Lawrence Walters. The public values of political preference // International Journal of Public Administration - 2015. - Vol. 39. №.1. P. 63-73 DOI: 10.1080/01900692.2015.1057342

106. Шәукенова З.К., С.Е. Нұрмұратов. Қазақ мәдениетіндегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесі. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. – 212 б.

107. Абдигалиева Г.К., Жампетова А.О. Саяси модернизация. Оқу құралы. - Алматы, 2020. - 185 б.

108. Eisenstadt Sh. N. Multiple Modernities // Daedalus. – 2000. - Vol. 129. - №. 1. - P. 1–29.

109. Margetts, Helen, '2 Modernization Dreams and Public Policy Reform', *Paradoxes of Modernization: Unintended Consequences of Public Policy Reform*. - 2010 https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780199573547.003.0002

110. Инглхарт Р., Вельцель К. Модернизация, культурные изменения и демократия: Последовательность человеческого развития. М.: Новое издательство, 2011. - 464 с.

111. Jorgensen, T. Public values, their nature, stability, and change. The case of Denmark // Public Administration Quarterly. - 2006. Vol. 30. - №. 3–4. P. 365–398.

112. Andersen, L. B., Beck Jorgensen, T., Kjeldsen, A. M., Pedersen, L. H., Vrangbak, K. (2012). Public value dimensions: Developing and testing a multi-dimensional classification // International Journal of Public Administration. - 2012. - Vol. 35. №. 11. - P. 715–728. doi:10.1080/01900692.2012.670843

113. Омарбеков Т. Қазақ халқының этнотерриториясының қалыптасуының мәселелері: монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 135 б.

114. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. - Алматы: Дайк - Пресс, 2004. – 206 б.

115. Nezhina T. G., Ibrayeva A. R. Explaining the Role of Culture and Traditions in Functioning of Civil Society Organizations in Kazakhstan //International Journal of Voluntary and Nonprofit Organizations. – 2013. - Vol. 24. - №. 2. - P. 335 - 358.

116. Сарсембаев М.А. Казахское ханство как суверенное государство средневековой эпохи. - Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2015. - 144 с.

117. Толыбеков Е.С. Кочевое общество казахов в XVII - начале XX века. Политико - экономический анализ. - Алма-ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1971. - 353 с.

118. Зиманов С.З. Казахский суд биев - общекультурологическая ценность. – Алматы: Издательство Арыс, 2009. - 408 с.

119. Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Тулегулов А.. Эволюция политической системы Казахстана. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. - 352 с.

120. Kendirbai G. Kazak Cadres and Native Strategies// Inner Asia.Special Issue: Cadres and Discourse in Late Socialist Societies. – 2008. - Vol. 10. - №. 1. - P. 65 - 85.

121. Noda Jin. The Kazakh khanates between the Russian and Qing empires: Central Eurasian international relations during the eighteenth centuries. Boston: Brill, 2016. - 297 p.

122. Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. - Алматы: «Социнвест» - Москва Горизонт, 1995. - 226 с.

123. Бөкейхан Ә. Казақ жерінің жоқшысы. I том. - Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. – 800 б.

124. Katz, Zev, «Kazakhstan and the Kazakhs». Handbook of Major Soviet Nationalities (New York: The Free Press, 1975), p. 216.

125. Olcott, Martha Brill, «Kazakhstan: A Republic of Minorities, «Nations. Politics in the Soviet Successor States (Cambridge: Cambridge University Press, 1993), p. 315.

126. Асфендияров А.С. Национально-освободительное восстание 1916 года. - Алма - ата - Москва: Казахстанское краевое издательство, 1936. - С. 14.

127. Әшкеева Н.Н. Әлихан Бөкейханов - саясат сардары // Информационно - аналитический журнал Саясат. - 2002. - № 3. – б. 86

128. Maria A. Blackwood (2017) Fatima Gabitova: repression, subjectivity and historical memory in Soviet Kazakhstan, Central Asian Survey, 36:1, 113-130, DOI: 10.1080/02634937.2016.1223017

129. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. 2 - кітап. - Алматы: «Өлке» баспасы. – 2003. - 224 б.

130. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра. - 2003. – 290 б.

131. Койгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы «Санат», 1995. - 368 б.

132. Olcott, Martha Brill, «Kazakhstan» Collier's Encyclopedia (New York: Macmillan, Vol. 14, 1993), p. 7.

133. Katz, Zev, «Kazakhstan and the Kazakhs»ю Handbook of Major Soviet Nationalities. New York: The Free Press. 1975. P. 217.

134. Левада, Ю. А. Исследование «Советский человек». Сочинения: проблема человека. - Москва: Карпов Е.В. - 2011. - 526 с.

135. Dunlop, J. «Russia: Confronting the Loss of Empire», in I. Bremmer and R. Taras (eds), Nations and Politics in the Soviet Successor States, Cambridge: Cambridge University Press, 1993. pp. 43–72.

136. Сейлеханов Е. Т. Политическая система Республики Казахстан: опыт развития и перспективы. КИСИ при Президенте РК, 2009. - С. 291.

137. Commission on Security and Cooperation in Europe, Report on the March 7, 1994, Parliamentary Election in Kazakhstan (Washington, D.C.: Commission on Security and Cooperation in Europe, March 1994), p. 7.

138. Somit, A. and Peterson, S. The politics of evolutionary theory and biopolitics in the future. In S. Peterson, & A. Somit (Eds.), *The World of Biology and Politics: Organization and Research Areas.* - 2013. Vol. 11.- pp. 217–226.

139. Даль Р. О демократии. Пер. с англ. А.С. Богдановского; под ред. О.А. Алякринского. — М.: Аспект Пресс, 2000. — 208 с.

140. Diamond Larry and Leonardo Morlino. The Quality of Democracy // Journal of Democracy. - 2004. – Vol. 15. - №. 4. – P. 20 - 31.

141. Series Editors: J. Gagnon & M. Chou. Rethinking the value of democracy, A comparative perspective. Palgrave Macmillan, 2019. – 275 c.

142. Larry Diamond. Developing Democracy. Toward consolidation. The Johns Hopkins University Press, 1999. – 161 p.

143. Рейзингер У.В., Пачеко Дж. Массовые демократические ценности и демократия в российских регионах // Мониторинг общественного мнения. - 2014. - № 5 (123). - С. 12–30.

144. Przeworski A., Cheibub J., Alvarez M., Limongi F. Democracy and Development: Political Institutions and Material Well-being in the World, 1950−1990. Cambridge: Cambridge University Press, 2000. 336 p.

145. Przeworski A. Democracy and the market. Political and economic reforms in Eastern Europe and Latin America. Cambridge, 1991. - p. 51 - 100.

146. Boix C. and Stokes S. Endogenous Democratization // World Politics. 2003. № 55. P. 517–549.

147. Tom van der Meer. Citizens and Politics Political Participation and Political Trust. Amsterdam University Press, 2017. - 229 p.

148. Нугманова К.Ж. Ценностные аспекты формирования гражданского общества в Республике Казахстан (политологический анализ). Дис. на соискание ученой степени д.полит.н. – Алматы. – 2004. – б. 78.

149. Выступление Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева на совместном заседании Палат Парламента Республики Казахстан «Новый этап демократизации Казахстана-ускоренное развитие свободного демократического общества». URL:// http://www.akorda.kz [16.05.2007].

150. Казахстан в современном мире: реалии и перспективы. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2008. – 348 с.

151. Малиновский В. А. Лидер: президентская власть в Казахстане на рубеже эпох: Монография. – Астана: ТОО «Издательство «НормаК», 2012. – 528 с.

152. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014 (17.01.2014 ).
153. World Values Survey. https://www.worldvaluessurvey.org/WVSOnline.jsp (2017 - 2020).
154. «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Қазақстан халқына Жолдауы. 2009 жыл, 6 наурыз
155. Galym Zhussipbek. A reading from Kazakhstan with a focus on decolonization: *Post-Liberal Statebuilding in Central Asia*, Central Asian Survey.- 2023.- 42:4, 729-732, DOI: 10.1080/02634937.2023.2271933
156. Қазақстан Республикасының Конституциясы// https://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution.
157. https://cabar.asia/ru/analiz-protestov-v-kazahstane-za-2019-2022-gody
158. https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-2019-year-protests-sauses-and-consequences/30351048.html
159. Абдирайымова Г.С. Ценностные ориентации современной молодежи. - Алматы. 2005. - 245 с.
160. Pye L. Communicarion and Political Development. Prinston, 1992. – 398 p.
161. Huntington S. Political Order in Changing Societies. New Haven: Yall University Press. 2006. – 512 p.
162. Eisenshtadt S. Tradition, Change and Modernity. New York: Willey, 1973. – 367 p.
163. Abzhapparova B. and Darkenov K.G. Stability Basis in Kazakhstan is tolerance and mutual trust in international relations // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2014. Vol. 136. – P. 410 – 415.
164. Казахстан в современном мире: реалии и перспективы. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2008. – 348 с.
165. Ефанова Е. Факторы политической модернизации как основа дестабилизации общества // Власть. - 2015. - Том 21. - № 8. - С. 14 - 16.
166. Ronald Inglehart and Wayne E. Baker. Modernization, Cultural Change, and the Persistence of Traditional Values // American Sociological Review. – 2000. - Vol. 65. - №. 1. - P. 19 - 51.
167. Kudaibergenova Diana T. The ideology of development and legitimation: beyond «Kazakhstan 2030» // Central Asian Survey. - 2015. – Vol. 34 (4). – P. 440 - 455.
168. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. // http://www.akorda.kz (12.04.2017).
169. Алимбетов Ж. К., Кадыржанов Р. К., Искаков А. Е. и др. под общ. ред. Бабакумарова Е.Ж. Социокультурные аспекты Третьей модернизации Казахстана: монография. – Астана: Институт Евразийской интеграции. - 2018. – 216 с.
170. Казахстан-2023: тенденции настоящего и контуры будущего. Коллективная монография. – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2023. – 294 стр.

171. Лаумуллин М.Т. К вопросу о формировании постсоветской государственности в Средней (Центральной) Азии // Контуры глобальных трансформаций: политика, экономика, право. 2016; 9(5):95-113. https://doi.org/10.23932/2542-0240-2016-9-5-95-113

172. Haerpfer, C., & Kizilova, K. (2018). Democratization in post-communist central and eastern Europe. In C. Haerpfer, R. Inglehart, C. Welzl & P. Bernhagen (Eds.), Democratization (2nd ed., pp. 322–340). USA: Oxford University Press.

173. Малышева Д.Б. Политические процессы в постсоветской Центральной Азии. Контуры глобальных трансформаций: политика, экономика, право. 2018. - Vol. 11. № 3:36. С.52. https://doi.org/10.23932/2542-0240-2018-11-3-36-52

174. Diamond, L. (2008). The spirit of democracy. New York: Henry Holt.

175. Haerpfer, C. W. (2008). Support for democracy and autocracy in Russia and the commonwealth of independent states, 1992–2002. International Political Science Review, *29*, 411–432.

176. Patnaik, A. (2018). Central Asia: Between stability and instability. *International Studies*, *53*(3–4), 176–194. https://doi.org/10.1177/0020881717746549.

177. Карсаков И.Б., Чеботарев А.Е. Политическая трансформация Республики Казахстан в контексте смены управленческой элиты. – Алматы: Центр актуальных исследований «Альтернатива», Фонд им. Фридриха Эберта в Казахстане, 2009. – 52 с.

178. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі». 2021ж. 1 қыркүйек.

179. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ «Қазақстанда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру» https://kisi.kz/kazakstanda-halyk-unine-kulak-asatyn-memleket-tuzhyrymdamasyn-iske-asyru/ (Қазан 16, 2023)

180. https://www.otinish.kz/ru/petition/83/

181. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» *2022 жылғы 16 наурыз*

182. https://www.ranking.kz

183. Абдирайымова Г.С., Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. К оценке социального настроения казахстанского студенчества // Социологические исследования. 2023. № 1. С. 107–113.

184. «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасы. 385 б.

185. Курганская В.Д. Дунаев В.Ю., Сагикызы А. Ценности и нормы политической культуры в общественном сознании казахстанцев // Социологические исследования № 6, 2023 С. 94–100 (DOI: 10.31857/S013216250024462-1)

186. Shirky C. The Political Power of social media: Technology, the public sphere, and political change // Foreign Affairs. – 2011. – Vol. 90. – №. 1. – P. 28 - 41.

187. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». 2022 жылғы 01 қыркүйек.

188. О политических ценностях и предпочтениях современной студенческой молодежи Казахстана // Sotsiologicheskie issledovaniya. 2024. № 4. С. 148–152

189. Adilova E., Aimaganbetova O., Sadvakassova Z., Ryskulova M. Value Orientations of Modern Kazakhstanis. The open psychology journal // 24 Aug 2021. № 14 С. 150-162 DOI: 10.2174/1874350102114010150

**ҚОСЫМША А**

**Зерттеу жұмысы бойынша жастар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама сұрақтары**

**Бұл сауалнама Қазақстанның қазіргі жастарының саяси құндылықтарын зерттеуге арналған. Сауалнама анонимді түрде өткізілуде, өзіңіздің жеке деректеріңізді жазуыңыздың қажеті жоқ. Жауаптарыңыз үшін рахмет.**

1. **Сіздің жасыңыз?**
2. **Сіздің ұлтыңыз?**
3. **Сіздің дініңіз?**
4. **Сіздің жынысыңыз?**
5. **Тұрғылықты жеріңізді көрсетіңіз**
6. **Сіздің оқу университетіңіз?**
7. **Сізді саяси жаңалықтар, саяси оқиғалар қызықтырады ма?**
   a. мен мүлдем қызықпаймын
   b. мен резонанстық оқиғалар болған кезде ғана қызығушылық танытамын
   c. мен кейде қызығушылық танытамын
   d. мен үнемі, күн сайын дерлік қызығушылық танытамын
   e. жауап жоқ
   f. басқа
8. **Сізді саяси оқиғаларда не қызықтырады?**
   a. елдегі саяси жағдай туралы ақпарат
   b. менің аймағымда болып жатқан саяси оқиғалар туралы ақпарат
   c. әлемдік саяси оқиғалар туралы ақпарат
   d. Араб елдеріндегі саяси өмір туралы жаңалықтар
   e. ештеңе
   f. жауап беру қиын
   g. басқа
9. **Сіз сайлауға қатысасыз ба?**
   A. иә, мен барлық сайлауға қатысамын
   B. иә, бірақ тек президенттік сайлауда
   C. дауыс берген жоқ(-а), өйткені оның әлі дауыс беру құқығы жоқ
   D. жоқ, мен сайлауға қатыспаймын
   E. жауап беру қиын
10. **Сіз келесі ұйымдар мен жобалардың жұмысына қатысасыз ба?**
   A. қатысқан жоқ
   B. жастар ұйымдары / жобалары
   C. саяси партиялар
   D. қоғамдық кеңестер
   E. гуманитарлық, қайырымдылық ұйымдары
   F. еріктілер қозғалысы
   G. құқық қорғау ұйымдары
   H. экологиялық ұйымдар
   I. кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жобалар
11. **«Сіздің аймағыңызда жаппай сөйлеу, наразылық акциялары мүмкін деп ойлайсыз ба?»**
   A. әрине, мүмкін
   B. мүмкін
   C. керісінше, жоқ
   D. әрине, жоқ
   E. жауап бере алмайды

**12. Демократия-бұл басқарудың жақсы түрі**

A. келіспеймін
B. керісінше келіспеймін
C. бейтарап
D. келісемін
F. білмеймін

**13. Демократиялық елде өмір сүру Сіз үшін қаншалықты маңызды?** 1 - ден 10-ға дейін, мұнда 1-мүлдем маңызды емес, 10 - өте маңызды, Мен білмеймін, жауап жоқ

**14. Қазіргі уақытта Сіздің еліңіз қаншалықты демократиялық басқарылады деп ойлайсыз?** 1-ден 10-ға дейін, 1-мүлдем демократиялық емес, 10-толығымен демократиялық

**15. Бүгінгі таңда біздің елде адам құқықтары қаншалықты құрметтеледі?**

a. өте үлкен құрмет
b. үлкен құрмет
c. аса құрмет жоқ
d. ешқандай құрмет жоқ
e. білмеймін
f.жауап жоқ

**16. Сіз үшін ең маңызды құндылықтарды жеке көрсетіңіз**

a. адам құқықтары
b. қауіпсіздік
c. демократия
d. елдің экономикалық әл-ауқаты
e. теңдік
f. заңның үстемдігі
g. халықты жұмыспен қамту
h. жеке бостандық
i. білмеймін
j. жауап жоқ

**17. Бұқаралық ақпарат құралдарынан алған ақпарат Сіздің саяси мүдделеріңізді, көзқарастарыңызды қалыптастыруға әсер етті деп ойлайсыз ба?**

**a.** үлкен әсер етті
**b.** шамалы әсер етті
**c.** ешқандай әсер еткен жоқ
**d.** бұл туралы ешқашан ойлаған емес
**e.** жауап беру қиын

**18. Егер елде жаппай наразылықтар болса, сіз қатысасыз ба?**

**a.** иә
**b.** мен жағдайға байланысты шешім қабылдаймын
**c.** жоқ, ешқандай жағдайда
**d.** егер бұл саяси шешімдер қабылдауға әсер етсе, мен қатысамын
**e.** мен қатыспаймын, өйткені бұл ештеңені өзгертпейді
**f.** жауап беру қиын

**19. Қоғамдық наразылық акцияларына қатысуыңызға қандай мәселе себеп болуы мүмкін?**

a. азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының өсуі
b. жоғары оқу орнындағы проблемалар
c. тұрғын үй мәселелері
d. несиелер мен ипотека бойынша төлемдерді арттыру
e. елдегі жағдайға, билік саясатына наразылық
f. әділетсіз сот шешімдері
g. экологиялық жағдайдың нашарлауы
h. коммуналдық қызметтерге тарифтерді негізсіз көтеру

i. білім сапасының төмендігі
   j. этникалық негіздегі құқықтарды бұзу
   k. діни сипаттағы мәселелер
   l. жауап беру қиын
   m. Басқа...

**21. Сіз кімнің пікіріне көбірек сенім артасыз?**

   a. музыканттар
   b. кәсіпкерлер
   c. спортшылар
   d. дін қайраткерлері, діни қызметкерлер
   e. блогерлер, вайнерлер, тиктокерлер
   f. белгілі қоғам қайраткерлері
   g. билік өкілдері
   h. дәрігерлер
   i. ғалымдар
   j. саяси партиялардың жетекшілері
   k. ата-аналар, туыстар
   l. достар
   m. мұндай адамдар жоқ
   n. өзіңе
   o. жауап беру қиын
   p. басқа...

**22. Сіздің еліңіздің саяси жүйесіне қаншалықты қанағаттанасыз? 10 балдық шкала бойынша бағалаңыз (0-ден 10-ға дейін) 1-мүлдем қанағаттанбайды, 10 - толығымен қанағаттандырылады**

**23. Келесі институттарға қаншалықты сенетіндігіңізді көрсетіңіз? Әр жолдан бір немесе бірнеше жауапты таңдаңыз**

   a. саяси оқиғалар туралы ақпараттың негізгі көздері
   b. интернет
   c. теледидар
   d. күнделікті газеттер
   e. радио
   f. отбасындағы талқылау
   g. достармен сөйлесу
   h. әлеуметтік медиа
   i. басқа
   j. білмеймін
   k. жауап жоқ

**24. Сіздің ойыңызша, «өз елінің патриоты» болу нені білдіреді?**

   a. Отанды, оның ішінде туған қаланы, ауылды, ауылды сүю
   b. елдің ұлы жетістіктерімен мақтану
   c. Отан игілігі үшін еңбек ету
   d. елдің басқа азаматтарымен бейбітшілік пен келісімде өмір сүру
   e. мемлекет заңдарын сақтау, заңға бағыну салық төлеуші
   f. елден кетуге құлықсыздық
   g. армиядағы қызмет, Отанды қорғауға дайын болу
   h. қазақ тілін, еліміздің дәстүрлері мен тарихын білу
   i. белсенді азаматтық ұстаным, ел істеріне қатысу
   j. шетелге шыққан кезде ел туралы мақтанышпен айту
   k. елдегі оқиғаларға қызығушылық, оларды талқылау
   l. отандық қазақстандық өнімдерді (азық-түлік өнімдерін) сатып алу, киім және т. б.)
   m. қазақстандық спортшыларды қолдау

n. сайлауға, митингілерге қатысу
o. мен патриот емеспін

**25. Сіз Қазақстан азаматы екеніңізді қаншалықты мақтан тұтасыз?**

a. өте мақтан тұтамын
b. өте мақтаншақ
c. өте мақтаншақ емес
d. мүлдем мақтаншақ емес
e. мен Қазақстан азаматы емеспін
f. білмеймін
g. жауап жоқ

**26. Қазір көптеген адамдар еліміздің алдағы он жылдағы мақсаттарын талқылап жатыр. Айтыңызшы, сіз тізімделген мақсаттардың қайсысын ең маңызды деп санайсыз?**

a. экономикалық өсудің жоғары деңгейі
b. бұл елдің күшті қорғаныс күштері бар екеніне сенімді болу
c. елдегі тәртіпті сақтау
d. Үкіметтің маңызды шешімдерін қабылдау кезінде адамдарға көбірек дауыс беру
e. бағаның өсуіне қарсы күрес
f. сөз бостандығын қорғау
g. тұрақты экономика
h. аз иесіздендірілген және гуманистік қоғамға қарай жылжу
i. идеялар ақшадан гөрі көп нәрсені білдіретін қоғамға қарай жылжу
j. қылмысқа қарсы күрес
k. білмеймін

**27. Егер заң шығарушы органға сайлау ертең болса, сіз осы тізімдегі қай партияға дауыс берер едіңіз?**

**28. Сіздің еліңіздегі саяси жүйе сіз сияқты адамдарға Үкіметтің не істеп жатқанына әсер етуге қаншалықты мүмкіндік береді деп ойлайсыз?**

a. өте көп
b. көп
c. аздап
d. өте аз
e. жоқ
f. білмеймін
g. жауап жоқ

**29. Айтыңызшы, төменде көрсетілген басқару тәсілін біздің елімізде жүзеге асыру ретінде не оиlайсыз?**

a. парламент те, сайлау да шектемейтін күшті көшбасшы
b. Үкімет емес, сарапшылар ел үшін ең жақсы деп санайтын нәрсеге байланысты шешім қабылдайды
c. әскери немесе әскери режим басқарады
d. демократиялық саяси жүйе
e. билік діни қызметкерлердің қолында болатын және саяси партиялардың күресі мен сайлауға емес, діни заңдарға негізделген басқару жүйесі (Керемет, Өте жақсы, Өте жаман, жаман, Білмеймін, Жауап жоқ)

**30. Адамдар елдегі, қаладағы/ауылдағы жағдайға әр түрлі наразылық білдіреді... Төмендегілердің қайсысы тиімді және қайсысы тиімсіз деп ойлайсыз?**

a. әлеуметтік желілердегі наразылықты білдіру
b. ресми органдарға жүгіну
c. ресми тіркелген партиялардың, қозғалыстардың, қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысу
d. өтініштер мен өтініштер жазу

e. рұқсат етілген наразылықтарға, митингілерге, пикеттерге, демонстрацияларға қатысу

f. рұқсат етілмеген наразылық акцияларына, митингілерге, пикеттерге, демонстрацияларға қатысу

g. тіркелмеген немесе тыйым салынған партиялардың, қозғалыстардың, қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысу (Тиімді, тиімсіз, рұқсат етілген, қолайсыз, жауап беру қиын)

**31. Мұнда адамдар қатысуы мүмкін саяси әрекеттердің түрлі формалары көрсетілген. Сіз олардың әрқайсысы бойынша өз ойыңызды айтыңыз. Сіз оларға қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?**

a. петицияларға қол қою
b. бойкоттарға қатысу
c. заңды / бейбіт демонстрацияларға қатысу
d. бейресми ереуілдерге қосылу
e. қандай да бір ұйымның немесе қоғамдық пайдалы акцияның қорына ақшалай қайырымдылықтар
f. мемлекеттік органдарға өтініштер
g. басқа адамдарды саяси мәселелер бойынша әрекет етуге шақыру
h. басқа адамдарды дауыс беруге қатысуға шақыру
i. саясат және саяси оқиғалар туралы ақпаратты іздеу
j. электрондық өтініштерге, петицияларға қол қою
k. басқа адамдарды қандай да бір саяси акция ұйымдастыруға немесе қатысуға шақыру
l. саяси акцияларды, іс-шараларды, наразылықтарды ұйымдастыру (Қатыстым, қатыса аламын, ешқашан қатыспаймын, білмеймін, жауап жоқ)

**ҚОСЫМША В**

**Bu çalışma Türkiye'deki gençlerin siyasi değerlerinin incelenmesine odaklanmaktadır. Anket anonimdir, kişisel bilgilerinizi kaydetmenize gerek yoktur. Cevaplar için teşekkürler.**

**1. Yaşınız**

**2. Uyruğunuz nedir?**

**3. Cinsiyetiniz nedir?**

**4. Üniversiteye gelmeden önce aşağıdaki yerleşim birimlerinden hangisinde yaşıyordunuz?**

**5. Siyasi haberleri ve olayları takip ediyor musunuz?**

a) Sürekli takip ediyorum
b) Sadece yankı uyandıran olayları takip ediyorum
c) Zaman zaman takip ediyorum
d) Hiç ilgilenmiyorum

**6. Siyasi olaylarla ilgili hangi düzeydeki (ülke, bölge, dünya) en çok ilginizi çeken konu nedir? Birden fazla seçenek işaretleyebilirsiniz.**

a) Ülkedeki siyasi durum
b) Yaşadığım/daha önce yaşadığım yerde meydana gelen olaylar
c) Dünyadaki siyasi olaylar (bu seçeneği işaretlemiş iseniz aşağıdaki soruyu da yanıtlar mısınız?)
d) Hangi bölgelerdeki olayları takip ediyorsunuz?
e) Hiçbiri

**7. Oy verme hakkına sahipseniz (ya da sahip olsaydınız) aşağıdaki hangi düzeydeki seçimlere katılırdınız?**

a) Tüm seçimler
b) Genel seçimler
c) Yerel seçimlere
d) Cumhurbaşkanlığı seçimleri
e) Referandumlara
f) Hayır, seçimlere katılmıyorum

**8. Aşağıdaki siyasi örgütler, sivil toplum kuruluşları veya projelerden hangisine katıldınız?**

a) Gençlik örgütleri/projeleri
b) Siyasi partiler
c) Hiçbiri
d) Gönüllülük hareketleri
e) İnsani yardım kuruluşları, hayır kurumları
f) Girişimcilik geliştirme projeleri
g) Çevre kuruluşları
h) Diğer

**9. Toplantı, protesto ve gösteri yürüyüşlerine katılmak istermisiniz? 1-10**

**10. Demokrasi iyi bir yönetim biçimidir 1-10**

**11. Demokratik bir ülkede yaşamak sizin için ne kadar önemli? 1-10**

**12. Ülkenizin ne düzeyde demokratik bir şekilde yönetildiğini düşünüyorsunuz? 1-10**

**13. Ülkenizde şu anda insan haklarına devlet tarafından ne düzeyde saygı duyulduğunu düşünüyorsunuz? 1-10**

**14. Aşağıdaki değerleri kişisel önem derecenize göre sıralayınız.**

a) İnsan hakları
b) Güvenlik
c) Demokrasi
d) Ülkenin ekonomik refahı
e) Eşitlik
f) Hukukun üstünlüğü
g) Bireysel özgürlük
h) Sosyal haklar
i) Milliyetçilik
j) Atatürkçülük
k) Farklılıklara saygı

**15. Sizce kitle iletişim araçlarından /sosyal medyadan edindiğiniz bilgiler siyasi ilgi ve görüşlerinizin oluşumunu etkiler mi?**

a) Büyük bir etkisi olur
b) Az bir etkisi olur
c) Hiçbir etkisi olmaz
d) Fikrim yok

**16. Dini görüşleriniz siyasi kararlarınızı etkiler mi?**

a) Evet
b) Hayır
c) Fikrim yok

**17. Etnik kimliğiniz siyasi kararlarınızı etkiler mi?**

a) Evet
b) Hayır
c) Fikrim yok

**18. Cinsiyetiniz siyasi kararlarınızı etkiler mi?**

a) Evet
b) Hayır
c) Fikrim yok

**19. Katılıyorsanız veya katılsaydınız sizce toplantı ve gösteri yürüyüşlerine katılma nedenleriniz nelerdir/neler olurdu?**

a) Enflasyon ve hayat pahalılığı
b) Adalet sistemi ile ilgili sorunlar
c) Ülkedeki genel duruma /karar alıcıların politikalarına yönelik memnuniyetsizlik
d) Düşük eğitim kalitesi
e) Kadın hakları
f) Barınma sorunları
g) Çevre sorunları
h) Hayvan hakları
i) Etnik temelde hak ihlali
j) Tüketici kredi fazilerindeki artış
k) Dini konular
l) Diğer

**20. Siyasi konularda en çok kimin fikrine güvenirsiniz?**

a) Ebeveynler, akrabalar
b) Arkadaşlar
c) Siyasi parti liderleri

d) Devlet görevlileri
e) Dini figürler, din adamları
f) Bilim insanları
g) İş insanları
h) Sporcular
i) Sosyal medya içerik üreticileri/fenomenler
j) Hiç kimse
k) Diğer

**21. Ülkenizin siyasi sisteminden ne kadar memnunsunuz?**

**22. Aşağıdaki kurumlardan hangisine güveniyorsunuz? (Birden fazla seçenek işaretleyebilirsiniz)**

a) Cumhurbaşkanı
b) Parlamento
c) Hükümet
d) Medya
e) Yargı
f) Dini kuruluşlar
g) Polis
h) Siyasi partiler
i) Ordu
j) Büyük şirketler
k) Bankalar
l) Hayırsever kuruluşlar
m) Sivil Toplum Kuruluşları

**23. Siyasi olaylara ilişkin ana bilgi kaynaklarınız nelerdir?**

a) İnternet
b) Televizyon
c) Günlük gazeteler
d) Radyo
e) Aile sohbetleri
f) Arkadaş sohbetleri
g) Sosyal medya
h) Diğer

**24. Sizce "vatansever" olmak ne anlama gelir?**

a) Ülkeyi sevmek
b) Ülkenin büyük başarılarından gurur duymak
c) Ülkenin iyiliği için çalışmak
d) Devletin kanunlarına uymak, kanunlara saygılı olmak vergi vemek
e) Ülkeyi terk etmeyi istememek
f) Askerlik hizmetine, ülkeyi savunmaya hazır olmak
g) Ülkenin dilini, geleneklerini ve tarihini bilmek
h) Aktif vatandaş olmak
i) Yerli ürünler satın almak (gıda, kıyafet vb.)
j) Ülkenin diğer vatandaşlarıyla barış ve uyum içinde yaşamak
k) Fikrim yok
l) Diğer

**25. Türkiye vatandaşı olmaktan ne kadar gurur duyuyorsunuz?**

**26. Aşağıda listelenen hedeflerden hangilerinin ülkeniz için önemli olduğunu düşünüyorsunuz?**

a) Enflasyon ve hayat pahalılığı ile mücadele
a) Yüksek düzeyde ekonomik büyüme

b) Düzensiz göç ile mücadele
c) Rüşvet, yolsuzluk ve ahlaki çöküntü ile mücadele
d) Düşünce/ ifade özgürlüğünün korunması
e) Güçlü bir savunma gücüne sahip olmak
f) İstikrar ve düzen
g) İstikrarlı ekonomi
h) Suç ile mücadele
i) Daha katılımcı demokrasi
j) Fikrim yok
k) Diğer

**27. Yarın genel seçim olsa hangi partiye oy verirsiniz?**

**28. Yarın yerel seçim olsa hangi partiye oy verirsiniz?**

**29. Ülkenizdeki birey ve grupların demokratik karar alma sürecinde karar alıcıları ne düzeyde etkilediğini düşünüyorsunuz?**

1-10

**30. Sizce ülkeniz hangi siyasi rejim ile yönetilmeli?**

a) Monarşi
b) Meşruti Monarşi
c) Cumhuriyet
d) Liberal demokrasi
e) Teokrasi
f) Askeri rejim
g) Otoriteryanizm
h) Totaliteryanizm
i) Diğer

**31. Aşağıdaki siyasal katılım araçlarından hangilerinin etkili olduğunu düşünüyorsunuz?**

a) Sosyal medya
b) Resmi makamlarla doğrudan iletişime geçmek
c) Siyasi parti ve sivil toplum kuruluşlarının çalışmalarına katılmak
d) Dilekçe yazma
e) Izin verilen protestolara, mitinglere, grev gözcülerine, gösterilere katılım
f) Toplantı ve gösteri yürüyüşlerine katılmak
g) Alternatif ve yeni siyasal katılım kanalları
h) Diğer

**32. Aşağıdaki siyasal katılım araçlarından hangisini kullanırsınız?**

a) Dilekçe imzalanması
b) Boykotlara katılım
c) Yasal/barışçıl gösterilere katılım
d) Devlet kurumlarına başvuru
e) Diğer insanları siyasi konularda harekete geçmeye teşvik etmek
f) Başkalarını oy vermeye teşvik etmek
g) Politika ve siyasi olaylar hakkında bilgi bulmak
h) Diğer

**ҚОСЫМША С**

Құрметті респондент!

Сауалнама жастардың құндылық бағдарындағы діннің рөлін анықтау мақсатында жүргізілуде. Берілген сауалнама жасырын түрде өтеді, аты - жөніңізді жазудың қажеті жоқ. Сұрақтарды мұқият оқып, шынайы жауап беруіңізді сұраймыз.

**1. Сіз қандай дінді ұстанасыз?**

1. Мұсылман
2. Православиелік
3. Католик
4. Мен атеистпін
5. Жауап жоқ
6. Жауап беруге қиналамын
7. Басқа жауап _____

**2. Сіз өзіңізді діни адам деп санайсыз ба?**

1. Мен - діни адаммын, діни қауымның өміріне қатысамын, діни нормаларды сақтаймын
2. Мен діни адаммын, бірақ діни нормаларды сирек сақтаймын және тек мереке күндері діни орындарға барамын
3. Мен діни адаммын, бірақ діни өмірге араласпаймын
4. Мен діндар емеспін, бірақ кейде мешітке барып, діни нормаларды ұстанамын
5. Мен дінге сенбеймін, бірақ сенушілерді құрметтеймін
6. Мен дінге бей - жай қараймын
7. Мен дінге қарсымын, атеист
8. Жауап беруге қиналамын
9. Басқа _____

**3. Соңғы жылдары жастар көптеп дінге бет бұруда. Сіз бұған қалай қарайсыз?**

1. Толық қолдаймын
2. қолдаймын
3. Толық қолдамаймын
4. қолдамаймын
5. Жауап беруге қиналамын
6. Басқа _____

**4. Сіз елдегі ағымдағы діни ахуал туралы хабардар болу деңгейін қалай бағалайсыз?**

1. Мені бұл сала қызықтырмайды
2. Менде діни жағдай туралы ақпарат жоқ, өйткені менде уақыт жоқ

3. Мен елдегі діни жағдайды жақсы білемін, өйткені мен үнемі жаңалықтарды оқып/ көремін

4. Менде діни ахуал туралы ақпарат жоқ, бірақ жалпы түсінігім бар

5. Жауап беруге қиналамын

**5. Қазақстандағы діни саланы реттейтін Заңдарды білесіз бе?**

1. Ия, білемін
2. Ия, естідім, бірақ жеткілікті ақпарат жоқ
3. Жоқ, білмеймін
4. Жауап беруге қиналамын

**6. Сіз өз мемлекетіңіздің діни саясатын қалай бағалайсыз?**

1. тиімді
2. шамамен тиімді
3. тиімдіге қарағанда тиімсіз
4. тиімсіз
5. жауап беруге қиналамын

**7. Сіз қай жерден ең алдымен дін туралы ақпарат аласыз?**

1. Дін қайраткерлерінің уағыздары
2. Интернет
3. Теледидар
4. Діни әдебиет
5. Жақын туыстар мен отбасы
6. Жауап беруге қиналамын

**8. Сіздің діни сенімдеріңізге кім немесе не әсер етеді?**

1. Жақын туыстар, отбасы мүшелері
2. Достар, таныстар
3. Арнайы әдебиеттерді, интернет - ресурстарды зерттеу
4. Діни бірлестіктер, имаммен, діни қызметкермен әңгімелесу
5. Ештеңе әсер етпеді
6. Жауап беруге қиналамын
7. Басқа жауап _____

**9. Сіздің ойыңызша, адамдарды террористік экстремистік топтарға қосылуға не мәжбүр етеді?**

1. Халықтың өмір сүру деңгейінің нашарлауы
2. Этникалық дискриминация
3. Білім деңгейінің төмендігі
4. Діни фанатизм
5. Террористік ұйымдар тарапынан бопсалау немесе алдау
6. Идеологиялық вакуум
7. Діни мәдениет пен білімнің төмен деңгейі
8. Елге діни ағымдарды уағыздаушылардың келуі

9. Жауап беруге қиналамын
10. Басқа _____

**10. Сіз діни қызметке жиі қатысасыз ба?**
1. Аптасына бір реттен жиі
2. Аптасына бір рет
3. Айына бір рет
4. Тек ерекше қасиетті күндерде
5. Жылына бір рет
6. Жылына бір реттен аз
7. Ешқашан, іс жүзінде ешқашан

**11. Құдайға сену, діни орындарға, мешітке бару қазақстандық жастардың рухани - адамгершілік тәрбиесіне ықпал етеді деп ойлайсыз ба?**
1. Ия, әрине, әсер етеді
2. Кейбір жағдайларда көмектеседі (жастар арасындағы қылмыс, алкоголизм, нашақорлық және т. б.)
3. Жоқ, жастардың рухани - адамгершілік тәрбиесіне отбасы, Білім және мемлекет ықпал етуі тиіс
4. Адамның өзіне байланысты
5. Жауап беруге қиналамын
6. Басқа _____

**12. Діни ұйымдарға (мешіт, шіркеу) қаншалықты сенетініңізді айтыңызшы)**
1. Толығымен сенемін
2. Белгілі бір дәрежеде сенемін
3. Мен көп сенбеймін
4. Мен мүлдем сенбеймін
5. Жауаптан бас тарту
6. Жауап беруге қиналамын

**13. Айтыңызшы, дін сіздің өміріңізде қаншалықты маңызды?**
1. Өте маңызды
2. Маңызды
3. Өте маңызды емес
4. Маңызды емес
5. Жауап беруге қиналамын

**14. Дінді мемлекеттік мектептерде сабақ ретінде оқыту керек**
1. Толық келісемін
2. Келісемін
3. Келіспеймін
4. Толық келіспеймін

5. Білмеймін

**15. Төмендегі адамдар тобының қайсысымен сіз алдымен бірлік сезімін сезінесіз?**

1. Қазақстан азаматтарымен
2. Сіздің ұлтыңызбен
3. Сіздің ұрпағыңыздың адамдарымен
4. Сідің облысыңыздың немесе қалаңыздың  тұрғындарымен
5. Сіздің тіліңізде сөйлейтін адамдармен
6. Сіздің рудың/жүздің адамдарымен
7. Сіздің дініңіздегі адамдармен
8. Туыстарымен
9. Достарымен
10. Мен ешқандай топтармен бірлік сезімін сезінбеймін
11. Жауап беруге қиналамын

**16. Жасыңыз қаншада?**

1. 18
2. 19
3. 20
4. 21.
5. 22

**17. Ұлтыңызды белгілеңіз**

1. қазақ
2. орыс
3. басқа

**18. Жынысыңызды белгілеңіз**

1. ер
2. әйел